

ҚАСИМАНОВ



ҚАЗАҚ
ХАЛҚЫНЫҢ
ҚОЛӨНЕРІ

С. ҚАСИМАНОВ



ҚАЗАҚ
ХАЛҚЫНЫҢ
ҚОЛӨНЕРІ



«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
Алматы—1969

Кітапта қазақтың ұлттық қолөнерінің ою-өрнек, киіз басу, ши орау, ер қосу, зергерлік сияқты түрлері сөз болып, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері баяндалады. Мұнда қазақ халқының атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлттық қолөнерінің үздік үлгілері жайында қызықты деректер, құнды мағлұматтармен қатар қолөнерімен шұғылданушыларға қажетті кеңестерді де кездестіруге болады. Сондай-ақ қолөнерге байланысты мақал-мәтелдер мен шағын сөздік берілген.

Кітап көпшілік оқушыларға арналған.

*Қ*азақ халқының қолөнері сонау ескі заман тарихымен бірге өсіп, біте қайнап келе жатқан өте бай қазына. Ол тек қазақ халқының ғана емес, сондай-ақ туысқан Орта Азия халықтары мен ұлы орыс халқының қолөнерімен де ұштасып жатады. Қазақ халқының тарихы, басқа халықтардікі сияқты өндірістік қатынастар дамуының шежіресі. «Қазақстан тарихы — бұл ең алдымен материалдық байлықтарды өндірушілердің тарихы, еңбекші бұқараның тарихы, олардың әлеуметтік және езілушілердің езушілерге қарсы күрестерінің тарихы»¹. Міне, сондықтан да қазақ халқында қолөнердің қалыптасу кезеңдерін Қазақстан тарихымен байланыстыра сөз еткен дұрыс сияқты.

Жалпы тарихқа үңілсек, ерте кездегі адамдардың үнемі жоқшылықта, кем-тарлықта, қиыншылықта болғанын байқаймыз. Олар табиғатқа тәуелді болды: күннің көзіне жылынды, аң етін, шөп-шөңгені қорек, тау үңгірлерін баспана, ағаш-тасты қару-жарақ етті.

Владимир Ильич Лениннің сөзімен айтқанда: «Бізден бұрын ешқандай да алтын заман болған жоқ, ал алғашқы қоғамдағы адамдар күн көрудің, табиғатпен күресудің қиыншылығынан мейлінше жаншылуда болған»².

Адамдар мыңдаған жылдар бойы үздіксіз күрес, тынымсыз еңбек үстінде өздерінің қару-жарақ, мекен-жайларын жетілдіре берді. Сөйтіп күрес пен еңбек адам баласының са-

¹ Қазақ ССР тарихы. 1 том, 1957, 12-бет.

² В. И. Л е н и н. Шығармалар, 5-том, 105—106-беттер.

на-сезімін оятып, тәрбиелеп өсірді, еңбекті бірлесіп істеуге үйретті. Мұның өзі өзара пікірлесуін, бірімен бірінің түсінісе білуін қажет етті. Осыдан келіп адамдардың жанасу құралы — сөз пайда болды. Адамның еңбекке бейімділігі де бірте-бірте арта түсті. Олар енді тасты жарып, егеп, қашап, мүсіндеп, ыңғайлы етіп тұтынуды үйренді. Одан кейін тағы да мыңдаған жылдар өтті. Бұрынғы тас құралдарға қарағанда адам енді тасты бұрынғысынан әлденеше есе жеңіл де ыңғайлы, әрі келісімді етіп пайдаланды. Үлкен кесек шақпақ тастан жұқа қалақ, формалары дұрыс, көлемдері ықшам әр түрлі құрал-саймандар істеді. Қалақ тастардан пышақ, қырғыш сияқтылар жасауды үйренді.

Арада мыңдаған жылдар өткенде адам сүйек, мүйіз, ағаштан құрал-жабдықтар: қанжар, жебе ұштары, түйреуіш, біз, шанышқы, ине т. с. с. жасауды үйренді. Сүйек, мүйіз сияқты заттарды әшекейлеп, өрнектеу де нақ осы шамада шықты. Ас пісіру, азық-түлік запастарын сақтау үшін балшықтан тұрпайы құмыра ыдыстар жасалды. Ыдыс жарылмау үшін балшыққа уатылған әр түрлі қабыршақтар (раковина) немесе құм қосылып, сыртына көп реттерде тұрпайы геометриялық өрнектер салынып, отқа күйдірілді.

Аң аулау үшін садақ пен жебе де жасалды, әр түрлі хайуандарды қолға үйретумен шұғылданды, келе-келе алғашқы мал өсірушілер қауымы қалыптасты.

Ең бірінші қолға үйретілген хайуандардың бірі ит еді. Бертін келе қой, сиыр, жылқы, түйе қолға үйретілді. Қазақстан территориясын мекендеген алғашқы қауымдар да мал өсірумен айналысты. Әрине, мал өсірумен қатар аңшылық та дамыды. Мұның өзі бұрынғы палеолит¹ заманына қарағанда өмір сүруді әлдеқайда жеңілдетті.

Неолит² заманының аяқ кезінде адамдар қола мен мысты тапты. Оны ең алдымен пышақ пен найзаның ұшын, садақтың жебесін жасауға пайдаланса, бірте-бірте мыс қажеті арта түсті де, адамдар оны қазып өндіре бастады. Жоғары температурада руда қорыту үшін арнайы пештер салынды. Осыған байланысты қалыпқа салынып күйдірілген саздан құмыра жасау өнері өріс алды.

Қола заман тайпаларының қолөнер үлгілері алғаш рет 1914 жылы Ачинск қаласының қасындағы Андронов деревнясы маңынан табылған. Содан бері көне заман тайпалары

¹ Тас дәуірінің алғашқы кезеңі.

² Тас дәуірінің ең соңғы кезеңі.

«андроновтық тайпалар», мәдениеті — «андроновтық мәдениет» деп аталып кетті.

Андроновтықтар жүннен иірген жіптен киім тоқи білген. Маталарын жосамен ашық қызыл етіп бояған, олар тіпті басқа да бояу түстерін білген. Андроновтықтар тері илеген, ағаш және тас өңдеген. Ол үшін қоладан істеген жоңғыш, қашау, тескіш сияқты арнаулы құралдар жасап, сүйек пен мүйізді оюлаған. Андроновтық тайпалардың тамаша әшекейленген құмыра ыдыстары көз тартады. Жалпақ балшық таспалардың бірінің үстіне бірін жапсырып, қолдан ыдыстар жасаған. Киімдерін қоладан істелген түрлі жылтырақ қабыршықтармен, хайуан тістерімен әшекейлеген. Әйелдер қоладан істелген білезік салып, қоладан және алтыннан істелген сырға, алқалар тағынып, шаштарына түйреуіш, құс қауырсынын қадап сәнденген. Еркектер де осы шамалас әшекейлер тағатын. Андроновтық тайпалар бір-бірімен де, көршілес тайпалармен де әжептеуір қарым-қатынаста болған. Археологиялық материалдарға қарағанда, Шығыс, Оңтүстік, Батыс Қазақстан территорияларын мекендеген андроновтық тайпалардың өздеріне тән керамикасы мен қола заттары және оларды әшекейлеудің жаңа формалары туа бастаған.

Андронов дәуірінен кейінгі сактар заманында одан әрі дамытылған мәдениет мұралары кездеседі. Осылардың бәрі қазақ халқының қолөнерінде тамаша үлгі-іздерін қалдырғаны сөзсіз.

Сактар жазда киіз үй тігіп, қыста шикі кірпіштен салынған жылы үйлерде тұрған. Үй мүлкінің көбін олар ыңғайлы, сынбайтын материалдан: көннен, жұқа теріден, киізден тігіп істеген, ал кейбір ыдыстары балшықтан құйылған құмыралар болған. Құрал, қару-жарақ, ыдыс-аяқ және басқа нәрселеріне үй хайуандары мен жабайы аңдардың: қошқардың, текенің, аттың, түйенің, қодастың, арыстанның, аюдың суреттерін салып, әшекейлеген. Олар өздерінің аңшылық өмірін бейнелеп, тау жартастарына таутеке, бұғы, жылқы сияқты жануарлардың суреттерін салып қалдырған. Осындай жартастарға салынған суреттер Қазақстанның бірқатар аудандарынан кездеседі. Әсіресе, Шығыс Қазақстан мен Оңтүстік Қазақстанда табылған суреттер көңіл аударарлық. Оларда сактардың тұрмысы мен діни түсініктері, яғни олардың хайуандар мен табиғат күштерін құдірет тұтқаны бейнеленген.

Мұнда еркектер тері тон, дөрекі тоқылған шекпен, жағасыз ұзын шапан, кең шалбар киген, белдеріне алтын, қола бастырмалармен әшекейлеп, айыл басы қоладан жалпақ белбеу буынған. Бастарына төбесі шошақ не дөңгеленіп келген тысталған киіз бөрік, аяқтарына өкшесіз жұмсақ етік киген. Еркектер киімдеріне түрлі жылтырақ, бастырмалар тағып, құлақтарына сырға, қолдарына жүзік салған. Ал әйелдер қолдарына білезік салып, мойындарына күйдірген балшықтан, тастан, металдан моншақты алқа тағынатын. Соғыс жорықтары кезінде алып жүретін арнаулы қапқа салынған садағын белбеуіне ілгекпен іліп қоятын. Белбеуіне сонымен бірге тері не ағаш қынабы бар ақинақ деген, екі жағы дүзді шолақ қылыш немесе пышақ ілінетін. Атқа салатын ерлері ішіне жүн толтырып, қосып буған екі көпшік түрінде болған.

Сактардан кейін Қазақстан территориясын үйсін, қаңлы тайпалары мекендеді. Бұлар да қазақ сияқты көшіп-қонып, мал өсірумен шұғылданды.

«Үйсіндердің, қаңлылардың, албандардың және басқа тайпалардың мәдениеті сак тайпалары мәдениетінің заңды жалғасы және дамыған түрі болды, бұл мәдениет сактар мәдениетінің негізгі элементтерін қамтып, оны әрі қарай дамытты.

Үйсіндер мен қаңлылардың тайпалық одақтарының құралған кезі барлық жерде бірдей темірден жасалған бұйымдардың таралған кезі болды. Бұл кезде қарапайым тоқу станогі — өрмек пайда болады, ағашты өңдеу кең өріс алады, қолөнері туа бастайды.

Қоладан, мыстан, алтыннан істелген бұйымдарға бұрынғыша хайуан суреттері салынады. Геометриялық өрнектер көбірек тараған. Әшекейлерге, қолдан істелген шаш түйреуішке көбінесе түрлі құстардың суреттері салынады.

Әсіресе, Алматы маңындағы Қарғалы өзенінде бейіттен табылған бұйымдар өте қызғылықты, мұның өзі үйсіндердің қолөнерін сипаттайды. Мұнда, сайлардың бірінде, алтыннан істелген көптеген әшекейлер: киімге тағатын фигуралы бастырма жылтырақтар, шөккен түйенің бұдыр бейнесі бар сақиналар, сырғалар, киімге тағылған алтын қалақшалар, үй және түз хайуандарының бұдырлы бейнесі салынған алтын диадеманың¹ бір бөлігі табылды. Нәрселердің бәрі де өте шебер жасалған. Түйе бейнесі салынған ал-

¹ Әйелдің басына киетін таж тәрізді әшекейлі қымбат киімі.

тын сақиналар көгілдір қамыр балшықпен нақышталған. Қарғалы бойынан табылған бұйымдар үйсіндерде, сірә, қол-өнерші зергерлердің болғанын көрсетеді»¹.

Бұдан біздің территориямызды мекендеген халықтардың бірінен бірі үлгі, өнеге ала, бірінің өнерін бірі мұра тұта дамытып отырғанын көреміз. Сөйтіп алғашқы қауымның адамдары өз тұрмысының қажетін өтеу үшін ең алдымен қолмен жасалатын, оңай табылатын заттарды ұқсатумен шұғылданды. Олар өздерін қоршаған тас, саз, ағаш, қамыс сияқты әр түрлі табиғат байлықтарын игерді. Бұған археологиялық қазындылардан табылған тас пышақ, тас шоқпарлар мен сақпандар, тастан ойып жасаған адам мүсіндері т. б. дәлел бола алады.

Ал аңшылық, мал өсірушілік дәуірі басталысымен адам малдың, аңның сүйектерін, терілерін, тарамыстарын, мүйізі мен тұяқтарын тағы басқаларын ұқсатуды үйренді. Ондай заттарды қажетке жаратумен қатар мәнерлеу, оюлау, қырлау, бояу, жылтырату, бедерлеп әдемілеу сияқты эстетикалық сезім де дамыды. Демек, жаратылысты (тас, мүйіз, ағаш, жүн, тері т. б.) адам өз талғамына қарай өзгертіп, әдемілеп қолдана бастады. Мұның өзі алғашқы қауымдардың жаратылысты өздеріне бағындырудың, оны адамзат игілігіне қызмет еткізудің ең алғашқы қарапайым талабы еді. Бұл талаптардың ішінде физика, химия, математика, механика сияқты ғылымдардың да ең алғашқы қарапайым элементтері қоса жүрді. Халықтың мұндай тәжірибелері басында нақты бір жүйені, белгілі бір заңдылықты арқау етіп, соның негізінде жүргізілмесе де, уақыт өткен сайын олар жинақталып, екшеле келіп, бара-бара белгілі бір заңдылық ұғым туғызды. Адамдар өз істерінің осы жемісін ойлана жүріп, жүйелі түрде пайдаланды. Тас қорытты, мүйіз балқытып, өрмек құрды, бояу жасады. Ақыры адамзат ұрпағы үнемі еңбектеніп, үнемі ізденіп, үнемі үмітпен талап етудің нәтижесінде табысқа жетті.

Бірақ ол замандарда қоғам мүшелерінің барлығы бірдей еңбек етпеді. Олардың кейбіреулері үнемі еңбектеніп табыс тауып, материалдық игілікті өндіру үстінде болса, кейбіреулері өздері істемей-ақ басқалардың еңбегімен күн көрді. Осыдан барып қоғам езушілер мен езілушілер, қанаушылар мен қаналушылар табына жіктелді. Хандар мен бектер, аға сұлтандар мен байлар, билер мен болыстар, ақ сү-

¹ Қазақ ССР тарихы, 57—58-беттер.

йектер мен чиновниктер өктемдік етті. Жердің де, елдің де билігі солардың қолында болды.

Адамзат игілігінің барлығын өз меншігіне айналдырған үстем тап өкілдері өмірдің салтанаты мен рахаты тек би-болыс, қожа-молдаларға ғана тән деп түсінді. Қара күш, әділетсіз салт еңбекші халықтың өнер мен білімге ұмтылған талабын бөгеп, жігерін жасытып отырды. Сән-салтанат жиназдарын жасаушы еңбек адамдары қанауда, ауыр тұрмыста қалды.

Ғасырлар бойы қапаста келген елді қанаушылықтан Октябрь революциясы ғана азат етті. Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі СССР-дегі барлық ұлттардың мәдениеті мен өнерінің жан-жақты дамуына мүмкіндік жасады. Халық тұрмысы жақсарып, молшылыққа бөленді. Халықтардың бостандық алып, теңдікке жетуі, еңбектің еріктілігі халықтың творчестволық ойын өрістетіп, инициативасын арттырды. Әр адам қоғам игілігін жасауға мүмкіндік алып, белсенді күрескерлер қатарына қосылды. Осының нәтижесінде социалистік Отанымыздың еңбекшілері еңбекте, өнер саласында тамаша табыстарға жетті. Бейнелеп айтқанда, әр адам өз бақытының ұстасына айналды.

Халқымыздың әл-ауқаты жақсарған сайын оның мәдениеті де бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде дамыды. Үй жиназдары, төсек-орын, киім-кешек, ер-тұрман, ыдыс-аяқ, стол, шкаф, шарайна, кітап сөресі, есік, терезе перделері, түс кілемдер сияқты мүліктер халқымыздың күнбе-күнгі тұрмысына қажетті дәулетіне айналды. Халықтың қолөнер творчествосына деген қамқорлық күн санап артты.

Қолөнер шеберлерінің 1957 жылы өткізілген Республикалық І-ші көрмесінде қойылған экспонаттар мен шеберлер слетінде айтылған пікір-тілектер бойынша Қазақ ССР Министрлер Советі 1957 жылы 15 майда арнаулы қаулы қабылдады. Мұнда халық қолөнерінің бүгінгі талапқа сай ұнамды деп танылған түрлерін өндіріске енгізу, оларды жоспарлы түрде өндіру міндеттері атап көрсетілді.

1958 жылы Отанымыздың астанасы Москвада болып өткен Қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігі «алтын кемер белге сән, асыл жиназ елге сән» деген халық даналығының растығын паш еткен үлкен оқиға болды. Астана жұртшылығы қазақтың қолөнер шеберлері жасаған заттардың мыңнан аса экспонаттарын көргенде қайран қалды. Шығыс қазақстандық К. Көшкенова, қордайлық Н. Сарымбаева, Ш. Мұстафин, 1926 жылы Парижде болған Халықаралық этногра-

фиялық көрмеге қатысқан Р. Барлыбаева, жамбылдық Ш. Сейдахметова, домбыра шебері Қ. Қасымов, халық оюшысы Ғ. Иляев және басқа көптеген халық шеберлерінің ою-өрнектеп жасаған бұйымдары аса жоғары бағаланды.

Қазақ ССР-нің 40 жылдық мерекесіне арналып ашылған Республикалық көрме де қазақ халқының өнері мен мәдениетінің гүлденіп дамығанын көрсететін шын мәніндегі табыс пен жетістіктер көрмесіне айналды. Көрмеге негізінен алғанда үй ішін ажарлайтын жиһаздар қойылды. Мұндағы 212 экспонаттың ішінен 55-і Москвадағы бүкілодақтық көрмеге қойылуға лайық деп табылды. Бұлардың ішінде Алматы, Семей, Петропавл ет комбинаты жұмысшылары жасаған мүйіз, сүйек заттары, Алматы облысының шебері Қонақбаева, Гурьев облысының шебері Тұрғалиева, Қызылорда облысының шебері Сансызбаева жасаған түкті кілемдер, Оңтүстік Қазақстандық шебер Маймақова тоқыған терме алаша, Семей облысының шебері Әбілханова сырыған сырмақ, Жамбыл облысының шебері Стамқұлова ораған шым-ши (шымыраулы ши) және басқа да көптеген заттар бар-ды.

Сөйтіп, бұл көрмелердің қай-қайсысы болсын халық шеберлері мен жас талапкерлерді өнер өріне ұмтылуға мезген шеберлік мектебіне айналды.



*Қ*азақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты творчестволық өнер жиынтығын айтады. Шын мәнінде осы қолөнер түрлерінің әрқайсысының талай ғасырлық тарихы бар.

Қазақ халқы өзінің күн көріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе-күнгі тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап, өмірде сән-салтанат та құра білді. Бұдан біз халық творчествосының қандай түрі болса да халық өмірімен, сол халықтың қоғамдық тарихымен, күн көріс кәсібімен тығыз байланысты екенін көреміз.

«Халықтың қолөнеріне әдет-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтар да кіреді. Киіз үйдің сүйегі, ағаш керует, кебеже, сандық жасап, кілем, сырмақ, алаша, ши, түрлі бау-басқұрлар тоқып, арқан, жіп есіп, көннен және илеулі теріден қайыс, таспа тіліп, өрім өріп, қолдан әр алуан ыдыс-аяқ, адалбақан, асадал, бесік және т. б. көптеген заттарды халық шеберлері, өнерпаздар өз қолдарымен жасап, түрлі нақыштармен әшекейлейтін болды. Қолөнерінде көңілге қонымды мәнерлер мен ондағы қолданылған әдістер архитектурада кеңінен қолданылып келеді»¹. Ертеден біздің зама-


¹ Т. Бөсенов. Орнамент Казахстана в архитектуре. Алма-Ата, 1957.

нымызға дейін сақталған мазарлар мен ескерткіштердегі, діни әр түрлі құрылыстардың қабырғалары мен мұнараларындағы сәнді ою-өрнектер, ағаштан қиюлап, тастан қашалып жасалған диңгектер — халық қолөнерінің тамаша туындылары.

Саз балшықтарды күйдіріп, ағашты майлап кептіру, шақпаққа қу жасап, оны тұтанғыш ету, бейіт, қорған, мешіт және т. с. с. салуда қолданылған балшықты қыл, жүн, шөп-шалам араластырып илеу тәсілдері де өте ертеден-ақ халықтың іздену талабынан, қоғам дамуы процесінен туған айла-тәсілдер. Батырлық пен саяхатшылыққа қажетті садақ пен жебе, айбалта мен шоқпар, сойыл мен босмойын, аңшыларға қажетті құстың тұғыры мен томағасы, балдағы мен аяқ бауы сияқты көптеген жабдықтар да қазақ халқының тұрмыс салтына, кәсібіне байланысты туғандығы сөзсіз.

Мал шаруашылығына қажетті желі, шылбыр, ноқта, бұршақ, жүген, құрық, бұғалық, тұсамыс, өре, шідер, кісен, қада, ер-тұрмандарды да халық даналығы ойлап тапты. Зергерлік, кестешілік және оюшылық өнерді дамытты. Халық өнерпаздары құмнан, тастан, саздан құмыра, ыдыс-аяқтар, мүйізден, сүйектен, мал мен аң терілерінен әшекейленген нақышты мүліктер, домбыра, қобыз, сыбызғы, шаңқобыз сияқты музыка аспаптарын жасады.

Халықтың қолөнеріндегі мүліктердің бір тобы үй іші жабдықтары болса, екінші тобы — қайыс өру, қару-жарақ, көшу-қону, жол-жорық жабдықтары еді. Шеберлер тас қашау, сүйек ою, ағаш ию, мүйіз балқыту, металды өңдеп өрнектеу сияқты ауыр кәсіппен де шұғылданды. Сондықтан қолөнер «еркектерге тән іс», «әйелдерге тән іс» деп екіге бөлініп келді. Мысалы, тастан, балшықтан, сүйек пен мүйізден, металл мен ағаштан бұйымдар жасап, оны әсемдеу сияқты ауыр жұмысты еркектер атқарды. Кесте тігу, жиек жүргізу, өрмек тоқу, ши орау, сырмақ сыру, оюлау, шілтер



2-сурет. Шаңқобыз.

шалу, тері киім тігу сияқты нәзік жұмысты әйелдер атқарды. Тері илеу, киіз басу, ши тарту, шом, жазы жасау жұмыстарын еркектер мен әйелдер бірлесіп істеді. Бірақ еркектер киім пішу, үлгі жасау, киім тігу, жүн сабау, арқан тарту, тері ыстау жұмыстарынан да шет қалған емес.

XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының қолөнері ішінде киіз үйдің сүйегін, ағаш төсек жасау, ағаш өрнектеу, кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу кең өріс алды. Бұл кезде жастарға арнап ер-тұрман мен белдік, қыз-келіншектерге арнап сәукеле, шашбау, білезік, сырға жасап, оларды түрлі түсті өрнектермен әшекейлеу өнері де өрістей түсті. Қазақ халқының «Қарыс қазы — балықта, қалың қазына — халықта» деген мақалы да осы өнер молшылығынан туған еді.

Әрине, жоғарыда аталған қолөнерлердің бірқатары өте көп еңбек егуді керек етті. Бертін келе, адамзат қоғамы дамыған сайын қолөнердің біразы жаңа әдіс тауып, жаңа түрге ие болды, кейбіреулері тұрмыс қажетіне жарамсыз болғандықтан тіпті қолданылмады. Күйген кірпіш пен темір бетон, цемент пен шлак сияқты және басқа да сапалы материалдар бұрынғы материалдарды ығыстыра берді. Енді илеген балшыққа май салу, жылқы қылын, түйенің жабағысын қосу керексіз болып қалды. Аяқ киім молшылығы жасалғаннан кейін қолдан тері илеу, қайыстан, көннен етік тігу, шәрке байлап, шабата кию мүлдем жойылды. Ел салтанат құрды, ерлер даңққа бөленді, азаматтар сән түзеді.

Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын тұтыну бұйымдары мен жабдықтардың сапасына қатты талап қойып, олардың әрі ұнамды, әрі сәнді болуын қалады. Еңбек үстіндегі творчестволық ізденудің нәтижесінде тұрмысқа керекті заттардың жаңа алуан түрлері жасалып отырды. Сонымен қатар жиһаздардың ою-өрнектері де талғамға қарай жаңа мәнгер, жақсы әшекейлермен безендірілу және жиһаз-мүліктердің жаңа түрлерін шығару талабы да арта түсті. Фарфордан, тоттанбайтын металдан, эмаль жалатқан темірден, пластмассадан, жасанды талшықтардан жасалған жарасымды жаңа жиһаздар көбейді. Халық әлі де болса тұтынып келе жатқан ұлттық мүліктердің түрлері мен сапасы жаңарды. Техникамен жақсы жабдықталған фабрикалар мен кәсіпшілік артельдерінде кілем тоқылып, шифоньер, кітап сөрелері жасалды. Тігу ісі мен кестелеу өнері де машинамен орындалды. Тастан қашап, сүйектен оюлап, құмнан

құйып жасайтын бұйымдар енді заводтарда көптеп шығарылды.

Бұл айтылғандардан қолөнер халық тұрмысында ежелгі маңызын жойды, ендігі жерде онымен шұғылданудың керегі жоқ деген ұғым әсте тумайды. Қайта халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта беру керек. Мысалы, жеңіл күпі, қаптал шекпен, саптама етік, түлкі тымақ, жүн қолқап, бөкебай, шарф сияқты ұлттық киімдер малшылар қауымы үшін қазір де қажет. Киіз үйдің сүйегі, үзік-туырлық, қымыз саба, тері қауға мен ер-тоқым тұрмандары керексіз деп ешкім де айта қоймайды. Осыған байланысты осы еңбекте қазақтың халықтық қолөнері саласының біраз түрлеріне тоқталып өтуді жөн көрдік. Олар: ою-өрнектердің түрлері, олардың атаулары мен қолданылатын орындары. Өрнектердің түрленіп даму тарихы мен кейбір өрнек элементтерінің үлгісі;

жүн және одан ұқсатылатын заттар. Қой, түйе жүндері, ешкінің түбіті мен қылы, олардың түрлері мен атаулары. Жылқы қылы мен қоянның, құстың жүндері, олардан жасалатын заттар. Жүндерді іске әзірлеу: жуу, қайнату, сабау, түту, шүйкелеу, иіру, басу, бояу және т. б. Бұл тарауда түрлі жіптер, жиектер, өрмектер, бау-шулар, басқұрлар, арқандар туралы айтыла келіп, өрмек өнері туралы (кілем, алаша, шекпен, қоржын т. б.) егжей-тегжейлі мағлұмат беріледі. Бізбен, сыммен шұлық, қолқап, шәлі тоқу жолдары;

киіз басу. Мұнда жүн сабау, киіз басу, текемет, сырмақ сияқты заттарды өрнектеу әдістері мен жұмыс процесі айтылады, кейбір істердің үлгі-суреттері келтіріледі;

кестешілік пен көркем тігіс өнері, олардың түрлері, атаулары, кестелеу әдістері, керекті құрал-жабдықтары, өрнек түрлері мен қазақ қол тігісі;

зергерлік өнері, зергерлер жасайтын сәнді бұйымдардың түрлері мен атаулары, зергерлік ісінің өзгешелігі, оған керек жабдықтар мен істеу әдістері. Ат-тұрман, теңге, моншақ, білезік, сақина, сырға, алқа, шолпы жасаудағы зергерлер ісінің мәнерлері және т. б. жайлардан деректер келтіріледі;

сүйек пен мүйізден істелген әдемі заттар — жүк-аяқ, асадал, кебеже, ожау, піспек, адалбақан т. б. Олардың түрлері, әшекей жасау әдістері;

ағаш шеберлерінің жасаған әдемі заттары, оларды жасау, өрнектеу әдістері, киіз үйдің сүйегін басу, олардың

түрлері мен атаулары, ағаштарды құрастыру, бояу, сүйектеу, күмістеу және т. б;

мал мен аң терілерін ұқсату, олардың түрлері мен атаулары, ұқсату әдістері, и салу, қайыс илеу, көң қатыру, тері ыстау, көн тілу, өрімшілік, ат-тұрман жасау өнері;

былғары ұқсату, етікшілік, тігіншілік, етік, кебіс, мәсілердің түрлері мен атаулары, кіселер, күмісті белдіктер, олардың істелу әдістері;

ши орау өнері, шиді әзірлеу, тоқу, өрнектеу, шидің түрлері мен атаулары. Сондай-ақ бояу түстерін орналастыру туралы тарихи мағлұматтар да беріледі.



Қ

азақтың өрнекті әшекеймен істелетін қол-өнерінің түрлері де, атаулары да өте көп. Солардың ішінде халық арасына көбірек тарағаны — ою өрнек өнері. Ою-өрнек ісі

тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келді.

Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Қазақ көбінесе бір өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ барлық қошқар мүйіз өрнектерін де ою дейді. Ал өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе ою-өрнек деп қосарланып айтыла береді.

Ою-өрнектің біздің заманымыздан мыңдаған жылдар бұрынғы адамдар қауымында да болғаны мәлім. Сондықтан ою-өрнек барлық халықтарда да соншалық ескі дәуірден бері келе жатқан халықтық өнердің бір түрінен саналады. Біз осы еңбегімізде бұрын-соңды әдебиеттерде жазылып, өмірде күні бүгінге дейін жиі кездесетін мұралар мен қазіргі шеберлердің іс үлгілерін зерттеу нәтижесінде анықталған ою — өрнектердің 200 ден астам түрімен таныстырамыз. Бірақ осынша көне әрі тың да жауапты мәселені әңгімелемес бұрын кейбір ғылыми деректерге біраз тоқталып өтейік.

Халықтың қолөнері мен ою-өрнек творчествосын ғылыми негізде арнайы жекелеп зерттеу ісі басталғалы 100 жылдан



3-сурет. Мүйіз тектес ою-өрнектер:

1 — мүйіз; 2 — кошкар мүйіз; 3 — арқар мүйіз; 4 — қырық мүйіз; 5 — қос мүйіз;
 6 — сынар мүйіз; 7 — сынық мүйіз; 8 — төрт құлақ; 9 — түйе табан; 10 — өркеш мүйіз;
 11 — сынар өкше; 12 — қос алқа; 13 — құс қанаты; 14 — қазтабан.

астам уақыт өтті. Бұл іске ең алдымен біздің отанымыздың ғалымдары, олармен қатар Батыс Европа мен Америка ғалымдары да кезінде қызыға кірісті. XIX ғасырдың басынан бастап-ақ халықтың қолөнері туралы байыпты зерттеулер мен кітаптар шығарылды. Мысалы, австриялық ғалым В. Куррердің бояу және бояушылық өнері жайында, Ф. Т. Куглердің, советтік ғалым С. В. Ивановтың¹, В. В. Стасовтың², Ф. К. Волковтың³, С. А. Давыдовтың⁴, Н. Ф. Сумцовтың⁵, А. А. Боголюбовтың⁶, В. Чепелевтың⁷, А. Н. Бернштамның⁸ және қазақ ғалымдары Ә. Марғұлан-ның, Т. Бөсеновтың, Ә. Масановтың, М. Мұқановтың және тағы басқаларының зерттеу материалдарын айтса да жеткілікті. Бұлар өздерінің еңбектерінде ою-өрнектің түрлері, атаулары, шығу тарихы туралы көптеген құнды деректерді келтіреді. Аталмыш зерттеушілердің көпшілігі, әсіресе шығыс халықтарының ою-өрнектеріндегі айшықтардың, мүйізге, жапыраққа, геометриялық тұлғаларға ұқсас өрнектердің нені бейнелейтінін және олардың атауларының қандай ұғымдар негізінде қалыптасқанын ерекше қызыға қараған. Мысалы, геометриялық тұлғаларға ұқсас сынық сызықтар, қатар сызықтар, дөңгелек және бұрышты сызықтар (үш бұрыш, төрт бұрыш, ромба тәрізді өрнектер) т. б. қайдан шықты екен дей келіп, біреулері кәдімгі геометриялық пішіндес құрылыстардан шықса керек десе, кейбіреулері жан-жануарлардың ішкі-тысқы көріністерінен, сүйек бітімдерінен шықса керек десті. Тағы біреулер өсімдіктердің әр түрлі көріністерінен (мысалы, сынып жатқан ши, ағаш бұталардың, сүйеулі тұрған сырықтардың бұрыш көріністерінен) шықса керек деседі. Ал енді біреулер геометриялық түрлердің шыға бастауы өрнек жасаушылардың өнерлерінің өрістей түс-

¹ С. В. Иванов. Материалы по изобразительному искусству народов Сибири XIX — начала XX в. Труды ин-та этнографии АН СССР, нов. серия, т. XXII, М-Л, 1954.

² В. В. Стасов. Русский народный орнамент, т. 1 СПб., 1872.

³ Ф. К. Волков. Отличительные черты южнорусской народной орнаментики. Труды III — археологического съезда, т. II, Киев, 1878.


⁴ С. А. Давыдова. Кружевной промысел в Подольском и Серпуховском уездах Московской губ. СПб., 1880.

⁵ Н. Ф. Сумцов. Писанки. Киевская старина, 1891.

⁶ А. А. Боголюбов. Ковровые изделия Средней Азии. Выпуска 1, СПб., 1908.

⁷ В. Чепелев. Киргизское народное изобразительное творчество, «Искусство», 1934, № 4.

⁸ А. Н. Бернштам. Киргизский повествовательный узор в кн. «Киргизский национальный узор». Л. Фрунзе, 1948.



4-сурет. Ою-өрнектердің мүйізден басқа түрлері!

1 — таңдай; 2 — түйе мойын; 3 — тіс; 4 — жіліншік; 5 — жапырақ; 6 — гүл; 7 — түйе табан; 8 — қармақ; 9 — ирек; 10 — қос тұмарша; 11 — төрткүл, үшкүл құрақтары; 12 — шытырман; 13 — табак; 14 — тұлкібас; 15 — омыртқа.

уіне байланысты, олардың ойлап, қиялдауынан туған дейді. Демек ою-өрнектердің шығу тарихы олардың сюжеттік мазмұны мен атаулары туралы мәселе әлі де болса көп зерттеуді талап етеді.

Қазақтың ою-өрнектерінің түрлері де, атаулары да көп. Біз сол ою-өрнектердің 200 шамалы түрлерімен жұртшылықты кеңірек таныстырып және ою-өрнектердің кейбір заттық ұғымдарын еске салып, олардың кейінгі жастар үшін де түсінікті болу жағын қарастырдық.

...Ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа, бір шебердің ұсталық, іскерлік мәнерінен екінші біреуге үнемі ауысып отырғандықтан осы күні кейбір облыстардағы қошқар мүйіз өрнегі бастапқы бейнесінен өзгеріп кеткен. «Ырғақ», «сағат бау», «түйе табан», «жүрекше», «қаз табан» деп аталатын әдемі өрнектер де кейбір облыс шеберлерінің орындауында олпы-солпы болып шығып жүр. Ертеден келе жатқан халықтық мұраны екшеп, тазартуды ойласақ, ең алдымен осындай бұрмалаушылықтан арылтып, оны әдемілігіне жеткізе жаңа түр, жаңа мазмұн бере дамытуымыз керек.

Қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің түпкі негізін іздестіру ісінде Т. К. Бәсеновтің «Орнамент Казахстана в архитектуре» деген кітабы көптеген құнды материалдарға толы. Кітапта халық ою-өрнек өнерінің шығуы, оның қандай ұғымда туып, қалай дамығандығы, ерте кездегі қауымдардың мекендестігі, кәсібі мен әдет-ғұрпы жайында өте толық айтылған.

Автор ою-өрнек элементтерінің даму тарихын көрсете келіп, оларды түр-түрге ажыратады. Мысалы, «арқар мүйіз», «қырық мүйіз», «сыңар мүйіз», «қармақ», «ырғақ», «қошқар мүйіз», «күлте», «жапырақ», «гүл», т. б.

Т. Бәсеновтің осы кітабында архитектуралық өрнектер де көрсетілген. Омардың, Айшабүбінің мазарларындағы өрнектер — өз заманында жасалған сәулет өнеріндегі асқан шеберліктің тамаша үлгісі. Сонымен қатар ауыз әдебиетінде сақталып келген өлең-жырларда, археологиялық қазындыларда, ескі кітаптардың мұқабаларында, тарауларында және бөлім аралықтарында кездесетін өрнектер мен суреттер, жұлдызшалар мен айшықтар, батырлардың қару-жарақтарында кездесетін кейбір жеке белгілер, таңбалар, әшекей әріптер де халықтық тарихи этнографиялық мұралар. Мұндай халықтық ою-өрнектердің ішінде, олардың экспозиция құрамында әр түрлі ендер мен таңбалардың, ру таңбаларының элементтері жиі ұшырайды. Осыларды егжей-тегжейлі



5-сурет. Ою-өрнектердің өрбу тарихы (Т. К. Бәсеновтың мәліметі).

зерттей келіп қазақтың ұлттық ою-өрнегі үш түрлі ұғым негізінде туған деген қорытындының дұрыс екеніне көз жеткізуге әбден болады.

Қазақтың осы күнгі ою-өрнектерін қарт шеберлер екіге бөліп қарайды. Біріншісі, қазақ халқының өзіне тән ертеден келе жатқан ұлттық оюлары. Екіншісі, басқа халықтардан ауысқан жаңа, интернационалдық ою-өрнектер. Біздіңше бұл топшылау да орынды сияқты. Шынында да осы күнгі көп жапырақты гүлдер мен геометриялық өрнектер, жазусызуды бейнелеген өрнектеу, крестеп тігу әдісі, өрнектеп шілтер тоқу, өрнектеп тескен үлгі бойынша торлай тігіп әсемдеу сияқты қолөнердің көптеген жақсы үлгілері Октябрь революциясынан кейінгі халықтар достығының нәтижесінде ғана сіңісіп, қазақтың ою-өрнек өнерін байытта түскендігі белгілі. Сонымен қатар қазақ халқының әлеуметтік салт-санасы өсіп, мәдени-тұрмыс дәрежесі, дүниеге көзқарасы, ойлау, ұғыну қабілеті де бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде дамыды. Осындай тарихи өзгерістің нәтижесінде халық шеберлерінің творчестволық ізденуі мен қабілеті де шыңдалып жетілді. Олар енді мифтік немесе діни ұғымдардан туған ойларды ғана бейнелеп қоймай, бүгінгі социализм жеңістерінің нақтылы ұғымын да өрнектейтін дәрежеге жетті. Мысалы, қазіргі ою, кестелерден, кілем бетіндегі оюлардан еліміздің картасын, алып, құрылыстардың бейнесін, перспективалы жоспарлардың диаграммаларын, космостық ракеталарды және т. б. суреттерді көруге болады.

Ертедегі қазақ оюларын мазмұны жағынан іріктесек, негізінен 3 түрлі ұғымды бейнелейді. Олар: біріншіден, мал өсіру мен аңшылықты, екіншіден, жер-су, көшіп-қону көріністерін, үшіншіден, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін береді. Қазақтың ұлттық ою-өрнегіндегі бір ерекшелік — осы түрлі ұғымның қайсысын бейнелегенде де, ұлттық ою-өрнектің негізі болған мүйіз оюы үнемі араласып отырады. Қазақ халқының этнографиялық әдет-ғұрыптарының кейбір элементтері де ою, сызу, бедерлеу, бейнелеу өрнектерінің де белгілі орын алғандығы байқалады. Мысалы, бұрынғы ру таңбалары, малдардың ен-таңбалары, діни сенімдер негізіндегі ай, жұлдыз, аспан әлемін түспалдау және тағы басқалары.

Оюшы. Шеберлер іске беріліп, жұмыс әдісіне төселе келе өздерінің көрген ою-үлгілерін жатқа жасап, оюға өз бетімен жаңа түрлер енгізу дәрежесіне жетті. Халық мұндай адамдарды «оюшы» деп атады. Оюшылықты өз дәуірінде

суретшілік өнердей, күрделі өнер деп санады. Әрбір елде, әрбір руда атағы шыққан таңдаулы оюшылар болды. Ондайлар өз өнерінің тамаша үлгісін өзінің руына, маңайындағы елдерге таратып отырды. Осыдан келіп әр түрлі ою-өрнектерде, киімдер мен кілемдерде, сырмақтар мен кестелерде және т. с. с. «арғын үлгісі», «керей үлгісі» немесе «ұлы жүздің үлгісі», «орта жүздің үлгісі», «кіші жүздің үлгісі» деген мәнерлер пайда болды. Мұндай ою-өрнектердің, үлгілердің негізінде туған әңгіме, ертек, аңыздардың әр алуан қызықты сюжеттерін қазақ ауылдарының қарт шеберлерінен жиі естисіз. Соған қарағанда кейбір оюлардың шығуында да бір тарихи оқиғаға байланыстылық бар тәрізді. «Найман ер», «арғын тымақ», «адай бөрік», «дулат тымақ», «қызай қамзол», «семейлік бешпент» деген атаулар сол елдің үлгісімен істелген заттарды, тігілген киімдерді білдіреді. Тіпті сол үлгілердің өздерін де, өрнек мәнерін де, кейде осылай аймаққа, руға бөліп атай береді. Мәселен «жетісу үлгісі», «жетісу мәнері», «алтай үлгісі», «алтай мәнері» деу осыдан шыққан.

Шеберлер халықтық ою-өрнектерден өздері көріп, көңілдеріне ұнағандарын не қағазға, не жарғақ теріге, не матаға түсіріп, ойып алатын. Оюдың осындай қиындысын «үлгі» дейді. Үлгі киюмен көп айналысқан және сол үлгі бойынша ою ойып, іс істеуді сүйген шеберлер қолындағы ою үлгілеріне өз бетінше жаңа түр, жаңа буын қосып, оны өзінше жөндеп, дамытып отырды. Қай кезде болса да ер өнері еліне ортақ. Қарапайым әдістің өзімен неше түрлі сурет жасап ұнасым мен әдемілік жағынан көздің жауын алғандай ою-өрнектердің үлгісін беріп жүрген халық шеберлері қазір де көп. Солардың бірі Ленин орденді, пенсиядағы мұғалім, Сәрсембин Рахым ақсақалдың оюлары бірнеше рет одақтық көрмелерде жұлде алды. Оның ою-өрнектері республикада, одақта шығып жатқан халық творчествосы туралы жинақтарға енді. Рахаң салған өрнектердің бір тамашасы олардың көпшілігі архитектуралық құрылыстарды ажарлауға, керамика мен ағаш, мүйіз, сүйек заттарын әшекейлеуге арналған. Оның қыл қаламынан туған үй сыртының ішкі көрнездері мен діңгектердің әдемі өрнектерін қазір Алматы көшелеріндегі үйлердің көбінен кездестіреміз.

Шымкенттік шебер Ғани Иляев кілем, алаша, басқұр, сырмақ сияқты заттарға арнап таза қазақ мәнерімен 400-ден астам мүйіз өрнегін жасады. Ол өзі өрнек жасаумен қатар бүкіл оңтүстіктегі қазақтардың оюларын жинаумен де көп шұғылданып келеді. Қазір Ғ. Иляев те, Р. Сәрсембин де

республикада Суретшілер одағына мүшелікке қабылданып отыр. Сол сияқты жамбылдық Қоқымбаева, Керімбаева, ақтөбелік Қаракүшіков, семейлік Ысқақова, павлодарлық Темірболатова, Шалғымбаева, шығыс қазақстандық Молдаханова, Рүстемовалардың оюлары мен кесте өрнектері халыққа жақсы ұнады.

Қолда бар бұрын-соңды жазылған деректер мен ел арасындағы қолөнер шеберлерінің айтуынша қазақ ою-өрнектерінің өте жиі қолданылатын 200-ден астам түрі бар. Олар:

«ай»	«бөрікөз»	«иттабан»
«айбалта»	«бөрікұлақ»	«иттіс»
«айбас»	«бунақ»	«иық»
«аймүйіз»	«бұрма»	«кавказ»
«айшық»	«бұтақ»	«кәрнез өрнек»
«алақан»	«бүлдірген»	«кемпірқосақ»
«алақұрт»	«бүркөз»	«кеңірдек»
«аламыш»	«бүрме»	«көз»
«алаша»	«гүл»	«күмбез»
«алтыбасар»	«гүлдірайхан»	«күн»
«арпабас»	«дақ»	«көпбұрыш»
«атауыз»	«доға»	«кіреш»
«атерін»	«дөдеге»	«қабырға»
«атізі»	«егіз»	«қазмойын»
«ашатұяқ»	«ендірме»	«қазтабан»
«айыртұяқ»	«ергенек»	«қармақ»
«арқармүйіз»	«жапырақ»	«қарта»
«бағанөрнек»	«жармагүл»	«қиықша»
«балға»	«жауқазын»	«қоза»
«балдақ»	«желі»	«қолтық»
«балта»	«жеті гүл»	«қолтықша»
«балық көз»	«жол»	«қосалқа»
«баспа»	«жолақ»	«қос дөңгелек»
«бастырма»	«жұлдыз»	«қос мүйіз»
«батырма»	«жұлдызгүл»	«қос құлақ»
«бедер»	«жұлдызқұрт»	«қос тіл»
«безек»	«жүрекше»	«қос таңдай»
«бес дөңгелек»	«жылан»	«қос бұрым»
«бес жапырақ»	«жыланбас»	«құмырсқа»
«бескүл» (бес бұрыш)	«жыланбауыр»	«құмырсқа із»
«бестемше»	«жіліншік»	«құркүйек»
«бой өрнегі»	«ирек»	«құсжолы»
«ботатірсек»	«ирексу»	«құсмұрын»
	«итемшек»	«құсқанат»

«құсқұйрық»	«самұрық»	«шапқы»
«құстабан»	«селебе»	«шапыраш ою»
«дөңгелек»	«селеубас»	«шарбақ»
«ебелек»	«су»	«шаршы»
«қошқар мүйіз»	«сыңарөкше»	«шатыраш»
«қырықмүйіз»	«сырға»	«шот ою»
«қысқаш»	«табақ»	«шөжебас»
«құстұмсық»	«тақта» (тақтай)	«шөміш өрнек»
«қуыршақбас»	«таңба өрнек»	«шиыршық»
«маралмүйіз»	«таңдай»	«шимай»
«масақмүйіз»	«тарақ»	«шыбынқанат»
«масақ» (башақ)	«тармақ өрнек»	«шынжыр»
«мойнақ»	«текемет өрнек»	«шыжбақай»
«моншақ гүл»	«терме»	«шыныгүл»
«мөр»	«терісбұтақ»	«шытырман»
«мүйіз»	«тиек»	«шырмауық»
«ожау»	«тоқлақ»	«шұжық өрнек»
«омыртқа»	«торкөз»	«райхангүл»
«ойма»	«төрткүл»	«рант»
«оймақ»	«төртқұлақ»	«сағат бау»
«оймыш»	«тұмар»	«салпыншақ»
«он екі таспа»	«түйетабан»	«тұмарша»
«ою»	«тырна»	«тұмартіс»
«өкше»	«тіс»	«түлкібас»
«өркеш»	«үркер»	«түйемойнақ»
«өріс»	«үш құлақ»	«ырғақ»
«өткерме»	«үшкүл»	«ілмек»
«райхан»	«шақпақ»	«ірбіт өрнек»
«керегекөз»	«шақша»	т. б.
«көбелек»		

Бұлардан басқа құйып, илеп, кептеп, батырып жасайтын өрнектер кездеседі. Мысалы, «атбас», «қойбас», «бесік», «тайтұяқ», «қойтұяқ» «ботакөз» т. б.

Қазақтың қолөнерінде өрімшіліктің неше түрлі әдемі өрнектері бар. Біздің бұл көрсетіп отырғандарымыз тек әзірше ізі табылған, әдебиет беттерінде жұртшылыққа таныс болған, екі үйдің бірінен кездесетін өрнектер ғана. Оның әлі де болса бізге кездеспеген, не көңілден қақас қалған түрлері және әр жерде әр түрлі айтылатын атаулары өте көп екені байқалады. Бұл пікірді зерттеуші этнографтар да ертеден-ақ айтып келеді. Жалпы өрнек атауларын мағынасына қарай мынадай топтарға жіктеуге болар еді.

I. Ай, күн, жұлдыздарға — көк әлеміне байланысты өрнектер.

II. Малға, малдың денесіне, ізіне байланыстылары.

III. Аңға, аңның денесіне, ізіне байланысты өрнектер.

IV. Құрт-құмырсқаларға байланысты өрнектер.

V. Құстарға байланысты өрнектер.

VI. Жер, су, өсімдік, гүл, жапырақ, бұтақ бейнелі өрнектер.

VII. Қару-құралдарға байланысты өрнектер.

VIII. Геометриялық фигуралар тектес өрнектер. Сондықтан біз қазақ өрнектері малшылық, көші-қон, жорықшылық заманындағы тұрмысты, айналасындағы табиғатты, аңшылықты, геометриялық түсініктердің сырт тұрпатын байқаудан туған ұғым негізінде дамыған деген болжамға толық қосыламыз.

Ою-өрнек, әшекей жасау шеберлігі бейнелеу (суретші) өнерінің бір түрі. Бірақ бір есте боларлық жай, маман суретшілер көбінесе заттың сырт формасын дәлдеп, суреттің неғұрлым сол затқа аумай ұқсап тұру жағына көбірек назар аударады. Ал ою-өрнек үлгілерін жасаушы шеберлер өз өрнектерінде ойлаған затының не сюжетінің сыр-сипатын өзінше танып, оның дәлме-дәлдігінен гөрі көркем, әшекейлі болу жағына баса назар аударады.

Ескі замандағы ел әдетін, шаруашылық ғұрпын, этнографиясын білген адамға мұндай өрнектердің заттық ұғымын және олардың неліктен бұлай аталатындығын пайымдау қиын емес. Қазақтың шиге, алашаға, кілемге салатын «омыртқа» өрнегін алып қарайық. Өрнектің негізгі түрі 4-суретте бейнеленген. Бұл сурет Шымкент қаласында тұратын қолөнер ісінің өрнекшісі Қазақ ССР суретшілер одағының мүшесі Ғани Иляевтің кілем, тұскиіз, терме-құрларға арнап жасаған өрнегі. Өрнектің аты «омыртқа», ол кілең «сынық мүйіз» өрнегінің элементтерінен құрылған. Сонымен қатар, өрнекте ұлы жүз қазақтарының рулық белгісі болған «тақтаңба» да көрініп тұр.

Ал осыны мал етін мүшелеп, омыртқа омырып көрмеген яки кепкен жалпақ омыртқаның сүрісін есіне түсіре алмаған кісінің түсінуі қиын. Сол сияқты жалпы атауы мүйіз (қойдың, арқардың, бұғының) ұғымынан алынған әр түрлі және көп тармақты өрнектер де неше иіріліп, әр түрлі тармақталып, бір сюжетті тұспалдап тұрады. Мысалы, осетиндерде «қошқар мүйіз» өрнегі ерте заманда бір түрде жасалып, бара-бара әдемілене келіп екінші түрге ауысқан

(3-сурет). Бірақ оның бастапқы затқа ұқсастығынан гөрі әдемілігі, әшекейлігі басымдана түскен. Мысал ретінде көне заманның айбалталарын алайық. Айбалтадағы екі мүйіз тек әдемілік үшін ғана жасалған өрнек. Ал балта жүзінің өзі де жарты ай бейнесін мезгеп тұр. Айта кетерлік бір жай осы сияқты мүйіздеп әшекейлеу арқылы жасалатын өрнектер қазақтан басқа елдерде де көп кездесе береді. Қырғыз, өзбек, армян, азербайжан, түркмен, украин, молдавандарда және тағы басқа да елдерде кездеседі. Әрине, әр елдің салттық ұғымдарына, дәстүрлеріне байланысты олар әр алуан болып келеді. Демек, халықтар арасында бірінен бірі үлгі алу, өнеге ауысу, ертеден-ақ жақсы дәстүр болған деген ойымызды бұл жайлар тағы да дәлелдей түседі. Ал шырмауық, шытырман, гүл, жапырақ және геометриялық фигуралар тектес өрнектер барлық халықтарға ортақ және мүйіз өрнегіне қарағанда бұлар бір ізге әжептеуір түскен сияқты.

Енді осы ою-өрнектердің көп қолданылатындарына, сондықтан да халық шеберлерінің көпшілігіне белгілі атауларының кейбір түрлеріне әдейі тоқтап өтейік.

«Ай», «жартыай» өрнектері шынында да аспандағы айды мезгеп жасалынған. Бұлар көбінесе діни орындардың архитектуралық безендіруінде, мешіт-медреселердің мұнараларында, мазараттарда, жайнамаз сияқты заттарда көбірек кездеседі. «Ай» өрнегінің ислам діні келуден көптеген жылдар бұрын шыққаны анық. Мұның себебі де жоқ емес. Бір замандарда көптеген қауымдар ай мен күнге, от пен жұлдызға табынған. Жаратылыс құбылыстарынан мағлұматсыз заманда ай да, күн де, жұлдыз да тәңірі болып көрінген. Осыған байланысты аспан әлеміндегі денелердің ең көрнектісі және құбылысы көп айды олар тәңірі тұтып жалбарынған, оған құрбандықтар шалған. Қазақтың тілек тілер, бата қылар жиындарда көк қасқа малды айтып союы да осы ескілік нанымнан қалған әдет. Көк дегенде, түсіне қарай аспанды тұспалдаса, қасқа дегенде сол көктегі (аспандағы) айды тұспалдаған.

Қазірде «ай», «жарты ай», «айшық» өрнектері, әрине, бұл ұғымнан әлдеқашан тазарып, тек өрнек, әдеміліктің бір түрі ғана болып қалған. Кейбір өрнектердегі дөңгелене келіп түйіскен жарты айлардың қосындылары «табақ», «тана» өрнектері сияқты әдемі түрлер жасайды. «Ай» өрнегі қазақтан басқа елдерде де кездеседі.

«Айбалта» — ай сияқты құдіретті балта деген ұғымнан туған. Мұндай өрнек көбінесе ат-тұрмандарда, батырлардың

қару-жарақтарында, кестелі киімдерде, кежімдерде, архитектуралық өрнектерде, әр түрлі мәнерлерде кездеседі. Бұл өрнек көп халықтарға ортақ, әсіресе олардың зергерлік, ұсталаық ағаш оюларында кездесетін түрлері көп.

«Айыр» — айыр (екі) өркешті түйе, айыр тұяқты малдардың бақайы, сондай-ақ айыр қой-ешкі, сиыр малдарының бақай арасынан шығу болып шығатын дерт. Пішен ашалайтын құралды да айыр дейді. Ал мұның, яғни айырдың, өрнекте берілетін түрі көбінесе айыр тұяқты малдардың бақайы мен түйенің өркешін, қос өркешті түйенің өзін тұспалдап, әр түрлі мәнерде беруден шыққан. «Айыр» өрнегін кейде екі ырғақ жақтауын түйістіріп те жасайды. Бұл өрнектің әр жердегі шеберлердің орындауында кездесетін әр алуан мәнерлері бар. Сол сияқты оны кейде «айыр» десе, кейде «айыртұяқ», «өркеш», «текемүйіз» деп те атай береді.

«Алақан» деп көбінесе көп тармақты өрнектердің ортасында солардың негізгі сабағын, алақанын, қамшының өрімін сапқа жалғап тұратын жалпақ былғарыны айтады. Қазақ және қырғыз, қарақалпақ, дағыстан сияқты елдерде кәдімгі бес саусақты алақан бейнелі өрнек бар, оны да «алақан» дейді.

«Алақұрт» — көбінесе ши орауында, сырмақ шетіндегі жиектерде, төсек, жұкаяқ, кебеже, асадал сияқты заттардың шеттерінде, «су» өрнектерінің кейбір түрлерінде кездеседі. Ол ақ пен қарадан, қызыл мен жасылдан, көк пен сарыдан бунақталып келетін ұзынша желі. Соған қарай «қызылқұрт», «сарыалақұрт», «қаралақұрт», «бунақ», «буын өрнек» деп те аталады. Мұндай өрнектер кесте ісінде көп кездеседі.

«Аламыш», «алаша» өрнектері жарыса жасалған көп түсті жолақтардан құралады. Кейде сол жолақтардың ішінде геометриялық фигуралар тектес не «мүйіз» өрнектерінің желілі түрлерінен құралған түрлі түсті өрнектер болады. «Аламыш» өрнегі шахмат тақтасының сызығы сияқты жарыса салынған қысқа-қысқа, кейде көлемді ұзын сызықтардан (желілерден) түзіледі. Мұндай өрнектер ши орауында, терме бауларда, кілем-алашаларда, сүйек өрнектерінде көбірек кездеседі. Ондай өрнектерді кейбір жерлерде «ендірме» деп те атайды.

«Арпабас» — өсімдіктердің қияқтарын, астық өсімдіктерінің бастарын бейнелеп салынған, сабақты қияққа ұқсайтын жазық мүйіз өрнегі. Тұскиіз, кестелі тон, шалбар, тақия сияқты киім-кешектерде, зергерлік істерде, ағашқа қарал

отырып өрнек салуда, түрлі шілтерлі тоқу өрнектерінде көбірек кездеседі.

«Атауыз», «атерін» деп аталатын өрнектер малдың аузын, үстіңгі және астыңғы еріндердің түйісіп тұрған бейнесін еске түсіреді. Көбінесе кесте, көркем тігіс, әр түсті маталарды оюластырып құрауда, сандыққап, аяққап сияқты мүліктердің жиегінде, киімдердің өңірінде кездеседі. Өрнек арқасымен түйіскен немесе түйіспей жақындасып тұрған жарты шеңберлерден түзіледі. Кейде жарты шеңберлер ұзынынан ұзақ бір тұтас жолақ болып келеді де, бір заттың шет-шетін тегіс қоршаған жиек өрнегі болып тұрады. «Атерін» өрнегінде әрбір жарты шеңберлердің ортасында неше түрлі мүйіз, өсімдік, геометриялық фигуралар тектес ұсақ кестелер салынады. «Атауыз», «атерін» өрнектерін ірілеу етіп қиып (тегінде киіздің өзін қиып оюластырғанда өрнектің тым ұсақ болмауы керек, өйткені сырмақ шеберлері қырдасын қалдырмауға тырысады) оны сырмақ оюына қолданады.

«Бағана өрнек» — («баған» деп те айтады) тіреу, діңгек деген ұғымды тұспалдайды. Бұл өрнек көбінесе үйдің босағасында, ішкі тіреулерінде (баған колонналарында), асадал мен кебезелердің аяқтарында, қырларында, айна қойғыштардың шетінде, піспек саптарының жоғарғы жақ басында, түрлі тіреулерде, адалбақанның бойында жиі ұшырайды. Бұл өрнек негізінен бірнеше жіліншік бунақтар мен шығырланған шарлардың қосындыларынан түзіледі және ол ылғи тік, немесе ұзынынан бойлап салынады.

«Балға», «балта» өрнектері өздері аттас заттарға ұқсас келеді. Геометриялық ұзынша төрткүл, кейде мүйіз мәнерінде жасалады (көбінесе баспаша «г» әрпіне немесе «т» әрпінің бейнесіне ұқсас). Бір ескеретін жағдай, бұрын қазақта «балға таңба», «балта таңба» дейтін ру таңбалары жиі қолданылатынды. Сондықтан осы ру таңбаларымен аттас және соған ұқсас өрнектердің де жасалуы мүмкін. Өйткені қайсыбір шеберлер өз ісінің маркасы есебінде, осы өз руының таңбасын бейнелеген болуы керек деген жорамалдар да бар. «Балға», «балта» өрнектері түрлі кестелерде, қолмен тігілетін көркем тігіс өнерінде, өрмек істерінде жиі кездеседі. Сондай-ақ осы өрнектің атымен аталып және соған ұқсас түрмен орындалатын кірпіш қалау, там соғу әдісі де бар. Оны «балғалап қалау» немесе «балта қалау» деп атайды.

«Балдақ өрнек». Балдақ деп қазақ көзі жоқ жүзікті, жүзік сияқты шығырды атаған. Сондай шығырларды шымылдыққа бау өткізетін ілмек етіп пайдаланған. Кей жерлерде

жұмыр білезікті де балдақ дейді. Бүркіт ұстаушының қолын сүйеп тұратын аша ауыз таянышын да балдақ дейді. Оның себебі бұл құралдың бүркіт ұстаған қолдың білегіне киіліп тұратын жоғарғы басы балдақ сияқты жарты шығыр формасында келеді. Осы ұғымдардың негізінде туған «балдақ» өрнектері зергерлік істерде жұмыр, кейде жалпақ балдақ (жүзік, білезік, шығыр) тәрізді іші бос дөңгелек түрінде жасалады. Кейде балдақтар бірімен-бірі қосыла, шеңберге шеңбер ілмелене келіп, күрделі өрнек түзейді. «Балдақ» өрнегі көбінесе кестеде, ағашта, алтын, күміс заттарында қолданылады.

«Бес дөңгелек» кейде қатар төрт бұрыш түрінде келетін бұл өрнектер бір кездердегі ру таңбалары мен төрт түлік малға басылатын таңбаларды еске түсіреді. Мұндай өрнектер қолөнер істерінің барлығына тән. Сондай-ақ «бесжапырақ», «бесгүл», «төрткүл», «үшкүл» делініп өрнек атауларының бас буындары өрнек элементтерінің санын көрсетеді де, екінші буындағы сыңары сол өрнекте тұспалданып тұрған заттың атын көрсетеді. «Бескүл», «төрткүл», «үшкүл» деген сөздер «бесбұрыш», «төртбұрыш» «үшбұрыш» деген ұғымды білдіреді. Ал «бесжапырақ», «бесгүл» деген өрнек түрлері нақтылы сандық, заттық мағынада тұр. Соңғы екі өрнек «Райхангүл» дейтін өрнекке ұқсас. (Бұл туралы «су» өрнегінде берілген халық аңызында толығырақ айтылған).

«Су» өрнегі. «Су» деп әрбір өрнекті бөліп тұрған ұзын жолақты айтады. «Су» өрнегі кейде екі қатар сызық аралығында ирек сызық жасай отырып, дөңгелек, төртбұрышты бейнелерді жасайды. Ерте уақытта судан өту қиын болған. Көбінесе шекара сондай бір судың бойымен межеленген. Мұны қазіргі замандастардың сөздері де растайды. Мәселен, Семей облысы, Новопокров ауданы, Еңбекшіқазақ селосында тұратын Бурақан деген шебер: «Су өрнегі өрнек пен өрнектің арасындағы шекараны білдіреді», — дейді.

Шығыс Қазақстан облысының Самар ауданы Жамбыл-атындағы колхозда тұратын 89 жастағы ағаш шебері, әрі етікші Жаппар «су», «бессаусақ», «бесгүл» оюлары туралы ертегісінде былай дейді. «Бар байлығына көзі тоймаған Сұмырайхан жер бетіндегі су біткенді өзімдікі деп жар салып, малды, жанды сусыз қырғынға ұшыратады. Ұсақ хандықтарды жаулап алып, суды өзіне пайда түсіретін байлық көзіне айналдырады. Бірақ халық еріккен ханның қалағанындай жүріп-тұра алмайды. Күшті қарсылықтар көрсетіп, бітпес күреске шығады. Уақытша жаулап алған елдердің

халқы ханның жандайшаптарынан су бар жерлерді жасырып қалуға тырысқан. Қазақ халқының «сұмырай келсе су құриды» дейтіні осыдан шыққан екен.

Осы су үшін болған бұл күресте Сұмырайхан Райхан деген шебер қыздың оң қолының бес саусағын шауып тастайды. Алайда халық жеңіп, Сұмырайханды өлтіреді. Суды пайдалану еркіндігін күшпен алған халық осы уақиғаға байланысты ою-өрнекке «су» деген ескерткіш өрнек қосқан. Жер — ана Райханның бес саусағын бес тармақты гүл етіп, жер бетіне жайқалтып өсіреді. Бес жапырақты қызғалдақтың ою-өрнекке енуі Райханның бес саусағының ескерткіші ретінде қалған екен деседі.

Тағы бір аңызда: «Ертеде адам тәңірісі ай болыпты-мыс. Соған жалбарынып, табынған халық оның құрметіне «Аймүйіз» деген өрнек жасаған екен деседі».

Бұл жорамалдарға қарағанда, өмірдегі болған оқиғалар мен аңыздардың, діни ұғымдардың өрнек, әшекей істерінің кейбір элементтеріне әсер еткендігі байқалады. Осындай өткен замандағы әдебиеттер мен халық аузындағы деректерге, қазіргі қарт шеберлердің айтуларына қарағанда, ою-өрнектердің қайсысы болса да бір ұғымды бейнелеуден туғандығы анықтала түседі.

«Бестемше», «алтытаспа», «бұзаутиі», «жыланбауыр», «қос тіл», «қос таңдай», «онекітаспа», «өрім өрнек», «өткерме», «торкөз», «таңдай», «шарбақ», «түйемұрындық», «төрттаспа», «ұштаспа», «түйме» деп аталатын өрнектер таспаны өру мәнерінің түрі мен атауларынан алынған. Бұлар, әсіресе, кестеде, тігісте, өргенде, ескенде, ширатқанда, тоқығанда әдемі келетін мәнерлі өрнектер. Түрлі білезік, сырғаларда, сәукеленің салпыншақтарында, ат-тұрмандарда осындай мәнер түрі көп.

«Бүлдірген», «бүркөз», «жармагүл», «жауқазын», «желі», «қоза», «селеубас», «түйетабан», «шытырман» дегендер сияқты бірталай өрнектер жерде өсетін шөп, жеміс, ағаш, бұталарды тұспалдап өрнектеуден қалыптасып, атаулары да осыған сәйкес аталған. Сол сияқты мүйіз өрнегінің көптеген мәнерлері кейде жер байлығына байланысты түрлене түседі. Ондай өсімдік тектес өрнектердің кейбірі жайлауды, орманды жерлерді, саялы жеміс ағаштарын, биік бәйтерек, қалың шырмауықты, гүл-бәйшешекті және т. б. мегзейді. Ал «қоза» өрнегі халқымыздың ежелгі кәсібінің бірі мақта шаруашылығынан туған (Қоза — мақтаның қауашағы).

«Ергенек». Қазақ тілінде киіз үйдің босағасының ортан

беліне жететіндей етіп бөлек тоқыған есік сияқты шарбақты немесе кереге көз етіп көктеген бірнеше сабау ағашты ергенек дейді. Киіз үйге мал, ит кірмеу үшін, кейде сол ергенекті көлденең қоя салатын әдет болған. Қазақ жақсы көрген баласын айналып-толғанғанда «есігіңе ергенек болайын» деп жатады. Онысы «есігіңе күзетші болайын» дегені. «Ергенек таңба» деген ру таңбасы, мал таңбасы бар. Соған байланысты Найманның бір руы «Ергенекті елі» деп аталады. Ергенектеу әдісі көбінесе кестеде, қол тігісінде, ши орауда, тал шыбықтардан түрлі заттар тоқығанда қолданылады.

«Егіз» немесе «жүп» деп аталатын өрнек өте арғы заманнан келе жатқан және бүкіл шығыс халықтарына ортақ өрнек. «Егіз» өрнегінің бейнесі шеңбер, әлем кеңістігі өлі және тірі табиғат, дүние деген ұғымды білдіреді. Шеңбердің іші бір балықтың қақ жарған екі жартысы сияқты болып бейнеленген. Ол әлемдегі (дүниедегі) заттар да, заттық ұғымдар да барлығы да егіз деген пайымдауды білдіреді. Бұл өрнектің мазмұны бойынша ешбір дара, бір жақты сыңар нәрсе де, ұғым да жоқ. Мысалы, ай мен күн егіз, күндіз бен түн егіз, ақ пен қара егіз, өмір мен өлім егіз, баршылық пен жоқшылық егіз. Ер мен әйел, жақсылық пен жаманшылық, бақыт пен сор т. б. барлығы да егіз және бірінің орнын бірі басып ауысып отырады деген ұғымды білдіреді екен.

«Ебелек» (кейде оны «қаңғалақ» деп те атайды, ал «қаңғалақ» деп ертеректе ұршықты айтқан) зырылдауықтың не ұршықтың басын, самолеттің пропеллерінің бейнесін еске түсіретін өрнек. Археологиялық қазындылар мен ою-өрнек туралы жазбаларға қарағанда, бұл өрнек өзге өрнектердің бірсыпырасынан соңырақ шыққан.

«Ендірме» өрнегі екі затты сыналап көлемдеу әдісінде қолданылады. Бұл көбінесе бір басы үшкір келген геометриялық үшбұрыштардан түзеледі.

«Жапырақ», «жармагүл», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл», «үшқұлақ», «шытырман» деп аталатын өрнектер де өсімдік тектес бейнелерді тұспалдайды. Бірақ бұлар кейде заттардың натуралдық қалпында кестеленсе, кейде «мүйіз» өрнегімен, кейде геометриялық сынық сызықтар арқылы сипатталады. Мұндай өрнектер бірсыпыра заттардың бетіне жеке-жеке, кейде көп тармақ болып желіленіп келу арқылы бүтін бір сюжетті (жайлау, орман, жазық дала, кең сахараны) мегзеп жасалады. Кейде осы өрнектер жоғарыда айтылып кеткен өсімдік тектес басқаша атаулардағы өрнектермен тұтасып, өте күрделі бір пейзажды бейнелейді.

Мұндай өрнектерді кесте мен қол тігісінен, әр түрлі маталардың гүлдерінен, сырға, тана, қапсырмалардан тағы басқа көптеген мүліктердің бедерлі гүлдерінен, шілтерлеп тоқылған заттардан кездестіруге болады.

«Жіліншік». Малдың жілік сүйектерінің негізінде туған атау. Бірақ ертеректе қазақ тілінде «жіліншік» деген сөз бір буын, бір бөлек, бір түйін деген ұғымдарды да білдірген. Мысалы, домалақтамай, ұзыннан шумақталып жиналған кесте жіпті «бір жіліншік кесте жіп әкелдім» деп те айтатын. Сол сияқты ұзынша келіп, қағаз қапқа салған, жемістен істеген шайды да бұрын «жіліншік шай» десе, кейде «бір жіліншік сабын ала кел» деп те сәлем айтатын. Осыған орай «жіліншік өрнегіне ұзынша келген, кейде қатар екі сызық бейнесінен құралатын буынды өрнектер жатады.

«Иректер». «Ирек», «ирек су» өрнектері кейде түзу сызықтардың сынықтары, кейде доғал сынықтардың ұштасуы арқылы жасалады. Ондай сызықтар бірнеше қатар сызықтар түрінде қатарласа келеді. Кейде бір иректің іші екінші ирекке қарсы келіп, төртбұрыштар мен «сағатбау», «саты» тәріздес өрнектер жүйесін түзейді. Мұндай мәнерлер кейде көп иректі «таңдай» өрнектерін жасайды. Қазақ шеберлерінің қол істерінде киімдердің шет-шетінде, жағасында, тақия жиегінде, «су» өрнектерінің ішінде, сақина-білезіктерде, шидің, сырмақтың шеттерінде, кебеже, жүкаяқ, табақтардың ернеулерінде, әдіп тігістерінде көбірек кездеседі. Семей облысында болған Омаралин Түсіпжан деген кәрі құлақ шебер: «Ирек өрнектері адамның өмірін, өмір жолын мегзейді. Өмір жолы дегеніміз шынында да ирек-ирек қой»,— деп түсіндіреді.

«Бір қисық жол дүние бұраңдаған,
Басқа дәулет бақ қайтса құралмаған...»—

деген өлең жолдары да бар.

«Кавказ» (қарала). Бұл өрнек зергерліктегі ең бір ұнасымды деп саналатын мәнер. Зергерлер сырға, білезік, сақина, ердің қасы, таралғы, тартпа, семсердің сабы, садақтың әшекейлерін аппақ күмістің бетіне қара дақпен оюлап, өрнек жүргізу арқылы әсемдейді. «Кавказ» өрнегінің туған жері Кавказ тауын мекендеген елдер болса керек, содан барып басқа халықтарға тарап, «кавказ білезік», «кавказ жүзік», «кавказ өрнегі» деген мәнер түрлері шыққан. Мұхтар Әуезов: «Абай... айдаудан қашқан кавказдық бір зергерді ұзақ сақтап, елдің зергерлерін жиып, әлгі қашқыннан күміске

қарала жүргізуді үйреттіреді. Сонда Абай нақысқа қазақтың өз оюларын салғызып үлгі тартады» дейді. Сөйтіп «кавказдау» деген ұғымның осындай өнер алмасудың нәтижесінде туғандығын дәлелдейді.

«Кавказ» (қарала өрнек) үлгісімен мүйіз, ирек, гүл, жапырақ өрнектерінің бәрі де сәнді жасалады. Бірақ бұл айтылғандарға қарап, «кавказ өрнегі» қазақ арасына тек ХІХ ғасырларда ғана келген екен деген түсінік тумайды. Зергерлер жасаған көп заттардағы «кавказ» өрнегі өте ерте кездегі мұраларда да кездеседі.

«Кавказ» өрнегімен жасалған қазақ қолөнерінің үлгілері туралы Мұхамед — Салих Бабаджанов деген кісі 1830 жылы Н. Небольсинге жазған хатында: «Мархұм Жәңгір хан Фатима деген ханымы сырқат болғандықтан оны Пятигорскідегі ыстық суға емдеуге апарады. Ханның қасына ерген 70 адам нөкері сол жақтағы черкеш шеберлері жасаған ат-тұрман, қару-жарақтарға өте қызығып келді. Хан сол жолы бір черкешті семьясымен өз ордасына (Бөкей ордасына) алып келіп, қарала күміс (кавказ) өнерін қазақ шеберлеріне үйретуге қосты», — дейді.

Бұл туралы қазақ ғалымы марқұм Э. А. Масанов: «Қалай да болса кавказ өрнегін Орта Азия шеберлері VIII—XIV ғасырларда білгені анық», — деп жазады¹.

Ақ күміске қарала өрнек жасайтын қоспаны қазақ шеберлері төрт түрлі заттың қосынды балқымасынан жасаған. Олар: күміс, қорғасын, қызыл мыс, күкірт. Оны қолдану рецепті былай: бір бөлім күміске сол мөлшерде мыс, күкірт қосылады. Осы екі қосындының 1/4 мөлшерінде қорғасын қосылып, қоспаларды балқыту кезінде қажетінше күкірт араластырып отырған. Осындай балқытып алынған қорытпаны беті өрнектеліп, түрпіленіп ойылған күміс қалыпқа құяды. Балқып тұрған қорытпа әлгі күмістің шапқан (түрпіленген) жеріне мықтап жабысқан соң, оның үстін күміс ысқышпен ыспалап жалтыратады.

Кавказ жүргізіп өрнектеудің Оңтүстік Қазақстан шеберлерінің арасында тағы бір өзгеше әдісі бар. 1958 жылы жүргізілген Қазақ ССР экспедициясының материалдарында былай деп көрсетілген: «Қарала жүргізілетін күміс бұйымдарының бетіне үшкір біз терізденген арнаулы аспаппен иректөп ойғыштап, керек болған өрнекті жүргізіп алады. Бұ-

¹ Қазақ ССР Ғылым академиясы тарих және этнография, археология институтының еңбектер жинағы, № 12, 1961, 159-бет.

дан соң кәдімгі шыны мен ағаш көмірін ұнтақтап үгеді де оған құрғақ мұсатыр араластырып қорытқышпен отқа ұстап балқытады. Ағаш көмірі балқыған шынының түсін қарайту үшін қосылады. Осыдан кейін дайын тұрған күміс бұйымның бетіндегі алдын-ала жүргізілген өрнектің ізді нұсқасын мұсатырмен сүртіп жіберіп, балқып тұрған қоспаны ирек іздерді бойлата құяды да, суыған соң бетін егеп, ыспалап тегістейді¹. Зергерлер ісінде қарала жүргізіп кавказдау әдісі қазіргі шеберлер арасында да көп қолданылып жүр.

«Қабырға» өрнегі көбінесе кестеде, қолмен көркемдеп тігуде, ағаш бетіне бедер түсіру сияқты істерде қолданылады. Өрнектің түрі малдың қабырғасына ұқсас, кейде таңдайланып, кейде жарыса қиғаш қатарланып келеді.

«Қазтабан», «қазмойын», «құсмойын», «құстұмсық», «құсмұрын», «құсқанаты», «құсқұйрық», «құсжолы» өрнектері аңшылық кәсіппен байланысты, құсты, құстардың дене мүшелерін тұспалдаудан туған. Бұлар көбінесе мүйіз мәнерімен жасалады. Мысалы, «қазмойын» (құсмойын), «құстұмсық», «құсмұрын», «құсқанаты», «құсқұйрық», «құсжолы» өрнектері иіле келген доғал тармақты мүйіздерден, ромбалардан, сызықтардан құралады. Құс атымен байланысты өрнектер қолөнер үлгілерінің барлық түрлерінің әшекейіне тән. Соғып, құйып істелетін алтын, күміс сақиналардың бір түрін «құсмұрын сақина» деп атайды. «Құс жолы» мен «құс құйрық» өрнегі көбінесе шиге оралады, кестеге тігіледі, кейде ағаш, мүйіз, сүйек заттарын да әшекейлейді. Әсіресе күміс ердің қасын, ат-тұрмандарды, күміс кіселерді өңдеуде көбірек қолданылады.

«Қарта», «қосқұлақ», «қосмүйіз», «қостаңдай» (кейде «қазмойын» деп те атайды) өрнектері төрт түлік малдың дене мүшелеріне еліктеуден шығып, сол мүшелердің атымен аталып кеткен. Бұрын «қазмойын» деп келісті бәйге атын да атаған ғой. «Сондай-ақ бунақтардан түзелетін «қарта өрнегі», жүрекке ұқсаңқырап келетін «үлпершек» және «шұжық» өрнектері бір кезде аса сыбағалы мүше есебінде табаққа жасалынып ұсынылатын жал-жая, қазы-қарта, шұжық сияқты ұлттық тағам түрлерін еске түсіреді.

Реті келгенде оқушыларымызға бір ескерте кететін жай бар. Кейбір өрнектердің аталуын және оның не нәрсені тұспалдаудан шыққандығын айтқанымызда, біз осы өрнектер

¹ Х. А р ғ ы н б а е в, И. В. З а х а р о в а. Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана, 113-бет. Алматы, 1961.

сол заттың дәл суретін, қаз қалпында бере бермейтінін ескертпекпіз. Шынында да өрнектің ең алдымен әдемілік түйетін әшекей екенін естен шығармауымыз керек. Сондықтан өрнек кейде әсемдік қуып, өзінің бастапқы үлгі тұтқан бейнесінен әлдеқайда алшақ кетуі ықтимал. Ол әбден дайын болғаннан кейін алғашқы өзі аттас затқа мүлдем ұқсамай да қалады. Ендеше өрнекке қарап сол аттас зат бұрын осы ғұрыптас болды ма екен деген ұғым тумауға тиіс. Зерттеушілер көбінесе өрнектердің тек кейбір элементтеріне қарап және ауызекі шежірлерде кездесетін атауларды негізге ала отырып қорытынды жасайды.

Өрнек атауларын түгел қамтып олардың әрқайсысына түсінік беру мүмкін емес. Сондықтан қазақтың ұлттық өрнек, оюларының ең басты мәнері, ең көп түрі және неше түрлі мәнер жасауда ең жиі қолданылатын «мүйіз» өрнектеріне ғана айрықша тоқталып өтейік.

«Мүйіз» өрнектері. Бұрын-соңды зерттеуші ғалымдардың барлығы бұл өрнектердің негізі қойдың, арқардың, бұғының, сиырдың мүйіздерін мегзеуден шыққан деп түйеді. Бізше де сол дұрыс сияқты, өйткені «мүйіз» өрнегі өте ескі өрнек және ол көбінесе мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі не жартылай көшпелі елдердің қолөнерінде негізгі мәнер ретінде жиі кездеседі.

Бұл арада жалқымыздың қоғамдық құрылысы, кәсібі мен күн көрісі, ой-ұғымы үнемі өзгеріп, үнемі даму үстінде болғанын еске алған жөн. Халықтың ою-өрнегі де үнемі өзгеріп, дамып отырды. Демек, қошқардың екі мүйізін межелеп бейнелеген жеке нобай оюлар бірте-бірте малдың немесе аңның төбесін, құлағын, тұмсығын қоса елестетерлік бұғы мен маралдың мүйізі тәрізді көп тармақты көрініске айналды, яғни шеберлер өздерінің білетін оюларының әр түрлі бейнелерін бір үлгіге құрып, ой-өрісін кеңейте отырып, тұтас бір композиция жасайды. Сөйтіп мүйіз кейіптес өрнектердің барлығын қосып «мүйіз оюы» деп атады.

«Мүйіз» өрнектерінің түрлері мен атаулары өте көп. Мүйіз тектес өрнектер кейде өте ұсақ, кейде өте ірі болып келеді. Ұсақ түрлері зергерлік кестешілік, ағаш, сүйек, мүйіз сияқты нәзік істерде қолданылса, ірі түрлері сырмақ, текемет, ши орауы, алаша, кілем, терме, сондай-ақ архитектуралық сәулеттеу жұмыстарында қолданылады. Қазақ оюшылары мүйіз өрнегінің сан қилы мәнерлерін құбылта, бір элементіне екінші, үшінші бір элементтерді қосып молықтырады да, неше алуан әдемі де мазмұнды композиция жасай-

ды. Мысалы, № 3 суреттегі өрнектерді қараңыз. Мұндай мүйіз тектес өрнектер тізбегі Қазақ ССР Ғылым академиясы үйінің ішкі тірекерінің төбемен жалғасқан жеріне, яғни жоғарғы басына салынған. Оның авторы әйгілі халық шебері Рақым Сәрсембин қарт. Ол қазақ өрнектерін дамыту, түрлендіру жолында 60 жыл үзбей еңбек етіп келеді. Өнер иесі Рақанның, жасаған 700-ге тарта әр алуан әдемі шығармалары бар. Олар ғылым академиясы мен Суретшілер одағының қорына қабылданған. Көптеген жинақтарда жарияланып та жүр. Ол кісі қазір 83 жаста. «Сіздің осы өнеріңіз не нәрсені болжап, қандай ойдың негізінде жасалды және осы өрнекте сюжет бар ма? Бар болса, ол нені көрсетіп тұр?» — деп сұрағанда Рақан былай деді:

«Қандай өрнек болса да, ол адам ойының жемісі ғой. Олай болса, сюжетсіз, мағынасыз ой бола ма? Өрнек те, сурет те белгілі бір ойдан туады. Осыған байланысты шебер де әр түрлі қырымен танылады. Көркем өрнектің басты мақсаты әшекей жасап, әдемі түр беру. Мысалы, Ғылым академиясы үйіндегі әлгі өрнектің мәнері кәдімгі қазақтың «мүйіз», деп атайтын өте көне өрнегінен алынған. Өрнекті мен «Алмагүл» деп атадым. Себебі осы өрнекті салғанда мен бас жарған және кейбірі бас жару алдындағы гүлдерді, жеміске толып бас иген алма бұтақтарын тұспалдадым. Бірақ бұл алма ағашының суреті емес, оның «мүйіз» оюының мәнерімен берілген көркем өрнегі ғана».

Рақанның былай деуі шындық. Біз діңгектің түбінде тұрып, оның жапырақ жая барып төбемен тірескен жеріндегі жоғарғы басының әнтек төмен майыса күлтеленіп тұрғанын, осы өрнектің шынында да алма ағашына немесе саясы мол мәуелі бәйтерекке ұқсайтындығын аңғардық.

Мүйіз сындас өрнектердің мәнерлеріне қарай, қазақ арасында ғасырлар бойы қалыптасқан «қошқармүйіз», «арқармүйіз», «аймүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз», «сынықмүйіз», «қырықмүйіз», «маралмүйіз», «өркешмүйіз», «сыңарөкше», «сырға», «төртқұлақ», «түйемойнақ», «шиыршық» дегендер сияқты байырғы түрлері мен атаулары бар. Бұлардың көбінің негізгі нұсқасы мүйіз тәрізді болып келсе де, өрнектеу мәнеріне қарай, күрделілене түсіп әр қилы мазмұнда сюжет жасап тұрады. Енді осы мүйіз тектес өрнектердің бірқатарын сипаттап өтейік.

«Қошқармүйіз». Мұндай оюлардың формасы қойдың төбесі мен екі жаққа іріле түскен мүйізі тәрізденіп келеді де, кейде осы мүйіздің қолтығында қойдың құлағын долбарла-

ған шолақ мүйіз тәрізді тағы екі буын тұрады. Байқап қарағанда бұдан қошқардың тұмсық бейнесі аңғарылады.

«Арқармүйіз». Бұл «қошқармүйізге жақын бейнелес ою. Бірақ одан айырмашылығы «арқармүйіз» өте шиыршықтағып келеді. Кейде тармағы да көбейе түседі.

«Қырықмүйіз» бірімен-бірі қосылған бірнеше тармақты көп мүйізді оюлардан құралады. «Қырықмүйіз» оюы кейде дөңгелек немесе квадрат ішінде, кейде бұтақты ағаш тәрізді болып көсіле бейнеленеді. «Қырықмүйіз» көбінесе тұскиіз, тон, кежім сияқты заттардың кестесінде, сырмақ, текеметтерде, архитектура сәулеттерінде молырақ кездеседі.

«Қосмүйіз». Қойдың, ешкінің, сиырдың екі мүйізін ғана бейнелейтін, кейде «ырғақ», кейде «ілмек» деп аталатын оюларды қосмүйіз дейді. Суреті онша күрделі емес.

«Сыңармүйіз». «Сыңармүйіз» бен «сыңарөкше» деген оюлар бір-біріне өте ұқсас. Көбінесе жоғарыда айтылған «қошқармүйіз», «қосмүйіз» деп аталатын өрнектердің тек бір жақ сыңарын ғана келтіріп оюлайды. Бірақ оюшының шебер композициясы бұл мүйіздің сыңар екенін мүлдем байқатпай тұрады.

«Сынықмүйіз». Қазақтың «мүйіз» оюы әдетте тік бұрыш жасамай ылғи дөңгелене иіріліп тұрады. Кейде оюшының ұнасымды жаңа композиция жасауымен байланысты не төрткүл, не үшкүл, не шеңбер ішіндегі мүйіздер морт сынып иіліп келеді. Көбінесе сынық жасап барып қайта тармақтанған оюлар күрделілене түседі. Мұндай оюлар ши орауға, терме бауға, алашаға қолданылады.

«Сыңарөкше». Жоғарыдағы «сыңармүйіз» оюында айтылғандай, мүйіздің бір сыңары етіктің басына ұқсап, жетесінен өкше шығарылады.

Шығыс Қазақстан облысының Таврия ауданында тұратын Сертпен деген қарт етікшінің айтуы бойынша, «сыңарөкше» оюының шығу тарихы былай болса керек. Бір үйде отырған шебер қыз екінші үйде отырған етікшінің балға ұрған дыбысын есітіп отырып: «Пәлі-ай, ана жігіт ертең сыңар өкше жүретін болды-ау!» — депті. «Оны қайдан білдің» — деп сұрағандарға: «Бір өкшесіне ылғи жаңа былғары қақты, екінші өкшесіне ылғи шіріген қасаң былғары қақты», — дейді. Ісмер адам алыстан-ақ балғаның бірде нық, бірде бос ұрылғанын аңғарып отырған екен. Қыздың әлгі сөзі рас болады да, кесте тігіп отырған қыздар тігіп келе жатқан қошқар мүйіздің бір тармағын тастап кетіп, оны «сыңарөкше» деп атайды.

«Төртқұлақ». Бұл «қошқармүйіз» оюының 4 тармақтан құралып, ортасы крест бейнесін жасап келген түрі. Мұны көбінесе оюлардың ортасын, не шет бұрыштарын, кебеже, жүк-аяқ, аяққап бетін, батырлардың шапанының жауырынын, қалқандарын, кейде шалбардың тізе тұсын, дөдегелерді әшекейлеуде жиі қолданады. Осы айтылған өрнектердің бірсыпыра жақсы, анық түрлері 1939 жылы Москвада шыққан «Казахский народный орнамент» деген альбомда берілді.

«Түйемойын» — түйенің мойны сияқты иірілген мүйіз ою. Мұндай өрнек мәнері көбінесе күрделі бір мүйіз оюларымен тұтас келеді де «түйемойын» өрнегі сол топтан оза, өз алдына оқшауланып, өзге денеден озып тұратын түйенің мойнын, басын еске түсіреді. Кейде ожаудың сабын, есіктің тұтқасын және т. б. заттарды мүйізден жасағанда да осы өрнек бейнелес етіп жасайды.

Мүйіз оюларының бір ерекшелігі оны бір ойғанда екі пішін, екі өрнек, яғни бір заттың іші мен сырты бірдей шығып отырады. Мысалы, сырмақ ойғанда оның сырты қара киізбен оюланса, іші ақ киізбен оюланып, осы екі ойындыдан екі сырмақ жасауға қолайлы болады. Сондықтан ішкі ойындыны кейде «қолтық» деп атайды.

Қазақтың «қазмойын», «құсмойын», «құсмұрын», «құс-тұмсық», «жыланбас», «арпабас», «түйетабан», «ырғақ» деген өрнектері осы «түйемойын» өрнегінің мәнерінде оюланып, бір бөлшегі немесе жалпы сырт бейнесінің ғана ұқсастығымен өздеріне аттас жәндіктердің бір мүшесін тұспалдап тұрады.

«Түйетабан». Көгалды, сазды жерге шығатын көп жапырақты тікенекті, ортасында үлпілдек мамығы бар өсімдік бейнесінде берілетін өрнек. Бұрын түйетабан өсімдігінің тамырын қазып алып, сүтке жаншып жейтін. Түйетабан өсімдігінің бейнесі дөңгелек табаққа ұқсас. Сондықтан «түйетабан» өрнегінің осы екінші түрі өсімдік тектес өрнектер қатарына жатады. Кестенің, көркем тігістің барлық түрлерінде, алтыннан, күмістен жасалған заттардың әшекейінде, ағаштан жасалған заттардың бетінде ең көп кездесетін өрнектердің бірі осы «түйетабан» өрнегі. Оны кей жерлерде «табақ» өрнегі деп те атайды. «Түйетабан» өрнегі өте ұсақ бөлшекті болғандықтан, ол сырмақ, аяққап сияқты киізді кесіп оюлау ісінде қолданылмайды. «Түйетабан» өрнегі негізінен тігіп, батырып, сызып өрнектеуге қолайлы.

«Төрткүл» және «үшкүл». Бұл өрнектер тобына үшбұ-

рыш, төртбұрыш болып келетін геометриялық фигуралардан құралатын кесте, құрақ өрнектері жатады.

«Желі», «иық», «қолтық» деп аталатын оюлар өрнек пен өрнек арасын қосып тұрады. Әдетте сырмақ оюларын, киізді босқа кесіп қырдасындап тастамас үшін бір тұтас желі жаппа ояды. Мұны кесте тігісінде де қолданады.

«Ашатұяқ» өрнегі (кейде «айыр» деп те атайды) сиырдың, қойдың, арқардың тұяқ іздерін бейнелеуден шыққан.

«Шытырман» — көп жапырақты өсімдік пен көп тармақты мүйіз және геометриялық фигуралар аралас келетін күрделі өрнек. Кестеде, зергерлікте, ағаш оюында көбірек қолданылады.

«Бөріқұлақ» — қасқырдың басын, құлағын, сондай-ақ «бөріқұлақ» деп аталатын жапырақты бейнелейтін өрнек.


«Табақ» — айналасына дөңгелек «су» өрнегін жүргізе отырып, ішіне күрделі оюлар салып өрнектеу. Мұндай оюлардың құрамында гүл, шырмауық, мия шөптерінің бейнелері көп кездеседі. «Табақ» кестесі көбінесе тұс киізде, аяққапта, дөңгелек столдың бетінде жүреді.

«Түлкібас». Мысықтың, түлкінің бас бейнесіне ұқсас сопақша дөңгелектерден, ырғақтардан, алмұрт бейнелерінен құралады. Көбінесе сүйек пен ағашқа ойылған өрнектерде кездеседі.

«Түйетабан» өрнегі түйенің басқан ізін долбарлайтын, мал шаруашылығына байланысты туған өрнек. Ол кейде картаның «қарға», «қызылайыр» деп аталатын түрлеріне ұқсап, кейде үстіңгі жағы тұйықтасып қосылмай қатар тұрған екі ырғақ сынықпен бейнеленеді. «Түйетабанның» осы түрі көбінесе кесте мен зергерлік кәсібінде жиі пайдаланылады.

«Өркеш». Түйенің қос өркеші іспеттес ою. Мүйіз оюларының композициясында, сырмақ, текемет, тұс киіздерде көбірек кездеседі. Бір түйенің қос өркеші, бір биенің екі емшегі қазақта береке, бірліктің, достықтың белгісін білдірген. «Бір биеде екі емшек, бір түйеде екі өркеш», «екі көздің бірі, егіздің сыңары» деп келетін сөз тіркестері осындай жайларды аңғартады. Қазақ өрнегіндегі «өркеш» оюының да осы айтылғандарды мегзейтіні анық.

«Қосалқа» — қазақ оюларының ішінде көп тарағандарының бірі. Өте шебер келісім тауып құрастырылған бұл оюлар кейде бір тұтас өрнек жүйесін жасайды. Кейде алқа, сырға, жүзіктің көзі сияқты заттарда қосарлана келіп, жүрек бейнесіндегі алқаны бейнелейді.



6-сурет. Мал таңбалары мен ендері:

1 — бес таңба; 2 — қос дөңгелек; 3 — айтаңба; 4 — сырға; 5 — мүйіз; 6 — шақпақ; 7 — екі ойық ені; 8 — терезе ені; 9 — біржағы ойық ен.

«Құсқанат». Бұл мүйіз оюымен не шахмат шақпақтарының ізімен бейнеленген құстың қанаты тәріздес өрнек.

«Иттабан», «итемшек», «қарақұс», «көбелек», «шыбын қанат» — мұндай өрнектер көбінесе киіз үйдің есігіне, қораның қақпасына, жүкаяқ пен төсектің аяғына, шидің шеткі орауына жүргізіледі.

«Омыртқа», «шатыраш», «шақпақ» ою-өрнектері төртбұрыш фигуралардан құралады. Көбінесе кестеде, ши орауында, құрақтарда, ағаш, сүйек, мүйіз, тас қиыстыруда кездеседі. Жеке элементтері шахмат тақтасының суретіне ұқсас.

«Құмырсақ», «шөміш», «қосдөңгелек», «бесдөңгелек» өрнектері төрт түлік малдың ендері мен таңбаларынан шыққан (ен-таңбаларын қараңыз). «Құмырсақ ен», «шөміш таңба», «қосдөңгелек» деп аталатын ен-таңбалар қазақ аулында осы соңғы уақытқа дейін кездесіп келді.

«Қостұмарша» немесе «тұмарша» өрнегі. Мұнда төбесінен түйістірген екі тұмарша қосылады да екі геометриялық үш бұрыш жасалады.

«Қармақ» — кәдімгі балық аулайтын қармақ түріндегі ою-өрнектер. «Қармақта» 2—3, кейде одан да көп тармақ болады. Оны кейде «зәкіртаңба» деп те атайды.

«Балдақ» — қолға салу үшін алтыннан немесе күмістен соғып жасайтын көзі жоқ сақина. Сондай-ақ шымылдықтың

да балдағы болады. Міне, осыларды бейнелейтін ою-өрнек те «балдақ» деп аталады.

«Ирек» — қатарынан бірнеше рет немесе бір рет тігілетін әр түрлі геометриялық үшбұрыштар бейнесіндегі кесте өрнегі. Бұл өрнек көбінесе заттардың шетіне салынады.

«Таңдай» өрнегі малдың таңдайының бедерін бейнелеуден шыққан, диагональ тәрізді өрнектер. Көбінесе кестеде, қолмен, машинамен тігуде кездеседі. Ағаш, мүйіз, сүйек заттарының шет-шетінде, киімдердің жағасында, кимешектің жағында көбірек қолданылады. Таңдай өрнегі басқа халықтарда да бар.

«Тіс» — малдың, аңның тісіне ұқсас, ақ, қара түсті шақпақтан құралатын, шахмат тақтасына ұқсас өрнек. Кейде кесте не машина тігістерінде бұрыштары қарама-қарсы түйісіп отыратын тік сынық ирек тігістердің өрнегінде қолданылады. Мұны «тіс» деп те, «иттіс» деп те атай береді.

Ою-өрнек ісінде қазақ арасына ең көп тарағандары, сырмақ, текемет, тұс киіз, дебіске¹, сандыққап, тұтқыш, киіз есіктің маңдайшасы, түйенің жабуы, дөдеге, үзік, откиіз, керегеқап сияқты киізден ойылып алынатын заттар. Әрине, осы аталған заттарды өрнектеу тәсілі әр алуан. Мәселен, сырмақты ақ киіз бен қара киіздің ою үлгісіне салып кесіп алады да оюластырып тігеді. Одан кейін жиек басып сырыды. Текеметті ақ немесе қара киізге, әр түрлі боялған немесе түсі басқа жүндерді өрнектеп салып, қоса басу арқылы жасайды. Аяққап, сандыққап, тұс киіз, дөдеге, дебіске, киіз есіктің маңдайы, туырлықтың қасы сияқтыларды көбінесе оюлаған, әр түрлі маталарды бастырып тігу арқылы, ал түйе жабуы, тұтқыш тағы басқа заттарды ешнәрсе бастырмай-ақ тек өрнектеп сыру арқылы ғана жасайды. Өйткені бұларға ою бастыру, не оюлап құрастыру ерсі саналады. Сондай-ақ киіз есікті де оюламайды, оның шеттеріне басқа киіз құрап, ортасын «таңдай» өрнегімен сырып қана қояды. Тоқымды не сыру, немесе былғары, не мата бастырып оймыштап тігу арқылы әшекейлейді. Бұл арада халқымыздың негізгі шаруашылығы мал бағу болғанын, ішіп-жем, киім-кешек тағы басқа да керек-жарақ қажеттерін сол төрт түлік мал өтейтінін ескерген жөн. Малдың еті, сүті, жүні, терісі, мүйізі, тұяғы, сүйегі сияқты бар өнімі малшы елдің керегіне мол жарады, ең аяғы олар жағатын отынын да мал шаруашылығынан ұқсатып алып тұратын-ды. Осыған орай, қазақ халқының

¹ Орыстың «девичи» сөзінен шықса керек.

қолөнер ісі ең алдымен осындай мал шаруашылығынан алынатын шикі зат қорын ұқсатып тұтынуға байланысты дамығандығы әбден орынды сияқты.

ӨРНЕКТЕРДІҢ ТҮСТЕРІ МЕН БОЯУЛАРЫ

Өрнек-әшекейлерді бояуды түсіне қарай оюластырудың зор мәні бар. Әрбір түс белгілі тәртіппен кезектесіп отырмаса өрнек әрсіз, нашар болып шығады. Ретсіз орналасқан бояу түстері қандай жақсы ою-өрнекті болса да күңгірт, солғын түске айналдырады.

Ою-өрнектерді әр түсті бояулармен алмастырып отырудың кейде мазмұнға байланысты логикалық ұғымы да бар. Мысалы, өсімдік бейнесіндегі өрнектерге жапырақты кестелеген шебер, не көктем кезіндегі алқызыл, не жасыл түс беруді, не күзгі күрең қызыл, сарғылт тартқан солғын көк түрінде беруді қарастырады. Содан кейін осы мазмұнына қарай маталарды, кесте жіптерінің түстерін таңдап алып, оны табиғат көркіне лайықтап орналастырады. Бірақ мұны жүзеге асыру үшін шебердің ептеген суретшілік қабілеті болуы керек.

Бояу мен түстерді таңдап пайдаланудың қазақ халқының этнографиялық тарихымен де байланысты символдық мәні де болған.

«Қазақтың өрнек өнерінің тақырыптары сан алуан. Өрнектердің негізгі элементтері космогониялық, зооморфтық тақырыптардан, өсімдік және геометриялық пішіндерден тұрады. Әсіресе көбірек кездесетіндер: айшық гүл, жұлдыз гүл, күншығар. Зооморфтық стильге тығыз байланысты элементтер — қошқар мүйіз. Осы тақырыпты стилизациялау нәтижесінен иірім, шиыршық үлгілері шыққан.

Фон және суреттердің түсі жөніндегі шешімдер композициялы болып келеді. Қазақта қайсыбір түстердің символдық мәні бар: көк түс — аспанның символы, қызыл түс — оттың, күн көзінің символы, ақ түс — ақиқаттың, қуаныштың, бақыттың символы, сары түс — ақыл-парасаттың, қайғымұңның символы, қара түс — жер символы: жасыл түс — жастықтың, көктемнің символы. Затты осы түстердің бірімен бояғанда оған белгілі мән беріледі»¹. Демек, бояу мен түсті таңдап орналастыру тарихында әрбір елдің ұлттық өзі-

¹ Қазақ ССР тарихы, 1-том, 1957, 209-бет.

не тән талғамы мен татымы болған. Ал ондай мифтік талғамдар бара-бара өзінің бастапқы мағынасын жойған да кейінгі ұрпаққа тек ұнасым салтындай қалыптасып кеткен. Сол сияқты қазақ өрнектерінде түстердің орналасуының өзіндік тәртібі бар. Мысалы, кестелі ұлт киімдерінде қара барқыт, көк плюш негізгі түс (фон) ретінде көп пайдаланылған. Сары және қызыл жіптер негізгі түстер үшін ұнамды деп есептелген. Ал қара түспен әшекейлеу сирегірек кездеседі. Олар тек сырмаққа, аяққапқа, сандыққапқа басқа оюлар мен күміске жүргізген кавказдауда, ағаш бетіне қарып салу сияқты және аза тұту кезінде ғана ұшырайтын заттарда болады.

Ұлт өрнектерінің халықтық мәнері (кейбір көрнекті оюлар болмаса) көптеген оюлар мен кестелердегі бояу түстерінің бір-бірінен өте алшақ, бадырайып тұрғанын жаратпайды. Көп түсті өрнектер мен тігілген кестелерде, құрақтарда, ши орау түрлерінде олардың көрнекі жерін бір рет ашық түспен береді де, одан әрі бірте-бірте ашыла бастайтындай етіп бояу райын біркелкі ыңғайлы түстермен өрбітіп отырады. Мысалы, бір өңкей шахмат төртбұрышынан құралып, иық-иық болып өрби түсетін «омыртқа» өрнегін алып қаралық. Онда көбінесе түстер нақ ортадан бастап шетке қарай түрленеді. Сонда ортада — қара, ақ, қызыл, жасыл, сары, көк түс келеді. Біз Алматы облысының Жамбыл ауданында тұратын атақты кестеші, қарт ана Керімбаева Сұлуқыздың алты түсті мата қиықтарынан құраған гүл астына төсейтін орамалында өрнектің түстерінің тап осылай орналасқанын көрдік. Өте көрікті шыққан.

Біз бұл арада ұлт өрнегінде түстерді орналастырудың тек көне мәнеріне ғана тоқтадық. Ал бүгінгі таңдағы ою-өрнектердегі түстерді орналастыру мәселесі де өз алдына сөз боларлық жай. Қазіргі шеберлеріміздің көпшілігінің орта дәрежелі суретшілік білімі бар. Демек, ою-өрнек, кесте тігу өнерімен айналысып жүргендердің көбінің жан-жақты білімі бар сауатты адамдар. Сондықтан олар қолөнерін дамытып, жетілдіру үстінде жаңа ұнасым, жақсы түрлер тауып, творчестволық жаңалықтар аша алады. Ашып та жүр.

Қолөнерде пайдаланылатын бояулардың негізінен үш түрі бар. Біріншісі — осы заманғы химиялық әдістермен өндіретін алуан түсті порошок не сұйық бояулар. Бұларды кезкелген шаруашылық дүкендерінен табуға болады. Екіншісі — табиғатта даяр күйінде кездесетін бояулар. Бұлар топырақтан, жосадан (охра), әр түрлі минералдар мен өсімдік

жемістерінен, малдың қаны мен бауырынан алынады. Үшіншісі — шеберлер өздері қолдан жасап алатын бояулар, оларға әр түрлі қоспалар қосылып пайдаланылады.

Бұрын табиғатта жиі кездесетін және сол күйінде пайдалануға жарай беретін ақ, сары, көк, қызыл және қара топырақтар, түрлі түсті жосалар (сары, көк, қызыл) ағашты, теріні, қайысты бояуға жұмсалған. Сол сияқты малдың қанын, қара бауырын, көк бауырын да бояу ретінде пайдаланған. Көк тікеннің бүрі, мойыл, долана, қарақат, бүлдірген, итмұрын және тағы басқа да осылар тәрізді түрлі жемістердің шырыны да даяр тұрған бояу десе болғандай еді. Халық шеберлері шиіе жемістерін, әр түрлі өсімдіктерді, олардың қабықтары мен тамырларын қайнатып бояу жасау әдісін көп қолданған. Мысалы, талдың, теректің, қарағайдың, еменнің, алма, анар, жүзім және өрік ағаштарының қабықтарынан қызыл, сары, күрең, қошқыл түсті бояулар қайнатқан. Қына (жер қынасы, тас бетінің түсі) «томарбояу» дейтін қурай мен тобылғының тамырларын қайнатып та бояу жасаған.

Қабықтарды күздігүні жинап қол диірменге тартып не келіге түйіп ұнтақтап қайнатады. Шеберлер, қайнауына қарай, бояуынан арылған ұнтақтарды сүзіп алып тастап, қалған сұйықты одан әрі қайната беру арқылы оны қоюландырған, кейде порошок түріне келтірген. Мұндай қайнатынды бояуға ашудас, мұсатыр, тотияйын, тұз, қарағайдың шайырын қосатын. Сол сияқты қара күйе, ыс, құрым, өріктің, жаңғақтың сүйектері мен бидайдың, арпаның күйіктерінен де бояу жасаған. Бұларды бірімен-бірін қоспалау арқылы әр түсті бояулар жасалады. Бояулар сіңімді өрі оңбас үшін ермен, көкпек, итсигек, қара жусан сияқты ащы шөптердің тұндырмасын, құрттың сарысуын, кейде май қосатын болған. Халық арасында көк шөп пен көк жапырақты сығымдап, оған көк тікеннің жемісін қосып, қара көк түсті бояу алатындар да бар. Қолөнер шеберлері бояу жасаумен қатар өсімдіктің күлінен де әр түрлі заттар жасаған. Солардың бірі сабын. Ол былай жасалады: итсигек, алабота, түйеқарын, ермен сияқты ащы-сортаң шөптерді өртеп, күлін қайнатып, ашуы әбден шығып болғансын тұндырып қойып, тұнбасын сүзіп алады. Осы тұнбаны қашан суалып қойылғанша қайната береді. Әбден қойылғаннан кейін ыдысқа не шүберекке салып алады, суығаннан кейін ол аппақ болып қатып қалады. Мұны сахар деп атайды. Сабын жасау үшін сахардың үш бөлімінің бір бөліміндей май қосып, суалғанша тағы да

қайнатады. Әбден суалып қойылған кезде ол қамырша иленеді. Содан кейін оны кенепке орап, домалақтап кептіреді. Бұдан біз сабын жасау да шеберлікті қажет ететін қолөнердің бір түрі екенін көреміз. Қазақ әдет-ғұрпында сабын қайнатқан әйел силас абысындарына, келіндеріне арнап кіші-гірім сабынды бөлек орап береді, мұны «бұзаушық» деп атайды. Жуыла келе кішірейген сабынды таусыншық (алқынды) деп атайды. Сөз зергері ақын Абай бір өлеңінде қартайған адамның соңғы өмірін «таусыншық өмір» деп бейнелеуі осыдан туған.

Сабын жасаушы шеберлер әр түрлі хош иісті гүлдердің сығындысын қосып, сахардың өзін бірнеше рет шайғылап тұндыру арқылы иісті сабын жасаған. Қазақтың қолдан жасаған сабынын «қара сабын» деп, өндірістік тәсілмен жасалған сабынды «ақ сабын» деп, иісті сабындарды «жұпар сабын» деп атаған.



ЖҮН ЖӘНЕ ОДАН ЖАСАЛАТЫН ЗАТТАР

М

өрт түлік малдың жүні қазақ халқының өмір тіршілігінде үлкен роль атқарған және оны ұқсатуды ел бұдан мыңдаған жылдар бұрын білген. Жүннен бау-шу, арқан-жіп, киім-кешек, қазақ үйдің киі-

зін, әр түрлі төсеніштер мен қап, шекпен сияқты ең қажетті мүліктер жасалған.

Қазақ халқының шаруашылығында мал жүнінің ең асылы және бұйымдар жасауға ең көп қолданатыны түйе және қой жүндері, ешкі түбіті, оның қылы, содан кейінгісі жылқының жал-құйрығы, түйенің жүні, шудасы. Жүк артып, күш көлік ретінде пайдаланылған түйенің жүні ұйысып, киіздей болып қалады. Оны «жабағы» дейді. Өлгі жабағының астынан «боздақ» деп аталатын үлпілдек жүн өседі де, жабағы өзінен-өзі көтеріледі. Түйе жабағысынан әр түрлі жеңіл де жылы күпі тігіледі. Жабағы жүнді түтіп көрпеге де салады, әр түрлі жіптер иіреді.

Түйе жүнінен неше түрлі өрмек жіптерін иіріп, шекпен, қап, белбеу, құр, кілем, қоржын сияқтыларды тоқиды. Сол сияқты түйе жүні айыл-құйысқан, өмілдірік, ноқта жасауға және көген, бау-шу есуге өте қолайлы. Түйе жүні көрпеге салуға, шапанға тартуға өте жақсы, жеңіл, әрі жылы болады, қылшық шықпайды.

«Шуда» деп түйенің мойнындағы, тізесіндегі, екі өркештің үстіндегі салалы қылшық жүндерін айтады. Шудадан жамау-жасқаулық жіп иіріледі. Бұрын қазақтың тон-шалбары, сабасы мен торсығы, көн ыдыстары осы шуда жіппен тігілген. Түйе шудасы кейбір арнаулы бау-шуларға да қосы-

лып есіледі. Шуда жіп «шертер», «керуіш» деп аталатын энкүй аспаптарына шек есебінде де тағылған.

Қойдың жүнін «жабағы», «күзем жүні», «қозы жүні», «өлі жүн» және «шет-пұшпақ» деп бес түрге бөліп атайды. Қойдың жабағы жүнінен шидем шапан, күпі күседі, ішпек, терілік жасайды, тыстап күпсек (бөстек), көпшік, жеңіл байпақ тігеді. Қойдың жабағы жүнін түтіп, одан кейін матаның сыртына шықпас үшін қылшықтарын бүрілтіп қайнатады. Бұл жүнді шайырынан арылтып тазарту үшін де істеледі. Жабағы жүнді киімнің, көрпенің арасына салады, неше түрлі иіру ісіне, бізбен, сыммен тоқу жұмысына қолданады. Түтілген жабағы жүннен шүйке жасалып, бау-шу есіледі, өрмек жіптері, неше түрлі жиектер ширатылады.

Ал күзем жүнінен, қозы жүнінен киіз басылады, текемет, қалпақ, кебенек, киіз етік, пима сияқты киім-кешектер жасалады. Күзем жүні мен қозы жүні иіруге келмейді, ол киімнің, көрпенің арасына тартуға да жарамсыз.

Малдың терісінен жұлынып немесе жидітіп алынған жұлма жүнді, қойдың бауырында, пұшпақтарында байланып жүретін білтеленген жүндерді «өлі жүн» деп атайды. Қотанның ортасында түсіп қалған, бұтаның басынан жиналған, бау-шу ескеннен қалған үзік жүндерді «шет-пұшпақ жүн» деп атайды. Мұндай жүндер көбінесе арқан-жіп есуге жұмсалады.

Ешкі жүнін түбіт, қылшық деп екіге бөледі. Түбіт иіруге, шарф, шұлық, қолғап, шәлі сияқты жеңіл әрі жылы киімдерді тоқуға тиімді. Оны ешкі түлеген кезде қылшық жүнмен бірге қырқып алып, түтіп қылшығынан бөледі. Ешкінің қылшығы арқан-жіп есуге жұмсалады. Қазақ талғамында ешкі түбіті түйе жүнінен де қымбат, жібекпен теңдес саналған.

Жылқының жал-құйрығын «қыл» деп атайды. Жал-құйрық көбінесе арқан-жіп есуге, сүзгі тоқуға, тұзақ есуге, жұмсалады. Жылқы қылын терімен қаптап көпшік, жастық, бөстек жасауға, қобызға тағуға пайдаланған. Қазақ шеберлері мал жүнінен басқа қоянның жүнін, құстың мамығын да іске жаратқан. Қоянның жүнінен жылы шарф, қолғап, шұлық, бекебай тоқыған. Құстың мамығынан құс жастық, құс төсек жасаған, қауырсындарынан қарқара қадаған, жебелердің желбезегіне желімдеген, ондай оқты төменде тұрып жоғарыдағы нысананы дәлдеп атуға қолайлы және ұшқан жолында ауытқымай дәл барады деп есептеген. Тымақтың маңдайына, найзаның ұшына, салт атты адамның иығына та-

ғып алған құс қауырсыны «өте асығыс» деген белгіні білдірген. Осыдан келіп хан мен хандар арасында тығыз хабар жөнелтілгенде хаттың сыртына бір тал қауырсын бекітілетін, оны «үкілі почта» деп атаған.

Үкінің жүні қазақтың ескі салты бойынша әсемдіктің белгісі деп саналған. Сонымен бірге үкіні қасиетті деп те білген. Мысалы, ерте кезде бақсы, молдалар, хан тұқымдары, атақты батыр, ақын, салдар үкі тағып жүрген. Ұзатылар қызға, қайнына баратын күйеуге, алғаш отау болғанда шымылдыққа үкі қадау ғұрпының бір жоралғысы осыдан қалса керек. Осыдан келіп жүнделетін бір үкі бір аттың құнымен бағаланған.

Үкіні ұлпа және қара қасқа үкі деп екі түрге ажыратады. Үкінің балақ жүнін — ұлпа, ал бауыр жүнін — қара қасқа үкі деген. Қара қасқа үкіні көбінесе ерлер қадаған. Сәуке-ле, тақия, бөрік сияқты қыз-келіншектер дүниесіне көбінесе ұлпа (балақ жүн) үкісі қадалған. Ақ үкінің жүнін түрлі түсті етіп бояп та пайдаланған. Мұндайда бояуға қазының майын қосқан. Үкіні аулап ұстап, балақ жүні мен бауыр тесінің жүнін алып, өзін жемге тойғызып қоя беретін. Мұны «үкі жүндеу» деп атайды. Үкі жүндеген ауылдан олжа алу салты да болған.

КИЗ БАСУ ЖӘНЕ КИЗДЕН ЖАСАЛАТЫН ЗАТТАР

Бірнеше рет тоғытылып, кірінен, шайырынан тазартылып қырқылған қойдың күзем жүнінен киіз басылады. Киіз басылатын жүнді шаң-тозаңнан, шөп-шөгірден тазартып, жүннің бітеленіп, ұйысқанын жазу үшін сабаумен сабайды. Жүн сабау ісіне әйелдер мен бірге еркектер де қатысады. Жүн сабау маусымды және көпке ортақ жұмыс болып саналады. Жүн сабау жұмысы қазақ ғұрпында ойын-сауықпен көңілді өтетін-ді. Жүн сабалып болған соң «тулақ шашу» деген ырым бойынша жастар жиналып тамақ ішеді, ойын кешін өткізеді.

Жүн сабау жұмысына керекті заттар — сабау мен тулақ. Сабауды бұтақсыз түзу талдан, қара мойылдан, майысқақ теректен, жыңғылдан июнь — июль айларында дайындап, қабығын алып кептіреді. Ұзындығын 1 метр 20 сантиметрдей етіп, екі ұшын тегістеп, тұжырады. Оның диаметрі 2 сантиметрдей, бас аяғы бірдей. Сабау жүн сабаушылардың санына қарай әр кісіден екі-екіден болады. Жүнді екі сабау-



Шетін терме баумен жиектеген текемет-кілем.





Оюлап шўга басқан қолдорба.

мен қос қолдап сабайды. Сабайтын жүннің астына тулақ төселеді.

Ал тулақ деп әдетте өгіздің, сиырдың керіп кептірген шикі терісін айтады. Жүн сабау алдында тулақты аздап сүт бүркіп, шөптесінге төсеп жібітеді. Олай істемесе, кеуіп тұрған тулақ сабауға шыдамай сынып кетуі мүмкін. Киізді осы сабалған дайын жүннен басады. Ол үшін оралмаған ақ ши, ыстық су, шелек, шөміш қажет. 4 қанат шиді екі қатар жарыстыра көктейді немесе шидің шет бауырларын байластырып қояды да үстіне екі қабат жүннен беттестіріле киіз төселеді. Киіздің екі бетін киіздің асты мен үсті немесе киіздің өңі мен теріскейі дейді.

Әуелі шидің үстіне (киіздің ішкі бетіне) арналған жүн шабақталады, яғни бұрын сабалған үлпілдек жүнді шиге салып, екі адам шыбықпен көпсіте шабақтайды. (Шабақтау — шыбықтап жаймалау деген сөз). Мұны жабдықтау да дейді. Осыдан кейін бет тартылады, яғни киіздің өң жағына арналған неғұрлым таза, әдемі жүнді сол қолымен уыстап алып, әлгі шабақталған жүннің үстіне салып отырып, оң қолдың қырымен басып қалып үзіп қалдырады. Үзілген жүн бірімен бірі жалғаса, бір тегіс болып төселе береді. Бұл істі бұрыннан бет тартып машықтанған, жүн тартудың шебері деп танылған бір адам ғана орындайды. Себебі екі-үш адам болса, жүн ала-құла тартылады да киіз біркелкі шықпайды. Ал әбден машықтанған адам киіздің я қалың, я жұқа екенін бір қолымен-ақ сезіп отырады. Мұны халық «жүн тартушының қолының көзі бар» деп дәріптейді.

Егер басқалы отырған киіз сырмаққа арналса, онда оның астыңғы бетіне бозғылт, қызыл түсті жүндер шабақталады, бетіне ең әдемі жүн тартылады. Сырмаққа арналған киіз жұқа басылады, егер қалың басылса, сырмақ астарланып сырыла келе өте ауырлап, ыңғайсызданып кетуі мүмкін. Сөйтіп киіздің үстіңгі беті тартылған соң, жүннің біркелкілігін байқау үшін тағы да бір-бір рет жүріп өтіп, киізді алақанмен басып көреді. Жұқа жеріне жүн қосады, қалың жерін жаймалап жұқартады. Содан кейін қайнап тұрған ыстық суды шелекпен әкеліп, сүзгімен немесе шөміштің сырт жағымен шашыратып шидің бір жақ шетінен бастап себелеп құяды. Жоғарыдан шашырап құйылған су өз салмағымен жүнді басып, шабақталған жүн мен тартылған жүнді біріне-бірін қосып жабыстырады. Ыстық су жүннің талшықтарын буландырып жібітеді де, оның өзара кірігіп, тез киізденуіне жағдай жасайды.



7-сурет. Киіз басу.

Су себіле бастасымен қатар отырған 3—4 әйел басылып жатқан жүнді қабаттай шиыршықтап, ескен тәріздендіріп, жинап отырады. Шиді ширатып орап жинаған сайын әлсін-әлсін ыстық су құйылады. Осы тәртіппен жүн тартылған ши түгел жиналған соң, оны сыртынан жіппен шандып, жұмырлап байлайды да, ортан белінен бір жерінен немесе екі жерінен арқанды өткізіп алып, екі басын тұйықтап бос салып қояды. Бұл шиыршықталып жатқан шиді домалатып сүйрету үшін қажет. Киіз басудағы бұл жұмысты су себу деп атайды.

Осыдан соң бүктеліп әзір жатқан шидің өн бойын бойлай 10—12 адам қатар жүріп келе жатып шиге ораулы киізді аяқтарымен теуіп отырады. Бұларға қарама-қарсы бір адам тұрады, оны қой бастар дейді. Ол бүктеліп әзір жатқан киізді алға қарай (өзіне қарай) домалата сүйрейді. Үнемі домалап жылжып бара жатқан киіз тепкіленіп әбден төселеді. Мұндағы бір шартты нәрсе — киіз бойында тепкі тимеген жер қалмауы тиіс. Әйтпесе киіздің бір жері кірігіп, бір жері кірікпей босап, жүн қалпында қалып қоюы мүмкін. Ондай жер кейін тесік боп шығады.

Киізге ою салынған болса, яғни текемет болса 1 сағат

тепкеннен кейін шиді тарқатып, киіз бетіндегі өрнекті түзетіп алып, оны қайта орап, тағы да тебеді. Жалпы киізді тебу уақыты 2 сағаттан 3 сағатқа дейін созылады. Киіз неғұрлым көп тебілсе, соғұрлым шымыр, тегіс, әдемі шығады да, ондай киіз көп уақытқа дейін қопсып, түтеленбейді.

Қазақ ғұрпында киіз тебу бір ауылға түгел ортақ көпшіліктің ісі саналған. Сондықтан киіз тебушілер домалатқан киіздерін қадірлес отаулардың сыртына апарып «қой басты, қой басты» деп әзілдейді. Үй иесі, қой сойып, не қымыз сапырып, не болмаса құрт-май алып шығып, киіз тебушілерді қонақ етеді. Мұндай әзіл, еркелік үнемі ән, би, ойын-сауықтармен етеді және өте жарасымды базаына боп кеткен.

Киіздің тебуі жетті-ау деген кезде, шидің шандуларын шешіп, шиыршықталған киізді жазып босатады. Содан кейін киіздің асты-үстін ауыстырып отырып, 3—4 рет шиыршықтап, бүктейді де, екі басын түйістіріп шұжыққа ұқсатып көктеп алып, тағы да ыстық су құйып сығымдап, үстін күпімен, тонмен жылылап жауып тастап булайды. Мұны булау немесе кірлеу дейді. Бұл әдіс арқылы кіріккен киіз буланып, бөрттірген дән сияқты біраз ісінеді. Солай жабулы бетінде бір, бір жарым сағат жатады. Бұл уақытта киізшілер дем алып тамақтанады. Болашақ киіздің сапасы туралы әркім өз байқағанын ортаға салады, киіз иесіне жақсы сөз, жылы лепестер айтылады.

Ыстық буымен балбырап жатқан киізді мөлшерлі уақыт өткен соң шешіп алып, қайыра ширатып, тағы да жіппен шандып байлайды. Қатарласа отырған киізшілер шидің үстінде көлденең жатқан киізді өздеріне қарай жұла тартып алып, тізесіне соғады, білегімен ұрып басады. Мұны білектеу немесе киіз басу дейді. Киізді әрлі-берлі домалатып білектегенде үнемі бір жердегі жіптен ұстай бермей, ауыстырып отырып білектейді. Осы тәртіппен 3—4 рет ауыстырып білектеп болған соң, оны шандуынан жазып алып, әрі-бері созғылайды да, қарпуға кіріседі.

Білектеліп болған киізді ұзынынан екі қабаттап бүктеп, оның екі басын бір-біріне түйістіре шуда жіппен көктейді. Киіздің шет-шетін жымқыра ұзына бойын да көктейді. Сонда киіз шұжық сияқты қалыпқа түседі. Киіз басушылар осы дөңгелек киізді ақ шидің үстіне салып, айнала отырады. Қусырылған киіздің әр жерінен қамти ұстап, оңды-солды қарпиды. Яғни киізді алдымен бірыңғай оңға қарай жұла серпіп, екінші кезекте солға қарай серпиді. Қарпу үстінде киіздің шетін қымтап ұстап отырғандардың қолдары оңнан

солға қарай жылжи береді. Қарпылған киіздің шет-шеті жиналып тегістеледі де, екі жақ бетіндегі кірікпей қалған бос қылшықтары түседі.

Білектеу мен қарпудан кейін кірігіп, ширай түскен киіз біраз қуырылғандай болып көлемі шағындалады. Енді оны ұзындау қажет. Киізді ұзындау білектеуге ұқсас, бірақ оны жіппен шандымайды, тек ұзынын шығара созғылай есіп шыыршықтайды да әуелі бір жақ шетін жұмарлай білектеп есе отырып екінші басына жеткізеді. Одан кейін екінші басын тағы да соза білектей отырып бірінші басына дейін апарады. Сонда киіз молығып, созыла түседі. Бұл жұмыс барлығы 10—20 минутқа созылады. Киізді білектегенде және ұзындағанда оның екі жақ басына жуан ағаш, жинаулы ши сияқты нәрселерден тиянақ қойып отырады. Сонда киіздің ұзына бойының екі жақ шеті олпы-солпы болмай, тегістеліп шығады.

Ұзындаудан кейін киіз басу ісі бітті деп саналады да, оны желге қойып кептіреді. Кепкен киізді тобылғы, қараған сияқты бұталардан буылған сыпыртқымен соғып, сыпырып, бос жүрген қыл-қыбырынан арылтады. Осыдан кейін киізді тұрмыс қажетіне тұтына береді.

Киізді кейде пісіреді, яғни пысықтайды. Бос басылған немесе бірсыпыра уақыт кесек киіз күйінде пайдалануда болып созылған киізді үйге жабарда, одан аяққап, киіз есік, сырмақ жасарда шидің үстіне салады да, ыстық су құйып білектейді. Бұл уақытта киіз кірігіп, шымырлана түседі. Киіз басудағы жұмыстың бұл жүйесін «киіз пісіру» деп атайды.

Аттың кежіміндегі, сондай-ақ қалпақ, кебенек, жайнамаз сияқты жұқалаң келетін киіздерді, әр түрлі өрнек жасау үшін кейін қайшымен оюлап кесілетіндей етіп жасайды, мұны талдырма дейді. Ондай арнаулы киіздерді бір бет етіп жұқалап басады, яғни тек ши бетіне шыбықпен шабақтап алады да, ыстық су құйып басады. Киіздің ақ, қара, бозғылт, кейде қызғылт түсті болып шығуы әдейі таңдап алып, бөлек сабалған қой жүндерінің түсіне байланысты. Дайын болған киізді өзінің арналып басылуына қарай өре киіз, кесек киіз, текемет киіз, сырмақ киіз, талдырма, сатымсақ киіз, қозы жүнді киіз деп бірнеше түрге бөліп атайды.

Қой қырқу, жүн сабау, киіз басу сияқты жұмыстар жылына бір-ақ рет келетін науқанды жұмыс саналған. Сондықтан ауыл жастары мұндай жұмыстарға ерікті түрде араласуды, көмектесуді өздерінің міндеті деп біліп, оған бар ынта-

сымен қатысады. Жүн сабау, киіз басу жұмыстары жастардың бас қосып, әзіл-оспақ айтысатын өте көңілді сауық-сайран орны болған. Қазақтың «киіз басу» биі, «қойбасты» ойыны, жас балаға бір шүйке жүн беріп жіберіп, құрт-май және басқа да дәмді ас алдырып жеу дағдысы да, еңбектің өзіне тән ерекшелігіне байланысты өз кезінде туған салт-дәстүрлер еді.

Халық арасында киізді қалыпқа салып басып шығару әдісі де ерте заманнан бар. Бұл әдіспен көбінесе киіз етік, ұйық (пима), қалпақ, байпақ сияқты заттар жасалған. Олар әрі жылы, әрі жеңіл, әрі әдемі келеді. Республикамызда киіз басу ісінің мұндай түрлерін дамытып жүрген колхоз-совхоз шеберлері аз емес. Олардың еңбегін бағалап, әр шебердің іс үлгісін көпке ортақ ету бұдан былай да назардан тыс қалмауға тиіс.

Енді киізді қалыпқа салып басып шығарудың кейбір үлгілеріне де тоқталып өтейік.

Киіз етік. Киіз етіктің басы мен қонышын бөлек, екі бет етіп пішіп алып, тігістіктеріне былғарыдан, немесе жақсы иленген қайыстан сыздық салып отырып қусырып тігеді. Қонышты жұқа былғарымен оюлап көмкереді. Өкшелігіне сірі салып, әдемі былғарымен қаптап, оның сыртын өрнектеп қояды. Киіз етіктің де басын былғарымен жұлықтайды (кәймалайды). Басына қалып салып отырып, табандығын бүрмелеп, былғары ұлтарақша салып, ұлтан, өкше қағады. Киіз етік аяз тартпайды, өзі әрі жұмсақ, әрі жеңіл, әрі сәнді. Оны ауылдық жерлерде қазір «боти» деп атап жүр.

Пима басу. Пима қойдың күзем жүнінен, қозы жүнінен басылады. Оның да басылу процесі киіз басу сияқты. Әуелі шабақтап алып, бетінен қолмен тарту арқылы орындалады. Бірақ мұның астына ши орнына кенеп төселеді. Ұйықтық киізді кенептің үстіне шабақтап басуға әзірлегенде оны аяқтың үлкен-кішілігіне қарай бейімдеп, екі бет етіп нобайлап төсейді. Осындай етік басының нобайы екі бөлек жасалып алынған соң, оның шет-шетін қаусырмалап қайырып (ішіне кенеп салып отырып) бірін-біріне беттестіреді де, жылы су себелеп, қолмен қусырады, талдырма етік бейнесіне келе бастайды. Содан кейін оның басын желкелігінен асыра тағы да қабаттап, әдемі жүнмен орайды. Осындай орау өкшелікке де бастырылады. Пиманың табанын қалыңдату үшін, жұлықтан асыра үшінші рет жүн басылады.

Осылай әзірленіп алған талдырманы арасына кенеп салып, сыртын кенеппен орап, ыстық су құйып отырып білек-

тейді. Талдырма киізденіп, рабайсыз үлкен жұқа байпақ тәрізденіп шығады. Содан кейін оны қайнап жатқан суға салып, 30—40 минут қайнатады да, дөңбекке немесе қалың тақтайға салып (бұл кезде пиманың іші-сыртындағы кенеп алынып, оған бас қалып салынады), қашан киіз кірігіп, қалыңдап, кішірейіп қалыпқа түскенше (2 сағат, кейде одан да көп уақыт) тоқпақталады. Тоқпақтау үстінде оны біресе ұзынынан, біресе көлденеңінен, біресе қонышымен басын қоса жымырып отырып ұрғылайды.

Қайнап тұрған суға салып ұрғылаған сайын киіз қалыңдай түсіп, кірігеді, шымырланады, көлемі кішірейіп, бұралған жеңдей құрысып қалады. Содан кейін оны тағы да бірер сағат қайнатып алады да, ыстық күйінде қалып соғады. Ең алдымен бас қалып пен өкшелік салынып, біраз соғылады. Одан кейін желкелік салынып тағы соғылады. Бас пен өкше бейнеленіп шыққан соң, оны дөңбекке салып отырып алқымынан, желкесінен тағы тоқпақтайды. Бір жағынан пиманың басын, алқымын, желкесін арнаулы шарыққа, бұжыр темірге, кедір-бұдыр ағашқа үйкелеп, сүргілеп отырады. Сонда пима сыптығырланып әдемілене түседі.

Пима әбден шымырланып жетті-ау дегенде, оның үлкен-кішілігіне қарай, желкелік пен өкшеліктің арасына сына қағылады. Бұл кезде пиманы оқтын-оқтын ыстық суға салып отырады. Сондай-ақ қоныштың кеңдігіне қарай кіші сыналар қағылады. Содан кейін біраз тоқпақталған соң қалыпты суырып, пиманың іші-тысын қарап көреді де, қайтадан қалыпқа салып пиманы ыстық пештің ішіне кептіруге тастайды.

Кепкен пиманы түрпімен егеп, кейде сырт қылшықтарын жалынға үйтіп әдемілейді. Егер ақ жүннен басылған пиманы қарайту қажет болса, оны қара бояуға салып қайнатып бояйды. Пиманы өте қатты шымыр етіп басу үшін оны қайнатқанда белгілі мөлшерде түрлі қышқылдар қосылып отырады.

Киізден басылатын мүліктер:

ала сырмақ	асмалдық	белдемше
ақ киіз	ат жабу	бел киіз
ақ сырмақ	ауыт	бесік киіз
ақ текемет	аяққап	боз киіз
ақ қалпақ	байпақ	боқша
ас жаулық	башлық	бүркей

дорба	күйек киіз	от киіз
дөдеге	қара киіз	от сырмақ
есік киіз	қара сырмақ	ою
етік киіз	қара текемет	өң киіз
жөргек	қарала сырмақ	өре киіз
желқом	қап киіз	сабақап
жер төсек	қайырма	саба төсеніш
жер жастық	қамыт киіз	сандыққап
жабу	қалауыш киіз	сулық
жабасалма	қарпылған киіз	сырма
жаға	қаттама киіз	сырмақ
жамылғы	қамсау	талдырма
жеңсе	қатеп	текемет
жол киіз	қобыз қап	той сырмақ
жоламан	қолқа	түйе жабу
жуырқан	қол дорба	тең киіз
жүк киіз	қом киіз	терлік
жүн қап	қомша	төсек киіз
кесек киіз	қоныш киіз	түндік
кебенек	қорамсақ	туырлық
кебежеқап	қоржын	тұс киіз
киіз көрпе	қын	тұмылдырық
киіз етік	қынап	тұтқыш
киіз қалпақ	қырдасын	тірсек жең
киіз күйме	құрым киіз	уыққап
киіз кебіс	құндақ	ұлтарақ
киіз ұлтан	масахана	үзік
көмкеру киіз	нымша	үй киізі
кілем киіз	оққап	үлек жабу
кісе	орамал	ішпек
көпшік	орау	ыс киіз т. б.

Текемет басу. Текемет басу да жоғарыда айтылған киіз басумен бірдей. Айырмашылық сол, текемет бетіне әр түсті өрнектер басылады. Осыған орай текемет басудың біраз өзіндік өзгешеліктері бар. Текемет киізі үйге жабылатын кесек киізден жұқа, сырмақтық киізден қалың. Ол киізге қарағанда таза, әрі жұмсақ. Сондықтан оған тек қана қозы жүнін немесе ең таңдаулы ұяң жүнді ғана пайдаланады.

Текеметке түр салып басудың екі түрлі әдісі бар. Оның біріншісі, түрлі түсті жүннен бөлек басылған жұқа талдырма киізден қиылып алынады. Үлгі бойынша өрнектеліп, қайшымен қиылып алынған оюды шабақталған жүннің үстіне

салып, ыстық су шашып киізше басады. Әдетте бұл әдіспен басылған текеметтің өрнегі теп-тегіс болып әдемі түседі. Түр салып басудың екінші түрі — түрге салынатын бояулы, немесе басқа түсті жүнді бөлектеп басып алмай-ақ, сол жүн күйінде бет тартқанда шүйкелеп отырып бірге тарту. Білек-теу, тебу және қарпудан кейін текеметті тағы бір рет пысытады. Текемет сырылмайды, жиектелмейді. Бірақ әр облыста текемет басудың әр түрлі әдісі кездеседі. Мәселен, Қазақ ССР Ғылым академиясының этнографиялық экспедициясына қатысушылар 1958 жылы Оңтүстік Қазақстанды аралап қайтқанда сол елдегі текемет түрлері мен оны жасау тәсілдері туралы былай деп жазды:

«Оңтүстік Қазақстан облысының текеметі басқа облыстардікіне қарағанда әрі мықты, әрі әдемі. Бұл жердің текемет басу әдісі төрт сатыдан тұрады. Ең алдымен боялмаған ақ жүнді жұқалап жайып талдырып алады да, оның үстіне тағы да осындай басқа түсті жүн тартып қайта талдырады. Бұл текеметтің негізі болып есептеледі. Одан кейін оның үстіне өң есебінде боялған жүн тартып, біраз бастырған соң керекті өрнектің нұсқасын жүнмен жүргізіп ақырғы рет әбден пысығанша басады. Кейде өрнек жүргізудің басқа әдістерін де қолданады. Ол үшін түсті жүннен алдын-ала дайындалған талмадан керекті өрнекті ойып алады. Оларды үш қабат етіп талдырылған текеметтің өң жағына қиюластырған соң, үстіне ыстық су құйып бастырады. Текемет басуға машықтанған әйелдердің айтуынша, соңғы тәсіл кейінгі кезде сирек қолданылатын көрінеді. Текеметтің жиегін шашақтау үшін ешкі терісінен жіңішкелеп тілінген ұзын шудалы таспаны әр түсті етіп бояп, талма қабаттарының арасына келтіре бірге басады».

Демек, мұндай әдіс Қазақстанның басқа жерлерінде де болуы әбден ықтимал. Киіздің бетіне ою-өрнек жүргізу әдістерінің ең көп тарағаны — түсті өрнектерді текеметтің өңіне бірге бастыру және киізден жасалатын әр түрлі ыдыстардың (түс дорба, аяққап, шәйнекқап, шабадан және басқалар) бетіне арналған өрнектерді түсті шүберектерден ойып тігу (апликация) тәсілі. Кейде түрлі киіз дорбалардың бетіне өте пысық етіп иірген түсті жіптерден неше түрлі өрнектерді жапсыра тігеді. Өрнек тігудің мұндай әдісін Оңтүстік Қазақстанда «сырма» деп атайды. Апликациялық өрнек, әдетте, ақ киізге қара немесе қызыл шүберектен тігілетін де, оюлардың айнала шеті түрлі түсті жіптермен бастырылатын, кейде тіпті кестемен де әшекейленетін. Ал дәл осы тәсіл Се-

мей мен Өскемен жағында да бар. Бірақ оңтүстіктегідей күшті дамымаған.

Қазақтың бұрынғы салтында текемет көбінесе сырмақтың үстінен, төсеніш көрпенің астынан жайылатын немесе керуеттің көмкеру киіздерінің үстіне төселетін. Әдемі, жақсы текеметтерді сый қонақтар мен қарттар келгенде жұмсақ болу үшін сырмақтың үстінен көрпе ретінде төсейтін. Текемет сырмақтан үлкен және енді болады. Кейде текеметтің шымқай ақ не шымқай қара, өрнексіз келетін түрлері де ұшырайды. Қазақтың көне салтында текеметті тек қана жұмсақ қозы жүнінен басқан, өйткені қозы жүнінің қылшығы болмайды.

Қазақ қолөнерінде сырмақ пен текеметтен басқа киізден жасалатын көптеген мүліктер, әшекейлі жиһаздар бар. Олар: уыққап, керегеқап, қол дорба (кей жерде қалдорба дейді), қалпақ, жабу және т. б. Бұлардың да жасалу, өрнектелу, сырылу әдістері сырмақ пен текемет жасау әдістеріне ұқсас. Кейде қалпақ, байпақ, киіз жеңсе, қол дорба сияқты заттарды арнаулы қалыпқа салып, бітеу басып шығарады.

Үй іші жиһаздарының ішіндегі ұнамдылығы жағынан да, көркемділігі жағынан да әсіресе сырмақ жасау өнері халық ұнататын көп тараған өнер.

Сырмақ жасау. Әдетте сырмақ, текемет жасалатын киіз не шымқай ақ, не шымқай қара болуы шарт. Киізде түйіртпек, ошаған, тесік болмауы тиіс. Мұндай кемшіліктер оюға, сыруға, біртегіс жиектеуге бөгет жасайды. Сондықтан сырмақ, текемет басатын киіздің жүні, оның өңі күні бұрын таңдалып, ол көбінесе қозы жүнінен алынады. Оны сабағанда да ерекше қадағалап, үлпілдетіп сабайды. Осындай іріктеліп алынған жарамды жүннен сырмаққа, текеметке арнап бет басады. Бет болатын ақ немесе қара киіздің екеуі екі бөлек басылады. Оны ысырап етпес үшін көлеміне қарай әрі шағын, әрі жүнді үнемдеп жұқалау етіп басады. Сондықтан алдын-ала оның көлемін, оған салынатын ою-өрнектің қандай болатынын қарастырады. Сырмақтың беті кейіннен не киізбен, не кенеппен астарланып сырылады.

Көлем жағынан қазақ сырмақтары негізінен 4 түрге бөлінеді. Мұның ең үлкені — көш сырмақ. Бұл сырмақты көшкенде жүк артылған түйенің үстіне жабуға арнайды, жалпы көлемі 3—5 метрдей болады. Екіншісі — төсеніш сырмақ, жалпы көлемі 3—3,5 метрдей. Мұндай сырмақтар кейде киіз үйдің төрі бейнелес ірге жағы етектене дөңгеленіп, ал от жағы бүрілген сияқты тарыла дөңгеленіп, от басымен төрге

дәлденіп жасалады. Ол тамның, шшаланың, киіз үйдің төрінің от жағына жалғастырыла төселеді. Үшіншісі — төр сырмақ, көлемі 2—5 метр. Бұл жиекті, оюлы сырмақ. Мұны сыйлы қонақтар келгенде төрдегі жалпы төсеніш киіздің үстінен, қонақ көрпенің астынан салады. Төртіншісі — төсек сырмақ немесе төсек алды сырмағы деп те атайды. Көлемі 2—2,5 метр, жер төсектің орнына немесе төсектің алдына төсейді. Сырмақтардың кейде 1—1,5 метрлік шағын түрлері де кездеседі. Олар бір кісілік сырмақ деп аталады. Сырмақтың көбінесе ені тар, 1,5—1,7 см шамасынан аспайды, ал ұзыны 3 метр, кейде одан да артық бола береді.

Түр жағынан алғанда да қазақ сырмақтарының 4 түрлі атауы бар. Оларды «ақ сырмақ», «қарала сырмақ», «жиекті сырмақ», «дебіске сырмақ» деп атайды.

Ақ сырмақты бояулы жиекпен немесе түсті матамен оюламайды. Оны тек шуда жіппен ғана тоқылған жиекпен немесе таңдайлап иірген қарала жиекпен жиектейді.


Қарала сырмақты қара және ақ киізден ойыстырып, астарлап, сырып жасайды. Оюларды құраған тігістің үстіне бояулы жиек бастырылады. Бұл бұрын сән-салтанатта сыйлы қонақтарға төселетін, көш жүгіне жабылатын еді.

Жиекті сырмақты тұтас бірыңғай ақ немесе қара түсті киіздің бетіне бірнеше түсті бояумен өрнектеп жиек бастыру арқылы жасайды. Мұны мүлікті тең етіп бууға, жолға алып шығуға және басқа да күнделікті тұрмыста көп пайдаланған.

Дебіске сырмақты жасағанда тұтас киіздің бетіне әр түсті матаны оюлап бастырып, сол оюлардың шет-шетіне жіңішке жиек басады. Кейде кестеленген тұтас матамен тыстап та дебіске жасайды.

Қазақ халқының ескі ғұрпында мал еті мүшелері әрбір кісіге сыбаға ретінде белгіленгені тәрізді, үй-іші төсеніштің үй мүліктерінің де жас мөлшеріне қарай арнаулы адамдары болған. Мысалы, ақ сырмақты қазақтың ескі ғұрпында көбінесе күйеуі бұрын келмеген оң жақтағы қыздың астына немесе қара жамылып, жоқтау айтып отырған жесірдің астына төсейтін. Ал дебіске сырмақты төсек үстіне, төсек алдына, жас келіншектер мен күйеу жігіттерге төсейтін. Дебіске сырмақты тұс киіз орнына да пайдаланған.

С ы р м а қ т ы о ю л а у. Сырмақ жасаушы шеберлер өзі білетін немесе қолында бар ою үлгілерінің қайсысын алып, оны қалай орналастыруды қарастырады. Сонымен қатар киіздің көлеміне қарай оны көп кесіп, қырдастынды көп тү-



8-сурет. Жиек жіптер:

1-келептелген жіп; 2-тарқатып жуған жіпті кептіру әдісі.

сірмеу жағын да ойластырады. Сонан кейін сырмаққа арналған киіздің оң бетін еденге жаяды. Таңдап алынған ою-өрнектердің қағаз бен тықыр теріге немесе клеенкаға түсірілген үлгісін киіздің үстіне салып, сол үлгінің ізімен өткір пышақпен немесе қайшымен мінсіз етіп қиып алады да сырмақ бетіне салады. Оң беті қара киізден ойылған болса, оның ортасы ақ киіздің ортасына түседі. Сырт оюлары ақ киіздің шетіне келіп, ақ киіздің ортасы осы қара шеттің ішінен орналастырылған, екі түсті, оны жәрмеп тігеді. Осы тәртіппен сырмақтың оюлы беті құрастырылып болған соң ою жапсарларының үстінен боялған жиек бастырады. Мұны жиектеу дейді. Оюларын жиекпен басып болған сырмақты астар төсеп, бетпен қоса сырды.

Сырудың тігісі де екі түрлі: біріншісі — жеке жіптің өзімен әрлі-берлі тік шаншып сыру арқылы тігу де, екіншісі — қос жіппен сырып тігу. Бұл әдіс инедегі жіптің астынан тағы бір жіпті бос төсей отырып сыру арқылы іске асырылады. Мұндай тігіс тігін машинасының тігісіне ұқсайды. Сырмақ-

ты сыру үнемі ою-өрнектердің бағытымен оюлана сырылады. Сырылып болған соң сырмақтың шеттерін тегістеп қиып, шетіне жиек бастырады.

Жиек жіптер неғұрлым ашық түсті, ұяң ақ жүннен иіріледі. Ақ жүнге бояу жақсы қонады. Жиек жібін иіру алдында одан істегелі отырған бұйымының көлеміне қарап қанша метр немесе қанша құлаш керектігін алдын-ала есептеп шамалайды. Шамалап мөлшерлеудің бұл түрін жіп иірушілер «алқым», «домалақ» деп атайды. «Екі ұршық жіп», «бір алқым жіп», «төрт алқым жіп», «бір домалақ жіп» деген сөздер де осы шамалап мөлшерлеуден шыққан.

Жиекке арналған жіпті жалаң қабат түрінде біреуін оңқай, біреуін солақай етіп иіреді. Содан кейін оларды өзді-өзіне қосады да, оны екі қабаттап екі бөлек етіп тағы иіреді. Бұл екі қабатталып иірілген екі бөлек жіпті екі «тін» деп атайды. Бұдан кейін екі «тінді» екі бөлек домалақтап мөлшерін біліп алған соң, оны бояуға салу үшін қайтадан төгеді де, жарты метр шамасындай етіп босатып шумақтайды. Мұны жіпті келептеу дейді.

Келептенген жиек жіпті қазанға салып бояумен бірге аударыстыра отырып қайнатады. Қайнату үстінде жиек жіптің қылшықтары бүріліп, сыптығырланады да бояу жақсы сіңеді. Қазақтың халықтық әдісінде бояуға ашудас, мүсәтір, тұз қосып, аздап май салады. Бояу сіңіп, қайнап болған жіпті сол келептеулі қалпында сөреге іліп, кептіреді. Бояудың бір қалыпты сіңуі үшін сөредегі жіпті де сағат сайын аударыстырып отырады.

Әбден кеуіп болған соң оңқай домалақ пен солақай домалақты қатар жарыстыра отырып бір ұшынан бастап ысқылайды. Ысқылау үстінде жиек жіп тағы да тазарып әрленеді. Ысқылаудан өткен жиектің екі тінін қосып (оны ширатпайды) бір домалаққа жинайды. Мұны «бас» деп атайды. Басқа төгілген оңқай, солақай екі тінді жарыстыра отырып сырмаққа бастырады. Сонда бастырылған жиектің қатар түскен ширатындысындағы оңқай иірім мен солақай иірім қарсыласа келіп біркелкі және әдемі таңдай өрнегін жасайды.

Қазақ қолөнерінде арнайы басылған немесе дайын тұрған ақ киіздерден жасалатын заттар көп. Сырмақ, текемет, төр киіз, тұс киіз сияқты көлемді мүліктерден басқа да көлемі шағын заттар бар. Олар: аяққап, қол дорба, сандыққап, төсек көмкеруі, керегеқап, асмадық (өрнектелген түйе жабу), тоқым, кебенек, қалпақ, телпек және т. б. Мұндай заттарды жасауға қажетті киізді көбінесе оюлап кеспей тұ-


тас күйінде пішіп алып, өрнекті соның бетіне жапсыра тігеді. Ондай өрнектерді салу үшін кейде әр түсті түрлі маталарды оюластырып, кейде бір түсті матаның бетін әр түрлі жіппен өрнектеп кестелейді. Көбінесе мұндай мүліктердің шет-шеті көмкеріліп, жібек жіптермен шашақталып, әр жерінде келетін баулары да тоқыма әшекейлі келеді. Кейбір қалпақ, телпек, киіз қорамсақ тәрізді мүліктер алтын, күміс, жібек жіптермен кестеленіп, сондай асыл дүниелерден әр түрлі әшекейлі салпыншақтар, жалтырауықтар қадап сәндендіріле түседі.





өрмек халық қолөнерінің тоқу ісінде қолданатын өте қарапайым әдісі, яғни мұны тоқу станогы десе де болады. Күрделі техникасыз, кез келген жағдайда қолданылып, керекті жабдықтары оңай табылатын өрмектің екі түрі бар. Оның біріншісін аспалы немесе термелі өрмек дейді. Ондай өрмекте кілем сияқты тұтас, енді заттар тоқылады, екіншісін жай өрмек дейді. Жай өрмек шекпен, алаша, қап, қоржын, белбеу, терме бау, басқұр сияқты енсіз нәрселерді тоқуға арналады. Халық қолөнерінде көбірек қолданылып жүрген өрмектің осы екінші түріне — жай өрмекке тоқталып өтейік. Жай өрмекті құрып, тоқу үстінде пайдаланатын мынадай жабдықтары болады:

- 1) өрмек өрісінің қазықтары;
- 2) күзеу шыбығы — қабатталған шиден, түзу тобылғыдан, сымнан жасалады;
- 3) адарғы — екі жақ шеті дүздендіре жонылған, ортасы сәл дөңес, ені 20—25 сантиметрдей тақтай;
- 4) есепші немесе кергіш сабау, оны «серу ағаш», «серу жіп» деп те атайды;
- 5) қылыш — өзі шынында да қылыш тәрізді, сырт жағын (жетесі) 3—4 миллиметрге дейін, дүз жағын 6—7 миллиметр шамасында ғана жұқарта жонып, ортасын дөңестеу еткен, ені 12—15 сантиметр жалпақша келген ағаш;
- 6) арқау шөлмегі (жүгіртпе) екі басының аз ғана ашасы бар 20—30 сантиметрдей түзу таяқша;
- 7) арқалық — 1—1,20 метр шамасындағы түзу таяқ (диаметрі 3 см);



9-сурет. Өрмек жабдықтары:

1 — казық; 2 — жүгіртпе; 3 — арқау; 4 — есіп сабау; 5 — адарғы; 6 — қылыш; 7 — күзу казығы; 8 — күзу арқалығы; 9 — күзу шыбығы; 10 — бақылау жібі; 11 — күзудің көтермесі.

8) көтерме немесе мосы — басын біріктірген 3 ағаштан тұрады;

9) екі басын тұйықтап байлайтын бақылау жіп (бөлік жіп).

10) өрмек жіптер. Өрмекке арналып иірілген жіптер ісетелін бұйымдарға, жасалатын жолақтарға, өрнектерге қарай бірнеше түсті болады және ол түстер бөлек-бөлек домалақтанады. Тоқылғанда заттың ұзын бойына жұмсалатын бұл жіптер кейде жалаң қабат, кейде екі қабат иіріледі. Шекпен жіптерін жиек жіптер сияқты оңқай, солақай етіп иіре береді.

Осындай әзір жіптерді мөлшерлеп отырып, екі топқа бөледі. Оның біріншісі — өрмектің күзуіне ілінетін үстіңгі жіптер. Екіншісі — күзуге ілінбейтін астыңғы жіптер. Өрмекшілер тілінде үстіңгі жіпті «ерсісі» деп, астыңғы жіпті «қарсысы» деп атайды. Кейде үстіңгісін «еркек жіп», астыңғысын «ұрғашы жіп» дейді.

Арқау — бұл ерсі және қарсы жіптердің арасына көлденең түсіп отыратын жіп. Арқау тоқылатын нәрсенің қалың және жұқалығына қарай, кейде ерсі және қарсы жіптерінің жуандығымен бірдей, кейде одан жуан болып иіріледі.

Күзу — бұл тоқылмайды, тек тоқылатын жіптерді ажыратып, әр қайсысын өз орнына тізу үшін қолданылады. Күзу жіптің мөлшері бір алқым шамасында, ол өте ширақы және екі қабат етіліп түйе жүнінен иіріледі де, соңынан ыспаланады. Күзу жіп боялмайды.

Өрмек жібінің өрісін (ұзындығын) өлшеп, оның неше метр немесе неше құлаш болатынын анықтап алған соң, жазық жерге әлгі өлшемді тең төрт бұрышқа бөліп 4 қазық, кейде үш бұрышты өріс жасап, үш қазық қағады. Өрмек құрылатын жер шөгінсіз, бұтасыз тегіс жер болуы және малдың, адамның көп жүретін аяқ асты болмауы керек. Өрмек құрушы шеберлердің көз мөлшері, көңіл есебі күшті келеді. Мысалы, өрмектің өрісі 20 метр болса, онда төрт бұрыштың әрбір қабырғасы 5 метрден келеді. Бұдан кейін сол 4 қабырғаның бірінің орта шенінен бесінші қазық қағылады. Оған қатар арқалық, арқалыққа жабыстыра күзу шыбығын бекітеді. Бесінші қазық пен арқалық қаданың арасы 20—25 см қашық тұрады.

Өрмектің ерсі және қарсы жіптерін екі адам алады да, өрістің 4 қазығын айнала жүріп, соған төгеді. Мұны «өрмек жүгіру» деп атайды. Егер ерсі жіптері бірнеше түсті болса, онда әлгі 2 адам оларды санай отырып кезекпе-кезек төгеді немесе бірнеше адамдар бөліп алып жүгіреді. Өрмек жіптері жерге түсіп, шөп-шаламға былғанбау үшін және жүгірген кезде жіп домалақтары тез домалап, тез ағытылуы үшін, жүгірушілер әр домалақты ернеуі тегіс аяққа, табаққа салып алып жүгіреді.


Бесінші қазық пен арқалықтың қасында отырған адам өрмек құру ісінің тәжірибелі шебері болуға тиіс. Ол басы күзу шыбыққа бекітілген күзу жібінің шағын домалағын алады да, ерсі жіпті бір шалып, арқалықты орай күзу шыбығынан тағы бір рет жарты қазықбау байлауымен өткермелейді. Ал қарсы жіпті шалмай, тек арқалықтың сыртынан бесінші қазыққа іле салады. Осы тәртіппен жүргізілген өрмек жібінің бірі күзуге шалынып, екіншісі күзуге шалынбай бос қалып отырады. Мұны «өрмек шалу» дейді.

«Өрмек жүгіру» біткен соң қазықтарды суырып тастап, өрістегі жіпті екі еселеп жинайды. Сонда жіптердің екі жақ басы тұйық болып шығады. Мұның бір тұйығын өріске апарып, қазыққа кигізеді. Екінші тұйығынан көлденең бір ағаш өткізеді де, оны тартып тұрып, жерге төсей бекітеді. Күзу шыбығы мен арқалықты көтеріп өрмек көтермесіне іледі.


Дұрыс шалынған өрмек жіптері енді екіге бөлінеді. Де-




Шетін қызыл жиекпен оюлап сырыған қарала сырмақ.



Оюлы мата басып, жиектеріне кесте-жіп төккен төр сырмақ.



Терме алаша.



Тақыр кілем.



10-сурет. Өрмек тоқу.

мек, күзудегі жіп жоғары шығады да, бос жіп күзудің астында қалады. Бұдан кейін арқалықтың алдыңғы және артқы жағынан итіс-тартыс екі айқас пайда болады. Арқалықтың асты, яғни екі жіптің арасы 10—15 см қуыс болып, бұл қуысқа қылышты өткізіп қояды. Енді алдыңғы айқас жіптерді ажыратып, қолмен санап отырады да, астыңғы жіпті үстіне шығарады. Ал үстіңгі жіпті астына түсіріп, бұл араға адарғыны сұғып қояды. Адарғымен бірге бақылау жібін өткізіп, оның екі ұшын қоса тұйықтап байлайды. Жіп үзіліп немесе қосарланып шатаса қалса, оңай тауып алу үшін және жіптерді біркелкі керіп тұруы үшін, адарғы қоярда саналған жіпті 20—30 пардан топтастыра кергіш сабауға тізіп байлайды. Өрмек тоқушы күзудің астындағы 10—15 см ашыққа арқау шөлмегін өткізіп алады да, арқауды көлденең қалдыра тартып тұрып, қылышпен нығыздап қағады. Бұдан кейін қылышты суырып алып, адарғыны қырынан көтере күзудің деңгейіне әкеледі. Сол кезде күзуге ілінбеген қарсы жіп адарғының қырымен 20—25 см жоғары көтеріліп, күзулердің ара-арасымен 10—15 сантиметрдей ерсі жіп-

тің үстіне шығады. Осы кезде күзу мен адарғының деңгейінде ерсі жіптің үстінен қуыс қалады. Тоқушы қылышты әкеліп осы қуыстан өткізеді де, жіптің арқау үстінен пайда болған айқасын нығыздап қағады. Бұдан соң адарғыны кейін шегіндіреді. Күзудегі ерсі жіптер тағы жоғары шығып, қарсы жіптердің үстіндегі қуыс қайтадан қалпына келеді. Тоқушы арқауды өткізіп алып тағы да қағады. Осы тәртіппен қайталаудың нәтижесінде ерсі жіппен қарсы жіптердің қапсыра айқасып түсуінен барып өрмек тоқыла береді.

Осылайша үлкен залдарға, есік пен төр арасына жайылатын төсеніштерді түгін шығара әсем етіп тоқуға болады. Ол үшін өрмек жүгіргенде оның ерсі жіптерін үш қатар етіп жүгіреді, яғни ерсінің жібі мен қарсының жібінен басқа «өрнек жібі» дейтін тағы бір жіп қоса жүгіріледі. Бірақ ол жіп ерсі жіптен гөрі қысқа шалынады. Өрмек керіліп, адарғы жатқан уақытта, өрмек жібі ерсі жіптеп біраз жоғары тұрады, адарғы көтерілгенде ерсі жіппен бірге қарсы жіптің астына түседі. Сол кезде арқау өз жолымен негізгі екі жіптің айқас арасына түседі де, өрнек жібінен болған айқас арасына жұмсақ металдан істелген 4—5 жіңішке сым түседі. Сымның жуандығы 2—3 см шамасында жасалады. Осы тәртіппен төрт-бес сым салынып, жіп айқастары сымдарды орай 4—5 рет тоқылған соң, күзу жақтағы шеткі бір сымды қалдырады да, қалған төрт сымның үстіндегі жіптерді арнаулы аспаппен қиып жіберіп, сымдарды босатып алады. Қиылған жіптердің ұштары тоқыманың үстіңгі бетінде түк болып қалады. Жұмыс тәсілі осылайша қайталана береді.

Алаша тоқу. Алаша бүктеуге, жинауға, алып-салуға қолайлы мүлік. Мұны ұсталатын орнына қарай әрі енді, әрі көлемді етіп жасайды. Өрмекпен тоқылған алашаның ені әдетте 40—45 сантиметрден аспайды. Сондықтан мұның бір-неше кесіндісін біріктіре құрауға тура келеді. Бұл үшін шебер тоқылған материалдың ұзына бойы мен енін өлшеп, одан кейін неше бой етіп кесіп, құрау қажеттігін есептейді.

Әдетте өрмек жіптерінің 35—40 сантиметрдейі тоқуға келмей қырқылады. Мұны «өрмектің қырқындысы» дейді. Алашаның бойларын құрау үшін осы қырқынды жіпті пайдаланған жөн. Бұл жіптер ақ, қара, көк, қызыл — 4 түсті делік. Ендердің жапсар бойын осы 4 түсті жіпті кезектестіре отырып бұзау тіс тігісімен аралықтарын 1—2 сантиметрдей етіп қосымша сыналана енгізіледі де алашаның көлемі үлкейе түседі.

Өрмекке жеңіл әрі жиі қолданылатын өрнектің екі түрі

бар. Оның біріншісі «су» өрнегі де, екіншісі «тіс» өрнегі. «Су» өрнегін өрмектің белгілі бір шетінен ерсі жіппен қарсы жіптің өнбойын бір түсті етіп жүгірту арқылы тоқиды. «Тіс» өрнегін осы екі жіптің екеуін екі түсті түрмен жүгіртіп (астыңғы жіп қара, үстіңгі жіп ақ) тоқиды.

Өрмекте мүйіз, өсімдік, геометриялық фигуралар тәрізді күрделі өрнектер тоқу кездеседі. Мұндай тоқуды «терме» деп атайды. Терме өрмегіне жоғарыда айтылған жабдықтарға қосымша «іلمек», «өткерме», «мәймөңке» деген жабдықтар қолданылады. Мәймөңке өте жұқа етіліп, жып-жылмағай, бұдырсыз істеледі. Өрмек жіптерін қиып, үзіп, не шатастырып алмас үшін мәймөңкені өте ептілікпен қолданады.

Терме тоқудағы өткермелеу, ілмектеу, мәймөңкелеу жұмыстарының барлығы да есептеп санау арқылы, әрбір ілінген жіп санын ұмытпай есте сақтау арқылы орындалады.

Термелеп тоқу әдісі қазақтың өрмек өнерінің ең бір көп тараған және көркем дүниелерді тоқуға ең бір қолайлысы деп саналады. Термелеп тоқу әдісі, әсіресе Қазақстанның оңтүстігінде жақсы дамыған өнер. Сол сияқты бұл әдіс Өзбек, Қырғыз, Қарақалпақ, Түркмен республикаларында да айтарлықтай орын алады. Көркемөнердің осындай тәсілімен тоқылған бұйымдар (басқұр, қоржын, алаша, кілем және т. б.) Қазақстанның Қарағанды, Павлодар облыстарында жиі кездесетін өте ертеден келе жатқан өнер. Олардың өз аймақтарына қарай, өрнек мәнерінде, тоқу әдістерінде өздеріне тән ерекшеліктері бар. Оңтүстік Қазақстанда терме тоқудың алты түрлі тәсілі бар және олардың атаулары да әр түрлі.

Қайыра теру тәсілімен құрылатын өрмектің ерсі жібі мен қарсы жібі 3—4 түсті бояулармен боялады да, бұлардың екеуі бірдей теріліп, өрмектің екі жағынан (ерсі жағынан да, қарсы жағынан да) тоқылып шығады.

«Кежім теру» немесе «бұқар теру» тәсілі көп түсті және әр түрлі өрнектен теріліп жасалатын басқұр мен алаша тоқу үшін қолданылады. Мұндағы өрнектер ерсісі мен қарсысындағы әр түсті жіптерден теріліп, бір жіп осы бірнеше түсті жіптерден терілген өрнектің астында бос қалып отырады. Мұндай тоқу әдістері Қырғызстанның оңтүстігінде көп кездеседі. Оны олар кейде «қаджари», кейде «бұқари» деп атайды.

«Орама теру» тәсілдерімен де басқұрлар, алашалар тоқылады. Мұндай жағдайда өрмектің ерсісі, қарсысы және арқауы бәрі бір түсті жіптен құрылып тоқылады. Бұған кө-

бінесе ақ не қызыл түсті жіптер қолданылады. Тоқу барысында әр түсті жіптерден өрнек салынып, оның жібі өрмектің ерсісіне қолмен оралып, арқаумен бекітіліп отырылады.

Бір түсті теру тәсілі тек қана басқұр тоқуға қолданылады. Мұндай басқұрлардың ерсі мен қарсы жібі көбінесе бірыңғай ақ жіптен, кейде қызыл жіптен құрылады да, өрнегі қызыл, қара, көк және басқа түсті жіптермен теріледі.

Мұның бәрін қазақтың қарапайым өрмегімен жіңішке лента тәріздендіріп тоқиды.

Тақыр тоқу немесе тақыр кілем тоқу әсіресе Қызылорда облысында көп дамыған өнер. Оған түк орамай, өрнек беретін жіпті ерсі мен қарсының өз бойында бояп алады да, жай өрмек әдісімен тоқи береді. Тақыр кілемді кейде жіптерін боямай-ақ, ақ жіп пен қара жіпті кезек келтіріп тоқиды. Сөйтіп кейде көлденең жолақ, кейде ұзын жолақ, сондай-ақ кеңірдек өрнектер тоқылып шығады.

Түктеп теру әдісімен еңсіз шағын кілем, кілем қоржын, түрлі төсеніштер тоқылады. Мұндайда өрмектің өрнектеуіш жіптері ерсі мен қарсыға аралас бойлай тоқылады. Бой жіптер қатарында тұрған өрнектеуіш жіп өрмек бетінде бос қалып отырады да, соңынан ол кесермен қырқылып тасталады. Осыдан өрмек бетінде түк пайда болады.

КІЛЕМ ӨНЕРІ

«Үй жасауы — кілем» дейді халық. Кілем — жайсаң төсеніш, ілсең сән. Осындай ел аузына ілінген асыл қасиетін ол әлі де сақтап келе жатқан бағалы зат. Шығыс елінде оны тоқып, тұтынбаған халық болған емес. Кілем бетіндегі сан қилы сәнді өрнектерге қарап отырсаңыз тұнып тұрған халық өмірінің шежіресін көргендей боласыз. Бір кезде өмір сүрген халықтардың тұрмысы, көшпелі елдің ағаш үйі, мал қорасы, ескі қорғандар, жүзім баулары — осының бәрі кілем бетінде бейнеленген. Кілемдегі суреттер қаншама шартты түрде бейнеленгенімен ондағы өрнектерден өмір шындығын аңғару қиын емес.

Совет Одағының әр республикасында тоқылатын кілемдер ішінен Түркменстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан кілемдері көрнектілігі жағынан ерекше көзге түседі. Ұлттық кілемдер сол республика халықтарының қолөнерінің негізгі

түрі. Осыдан келіп кілемдердің тоқылуы да, материалы да өрнегі де әр түрлі болып келеді.

Кілемдер мен кілемдік бұйымдарды ең ерте заманнан шығарып келе жатқан елдің бірі түркмендер. Сондықтан кілем өрнегінің республика мемлекеттік гербінде бейнеленуі кездейсоқ жағдай емес. Түркмен кілемдерінің сегіз-он проценті СССР-де жасалатын кілемдердің бәрінен де жібінің тығыздығы жағынан (бір шаршы метр кілемде 220-дан 400-ге дейін тін болады) ерекше көзге түседі. Кейбір арнайы тоқылған кілемдердің тығыздығы соншалық, оларда бір миллионға дейін жіп тіні болады. Бұл елде «текин», «пенди», «иомуд», «ходжа», «бешир», «учаудар» деп аталатын ескіден келе жатқан кілем түрлері бар. Медальондармен және геометриялық өрнектермен әшекейленген қызыл және қызыл қошқыл түсті ең тәуір кілемдерін халық «салор гель», яғни «салор қызғалдағы» деп атаған.

1966 жылы шеттері аппақ гүлдермен безендірілген, ортасы бейне бір орман алаңындағы қызғалдақ гүлдері сияқты жайнап тұрған, көлемі 252 шаршы метр кілемді Ашхабадтың артистері Кремльдің съездер сарайының төріне алып келді. Концерт қойылған кезде ғажайып кілем бүкіл сарай ішін қызыл-жасылды гүлге бөлеп тұрды. Осы кілемнің салмағы бір тоннадан артық еді.

Осындай қиын да қызықты өнер Қазақстан топырағында бұдан мың жылдар бұрын, қарапайым халық өнерпаздарының ой қазынасынан шығып, шебер қолдарымен тоқылатын. Қазақстан облыстарында кездесетін кілем түрлері де, атаулары да көп. Көне заман деректерінде де олар тап осы күнгі аттарымен аталады. Мысалы, бұқар кілем, жол кілем, жолақ кілем, жібек кілем, масаты кілем, мақта кілем, қалы кілем, қара кілем, құлпырма кілем, тақыр кілем, түкті кілем, ақ сирақ кілем, алаша кілем, андіжан кілемі, түрікмен кілемі, адай кілемі сияқты көптеген атаулардың өзі-ақ қазақ халқының кілем тоқумен ертеден таныс екенін және кілемнің әр жерде әр түрлі мәнерде жасалғандығын аңғартады.

Соңғы жылдары кілем тоқу үлкен фабрикаларда өндірілетін, өндірістік кәсіпке айналып отыр. Алматы кілем тоқу фабрикасы жылма-жыл өндірістік жоспарын артығымен орындай отырып, кілем, алаша, басқұр, құр, қоржын, сондай-ақ жолақ кілемдердің жаңа түрлерін көптеп шығарып жатыр. Алматы кілемі совхоз бен колхоз тұрғындарының ең сәнді үй жиһазы саналады. 1663 жылы жүргізілген есеп бойынша, Қазақстан көлемінде кілемді қолөнер әдісімен тоқи-

тын 176 шебер жұмыс істеп жүрді. Олардың кейбір іс үлгілері кең қолдау тауып келеді. Алматылық шебер Стальной жолдастың 1960 жылы тоқып, Қазақ ССР мемлекеттік музейіне сыйлаған «Еңбек қуанышы» деп аталатын кілемі өте сирек кездесетін сәнді экспонат ретінде сақтаулы тұр.

Кілем өрмегін «аспалы өрмек» немесе «кілем өрмегі» деп атайды. Соған қарай кілемнің бой жіптері де жоғарыдан төмен қарай кейде 3, кейде 4 бет болып тізіледі. Оның арқауы түйе жүні аралас (кейде шуда аралас) мақтадан, жібектен әрі мықты, әрі жуандау етіліп иіріледі. Бой жіптермен қатарлас тұратын түк және өрнек жасаушы жіптер қойдың биязы жүнінен, түйенің жүнінен өзге жіптерден көрі бостау иіріледі. Кейде бұл жіптер бой жіптердің үстінде арнаулы күзеулерде бос тұрады. Оны кілем тоқушы шебер өз керегіне қарай суыртпақтап отырып арқау мен бой жіптерге іліп отырып түр жасайды. Әдетте түкті кілемді 2—3 шебер қатар отырып тоқиды.

Шебер өз-өзінен тез суырылатын егіп домалақтаған өрнек жасаушы түк жіптерін санап, оның тұтас еніне жеткенше бір-ақ шалып шығады да, кесермен қиып, адарғы тарақпен арқауға бастырта қағады. Осылай бір қатарды салып, оны өрнектің нұсқасына қарай кесіп алған соң тағы да арқауға бастыра адарғы тарақтың тістерімен нықтайды. Бұл арада бойлардың ерсісі мен қарсысы ауысып тоқылып отырады. Осы әдіспен ені 2—3,5 м, ұзыны 3,5—4 м кілемді 2 адам бір айдың ішінде тоқып шығарады.

Кілемше теріліп тоқылатын бұйымдардың жіптері көп түсті бояумен боялады. Кілем өрнегінде, әсіресе, қызыл фонға қара, көк, сары және ақ түсті өрнектер көбірек жүргізіледі, кейде тіпті негізгі бір түстің бір-біріне жақын бірнеше өңдері де қолданылады. Мәселен, қызыл, алқызыл, қызыл күрең т. б. түстер. Мұндағы кілем өрнектері әр түрлі. Сол көптеген өрнек түрлерінің әрқайсысының аттарын кілемшілер жақсы біледі. Кілем өрнектерінің ішінде жануарлар бейнесін немесе олардың жеке мүшелерін суреттейтін оюлар да көп. Мәселен, «қошқар мүйіз», «сыңар мүйіз», «иттабан», «көбелек» және т. б. Мұнымен бірге геометриялық өрнектер де кездеседі (ирек, тұмарша, төрт бұрыш және т. б.).

Қазақтың терме өрмегінің тәсілімен тоқылатын заттар қатарына кілем, тақыр кілем, құр, таңғыш, желбау, басбау, есіктің тастамасы, қоржын, сандыққап сияқты бұйымдар жатады. Ботаның, түйенің ноқталарын, тоқыма белдеу мен тең жапқыштарды ауыл шеберлері жай өрмекпен де аспалы өр-



11-сурет. Кілем тоқу.

мекпен де тоқи береді. Осыған орай енді біз өрмекпен тоқылатын үй жиһаздарының, яғни кілем түрлерінің бірқатарын атап өткенді жөн көрдік. Олар: адай кілем, ақ кілем, ақ сирақ кілем, Алматы кілемі, Андижан кілемі, Ашхабад кілемі, бас кілем, барқыт кілем, бір бет кілем, бөстек кілем, бөртпе кілем, бұхар кілем, жасыл кілем, жол кілем, жолақ кілем, жібек кілем, қара кілем, қалы кілем, қабырға кілем, қоржын

кілем, қыпшақ кілем, қызыл кілем, құлпырма кілем, масаты кілем, мақта кілем, молдаван кілемі, мақпал кілем, ноғайлы кілем, нар кілем, намаз кілем, орыс кілемі, оюлы кілем, от кілем, парсы кілемі, самарқан кілемі, түрікмен кілемі, түкті кілем, түрлі кілем, төр кілем, төсек кілем, тұс кілем, түйе кілем, үлкен кілем, хан кілемі, шашақты кілем, шаршы кілем, шағын кілем.

Әрине, кілемдер істелу мәнерлеріне, ұлттық түрлеріне, ою-өрнектеріне қарай түрлі-түрліше атала береді. Олардың бәрін түгел атап шығу қиын. Мәселен, кейінгі кезде жас шеберлер өздерінің кілемдерін «Бақыт кілемі», «Қыз қуу», «Некеге бару», «Космос», «Спутник» деп атап жүр.

Алаша, бау, құр, жіп-шулардың да түр-түрлері көп-ақ. Алаша — бояулы алаша, бояусыз алаша, жүн алаша, жіп алаша, мақта алаша, жолақ алаша, жол алаша, жалаң қабат алаша, екі қабат алаша, терме алаша, өрнекті алаша, тақыр алаша, түкті алаша, кілем алаша, шашақты алаша, көмкерулі алаша, жиекті алаша боп бөлінеді. Шекпеннің түйе жүн шекпен, биязы шекпен, қой жүнді шекпен, шидем шекпен, жібек шекпен, таңдай шекпен, су шекпен, бояулы шекпен, шым шекпен, ширақы шекпен, ақ шекпен, ала шекпен, әр шекпен, қара шекпен, түбіт шекпен сияқты түрлері бар.

Енді терме, құрларды атап, олардың кейбіреулеріне түсінік берейік.

Басқұр — керегенің басы мен уықтың баулығымен оралып тұрады.

Дөдеге құр — үзіктің сыртынан дөдегеден оралады.

Басқұр — керегенің басын, сыртынан шымқай орап тұрады.

Басқұр — туырлықтың басбаулары, үйдің ішінен уықтың үстін шырмай орайды.

Басқұр — киіз есіктің бас бауы (тастама).

Құр таңғыш — керегелердің, қоспалардың таңғышы.

Құр бау — киіз есіктің екі иін бауы.

Аяққұр — туырлықтың етегін бастырып белдеуге байлап тұратын және жинағанда керегелердің аяғын орайтын аяқбаулар.

Құр — жел бау, киіздің үйдің екі таянышына керегелерді қосып байлайтын құр бау. Бұл онша енді болмай тоқылады.

Тең құр — тең буатын құр жіп.

Құраяқ жіп — түйеге мінгенде аяқ салып отыратын үзеңгі. Сонымен бірге құр белбеу, құр дорба, құр бас жіп, құр

аяққап, құр қолдорба, құр сандыққап, құр қоржын, құр алаша, құр асмаддық, құр тізгін, құр жүген, т. б. бар. Мұның бәрі де терме өрмегімен істелетін үй іші жиһаздары. Бұлардың қай-қайсысы болсын өрнектеліп өте әсем жасалады.

ҚОЛМЕН ТОҚУ

Қазір күнделікті тұрмысқа керекті жеңіл-желпі заттарды өрмек станогынсыз-ақ қолмен тоқи береді. Қолмен тоқу ерекше жабдықты, арнаулы орынды, белгілі мезгілді керек етпейтін әрі қарапайым, әрі тиімді өнер. Бұл өнермен қазірдің өзінде республикамызда 300-ден астам оқушылар мен оқытушылар, ғылым және өнер саласындағы қызметкерлер айналысып жүр. Қолмен тоқу өнерінің түрлері өте көп және ол жан-жақты дамыған өнер. Олардың басты-басты түрлері мынадай:

1) шәлі, шарф, шұлық, қолғап сияқты трикотаж заттары;

2) шілтер, перде, төсек жапқыш, жастықтың беті, стол жапқыш және тағы да басқалар;

3) әр түрлі жіптерден, талшықтардан, кеңдірден, өсімдіктердің сабақтарынан, сірнеден (казейн) тоқылған сумка, тор қалта және басқа да көптеген заттар;

4) шиден, қамыстан, шіліктен, жөкеден тоқылған заттар;

5) шыбықтан, қамыстан тоқылатын қорабтар, шарбақтар, ыдыстар, орындықтар, ықтырмалар.

Бұл өнерді игерудің негізгі әдістерін қолданатын құралдарына қарай топтастырған дұрыс сияқты. Мысалы, біз атап өткен 1 және 2-топтардағы тоқымалар қармақты бізбен, сыммен тоқылады. Мұндай тоқыманың негізгі әдісі — тоқылып отырған жіптің ілмегін санап, үлгіге қарап отыру. Бізбен шалып, яки сыммен тізіп тоқығанда жіпті шалудың өзі бірнеше түрлі болады. Ілу, шалып ілу, орап ілу, торлап ілу, өткермелеп ілу және осы сияқты олардың басқа да әлденеше түрлері бар.

Қолмен тоқуда да неше түрлі өрнек, әсем әшекей жасалады. Өрнек түрлері әр түсті жіптерді көздестіріп қолданумен қатар, жіптің шалымын, ілмегін санай отырып, әр алуан өрнек жасап тоқу арқылы орындалады.

3, 4 және 5-топтардағы тоқудың әдісі көбінесе өткермелеу, орай бұрап өткермелеу, кенереге, аралық шыбықтарға, қадаларға бекіте тоқу арқылы, кейде өрімшілік әдістерін пайдалана тоқу арқылы жүзеге асырылады. Өрнектеп тоқу,

мәнерлеу, бояу — әр түрлі белдеу мен шашақ, түйін, бұрау шығарып тоқу жолымен де іске асады.

Қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, орыс, украин халықтарының арасындағы қолмен тоқу өнерінің көптеген түрлері бір-біріне өте ұқсас болып келеді. Бұған қарағанда осы елдер арасындағы көршілік қарым-қатынастық ертеден-ақ қалыптаса бастағандығы байқалады. Халықтар қолөнеріндегі мұндай жақындық, бір ғана қолмен тоқу өнерінде ғана емес, тіпті ағаш өнерінде, тастан ойып, қашау, былғары илеу істерінде де байқалады.

Жүн, түбіт, майда торқа, жібек жіптерінен үй тұрмысына аса қажетті және көп қолданылатын шұлық, қолғап, шарф, шәлі сияқты бұйымдар тоқылады. Ал мұндай әрі жылы, әрі жұмсақ, жеңіл де икемді тоқыма заттары, әсіресе бақташылар үшін, өте қажет-ақ. Бұларды тоқу құрал-жабдықты, жұмыс істейтін орынды онша талғамайды. Мұндағы пайдаланылатын құрал өте қарапайым. Мәселен, бұрынғы кезде шұлық тоқу үшін ағаштан және сүйектен ұзындығы 12—15 сантиметрлік, сымнан 18—20 сантиметрлік қармақты біз жасайтын. Қазақтың халықтық өнерінде қармақ біз кәрі жіліктің шыбық сүйегінен, жарып алған жіліншіктің қыр сүйегінен егеліп істелетін. Тобылғының, аршаның, тас-жарғанның шыбықтарынан жонып та жасалған. Ал сым иілмейтін болаттан болса, оның ұшы доғаланып, қыры жұмырлана тұжырылып келсе тіпті жақсы.

Шұлық, қолғап, ұйық шарф, кеуде көйлек, басқа киетін кепеш және т. б. заттарды тоқу үшін екі түрлі жіп қолданылады. Олар фабрикаларда иірілген мақта-мата жіптері мен шеберлердің өздері иірген жіптер. Фабрикалардан шығатын жіптердің түсі, жуан-жіңішкелігі, сапасы әр түрлі екені белгілі. Сондықтан шебер бұлардың ішінен өзіне керекін таңдап алады, содан соң барып іске кіріседі.

Қазақ қолөнершілері, жоғарыда айтылғандай, тоқу ісіне көбінесе жүннен иірілген жіптерді пайдаланған. Ондай жіптер түйе мен қой жүнінен, ешкінің түбітінен иірілетін. Мұндай жіптер таза, жұмсақ, әрі төзімді, созылмалы да әдемі. Иіруге арналған жүнді әбден тазартып жуады, кепкен соң қолмен майдалап түтеді. Түтілген жүн қыл-қыбыр, шөп-шаламнан тазарып, ұйысқаны жазылып, жұп-жұмсақ үлпілдеп тұрады. Мұндай жүн созып иіруге, иненің жасуынан өткізуге, сымның, біздің, иненің ізімен іркілмей жүргізіп отыруға қолайлы.

Түтілген үлпілдек жүнді бір шетінен суыра шүйкелей

отырып жеңіл-желпі домалаққа төгеді. Домалақтың ортасында әдейі ызған баудан немесе кез келген матадан екі қабаттап істелген бүлдіргесі сыртқа шығып тұрады. Жіп иіруге кіріскенде, бүлдіргені солақай қолдың ортан саусағына іліп алады. Бұл ілмек шүйкені қыл-қоқыстан сақтап, оны биік жерге (қадаға, керегенің басына) іліп қою үшін де өте қажет.


Жіп иірудің екі түрлі құралы бар. Оның біріншісі — ұршық. Екіншісі — аяқпен айналдыратын жіп иіруіш. Ұршық пен жүн иірудің де екі түрлі әдісі бар. Бірі — шүйкені сол қолдың сыртына іліп қойып иіру, екіншісі — шүйкені жоғары (үйдің қабырғасына, сәкіге, керегеге және т. с. с.) іліп қойып иіру. Екеуінде де иіруші шебердің созу, оны мұрындыққа іліп, иіріліп келе жатқан жіпті буылдықсыз біркелкі етіп сыптығырлай отыруын саусақтарының шебер, ширақ қимылдауын керек етеді.

Иіріп келе жатқан жіп үзіліп кетсе, оны шүйкенің үлпілдек ұшымен жалғастырады. Егер оның біраз жері жуандап кетсе, не жіңішкерсе онда оны тарқатып қайта иіру қиын.

Сондықтан жіптің ондай жерін үзіп тастап, тегіс жерінен қайта жалғап иірген дұрыс. Шұлық, ұйық, қолғап, шарф, шәлі жіптері өрмек, шуда жіптері сияқты өте пысық иірілмейді. Өйткені бұлай иірілген жіп тоқуға бөгет жасайды, ал тоқылып шыққан заттар өте дөрекі және тықыр болып шығады. Қолғап пен ұйықты кейде мықты болу үшін екі қабатталған жіппен тоқиды. Бірақ мұндайда екі жіпті қосып, қатты ширатудың қажеті жоқ. Тоқуға арналып иірілген жіп домалақтанып жиналады.

Халық шеберлері бізбен, сыммен тоқу арқылы балаларға, үй-ішіне керекті көптеген заттарды өздері жасайды. Әсіресе, бірнеше түсті жіптерді аралас тоқу арқылы өрнектеп тоқылған заттар әдемі де, ұнасымды әшекейленеді.

Қолмен тоқу өнерінің үй шаруашылығына тиімді тағы бір түрі бар. Ол бұрыннан тоқылып тігілген заттардың ескілерін тарқатып пайдалану. Әдетте киім етегінен жағасына қарай, аяқ киім қонышынан басына қарай тоқылады. Сондықтан оларды тарқатқанда жағасынан етегіне, басынан қонышына қарай және олардың әрбір бөлшектерін жеке-жеке тарқатады. Тарқатып отырған жіпті аса қатты тартпай, домалаққа төгеді. Кейін оны домалақтап жай шумаққа төгіп алады да жуады. Келептенген жіпті жылы сумен сабындап жуып шайқап болған соң, бұрамай сорғытып кептіреді. Сорғыту үшін ілген кезде жиырылмайтындай етіп,



12-сурет. Сыммен тоқу.

оның төменгі жағына біраз салмағы бар не темір, не тас байлап қояды. Кепкен соң оны қайтадан домалаққа төгіп қайтадан тоқуға кіріседі. Шұлық, қолғап, шарф, шәлі сияқты жадағай заттарды 5 сыммен тоқиды. Тоқудың барлық түрінде де 5 сымның төртеуі ілмектерді жинап өздеріне тізіп тұрады да, біреуі үнемі ілмектерді теріп, санап отырып әлгі 4 сымға тізеді. Бес сыммен ілмектерді санап тізу арқылы тоқымаларға әр түрлі ою-өрнектері жасалады.

Қолмен тоқу ісінің қазақ қолөнері шеберлерінің арасында ең көп дамыған түрі қармақты бізбен ілмелеп тоқу. Бізбен ілмелеп тоқудың да түрлері көп. Мысалы, бірыңғай ілмелеу, созылмалы (немесе жиырылмалы) етіп әр жерінен белдеу тастап тоқу, сирек тор жасап тоқу және т. б. Бірыңғай ілмелеп шұлық, яки биялай тоқу үшін ұзынынан ілмелеп шығады. Содан кейін осы ілмек тізіндісінің екі басын тиістіріп алып, екінші айналымды бастап, тағы ілмелеп тоқиды. Шебер белдеу қалдырғысы келсе, келесі екі, не үш ілімді тұзақ ілмектердің ішкі жағынан іледі де, бірыңғай белдеусіз тоқыма болса, онда әрбір келесі айналымдағы ілімдерді тұзақ ілмектердің сыртқы жағынан ілмелейді. Ең алғашқы ілмелеген жібінің тұйығын тоқушы не балтырға,

не білекке өлшеп отырып қосады. Егер тоқып келе жатқан заттың бір жерін тарылта тоқығысы келсе, өз керегінше бір, яки екі ілмектен тұзақтарды аттатып іледі. Егер кеңейте тоқығысы келсе, тұзақтарды көп тартпай бос қалдырып іледі. Өкше, саусақ келетін жерлерін орай шалып тесік тастайды, кейіннен ол жерге өкше не саусақ келтіріп қайталап тоқиды. Ілмелерді осылай санап отырып, аяқтың, қолдың, иықтың размеріне дәл келтіріп тоқу байырғы шеберлер үшін оңай, ал жас шеберлер кейде жеңіл сымнан, шыбықтан қалып жасап алады.

Осындай әдіспен тор дорба, шәлі, үстел жапқыш, әр түрлі шаршау, шілтерлер тоқылады. Мұндайда көбінесе жібек, мақта, түйе жүні, биязы қой жүні, түбіт қолданылады. Санап ілудің сан қилы әдістерімен тоқыманы неше түрлі етіп өрнектеп тоқиды. Бір пар шұлық тоқу үшін 200—250 грамм жүн кетеді.

Қазақ қолөнерінде осы күнгі тоқылып жүрген заттардың ең көбірек кездесетін түрлері: ер, әйел шұлықтары, саусақты қолғап, саусақсыз биялай, шәлі, шарф, жылы көйлек, тақия, берет, стол және диван жапқыштар, жастықтық, терезе пердесінің желбірі, қос етек желбірі, есік пердесі мен шымылдық шаршаулары, спорт костюмдары, тор, аяқ киім баулары, тізеқап, жеңсе, дастарқан, белдемше, ұйық, жіп сумка, орауыш, жөргек, бесік көрпе, майлық, сулық, қолдорба, жіп салғыш т. б.

АРҚАН, ЖІП ЕСУ

Көшпелі қазақ аулының тұрмысында арқан, бау-шу, бас жіп, ноқта үлкен роль атқарған. Фабрика мен заводтарда шығарылатын қайыс, былғары, шынжыр, шыжым (шұбыртпа), сым арқан сияқты тұтыну бұйымдарының аз кезінде сахара шаруалары күнбе-күнгі қажетін тек өз қолдарындағы барымен ғана өтеді. Сондықтан малдың терісін, жүнін, сүйегін, мүйізі мен тұяғын, тезегін түгел іске асыруға мәжбүр еді. Арқан бұрау, бау ноқта тую, жіп есу, құйысқан өру халық арасына кең тараған үйреншікті іске айналды.

Бұрынғы қазақ аулының басты жұмыстарының бірі — көшіп-қону мен мал өрісіне және мал суаратын құдық қазуға байланысты. Қазіргі мал жайылым отарларының көпшілігі көшіп-қонуда автомашина, трактор, вертолет сияқты түрлі транспорттарды пайдаланады, Алайда кейбір таулы жайлаулар мен қалың орманды, көлді аймақтарда көшіп-

қону үшін түйе, ат арба, сүйреткі сияқты қолда бар оңай көлік күшін пайдалану әлі де болса тиімді болып жүр. Мұндайда халық қолөнерімен өндірілетін шаруашылық саймандарының маңызы ерекше. Солардың ең бір көп қолданатын түрі — арқан, жіп, бау-шу.

Арқан, жіп, баулар негізінде түтіп, шүйкелеп, есіп, бұрау арқылы, кейде жіптен өрімше өру, тоқу тәсілдерімен жасалады. Бұл жұмысқа көбінесе шетпұшпақ өлі жүндер, кейде жабағы мен түйе жүні, ешкі жүні, жылқы қылы пайдаланылады.

Арқан, жіп есілу мәнеріне қарай негізінен үш түрге бөлінеді. Олар: есіп жасалатын жіптер — арқан, желі, ноқта, құрық бау, бұйда, шылбыр, тізгін және әр түрлі баулар мен жай жіптер;

Тоқып және өріп жасалатын жіптер — басқұр, таңғыш, туырлық бау, үзік бау, жел бау, нар ноқта, белбеу, тең таңғыш, жабу жіп, аяққаптың бауы, мойын айыл, құр жіп, құлын ноқта және басқалары. Бұлардың әрқайсысына тән өзіндік іс әдістерін баяндаудан бұрын арқан, жіп, бау-құрларға дұрыс анықтама беру керек сияқты. Өйткені біздің жастарымыз кейде осы атаулардың мағынасын ауыстырып айтатындары бар.

Арқан — қазақ жіп-шуларының ішіндегі ең берігі, ең ұзыны және ең жуаны. Арқан көші-қонға, жүк артуға, мал қосақтауға, ат арқандауға тағы осылар сияқты көп шанду мен беріктікті керек ететін жұмыстарға пайдаланылады. Соған қарай арқанның түрі де атаулары да көп. Біз солардың ішінен шаруашылыққа неғұрлым көбірек жұмсалатындарының бірнешеуін атап өтпекпіз.

Қосақ арқанмен қазақ аулы қой қосақтап сауатын болған, сондықтан ол арқанның ішіндегі ең ұзыны. Қосақ арқанның шүйкесіне ешкі қылын орап, оны неғұрлым қойдың мойнына жұмсақ тиетіндей етіп бастау бұрайды.

Сүйретпе арқанмен шаруалар шөмеле сүйреткен, сондықтан ол жуан және шүйкесі жылқының жал құйрық қылымен оралып бұралады.

Жел арқанмен дауыл болғанда киіз үйді шандып бастырып, қазыққа бекітіп қояды.

Тарту арқанмен көшкенде түйеге артқан жүкті қомға бекітіп тартып байлайды, сондай-ақ арбаға, шанаға тиеген жүкті бастырып байлайды. Тарту арқанды қыл қосып ширақ етіп бұрайды.

Матау арқан. Бұл арқан онша жуан емес, онымен қатар шөккен түйелерді, қысырақтарды матайды.

Атарқанмен ат арқандайды, кейде қашаған жылқының мойнына тағып, сүйретіп жібереді. Кейде атарқанның бір басында бекітулі қазығы болған, оны жолаушы қоржынға салып, өзімен бірге алып жүрген.

Белдеу арқан — киіз үйдің туырлығын белінен орап байлайтын арқан. Осылар сияқты «шанду арқан», «шом арқан», «қом арқан», «тең арқан», «желі арқан» деп аталатын арқандар көп-ақ. Оларды сырт көрінісіне, есілген жүндеріне қарай «қарала арқан», «қыл арқан», «жүн арқан», «кендір арқан», «ақ арқан» деп те атайды. Жалғыз жүрген жолаушы далаға ұйықтайтын болса айналасына арқан тастап жатқан, жаңа жұртқа үй тіккенде де айналасына ала арқанды шұбалтып тастап отырған. Өйткені қыл арқаннан жын-шайтан қорқады, жылан өтпейді, қаскүнем адам да аттай алмайды деген сенім болған. «Арқан аттаған жаман болады» дейтін ескі ырым содан қалған.

Арқандардың басқа жіп-шулардан айырмасы — әрбір арқан үш тіннен бұралады, ал әрбір тін тағы да екі тіннен қолмен есіледі. Арқан-жіпті есу әдісі жайында, оның барлық түрлерін қайталап жатпай-ақ, олардың бәріне ортақ әдіспен есіліп соңынан бұралатын арқан бұрау әдісіне тоқталайық.

Арқанды қойдың түтілген жабағы жүнінен, не өлі жүнінен ең әуелі үш тінін үш бөлек жіп етіп қолмен есіп алады. Арналуына қарай, мықты және көпке төзімді болу үшін арқан шүйкелерінің сыртын жылқының, ешкінің қылымен орап істейді. Шүйке дегеніміз есу үшін әзірлеп алған жүн мен қылдың үзінділері, оның ұзындығы екі сүйемдей, яғни 30—35 сантиметрден аспайды. Шүйкені әзірлеу үшін үзім-үзім қылды созып төсейді. Енді соның бойына жетерліктей етіп тағы бір үзім жүн созып салады. Содан соң арқан есуші екі қолын суға малып әлгі қыл мен жүнді алақанымен есіп, ортасынан бүктеп ширатады. Осылайша әзірленген шүйкелерді біріктіріп, ширатып еседі. Жүнді бір-бірімен жалғастырып ескенде, олардың ұштарын созбалай отырып, су салып дымдап ширатады. Осылай еткенде ғана жүннің екі ұшы бір-бірімен тұтасып бірігіп селбесе алады. Шүйкеден алып, бірімен бірін жалғастыра ширатып отырған шүйкелерді «септеу» деп, септеулердің ұштарын қосып ширатуды «селбестіру» деп атайды. Кейде екі бөлек үзік жіптердің ұштарын тарқатып алып суға салып сілемдеп отырып есіп


жалғайды. Бұл әдісті де «септеу» дейді. Ал бір жіпке септелетін екінші жіптің үзiгiн «жалғау» деп атайды.

Арқан осылайша шүйкелерден септелген үш тiннен есiледi. Бiрақ оны өте берiк етiп жасау үшiн кейде төрт, бес тiннен де бұрай бередi, шылбыр, тiзгiн, ноқта т. б. кiшi-гiрiм жiптердi екi-үш-ақ тiннен еседi. Кiшi-гiрiм жiптердiң тiндерiн әзiрлеген соң, оларды керегеге тартып бұрамай-ақ, алақанға салып ширатып ессе де болады. Бiрақ жiптердi әбден ширатып есу керек. Қазақ халқының салтында арқан, жiптердiң кейбiреулерiн әр түстi етiп ескен. Мысалы, арқан не жiптiң бiр тiнiн қара, екiншiсiн ақ, үшiншiсiн сары түстi етiп ширатады. Сондықтан да оларды «қарала арқан», «қарала жiп», «ала жiп» деп атаған. Бiреудiң адалдығын айтқанда, ол ала жiптен аттамайды деу содан қалған.


Әдетте киiз үйдi дауылдан сақтау үшiн оны арқанмен бастырып, жел жақтан қаққан қазыққа байлап тастайды. Қазақ осы арқанды «жел арқан» деп атайды. Үйдiң артындағы жел арқан байлайтын қазықты «күйеу қазық» дейдi. Өйткенi қазақ халқының ескi ғұрпында ұрын келген күйеу қайын атасының үйiне тура келiп түспейдi. Ауылбасы жеңгелерi мен балдыздарын жiберiп, келуге рұқсат белгiсiн жiберген соң ғана күйеу ауылға келедi. Оның күйеу қазық аталуы осы. Киiз үйлi ауылдың сырт жағы дәйiм жел көп соғатын жақта болады да жел қазық та сол сырт жақта тұрады. Мiне осы тұсқа тартылатын жел арқанды бұрап еседi. Жел арқан төрт тiннен есiледi. Осы төрт тiндi қосып бұрау үшiн мынадай әдiстер қолданылады. Биiктiгi бiр жарым метр 2 дiңгектiң арасына көлденең бiр тақтай бекiтедi. Ол тақтайға не қатар, не төрт бұрыш етiп 4 тесiк жасайды. Олардың кеңдiгi арқанның тiндерi еркiн өтетiндей етiледi. Қазақ аулының жағдайында тақтай мен дiңгек табудың өзi оңай емес. Бұл үшiн кейде керегенiң босаға жағындағы көздерiн пайдаланған. Дiңгектегi тақтайдың тесiгiнен немесе керегенiң көзiнен өткiзiп алған 4 тiндi 5—6 метрдей жерге апарып, олардың төрт ұшын бөлек ағашқа орайды (ағаш шөмiшке де ораған). Бұл ағаштарды төрт адам тартып, барлығы бiр бағытқа қарай бұрайды. Бұл кезде арқанның төрт тесiктен өтiп барып түйiскен түбiн тағы бiр адам өзiне қарай тартып бұрап тұрады. Осыдан кейiн арқанның төрт тiнi бiрге ширатылады да мықты есiлiп шығады. Арқанның түбiн тартып бұрауға әдетте қолының күшi бар әлуеттi жiгiт тұрады. Өйткенi тiндер әрi бұралып, әрi созылып және бiр-бiрiне тығыз жымдасуы керек. Ал жiгiтке қарама-қарсы жақта 4 әйел бар күш-



Термеле: (солдан оңға қарай): терме басқұр, терме баулар — киіз есіктің тастамасы, желбау, уық, аяқ бауының алақаны, и реге басқұры (ең шетте). Көлбей төселгендері: таңғыш, еңсізі—түндік бау.



Мақтадан тоқылған терме баулар.



13-сурет. Арқан бұрау.

терімен тартып тұрады. Сонда ғана арқан мықты болып есіледі.

Жіп және бау. Жіп деп байырғы тілімізде жүннен есілген кішігірім арқаншаларды айтады. «Жіп» деген сөз бен «бау» деген сөздің мағыналық айырмасы бар. Жіп әр кезде қандай шаруаға болса да жұмсала береді және ешбір затқа тұрақты байланып бекіп қалмайды. Жіп әр қашан өз алдына бөлек шумақталып жиналады. Мысалы, қазақ ауылдарында шаруаға қолданатын жіптердің мынадай түрлерін атауға болады: арқан жіп (кішігірім арқан); бас жіп — мал байлауға арналған жіп; жан жіп — жорықшылардың, батырлардың қанжығасында жүретін жіп; бұғалық жіп — жылқы ұстайтын жіп; керме жіп — ат байлайтын керме; өре жіп — атың аяғына өре салатын жіп; тең жіп — тең буатын жіп; тұсау жіп — тұсамыс; күрде жіп — биені сауғанда бір аяғын мойнына аса байлап қоятын жіп; ноқта жіп; тіз жіп — түйе тіздейтін жіп; шалма жіп — бұғалық; үзеңгі жіп — түйеге ерсіз мінгенде аяқ асып отыратын жіп т. б. Осы жіп-

тердің бәрі де керек кезінде болмаса, үнемі бір затқа байлаулы, тағулы тұрмайды және оларды бірінің орнына бірін пайдалана береді.

Бау әрқашан өзі қызмет атқаратын затына байлаулы, тағулы жүреді. Ол өз алдына шумақталып бөлек жиналмайды. Баулардың басты-бастылары мыналар: аяқбау-уықтың, бүркіттің, керегенің аяқбаулары; басбау — киіз есіктің тастамасы; балақ бау — бүркіттің аяғында жүретін былғары немесе қайыс бау, тамақбау; құлақбау; үзікбау; түңілік бау; желбау; құрықбау т. б. баулар әрқашан өз орнында тағулы немесе байлаулы жүреді. Ал шылбыр, бұйда — жіп тобына, мұрындық, бүлдіргілер — бау тобына жатады.

Арқан, жіп, баулардың бір басы (басталған жағы) тұйық болып, бір басы (аяқталған жағы) жіңішке есіледі де, оның ұшын қара, қызыл, көк мата орап тігіп бекітеді. Кейбір баулардың бастарына әр түсті шашақ қадап қояды.

Ширатылған жүн жіпті өріп құр, айыл, өмілдірік, құйысқан, бүлдіргі, түйе мұрындық, құстың шыжымын жасайды. Осы тәсілмен кейде жалпақ айыл, кейде қырлы құйысқанның тіндері жасалады. Осыған орай жүн жіптерді өрудің екі түрлі тәсілі бар. Оның бірі қолмен есіліп, ширатылып алынған бірнеше тін жіптер кәдімгі бестемше тәртібімен қайыс тәрізді өріледі. Мысалы, жабу жіп, мойын жіп және т. б. Екіншісі — ұршықпен иіріліп алынған бірнеше ширақты жіңішке жіп тіндерін қосып жұмырлап, қырлап өру. Бүркіттің шыжымы, құйысқан мен өмілдіріктің жеке тіндері осылай жасалады. Бұл әдіс пен өрілген шыжым 4 тін болса, жұмырланып, 6—8 тіннен өрілсе 4 қырлы, 6 қырлы болып шығады. Құйысқан, өмілдірік сияқты заттардың өрілген тіндерін қатарлап тігіп жалпақ етіп шығарады. Өріліп жасалған жүн жіптер кейде «таңдай», «жолақ», «тіс» өрнегімен, кейде бірнеше қырлы мәнерлі өрімдермен әдеміленеді.

Қолөнершілер түрлі талшықтан, майысқақ ағаштан, кендірден, жөкеден, қабықтардан, кейде мата жіптерінен есіп, бұрап төсеніш, шыпта, қорап, тең жіп, дөртенің түп бауы сияқты заттар жасайды. Осы арқан-жіптерді байлаудың қазақ халқының арасында күрмеу, қазықбау, шие, өткерме, ілмек, тиектеп байлау, тұзақтап байлау, бие байлау, ноқта байлау, бұршақтап тую, бастырық, бүлдіргі деген сияқты түрлері бар. Арқан-жіп, бау-шулардың ұштарын түйіп өткермелеп, не матамен немесе жарғақ терімен орап тігіп бекітеді.

Құр, терме, баулар қазақ киіз үйінің, малдың жабулары мен жабу жіптерінің, үзеңгі бау мен өмілдірік, құйысқан, ноқта сияқты істерінің ажарын келтіріп ең беріп тұратын әрі берік, әрі әшекейлі өрнегі ретінде өте бір көркем жиһаздарынан саналған. Құр мен терме баулар теріп тоқу өрмегінің әдісімен де, жай өрмек әдісімен де жасалған. Онда жалпақ емес таңғыштарды ескен немесе ұршықпен иірген түсті-түсті тіндерден құрайды. Осындай 5, 8, 10, 12 тінді ала таңғыштар қазір де кездеседі.

Құрлар өрнектілігі мен әдемілік жағынан түксіз кілемдерге өте ұқсас. Құрлардың ені 80—90 см, кейде бір метрге жетеді. Құрлардың халық арасына көп тараған түрлері: басқұр, дөдеге құр, құр желбау, құр аяқбау, бастырма құр және т. б. Басқұрмен туырлықтың астынан керегелердің бастарын белдеулейді. Дөдеге құрмен үзіктің етегін, дөдеге киіздердің астын әсемдесе, бастырма құрмен киіз үй үзігінің жоғарғы жағын айқыш-ұйқыштап бастыра байлайды.

Шашақтап, өрнектеп тоқылған құр аяқбаулар уықтың шаңырақ пен керегенің тең ортасы тұсынан төгілте байланады. Аса сәнді киіз үйлердің құрлары қызыл-жасыл, ақ, сары жібек жіптермен, алтын күміс қозалармен, оқалармен безендіріледі.

Әдемілеп арнайы тоқыған құрлар нар түйенің асмаддық, ноқта, алқа, бауыр жіп, қоңырау тағатын мойын жібі сияқты жабдық жасауларына пайдаланылады.

Шағын енді, жарасымды құрлармен өмілдірік, тартпа, құйысқан, құр айыл, кежім, тоқым, көпшік, таралғы бау, тебінгі сияқты ат тұрмандарын әшекейлеген. Бояулы биязы жүн жіптерден тоқылған жіңішке құрлар киімнің етегіне, жеңіне, шалбардың балағына, тон мен шекпеннің әдібіне ұсталған. Құр ленталар көп нәрселерге жиектеуге, өрнектеп ажар беруге жұмсалған, оларды әдемі белбеу ретінде тұтыңған. Шынында құрдан құраған қоржындар, сандыққап, аяққап, қолдорбалар, жүк жапқыштар киіз үйдің сәнін ажарлай түседі, әрі тұтынуға да төзімді бұйымдар саналады.

Құрдың өрнектері көбінесе ромба тәріздес төрткүлдер мен екі жақ жиегіндегі «су» өрнектерінен, олардың аралықтарындағы үшкілдер мен қолтықшалардан, «мүйіздерден» құралады. Бір сөзбен айтқанда, құр тоқу өнері сәнділік жағынан да, күрделілік және тұтынуға қажеттілігі жағынан да кілемшілік өнерінен кем түспейтін өнер.

Қазақ қолөнерінде жүннен, киізден, жіптен өндірілетін басты-басты бұйымдарға мыналар жатады:

абылайша
адырна
айыл
айырқалпақ
ақ орда
ақ қалпақ
ақ мауыты
алаша
алшалғы
алжапқыш
алқа
арқан
арқау
асмалдық
аяқ бау
аяққап
байпақ
балақ бау
барша
белбеу
белдемше
белдеу
бет киіз
бет перде
бидайлық
биялай
боқша
бөкебай
бөрік
бөстек
бұғалық
бұйда
бұйра
бұршақ
бүлдіргі
далбай
дастархан
делбе
дорба
доғара
дөдеге
елек
жабағь

жабу
жайма
жайнамаз
жаялық
жалбағай
жамылғы
жастық
жейде
желкен
желқом
желі
желінқап
жеңсе
жер жастық
жиек жіп
жолақ
жоламай
жолым үй
жіп
жіп-шулар
зер жіптер
кебежеқап
кебенек
кебін
кебіс (киіз кебіс)
кежім
келеб
кемер
кенере
кепе
кер айыл
кереге қап
керме
керуіш
кескек жіп
кесте жіп
кеуде көйлек
көген
бұршақ,
бүлдіргі,
көрпе
күрде
күзу

күйек
күйме
күлдері
күлапара
күпі
күрке
киіз
киіз үй
кілем
қалауыш
қамқа
қамыт, (киіз қа-
мыт)
қанар
қанжыға
қарғы
көк кіреуке
көмкеру
көпшік
қаттама
қатырғы
қолтұзақ
қом
қонышбау
қорамсақ
қоржын
қос
құйысқан
құлақ
құлақбау
құндақ
құр
құрық бау
құрым киіз
қыл қобыз
қылшан
қын
қынап
қырмызы
қырпу
лашық
ләмке

мақпал
майлық-сулық
малақай
манат
маржан өткізген
жіптер
масахана
мая жүн шекпен
миәт

мұрындық
ноқта
нымша
ойма
орауыш
откиіз
өңір
өпшін

өре
өрме жіп
өрмек жіп
өрнек
талдырма
талшық жіп
тақия
тоқыма
шекпен т. б.



МАЛ ТЕРІЛЕРІ МЕН АҢ ТЕРІЛЕРІН ӨҢДЕУ

В алық тұрмысында мал терілерін қарапайым жолмен ұқсату көптен бері келе жатқан тәсілдердің бірі. Сондықтан бұған байланысты түрлі-түрлі ұғымдар туды. Мысалы, ірі қара малдың иленбеген терісін шылғи тері немесе шылғи қайыс, ал тері иленіп ұқсатылғаннан кейін оны қайыс деп атайды.

Шылғи қайысты ұқсатудың екі түрлі жолы бар. Бірі — оның жүнін сылып тастап пайдалану, екіншісі — теріні жүнін сылымай-ақ пайдалану. Жүнді терілерден тулақ, тайтері, бөстек, тұлып, қауға, шанаш, мес, дорба, шарқай, т. б. жасалады. Жүнін алып тастаған терілерден көк, өкше сірі, көн, дабыл жасалады. Құрымға салынып, ысқа ұсталып, құмға қатырылған теріден саба, торсық, көнек, шанақ істеледі. Иленген теріден көксауыр, таспа, қайыс, қапшық, құлын, жарғақ, бота ішік, шідер, жүген, айыл, тартпа, тамақбау, құлақбау сияқты нәрселермен қатар, былғары, ұлтан, опайке, шегрен, көзел, етік, мәсі, кебіс, қоржын, тоқым, ертұрман, тон, шалбар, шамадан, тақия, көпшік, белдік, кісе, кейде тұс киіз сияқты көлемді заттар да жасалады.

Ірі қараның терісі әрбір іске арнайы пайдаланылған. Соған қарай олардың әр түрлі атаулары бар. Мысалы, сиыр терілерін қолөнер шеберлері сиыр терісі, өгіз терісі, тайынша терісі, бұзау терісі деп төртке бөліп атайды да, әр терінің өн бойы — жондық, қабырғалық, үйек бас тері, пұшпақ, мойын болып бірнеше түрге бөлінеді. Жылқы терісін — бие терісі, жабағы және құлын терісі деп үшке бөледі. Түйе терілерін атан терісі, бота терісі деп екіге ғана бөледі. Атан терісі, өгіз терісі және олардың жондықтары қол істеріне ең қолайлы-

сы. Өрім ісіне ең жатымды қайыс — үйектер мен бауырлықтар. Ертерек кезде іріқараны үйектеп сойған, яғни малдың бір қарыс бауыр терісін бөлек тіліп алады. Ал бүтін терілерді тұтас бір іске арнағанда оның бас терісі мен пұшпақ терісін бөлек сойған және бас тері, пұшпақ, үйек қол ісіне көбірек жұмсалатын. Терілердің мұндай бөлшектерін малды сойып жатқанда бөлектеп алады. Біз осы терілерді құрымға салып, ыстап ұқсату мен иленген қайыстарды ұқсатуға толығырақ тоқталайық. Өйткені қолөнерде өрнектеліп жасалатын заттарға көбінесе терінің осы соңғы екі түрі қолданылады.

Теріні ысқа әзірлегенде сиыр, жылқы, серке терілерінің пышақ кескен, оқыра тескен жері жоқ бүтінін таңдап алады да, жүнін ұстарамен сыпырып тастайды. Содан кейін 2—3 күн шошаланың төбесіне жайып не киіз қайнатқан құрымға салып қояды. Тері ашты құрымның күшімен иленген сияқтанып ширығып, шымырлана түседі және қара қошқыл өңге енеді. Содан кейін оны сорғытып, аз құрғатып үлгіге салып отырып сабаға, көнекке, иықты, емізінкі торсықтарға, кеукеріндерге, қауғаға арнап пішеді де терінің қыртысын сыртына қаратып шуда жіппен жиі жөрмеп тігеді. Ертерек кезде жақсы торсықтарды тарамыспен тіккен. Кейбір шеберлер оған сыздық салып отырып тебе тіккен.

Тігіліп дайын болған торсықты (сабаны, көнекті) өзен судың жағасына апарып, ішіне ыстық құм толтырып, құмды келтекпен түйгілеп әбден нығыздау керек. Бұлай істегенде болашақ сабаның, торсықтың сырт өрнегі қалыптасады. Құм кептелген торсықтар ыстық пен желде 4—5 күн тұрып әбден кеуіп сіріленіп қатады. Содан кейін құмын төгіп тастап, ыдыстың іші тысын тұздалған сармаймен немесе жылқының сүр етінің майымен майлап тағы да күнге қояды. Енді май сіңген тері ыдыс ыстауға әзір тұрады.

Ыс салу жұмысы тобылғы бүршіктенісімен жүзеге асырылады. Мал шаруашылығы басым көшпелі елде ыс салуға ерекше маңыз беріліп, оның өзі үлкен науқанға айналған. Ыс салушы адам теріні күйдіріп немесе өте қуратып алмайтын, ыстың біркелкі сіңуін, ыс орнының мойны мен күркесін жасауды жақсы білетін маман болады. Әйтпесе жүздеген мал терілері ысырап етілуі мүмкін. Бұдан біз ыс салушылықтың кәдімгідей мамандық саналғанын көреміз.

Ыстың орнын не өзен жағасындағы жарқабақтан, не құдық маңындағы ескі апандардың шетінен дайындайды. Бұл үшін ені 40—45 см, тереңдігі 35—40 см, ұзындығы 10—

15 м жыра қазылады. Мұның жар не апан жақтағы аузын шұқырлап оттық жасайды да, дала жақтағы аузын плитаның үстіңгі тесіктері сияқты етіп ашық қалдырады. Жыраның өн бойының екі жақ қабырғасына кезекпе-кезек кірпіш қалытқы қалап бұрма жасайды. Сонда оттықтан шыққан тобылғының жалыны мен ыстығы орта жолдағы қалытқыларда бөгеледі де, шұқырдың аузына тек жылы түтін ғана келеді. Ал ысталатын терілерді ілетін күрке шұқырдың осы дала жақ аузына тігіледі. Ол үшін бірнеше тұзу ағаштардың басын түйістіріп, іргесін жая күрке жасайды. Оның сыртын терімен, ескі құрым киіздермен немесе жас шөппен қымтап жауып қояды.

Ысқа қойылатын ыдыстар осы күркенің ішіне ауыздарын төмен, яғни түтінге қаратып ілінеді. Ысқа онша құрамаған бүрлі тобылғы, ши, көк пішен жағады, кейде ысқа ерекше иіс сіңіру үшін жусан, адраспан, арша т. б. шөптерді қоса жағады. Ысты әдетте бір ауылдың ақсақалы, беделді адамы салады. Өйткені ыс дұрыс салынбаса өрт шығып кетуі мүмкін.

Ыс әбден сіңген ыдыстардың түсі қызыл күреңденіп, кепкен мейіздей болып қатып қалады. Осындай тобылғы торы торсықтар 5—6 айға дейін жібимейді де, дымданбайды да, көгермейді де, өнезденбейді де. Қажет жағдайда бес-алты айдан кейін оны тазалап кептіріп, майлап тағы да ыстайды. Ысталған ыдыстар ең алдымен қымыз, саумал, бие сүттері үшін қажет.

Қой-ешкі терілері. Қой терілерін: жабағы тері, қырықпа тері, күздік тері, соғым терісі, тақыр тері, тоқтышақ терісі, сеңсең, елтірі, мари, жылбысқа тері деп он түрге бөліп атайды.

Жабағы тері — қой-ешкінің апрель, май айларындағы жабағы жүні қопсымаған қалың түбітті терісі. Бұдан өте жылы күпі, тон (жабағы тон), бөстек жасайды, жидітіп жүнін алады.

Қырықпа тері — жабағы жүн мен күзем жүндері қырқылғаннан кейін сойылған малдың сұйық жүнді терісі. Бұдан тон, шалбар сияқты жеңіл-желпі киім тігіледі.

Күздік тері — октябрь, ноябрь айларында сойылған малдың өңі қалың терілері. Бұл тон, шалбар, ішік, бөрік жасауға қолайлы.

Соғым терісі — жүндес, қыртысы қалың мықты терілер. Ол киім түрлерінің бәріне жарай береді.

Тақыр тері — жүнін қырқып алысымен сойылған немесе жүнін жидітіп алған терілер. Бұдан жарғақ шалбар, тыстық, көмкерулер, қап, тұлып, дорба, дабыл сияқты заттар жасалады.

Сеңсең — үш ай мен бес ай аралығындағы қозының қырқылмаған терісі. Бұдан көбінесе ішік, тымақ, бөрік, бөстек, көрпе жасайды.

Елтірі — туғанына 2—3 ай болған қозы терілері. Жүні бұйра қаракөл сияқты өте әдемі. Бұдан ішік, тымақ, бөрік, бөстек, ноғай бөрік, жеңсе, жеңұш, жаға тігіледі.

Мари — туа салып немесе бір, екі сөткеде өлген қозы, лақ терілері. Бөрік, тақия, жұрын көкрекше жасауға, әдіп-теуге, киім тысын көмкеруге қолайлы. Маридің жүні аласа, жылтыр, кейде таңдайлана өрнектеліп келеді.

Жылбысқа — іште жатып өлген немесе туысымен өлген қозының өте жұқа терісі. Оның жүні жоққа тән. Тыстыққа, астарға, әдіпке, өрнек бетіне салуға жарайды.

Тоқтышақ терісі — сеңсеңі қырқылғаннан кейін біркелкі майда жүн өскен, 4—5 айдан асқан қозы терісі. «Тоғыз қабат торқадан тоқтышақтың терісі артық» деген мақал да бар. Ол киімнің барлық түріне жарамды, жеңіл де жылы, жұмсақ тері. Одан тысты тон (қаптама) жасайды.

Ешкі терілерін — жүндес тері, тақыр тері, түбітті тері, серке терісі, лақ терісі, лақ мариі деп бөледі. Ешкі терілері төзімді келеді. Сондықтан одан алуан түрлі киім тігеді, бөстек, тулақ, торсық, саба, қапшық жасайды.

Мал терісін илеу. Мал терілерін илеудің 2 түрлі әдісі бар. Оның бірі үлкен күбіге немесе шелекке ашытқы ашытып, теріні соған салып илеу. Мұны малма дейді. Екіншісі — и жағып илеу. Ал иді қатықтан айраннан, не езген құрттан, не құрттың сары суынан, кейде ашытқан көжеден, немесе ұнға тұз қосып та жасайды.

Теріні малмамен илерде оны жібітіп шелдейді де, бір рет суық суға жуып тазартады. Одан кейін күбідегі иге салып, күн сайын бірнеше рет сапсиды (шайқайды). Иге салынған тері иге түгел батырылады. Олай болмаса терінің иге батпаған жері қара қайыстанып, бырысады да, кейін пішіп тігуге жарамайды. Қой, ешкі терілері иде 6—9 күн, ірі қара терілері 15—20 күн жатады. Терінің иі қанғанын білу үшін оны қолмен тырнап қарағанда тері қыртысы қалыңдап, ет қыртысы көшіп тұрады. Иден шыққан теріні көлеңкеге бір рет кептіріп, соңынан сақармен жуып тазартады. Малмаға салған терінің жүні ұйысып, білтеленіп қалады. Оны ажыра-

ту үшін кепкен соң жұмсақ шыбықпен сабап сілкеді. Кейде сирек тісті тарақпен тарайды. Теріні аз тобарсыған соң уқалай отырып, қолдың жылуымен кептірген жақсы.

Иленіп, кептірілген теріні еттейді. Жұмыстың бұл процесін тері қыру дейді. Теріні қыру үшін жұмыр ағаштың бір басын қабырғаға, не дінгекке сүйеп, бір басын көлбете жерге тіреп қояды да, оның үстінен биязы шекпен, не брезент жабады. Оның үстіне ет жағын сыртына қаратып теріні салып қырады. Терінің еті тез көшіп түсуі үшін, оған не ұн, не ұнтақталған бор сеуіп қырады. Қырғы шалғы орақтан немесе жүзді темірден жасалады.

Теріні и жағып та илейді. Ол үшін иленетін заттың көлемі шағын болуы шарт. Сеңсең, елтірі, лақ елтірісі, бота терісі мен ұсақ аң терілерін жағып илейді. Бұларға жағылатын да жоғарыда айтылған и. Қоян, түлкі, бұлғын, қарсақ, тиін сияқты өңі жұқа аң терілері өте тез иленеді. Оларға и жағылғаннан кейін 1—2-ақ күн тұрады. Аң терілері бітеу сойылып, оның жүнін былғамай, өңін шыңылтырландырмай илеп алады. Мұны «сабаулау» деп атайды. Мысалы, жаңа сойылған түлкі терісін теріс айналдырып, құрт пен тұз жағады да, ішіне екі сабауды сұғып, кергілеп толғайды. Бұл тәсілмен ұқсатылған түлкі терісі 7—8 сағат ішінде тымақ тігуге әзір болады. Аң терісін қырғыштамайды, қалың көк еттері мен майларын қолмен алып тастайды.

Тері бояу. Тері бояудың екі түрлі мақсаты бар. Біріншісі, теріге өң беру, ал екіншісі, теріні неғұрлым су өтпестей етіп ширықтыру. Тері ұқсатушылардың арасында ең көп тарағаны және теріні ұқсатудың тиімді тәсілі — қабыққа салып бояу. Бұған талдың, теректің, еменнің қабықтары қолайлы. Сондай-ақ жер қынасын, томар бояуды, шөп түбірін, шеңгелдің, көк тікеннің бүрлерін де кеңінен пайдаланады. Семіз терілердің майын сорғыту үшін оған ащы аралас былжыр салып кептіріп, артынан уқалап түсіріп тастайды. Кейде қызыл кірпіштің ұнтағын салып бүктеп тастаса да жеткілікті.

Теріні қабыққа салып бояу үшін талдың, еменнің, қара мойылдың, кейде май қарағайдың қабықтары да жақсы. Оларды жасамалы ағаштардан күздігүні әзірлейді. Тік тұрған ағаштың қабығын сыдыру ағашқа үлкен зиян келтіреді. Сондықтан бояуға алынатын қабықты кесілген ағаштардан жинайды. Жиналған қабықты жылы сумен жуып, кепкен соң темір келіге салып түйеді немесе қол диірменмен тартады. Он бір, он екі қойдың терісінен тігетін үлкен тонды бояу үшін осындай ұнтақталған 4—4,5 килограмм қабықты бір

жарым-екі шелек суға салып, тұзын татытып қайнатады. Қайнау мен суалдырудың мезгілін қайнап шыққан қабық бояуының түсуіне және қоюлығына қарай белгілейді. Су аз құйылғандықтан бояуы шықпай, қабықтар құрғап бара жатса, үстеп су құяды. Мұның керісінше, кейде оның суы көбейіп, бояуы өте сұйылса, қосымша қабық ұнтағын салып қайнатады. Ал қайнауы қанып, қажетті түсі мен қоюлығы жеткен соң от жағуды тоқтатып, қабықтың ұнтағын сүзіп алып тастайды. Қайнатылған бояу тері күйместей қанжылым болған соң теріні бояй беруге болады. Бояудың қою-сұйықтығын бірқалыпты етіп, қыл сыпыртқымен немесе кірі жоқ киіз қырдасынмен теріге жағады. Боялған теріні бояуын бойына сіңіру үшін бір-екі сағат өңін ішіне келтіріп бүктеп қояды. Бүктеулі жатып дегдген теріні желге, көлеңкеге, ыстық үйге жайып кептіреді. Кептіргенде ол шыңылтырланып құрғап қалмас үшін теріні тобарси бастаған соң-ақ қолмен уқалап созғылайды.

Теріні бояудың келесі түрі — томар бояу. Ашылауытқа шығатын құрай тектес жапырақты өсімдік дәнге толған кезде басы ақ үрпіктенеді. Жапырақтары сарғайып, құрайдың түбі қызғылт тартады. Шамамен алғанда бұл июльдің аяқ кезі. Осындай кезде құрайдың түбірін қазып алады да, оны әбден жуып, жақсылап кептіреді. Кепкен түбірді ұнтақтап, қайнатып, жоғарыда айтылған тәсілдер бойынша тері бояуға пайдаланады. Мұны томар бояу дейді. Томар бояуға тұз қоспайды. Бояу сұйық кезінде ашық сары, қоюланғанда күрең сары тартады. Томар бояумен жүнді де, жіпті де бояйды. Сондай-ақ теріні қынамен де бояйды. Қына жазықтарда, адырларда, шөптің арасында жерге жабыса өсетін өсімдік. Бұл әсіресе соны өрістерде көп. Оны дайындау үшін күзгі уақыт қолайлы. Қынаны үйге әкелген соң оны шөп-шаламнан, топырақтан арылтып, сумен бір жуып тастап қайнатады. Он-он бес теріні бояу үшін екі шелек қына қайнатса жеткілікті. Қынаның басытқысына тұз, ашудас немесе мүсәтір қосып, аздап май құяды. Кейде көк тікеннің, қызыл мойылдың бастарын өнеркәсіптен шыққан бояумен араластырып, қына бояуын күрең қызыл етіп түсін ашады. Қына бояуы жүн жіптерге жақсы қонады. Осы әдіспен боялған теріден әсем киім, тұтынуға қолайлы түрлі мүліктер жасалады. Соның ішінде әсіресе төрт түлік малдың терілерінен көп киім тігіледі. Бұларды өң киімдер деп атайды. Өйткені бұл киімдер өте жылы болады.

Қой мен ешкінің терісінен тон, шалбар, үлкен қойдың

терісінен ішік, сеңсең ішік, елтірі ішік, лақ терісінен ішік, бөкебай ішік тігіледі. Қозы, лақ терлерінен тымақ, бөрік, құлақшын тігеді. Сондай-ақ жүнін сыртына қаратып, құлын терісінен тіккен ішікті (доханы) «құлын ішік» деп, ал жүнін ішіне қаратып бота терісінен тіккен ішікті «бота ішік» деп атайды.

Қойдың, ешкінің, тайлақтың пұшпақтарынан құрап тігілетін ішіктер де бар. Мұндай құрама киімдерді көбінесе балаларға арнап тігеді. Олар әрі жылы, әрі жеңіл келеді.

Мал терісімен қатар, аң терілерінен де түрлі бас киімдер мен ішіктер тігіледі. Мысалы: қасқыр ішік, түлкі ішік, сусар бөрік, жанат ішік, бұлғын ішік аң терісінен тігіледі. Кейде мұндай киімдерді аң терісінің жонынан, тамағынан немесе пұшағынан құрап істейді. Бұл киімдерді тамақ ішік, пұшпақ бөрік, пұшпақ ішік деп атайды. Аң терілерінен әр түрлі төсеніштер жасайды. Оларды бөстек дейді.

Теріден тігілген киімдерді кестелі немесе кестесіз маталармен тыстап, әдіптейді, жаға-жеңдерін кестелеп жұрындайды немесе сыздық жүргізу арқылы әшекейлейді (құндыз бөрік, қамқа тон т. б.).

Мал терілерінен жасалатын басты-басты бұйымдар:

жабағы тон	қара тон	бояулы шалбар
іштік тон	жарғақ тон	тысталған шалбар
қаптал тон	тұлып тон	бар
қырықпа тон	оқалы тон	кестелі шалбар
ақ тон	жағалы тон	белді шалбар
бояулы тон	бешпент тон	сым шалбар
кестелі тон	тысталған тон	жарғақ шалбар
зерлі тон	былғары тон	қырықпа шалбар
қаракөл ішік	бүрмелі тон	тақыр шалбар
әдіпті ішік	венгер тоны	кең балақ шалбар
қаптал ішік	шолақ тон	қара шалбар
түйенің сирақ терісінен істелген ішік	бота ішік	түймелі шалбар
ботаның тамақ терісінен істелген ішік	пұшпақ ішік	сырма шалбар (астарлы)
бөкебай ішік	тайжақы	көксауыр шалбар
шығыт ішік	құлын жарғақ	бота шалбар
түймелі ішік	мари ішік	бұзау терісінен
қамқа тон	бұзау ішік	тігілген шалбар
	елтірі ішік	қап шалбар
	сеңсең ішік	сал шалбар
	лақ ішік	
	аң ішік	

тері желетке
қамзол
жағалы ішік
астарлы ішік
зерлі ішік
кестелі ішік
хром ішік
ешкі терісінен
істелген ішік
желетке ішік
қамзол ішік
бүрмелі ішік
құндыз ішік
тері шалбар
елтірі шалбар
сеңсең шалбар

кеудеше
жеңсе
тізе қап
алшалғы
алжапқыш
тымақ
сеңсең тымақ
елтірі тымақ
лақ тымақ
бота тымақ
үлкен тымақ
жекей тымақ
алты сай тымақ
сегіз сай тымақ
төрт сай тымақ

құлақшын
бөрік
елтірі бөрік
сеңсең бөрік
лақ бөрік
бұйра бөрік
бота бөрік
пұшпақ бөрік
құндыз бөрік
жекей бөрік
бүрмелі бөрік
сәукеле бөрік
жаба салма ты-
мақ
қайырма тымақ

Бұлардан басқа тымақтың тысына, пішілу үлгісіне қарай «барқыт тымақ», «шұға тымақ», «торғын тымақ», «арғын тымақ», «найман тымақ», «үйсін тымақ» деп аталатын түрлеріде бар. Мал терілерінен істелетін үй іші жабдықтары — төсеніш, бөстек, тайтері, күпсек, тулақ, тұлып қап, талыс, сапсалғы, қоржын, дорба, қап, шанаш т. т. Аң терісінен:

түлкі ішік
жон ішік
тамақ ішік
пұшпақ ішік
бауыр ішік
орман ішік
қасқыр ішік
бөлтiрiк iшiк
күзен ішік
тышқан ішік
ақкіс ішік

тиін ішік
сусар ішік
борсық ішік
суыр ішік
таң (ақ бөкен)
ішік
қоян ішік
бұлғын ішік
жанат ішік
сілеусін ішік

құндыз ішік
андатр ішік
бөкен ішік
арқар ішік
елік ішік
аю ішік
аю тамақ ішік
аю балақ ішік
аю маңдай ішік
қара бауыр ішік

мысық ішік сияқты түрлі киім кешектер тігіледі. Сондай-ақ аң мен хайуанат аттарына байланысты аталатын ішік, бөрік, тымақ, бөстектерден басқа бұйымдар да болады. Оларды ең қымбат маталармен тыстап, кестелеп, зерлеп жасайды. Кейде үйрек, сары алақаз, аққу терілерінен де бөрік, ішік жасалған.

ҚАЙЫС ӨРУ ӨНЕРІ

Мал өсіруші қауымға малдың жүнінен, терісінен өндірілетін үй мүліктері мен киім-кешектер қандай қажет болса, ат саймандары — ертұрман, қайыс таспалар да сондай қажет еді. Бұл мүліктердің көпшілігі көшпелі ауылдары мен мал жайылым отарларының жағдайында әлі де ел керегіне жарап жүр. Жүген, айыл-тұрман, құлақбау, шілия мен делбе, қамшы және қайыс бел көтермелер әлі де тұтынудан қалған жоқ. Сондықтан да біздің республика көлемінде көптеген еңбекшілер қайыс ұқсату ісімен, олардың ішінде 47 шебер өздерінің ғажайып өрім өнерлерімен жұртқа әйгілі. Қарағандылық Абылаев А., Беков Ә., алматылық Гражданов П., ақтөбелік Көшенев К., Досалин Қ., целиноградтық Мейірманов Ж., қызылордалық Айтжанов С. және тағы басқалары осындай атақты өнерпаздар. Қазақ қолөнеріне, оның ішінде қайыс өрім өнеріне кезінде Ш. Уалиханов пен Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, сондай-ақ академик П. Паллас та ерекше назар аударған. Кейде бір өте әдемі және берік қаланған тасты, кірпішті, өрнектеліп соғылған мұнараларды өрілген деп бейнелеп айтуымыздың өзі өрім өнерінің ерекшелігінің дәлелі іспеттес емес пе!

Қайыстың сапалы болуы оның жақсы иленуі мен мейлінше жұмсақ, сынбайтын, қатпайтын болуына байланысты. Сондықтан оларды иі қануын қадағалап, құрыс-тырыссыз жұмсақ етіп шығару сөз жоқ асқан шеберлікті талап етеді. Қайыстың бар ерекшелігін мұқият ескерген шеберлер иден шыққан қайысты балықтың, сүйектің, өсімдіктің майын жағып кептіреді. Кепкен теріні қысқыға, созғыға салып уқалайды. Бұған қажетті аспаптарды да шеберлер өздері әзірлейді. Мәселен, теріні бабына келтіру үшін әуелі созғыға салады. Созғы былай жасалады: тақтайдың үстіне биіктігі жарты метрдей екі қалың тақтайды арасына адамның тізесі сиярлықтай етіп тігінен бекітеді де, жоғарғы басын сүйірлеп, әр жерін кертіп тіс шығарады. Содан кейін шебер бір шетін әлгі екі тақтайдың үстінен жабады да, екі жағын мықтап басып ұстап отырып, аралығына тізесін салып нығырлап басады. Мұны иректеу дейді. Осыдан кейін талқыға салады. Талқы дегеніміз ішкі жағы иректелген, қатар бекітілген екі жақтаулы ағаш станок. Оның аралығына ерең сиятын, ирек жүзді бастырық ағаш қойылады, оның бір басы жақтауға бекітіліп, бір басы бос тұрады. Теріні әбден жұмсартып уқалау үшін осы жақтаудың арасына салып, басты-

рықпен езгілеп басады. Терінің иіне қарай, кейде бір сағат, кейде 40—50 минут уақыт басады.

Қысқы — тігетін қайыстардың шетін бір тегіс ұстап тұру, бекітіп қойып тілу, өру, оюлау үшін керек аспап. Оны жуан және кепкен ағаштан жасайды. Иленген қайыстарды өңіне кіргізіп алып, керек затқа арнап таспалап тіледі де қажетінше пайдаланады. Аттың шілиясы, жүген, құйысқан, өмілдірік, жырым, қамшы сияқты әр түрлі өрме заттары тую және өру әдісімен жасалады.

Қайыс туюдің бірнеше өрнекті түрлері мен атаулары бар. Олар төрт таспадан тую, қалмақша тую, түйемұрындық, өткерме, тастүйін т. б. Жүген, ноқта, делбе, шілияларды осы тую әдісімен де жасайды. «Ағаштан түйме түйген» дейтін бейнелі сөз осыдан қалған. Қазақ кейде түйме, тиек, бұршақ, бұдырларды да қайыстан, таспадан түйген. Жүгенді қайыстан, былғарыдан тігеді, не түйеді, әшекейлейді. Соған қарай қайыс жүген, былғары жүген, түйме жүген, өрме жүген деп түр-түрге бөледі. Алғашқы екеуін тігіп, күмістеп, үзбелеп әрлейді. Соңғы екеуін тую, өру мәнерлерімен әдемілейді. Ал түйме жүгенді екі шетін ішіне бүгіп бүктеген екі-үш қайыс лентаны жарыстыра отырып, сағалдырық, кекілдік, кеңсіріктерін әр түрлі әдіспен өткермелеп түйіп шығарады. Ауыздық, сулық, шекелік темірлер де осы түйіндер арқылы жалғасады. Өрме жүгендер таспаның санына қарай әр алуан мәнерде өріледі. Жүген өрілетін таспалардың ортасынан 20—25 см алақан қайыс қалдырылады. Сол жерден ауыздық шығарып, қайысты бүктеп, таспаларды (екі жақтау ауыздықтың екі шығырынан бастап екі бөлек өріледі) өре бастайды. Кеңсіріктік, кекілдік, сағалдырық та осы таспалармен тұтас өріледі. Жақтаушалардың желкелік қоспасын кекілдік, кеңсіріктік, сағалдырықтардың түйіскен жерінде не өрім, не тую мәнерінің түрлерімен шашақтап, түймелеп бекітеді. Бұл әдіс шілия, құйысқан, өмілдірік, ноқта өрімдерінде де қолданылады. Өрімдерді жалпақтап өріп, оның кей жерлерін жұмырлап, қырлап, қуыстап құбылтады.

Қолөнерінде ескіден келе жатқан әдемі де күрделі істердің бірі-таспа өру. Оның да үш таспа, төрт таспа, бестемше, алты таспа, бұзау тіс, дырау, жылан бауыр, қос бұрым, сегіз қырлы егеуқұйрық, айыл жырым өрімі, қабырға, таңдай сияқты алуан-алуан түрлері бар.

Өрімдер 3, 4, 5, 6, 7, 12, 36 таспалардан бастап, 83, кейде одан да көп таспадан өріледі. Өрім өрнектері сан алуан. Кейде құйысқан, шілиялардың үстіңгі беті төрт бұрым, алты

бұрым болып, асты бір тұтас «жыланбауыр» өрнегін жасайды. Ал ішіне өзек салып, алақанын тоқыма өрімімен жалпақтап келтірген дойыр, дырау, бұзау тіс, дембел қамшылар ұрған жерін кесіп түсетін өткір, сабы, алақаны, айдары алтын, күміс талшықтарымен бұралып, бунақталып өте сәнді келеді. Осынша көп таспалы өрімдердің ұштары жай байлана салмайды, олар әр түрлі мәнермен түйіліп шашақталады.

Өте шебер өрімшілер таспадан қылыш, найза өтпейтін қаттауық тонды да, су ақпайтын торсықты да, көнек те, кеукерін де өрген. Түрлі шыны қаптар, шамадан, қоржындар да өретін.

Қазақ шеберлері өрім өнерін зергерлік, тоқымашылық, шабаташылық және шарбақ, шыпта жасау, сымнан түрлі бұйымдар тоқу өнерімен ұштастырып, таспа өруде, арқау өткізу, жөргемдеп ілу, торлап тоқу, топшылап тоқу әдістері мен көркемдік мәнерлерін тиімді пайдалана білген. Өрілген заттардың әр жерін күміспен жауып, тас орнатып, кавказ өрнегін жүргізіп әшекейлеген. Сондықтан да бұрын өрім өнері өте жоғары бағаланатын. Өрмелі бір шідердің бағасы бір бестіге татитын.

Енді осы қайыс және өрім бұйымдарының бірқатарын атап-атап өтейік. Олар:

албау	буғыш	қарғы
алдаспан бауы	бишік	қарғы бау
алқылдақ	баспақ	қаттама
айыл	бұзау тіс	құйысқан
айыл ноқта	делбе	құлақ бау
аққайыс	дерте түп	мес
артқы айыл	желдік	ноқта
адырна	желкелік	өрме жүген
алдыңғы айыл	жем дорба	өмілдірік
әнжіме	жетек қайыс	өрме көпшік
бау	жүген	өрме торсық
баулық	жырым	өрме ноқта
балақ бау	кекілдік	өрме шідер
белдік	кеңсіріктік	өрме божы
бос мойын	кер айыл	өрме шілия
бауырлық	көрік	өрме сапалақ
бел көтерме	тізгін	өрме салпыншақ
божы	қамшы	сағалдырық
бүлдіргі	қанжыға	сапсалғы



Жолшылардың ала арқаны мен кілем қоржыны, ысқабақ құты мен сусын аяқ (оң жақта).



Салпыншақты қыны бар күміс белдік пен сабына күміс ораған дейыр қамшы. Төменде — күмістеген былғары белдік.


сабақап	тұсамыс	томаға
таралғы	төс айыл	шынықап
тартпа	түйме ноқта	шеттік
тартпа айыл	таспа	шыжым т. т.
түйме жүген	торсық	

БЫЛҒАРЫ ӨНДЕУ

Мал терілерін илеп, бояп, өң беру ертеден келе жатқан ең жақсы дамыған және жетілген өнер. Илеуі қанып, бояуы сіңген былғары су тартып езілмейді. Одан жасалған мүлік шегені берік ұстайды, тігісі де ыдырамайды және өзі тұтынуға төзімді, әрі әдемі. Былғарының бірнеше түрі бар. Олар: көксауыр, опайке, былғары, құрым (хром), көзел, шегірен, сақтиян, ұлтан т. б.

Көксауыр жылқы терісі мен серке терілерінің сауырынан (жондығынан) жасалады. Көбінесе ол көкпен, кейде қызыл, сары, жасыл түстермен боялып, өң беті жалтырап тұрады. Көксауырдың әр түстілерін өзара мүйіздеп, оюластырып немесе бір түсті көксауырдың өзін әр түрлі жібек жіппен кестелеп, өрнектеп, кебіс, мәсі, етік, кісе, ат-тұрман тігеді. Бұл заттарды да көксауыр деп атай береді. Көксауырларға алтын, күміс, жез шегелер қағып, кейде маржаннан моншақ жүргізіп, өкше сірінің артына, тұмсығына, қоныштың әр жеріне неше түрлі жарқырауық асыл тастар отырғызып әсемдейді. Мұндай заттар өте жарасымды және бағалы жиһаз саналады. Көксауырдан тоқым, қорамсақ, дулыға сияқты заттармен қатар тұскиіз, тон, сәукеле сияқты өте сәнді мүліктер де жасалған. Сондықтан көксауыр ісі көбінесе зергерлер қолына тән. Сондай-ақ **опайке** деп тайынша терілерін **былғары** деп ірі жылқы, сиыр терілерін, көзел деп ешкі терілерін атаса, жұмсақ иленген, қой, ешкі терілерін — **шегрен (шавро)**, аса жұқа теріден иленген былғарыны **сақтиян**, әдемі теріні **құрым (хром)** дейді. Өгіз терілерінің жондықтарынан иленген шымыр, қатты былғары ұлтанға жатады.

Октябрь революциясының жеңісі нәтижесінде еліміздің өнеркәсібі мен өндірісі күрт дамыды. Сонымен қатар былғарының сапасы қолмен илегенге қарағанда анағұрлым артықта тиімді болды. Осыдан келіп қолдан былғары илеу ісі қажетсіз болып қалды. Қазіргі қолөнер шеберлері фабрика, заводтарда істеліп шыққан дайын былғарының түрлерін пайдаланады.



14-сурет. Саптама етік.

Қазақ арасында былғарыдан ең көп тігілетін киімнің бірі етік болғандықтан былғарыны өңдеумен айналысатын шеберлерді етікші дейді. Тоқым, шілия, белдік, жүген, құйысқан сияқты былғарыдан жасалатын мүліктерді де сол етікшілер тігеді. Енді осы етікші ісінің түр-түріне біраз тоқталып өтейік.

Халық арасына көп тараған былғары аяқ киімдерінің қазақ атауында мынадай түрлері бар.

Саптама — бұл қонышы ұзын, кең, киіз байпақпен, шалбардың балағын іштен салып киетін аласа өкшелі етік. Оның ішкі табанына киіз ұлтарақ салып және байпақтың ішінен қалың шұлғау орайды, кейде киіз байпақтың ішінен шұлғаулы мәсі киеді. Саптамалардың қонышы бітеу қусырылады да, тізеден асыңқырап тұрады. Тақымға қарайтын жағы әнтек төмен ойылып келеді. Оны көбінесе қыстыгүні алыс сапарға шыққанда, жылқы баққанда, шанамен жол жүргенде киеді. Саптаманың киіз байпағының қонышы қара санның ортан беліне жететін әрі ұзын, әрі кең болып келеді де әдемі

матамен көмкеріледі. Оның киіз байпағы әрқашан ішінде кигізулі (саптаулы) тұрады.

Шоңқайма — саптаманың бір түрі. Оның өкшесі биігірек, өкше сірісі аласа, тұмсығы үшкір, қонышы тізеден аспайды. Кеңдігі саптаманың кеңдігіндей. Қонышы екі жақ жанынан жармаланып тігілген. Сондықтан оны кейде «жарма қоныш» деп те атайды. Көмкерме байпақпен, шұлғаумен киеді. Шоңқайманы сәнге кию үшін, жай саптамадан көрі әдемілеп, өкшелігін, оймасын кестемен өрнектеп тігеді.

Мықшима — өкшесінің түбі жуан, жер басар жағы жіңішке, тұмсығы жоғары қарай қайқы келген биік өкшелі саптама етік. Оны да байпақпен, шұлғаумен киеді. Мықшиманы бұрын жас жігіттерге, ойын сауықшыл серілерге арнап тігетін. Оның қонышын, өкшелігін көксауырлап, тұмсығына қатырғы салады.

Саптама киген адам төрге саптама етігін сілке шеше салып мәсімен шығады. Керек кезінде аяғына сұға салып жүре береді. Кең етіктің — саптама, кең шекпеннің — қаптал аталуында осындай мән бар.

Көк етік — көксауырдан оюлап тіккен жеңіл, үшкір тұмсық етік. Оны көксауыр етік деп те атайды. Көк етіктің қонышы, ойындысы, күлшіні оюланып, кестеленіп жасалады. Көк етікті көбіне серілер, батырлар, салдар киетін. Қазақтың: «Көк етікті кез келмей, көн етіктіге бармай отырған қыз» дейтін мәтел сөзі осыдан қалған.

Жеңіл етікті де мықшима, көксауыр, қисық табан, орыс етік деп әр жерде әр түрлі атайды.

Етікті тігілу түріне қарай: бітеу етік (басы мен қонышы тұтас), бастама етік, кәймалы етік (айнала жұлығын басқа былғарыдан келтірген), ұлтарған етік дейді. Ұлтарған етік деп ескі басы мен қонышын жаңа ұлтан салып, өкшесін түзеп жаңғыртып тіккен етікті айтады. Кейбір шеберлердің үлгісінде кесікбас, рантты, солдат етік деп аталатын ұлтанның шеті жұлықтан артыла шығып, қаз ауыз бедер жүргізілген жеңіл етік түрлері де кездеседі. Ал жай табан, мәсі етік дегендер жұқа келеді.

Қазақы етіктер бұрын түзу табан үлгімен, яғни екі аяқтың етігі бір қалыппен тігілетін. Қазіргі етіктер қисық табан үлгісімен — екі аяққа екі қалып салу әдісімен тігіледі. Етіктерді өкшесіне қарай жуан өкше, қазық өкше, жез өкше деп те атайды.

Сол сияқты кебіс пен мәсінің де неше алуан ыңғайлы да әдемі түрлері тігіледі. Кебіс көбінесе былғарының сауырла-

рынан тігіліп, қалыпқа қатырылады. Шажамайы мен ернеуі жақсы былғарымен астарланады. Сыны бұзылмау үшін кебістің ұлтарақшасы мен өкшеліктеріне ең шымыр ұлтандар мен тоздар (қайыңның қабығы) салынып, кепкен қайың шегемен шегеленіп, тарамыспен қайып тігіледі.

Кебіс атаулары да көксауыр, мықшима, жезөкше, қазық өкше, үшкір бас деген сияқты бірнеше түрлерге бөлінеді. Кебістің өкшелігіне мық қағып, өкшесіне жезден, мыстан нөл орнатып, шажамайларын күміспен өрнектеп, ернеуіне сызықты ою батырып әшекейлейді.

Мәсі — мұны кей жерлерде іш байпақ, іш етік (ичиги), былғары байпақ, көзел, сақтиян дейді, өйткені мәсі құрымнан, шегіреннен, көзелден, жұмсақ былғарыдан тігіледі. Көбінесе мәсінің қонышы астарланып, көмкеріліп, машинамен жүргізеді. Мәсінің ұлтаны жалаң қабат болады. Ол тек тарамыспен ішкі жағынан жөрмеп, немесе жара шаншып өбітіре тігу арқылы ұлтарылады. Мәсінің өкшелігі бір қабат қана оюлап жапсырған былғарыдан жасалады, оны мәсінің күлшіні дейді. Күлшін көбінесе басқа түсті былғарыдан тігіледі.

Мәсілерді көк, қызыл шегірендермен оюлап, әр түсті жіппен кестелейді. Мәсінің ұлтанының өкше жағы күлшінге асырыла жапсырылып, өкше орны томпақталып ыспаланады. Бұлай етіп жасау әрі әдемі, әрі мәсіні кебіске, етікке киіп-шешуге қолайлы етеді. Мәсіні тек не кебіспен, не етіктің ішінен киеді.

Етік тігу. Бұған керекті құралдардың бірі қалып. Қалып қысқы саптама етікке бір бөлек, жазғы жеңіл етікке бір бөлек үлгімен, адамның аяғының тұрқына қарай үлкенді-кішілі жасалады. Қалып үш бөлшектен: қалып, үстірт, сынадан құралады.

Бұрын қалыпты кепкен, толымды қайыңнан етікшілердің өздері шауып алатын. Қазір неше түрлі қалыптарды кәсіпорындарында істеп шығарады. Саптама етіктің қонышын қалыпқа салып керіп қатырады. Мұны қоныш қалып дейді. Саптама етік 2 түрлі әдіспен тігіледі, яғни — етіктің басын бір бөлек, қонышын бір бөлек пішіп алып, құрастырып тігеді не бас пен қонышты тұтас пішіп алып ұлтарады. Біріншісін оймалап бастап тігу деп, екіншісін бітеу бастап ұлтару деп атайды.

Етікті кейде тұтас былғарыдан пішіп алып тіксе, кейде қонышы бір бөлек, басы бір бөлек пішілген бөлек-бөлек былғарыдан құрастырып тігеді. Қоныш, бас тек нобайланған

былғары болғандықтан оны да мәнерлей құрастырып, қалыптың үлкен-кішілігіне қарай етікші өзі ойып пішеді. Етікті пішу үшін адамның аяғына шағын қалыпқа былғарыны салып, етіктің бас үлгісін шығарады. Аяқтың желкесіне келетін жерін қонышқа сұға ояды. Содан кейін етіктің басын екі бүктеулі былғарының үстіне салып, қоныштың ойындысын ояды да, сіріге лайықтап күлшінің іштігін пішіп алып, тақаға көктейді. Енді пішілген қоныш оймасына басты қондырып, оны ішінен жөрмейді де, екі тарамыспен қайып тігіп қонышты қусырады. Етіктің күлшінің іштігімен астарлап, арасына сірі салады, қоныш жақ үстін, алдыңғы жақ шетін айналдыра тарамыспен қайды. Өкшеліктің осындай қатайған жерін тақа деп атайды. Тақа дұрыс және қатты қағылса, өкше қисаймайды.

Қоныш пен бас тігілген соң, оны қалыпқа салып бүрмелейді. Етікті бүрмелерде қалыптың табанына салып пішілген ұлтарақшаны (ішперлікті) шет-шетінен іліндіріп қояды. Қалыпқа түскен бастың жұлықтарын бір жақ шажамайынан бастап ұлтарақшаға жапсыра көктеп бүрмелейді. Мұны арнаулы жуан тарамыспен қатты тарта, айналдыра тігіп шығады.

Етіктің табаны қатты болу үшін бүрменің үстінен тоз (қайың қабығы) немесе қасаң, кейде фанер салып, оны ағаш шегемен ұлтарақшаға қағады. Бұдан кейін бастың бүрме тігістерінің үстінен айналдыра сызаттап былғары жүргізеді де, оның үстінен ұлтан салып бірдей етіп пішеді. Пішілген ұлтанды жылы суға салып, ұрып шыңдайды да табанға кере шегелейді.

Ұлтанға қағатын ағаш шегенің ұзындығы ұлтан мен сызат былғарының қалыңдығынан өтіп, ұлтарақшаны да қамтуға тиіс. Шеге тек сонда ғана жұлықтың қалыпқа ілінген бүрмелі шеті мен ұлтарақшаның шетіне дәл қағылады.

Етіктің шегесі көбінесе кепкен қайыңнан, емен ағашынан жасалады. Кейбір шеберлер өз ісінің мықтылығы мен өнерін көрсету үшін етік шегесіне арша, тобылғы, ұшқат, ырғай ағаштарын да пайдаланған. Етіктің ұлтан шегесі мен өкше шегесі екеуі екі түрлі, ал біз соған лайықты болады. Өкше бізі жуан ұзынша болса, ұлтан бізі қысқа, жіңішке, түптері төрт қырлы келеді.

Кепкен жұмыр ағашты біздердің бойына мөлшерлеп отырып пышқымен турап кесіп алады. Кесілген шегеліктердің бейнесі шорт кесілген бір жапырақ шұжық дөңгелегіне ұқсайды. Содан кейін дөңгелек шегеліктердің үстіне пышақ-




15-сурет. Көксауыр кебіс.

тың жүзін қойып отырып, балғамен ұрып секиді (шекиді деп те айтады). Дөңгелек шегелік бұл жолы көлденең емес, бойлай жарылып, сіреңкенің оттық жақтауы сияқты жұқа-жұқа тақтайша болып шығады. Шебер оның бір жақ қырынан жүз шығарып жұқалап жонады. Осы тақтайшаларды өткір пышақпен жүз жағынан түп жағына қарай жара береді. Тарақтың тістері сияқты тізілген шегелер қаз-қатар тұрып қалады. Содан кейін оларды ажыратып, қалбырға салады да ысгық пешке кептіреді. Осылай жасалған әр шегенің бір басы үшкір, екінші басы төрт қырлы, жуан болып шығады.

Өкшенің жер басарын сапалы тұтас ұлтаннан қағады. Ал түп пен жер басардың аралығына былғарының қиындыларын қақса да жарай береді. Өкшенің әрбір қатарын жеке шегелеп болған соң, ең үстінен тағы да 5 жерден ұзын шеге қағады.

Басын тұтас шығарып ұлтаруда да етік осы әдіспен тігі-



16-сурет. Етіктің қалыбы.

1 — қоныш қалып. 2 — бас қалып

леді. Саптама етік көбінесе қыста және жауын-шашында мал шаруашылығымен айналысатын адамдарға арналып тігілгендіктен, етіктің басы ішінен киіз байпақ киіп, жылы шұлғау шұлғанатындай кең етіліп тігіледі. Оның қонышы жылы шалбардың балағы еркін сиятындай кең және ұзын келгені дұрыс. Саптама етіктің өкшесі онша биік болмайды. Шеберлер саптаманың қоныш қусыру тігісін етіктің екі жанынан келтіріп, сыздық төселп тігіп жүр. Бұл әдіс қоныштың өкшелігінен сөгілмеуіне жақсы.

Кебіс тігу. Адамдардың жастарына қарай кебістің де арнаулы қалыптары болады. Олар мықшима, құмырсқа бел, биік өкше, жай табан, үшкір тұмсық, етікше, көк сауыр деп аталады. Бұлардың ішінде: мықшима, биік өкше, үшкір тұмсық, көксауыр, құмырсқа бел кебістері жастарға арналып тігіледі. Кебістің былғарысын оюлап құрап, кестелеп, оның шажамайы мен күлшінін, өкшесі мен тұмсығын күмістеп, ауыз ернеулерін кепсерлеп, түрлі тігіс өрнектерімен әшекейлейді.

Кебістің басы жұмсақ былғарыдан, табаны мен күлшіні, шажамайлығы қатты ұлтаннан пішіліп тігіледі. Кебісті пішу, ұлтарып тігу, оның өкшесін салудың барлық әдістері де етіктің басын тігумен бірдей. Бірақ кебістің ернеуі астарланып, шеті сыздықталады да, өте жіңішке тарамыспен екі қатар етіліп қайылып отырады. Кебісті етік сияқты, мол, кең етіп тікпейді. Кебісті былғарысын жібітіп, қалыпқа түскен соң қатты тартып, ыспалай отырып, қатырады. Шажамай-



17-сурет. Етік тігуге қажетті құрал-саймандар:

1 — өкшелік төс; 2 — ұлтандық төс; 3 — шеге жатқызатын төс; 4 — көктеу бізі;
5 — шеге бізі; 6 — балға.

дың астары мен күлшінің аралығына желім құйып қайтады. Шажамайдың, күлшінің сырты жұмырланып тұрады.

Кебістің жайтабан, кең ауыз деп аталатын түрлері бар. Оны қарттар киеді. Кебіс аяқтан түсіп қалмауы үшін оны тереңдеу етеді де, үстін молырақ шығарып, өкшесін аласа етіп тігеді.

Мәсі. Қазақ салтында мәсіні көбінесе әйелдер киетін. Мәсінің қонышы, оймасы оюланып, кестеленіп, бедерленіп әшекейленеді. Ол аяққа жеңіл, тазалыққа жақсы, әрі икемді, бұрын оны қарттармен қатар кейбір жас жігіттер де киген.

Мәсіні әрі жұқа, әрі жұмсақ былғарыдан тігеді. Етікпен салыстырғанда мәсіде ұлтарақша да (ішперлік те), сырғұлтан да өте жұқа жалаң қабат етіліп тігіледі. Мәсіде тақа болмайды. Мәсінің күлшіні жұқа, кішкене ғана жұмсақ былғарыдан істеледі. Ұлтан орнындағы ұлтарақшаның алқымынан бастап, басының іш жағын жара шаншып тігеді, өкшенің айналасын арнаулы қалыптың өкшесімен бірдей етіп қатырады. Сонда ұлтанның өкшелік жағы сыртына қарай шығыңқы, шеті жымырыла тігіледі. Мәсінің қонышы көбінесе кенешпен астарланып, шеті тігін машинамен көмкеріледі.

Былғарыдан жасалатын бұйымдар. Қазақ қолөнерінде былғарыдан жасалатын бұйымдар өте көп. Мысалы, етік, кебіс, мәсіден басқа ботинка, башмақ (тапочка), сандал, былғарымен жұлықтанған киіз етік, ұлтап, резинка табанды балалардың неше түрлі аяқ киімдері жасалады. Мұндай бұйымдарға былғары жарғақ, былғары қолғап, бас киім сияқтылар да жатады. Халық шеберлері бұларды да өздері пішіп, өздері тігеді. Жақсы былғары шегені өте жақсы ұстайды.

Былғарыдан ертұрман, жүген, ноқта, өмілдірік, құйысқан, қамыт жапқыш, ершіктің ішіндегі ішпегі, тоқым, божы және шілия жасалады. Өрнектелетін мұндай заттардың ұнасымды тігістері тек етікшілердің ғана қолдарынан келеді.

Тарамыс. Етікшілер етікті, кебісті, мәсіні сондай-ақ былғарыдан жасалатын басқа да заттарды тарамыспен тігеді. Тарамыс дегеніміз — ірі қараның жіліншік сіңірінен ширатылып алынған жіп. Тарамыс былай жасалады. Сойылып жатқан ірі қараның сирағындағы көк етпен аралас тұрған сіңірлерді алып кептіреді. Әбден кепкен сіңірді ағаш тоқ-

пақпен ұрып жаныштайды. Сіңір тарамданып, шашақталады, оны тарамыс есуші тарамдап, талшықтарын бір-бірімен жалғастыра екі тін етіп ширатады. Тарамыстың жуан-жіңішкелігіне қарай қаю тарамыс, бұрме тарамыс, тігіс тарамыс деген үш түрі бар. Тарамыс біздің ізімен өткермелеп немесе жұлдызға сабақтап тігуге ыңғайлы. Тарамыс жіп өзге жіптерден берік, ол шірімейді де, езілмейді де. Осы күнге дейін колхозды ауылдың ұқыпты қарттары соғым сойғанда яки мал өлім-жітімге ұшырай қалғанда терісі мен тарамысын алуды ұмытпайды.

Былғарыдан жасалатын ат тұрмандардың ішіндегі ең бір сәндісі — былғары тоқым. Қазақ ішінде көп тараған оның екі түрі бар: тұтас былғары тоқым, оймалы былғары тоқым. Тұтас былғары тоқым көбінесе әйелдерге арналады. Сондай-ақ сал, сері жігіттер мен ел ағасы атанған ерлер де былғары тоқым тіктіріп алатын. Былғары тоқымдардың қай түрі болса да, оны киіз тоқымды қаптап әшекейлеу арқылы жасайды.

Тұтас былғары тоқым киіз тоқымға өлшеніп пішіледі. Содан кейін былғарыны жібітіп, сыртынан сүйек бізбен сызып әр түрлі «мүйіз» және геометриялық фигуралар тектес өрнек жүргізіледі. Бұл өрнектерді бірнеше қайталап ысып, бедерлеп кептіреді. Кейде оны тарамыспен қайып тігіп немесе күміс жүргізіп әшекейлейді. Былғары тоқымға өрнектерді ауыр басқылармен бедерлі ұрғылармен оюлап та салады. Тоқымның былғарысын күміспен әшекейлеу ісі оны киізге қаптамай тұрып істеледі. Күміс оюлар шағын-шағын үшкіл, қазтабан, жапырақ тәрізді қара темірлердің бетіне қақталады да, өңделіп, ыспаланып болған соң былғары тоқымға шегеленіп бекітіледі. Кейде күміс өрнектер жеке-жеке мықтардың бүркеншіктерінен жасалып, оның кей жерлеріне қызыл, көк, сары түсті асыл тастар орнатылады. Тоқымның төсайыл, керайыл өткізетін тесіктерін де күміс қақтаған темірлермен оюлап көмкереді.

Былғары тоқымдардың өрнектері ашық көрініп тұру үшін, кейде былғарының бетіне көксауыр, қызыл шегірен, сарғыш опайкелер төселіп қайылады. Ердің алды-арты келетін жерлері мен тоқымның төрт бұрышы былғары шашақтармен шоқталады.

Былғары тоқымдардың сырттық ішпегінің алды-арты қызыл, күрең былғарымен немесе көксауыр, шегірен, көзелдермен көмкеріледі. Күнге күйіп, суға жарылмау үшін был-

ғары тоқымдарды оқтын-оқтын мал етінің майымен майлайды.

Оймалы былғары тоқымның былғарысын тебінгінің үстінен, кейде алдыңғы, артқы етек бұрыштарынан бастыра оюлап тігеді. Оған да тұтас былғары тоқымға жасалған әшекейлер жүргізіледі.

Былғары жүген, құйысқан, өмілдірік, таралғы екі-үш қабатталып немесе қайыспен астарланып жасалады. Үзбелер мен таралғы, доғабастарды (тоғабас деп те айтады) бетіне күміс қақтаған қара темірден істейді.

Ғалымдардың айтуы бойынша, ат-тұрмандар тарихында ең алдымен жүгенсіз тізгін, тоқым, тосайыл шыққан. Көп жылдар өткеннен кейін ершік, ер пайдаланыла бастаған. Алғашқыда үзеңгі болмаған. Арада көп жылдар өткен соң ғана әуелі мінер жақтың сыңар үзеңгілері, содан кейін екі жақтың да үзеңгілері шыққан. Одан соң құйысқан, өмілдірік, керайылдар да қолданылған. Ат-тұрмандардың бәрі де әуел баста жіптен, құрдан жасалып бірте-бірте қайыспен былғарыдан істелетін болған. Осыған қарағанда, үзеңгі — өзіңға — өзің ыңғайыңға, яғни өзінің мінер жағындағы деген сөздерден келіп қалыптасты деген пікір жөн сияқты.

Мал шаруашылығы алып адыммен алға басып, өркендей түсуіне байланысты, совхозды, колхозды ауылдарда малды қыс отарлап, жаз жайлауға шығарып, өріс сонарлап бағудың маңызы артты. Мұндайда жоғарыда айтылған мал өнімдерін қолма-қол ұқсатып пайдаланудың тиімді екенінде сөз жоқ. Қазір киіз үй, жылы тон, саптама етік, ер-тұрман сияқты заттардың қажеттілігі артып отыр. Кейбір ірі шаруашылықтар мұндай қажетті заттарды өздері-ақ өндіреді. Ендеше қолөнер істерімен шұғылданатын өндіріс орындарының жұмысын дұрыс жолға қойып, қолөнер ісі саңлақтарының іс тәжірибелері мен ақыл, кеңестерін молынан жинақтап, ең пайдалы тиімді дегендерін өндіріске енгізу керек.

Былғарыдан жасалатын заттар:

абдыра	бел көтерме	есік қап
амиян	божы	домбыра қап
абзал	биялай	дорба
айыл	білезік	кебеже қап
бау	ер	кебіс
баулық	етік	кежім
белдік	ер көпшік	көксауыр

күйме	мұқаба	таралғы
кісе	мылтық бау	тебінгі
қамшы	нар жабу	тоқым
қамыт	ноқта	томаға
қарғы	оқшантай	тон
қорамсақ	өкше	тұмылдырық
қоржын	өмілдірік	тізгін
қонышбау	өре (тұсамыс)	ұлтан
құты	өрім	ұлтарақша
қылышбау	сулық	шыжым
қын	талыс	шідер
қынап	тартпа	шығыр т. б.

Ескерту. Біз мұнда неше түрлі заттарды топтап, соның бәріне ортақ бір атауды ғана алдық.



ШИ ОРАУ

Ш алқымыздың өрнекті өнерінің бірі шиді жүнмен орап, және оны өрнектеп тоқу ісі. Қолөнерінің барлық түрлері сияқты, ши тоқу, оны түрлі өрнектермен безендіру әдісі өте ерте заманнан бері келе жатқан өнер мұрасы.

Сан алуан әдемі өрнектер орап тоқыған шым шилер киіз үйдің керегесі мен туырлығының арасына ыдыс-аяқ тұрған жаққа тұтуға, сондай-ақ үлкен үйлердің ішін бөлмелеп далда жасауға, итарқа құруға өте ыңғайлы. Ертеректе батырлардың оқ салып жүретін қорамсақ қаптары да шиден тоқылған.

Қолөнер ісінің басқа түрлеріне қарағанда ши тоқу әлдеқайда арзанға түседі, әрі төзімді келеді. Әсіресе киіз үйдің ішін әсемдеуде шидің алатын орны ерекше. Неше түрлі сырмен боялып, сағанақтары күмістендірілген кереге көздері мен құлпырған құр-таңғыштарға, термелеп өріп, жібекпен шашақтаған уық бауларға, зермен кестелеп, шұғамен оюланған туырлық пен үзіктің ішкі өрнектеріне ши жалпы түр беру ретінде өте үйлесіп-ақ тұрады. Осындай әдемі оралған кілем шилер малды ауылда қазір де жиі кездеседі. Әсем болумен қатар ши көші-қон жағдайында алып жүруге өте қолайлы. Сондықтан мал шаруашылығымен айналысатын елдер оны ерте заманнан бері пайдаланып келеді.

Ши бұйымын жалпы сырт көрінісіне қарай үш түрге бөледі: ақ ши, ораулы ши, шым-ши (шымораулы ши). Қазақ арасында осы ши түрлерінің әрқайсысы орын-орнымен қолданылады. Мәселен, ақ шиді оралмай, құр өзі тоқылатын болғандықтан көбінесе киіз басуға, өре жаюға, сүзгіге, шып-

таға мал сойғанда, еттің астына салуға, сырғауыл салынған үйдің төбесіне жабуға ұстайды.

Ал өнебойы түгел оралған өрнекті шиді шым ши дейді. Оны киіз үйге, ас-су, ыдыс-аяқ тұратын жерге қоршау етеді. Кейде оны тұскиіз орнына да ұстайды. Өнбойы тұтас емес, әр жерінен аралатып оралған шиді ораулы ши дейді.

Ши тарту, оны аршу, орау, жүн орап тоқу науқан сияқты, ауыл азаматтарының бәріне ортақ жұмыстар. Ши тартуға ауылдың қыз-келіншектері мен жігіттері жиналып, орталарынан соятын қойын, қымызын дайындап, домбыра, қобыз алып, ұйымдасқан түрде кірісетін. Қазақтың «ши тарту биі», «ши шымылдық» дейтін ұлт ойындары содан қалған.

Тоқылатын ши мал аяғы баспаған соны жерден, жаздың орта шенінде әбден бойлап өскен кезде тартылады. Шиді таңертең, кешке немесе жаңбырдан кейінгі шық кеппей тарту керек. Мұндай кезде жер жұмсақ, ши суырылғыш келеді. Әзірленген шидің қабығын аршып, бумалап, көлеңкеге кептіреді де, өрнектеп орайды.

Ши ораудың екі әдісі бар. Бірі — тоқулы тұрған даяр шидің өрнегіне сала отырып орау, екіншісі — жаңа өрнек үлгісімен орау. Оралып тоқылған даяр шидің өрнегіне салып орайтын шиді бір-бірлеп өрнек бойынша әр түсті оралған шидің буындарын дәл келтіріп, санап отырып орайды. Оралған шилерді өрнегіне сәйкес өз алдына бөлектеп жіңішке шуда жіппен тізіп отырады.

Жаңа өрнек үлгісімен орағанда оралатын шиді үлгінің үстіне салып өлшеп, санай отырып буындарға бөліп орайды. Мысалы:

Бірінші буын — 5 см	екінші буын — 5 см	үшінші буын — 5 см	Буын сайын:
көк түс	қара түс	көк түс	8 ши
қара түс	ақ түс	қара түс	8 ши
көк түс	қара түс	көк түс	8 ши

Сонда осы 24 шидің өрнегі мынадай шахмат түрін жасайды:

көк	қара	көк
қара	ақ	қара
көк	қара	көк

Оралып, өрнектеліп болған әрбір тал шиді сол талдың өзі үйлескен (мұны шеберлер «иындасқан» деп атайды) шиіне шуда жіппен бір шалып байластырып қояды. Соңынан тоқығанда оларды шатастырмай, осы қатарымен алып тоқиды.


Шиге оралатын мүйіз өрнегі де осы әдіспен оралады.

Шиді орағанда оның түп жағы мен шашақ жағын үнемі кезектестіре салып отыру керек. Әйтпесе шидің бір шеті жұқа, майысқақ болып, екінші шеті (яғни шидің түпкі шеті) тым қалындап кетеді. Ондай шиді жинау да қиын.

Шиді тоқуға арналып иірілген жіп екі қабатталып ширатылып, бірнеше домалаққа төгіледі. Домалақтарды салмақты ету үшін жіпті темірге немесе тасқа төгеді. Мөлшері орташа бір қанат шидің өн бойы 9—11 жерден тоқылады. Тоқу ісіне керекті ең негізгі станок-арқалық (сырық). Арқалықты екі басынан жіппен байлап, биіктігі шамамен 1 м 20 см келетін ағашқа асып қояды.

Арқалықтың өн бойын әр жерден тоқылатын жіп ілінетіндей етіп керттеді. Содан кейін домалақталған жіптерді арқалыққа дәл ортасын келтіріп көлденең асады. Осылай қатарына асылып тұрған жіптің ортасына әкеліп бірінші шиді сырықты бойлата салады да, әлгі жіптерді әрлі-берлі айқастырып домалақтарын ауыстырады, яғни тоқушы арқалықтың ар жағындағы домалақты оң қолымен алып, бергі жағына түсіреді, бер жағындағысын сол қолымен ар жағына түсіреді. Осы тәртіппен шидің өн бойы тоқылып шығады. Ши мен шиді тізетін тоқу жібі әрбір шиді ораған сайын екі жіп өзара бір айқасып есіліп отырады. Мұны шебер өз жағындағы домалақты біресе оң қолымен, біресе сол қолымен ауыстыру арқылы оңай орындайды.

Тоқылатын шидің басталған жағы мен аяқталған жақ шетіне үш шиді қабаттап әуелі өз алдына бір рет жай жіппен ерсілі-қарсылы сирек орап байланыстырады. Қара жүннен иірілген жіппен ақ шиге оралған осы бір сайластырудың өзі үшбұрыштардың тізбегі сияқты өрнек болып шығады. Мұны ши ораушылар «шыбын қанат» өрнегі дейді. Тоқи бастағанда бір немесе екі қарыстай жерге ыңғай осыларды салып тоқиды. Сонда тоқылған шидің екі жақ шеті қалындап, берік шығады. Ши тоқушылар мұны **қарақұс** деп атайды. Бұған шидің бауы бекітіледі де, оны басқа бір затпен байланыстыруға мүмкіндік жасайды. Тоқылып болған шидің басын аяғын тегістеп қырқады. Кейбір адамдар қырқылған шидің екі жақ шетін әдемі матамен, киізбен көмкеріп тігеді.



18-сурет. Ши тоқу.

Халық қолөнерінің шеберлері өрнекті шым ши, ораулы ши, ақ шилерді қанат шилер деп атайды. Сонымен қатар қазір кейбір облыстарда там үйдің қабырғасына ілетін ши кілемдер де тоқылып жүр. Бұлардың өрнек-оюлары өте әсем келеді.

1957 жылы республикалық 1 көрмеде Қызылорда облысының Қармақшы ауданынан келген шебер Қамбарованың тоқыған шым шиінің өрнек мәнері өте жоғары бағаланды. 1960 жылғы Республикалық II көрмеде Гурьев облысының Маңғыстау ауданында тұратын Тұралиева мен Жамбыл облысының Талас ауданындағы Стамқұлова жолдастың тоқыған шым-шилери Бүкілодақтық көрмеге қоюға лайықты деп бағаланды.

Халық шаруашылығында шиді орап тоқумен қатар шиді, камысты, сыптығыр бұталарды байластырып тұрғын үй, мал қора салу, қар тоқтатқыш қалқандар тоқу, өзді-өзін түйіп әр түрлі шыпталар, төсеніштер жасаудың да маңызы зор. Бұл әрі оңай, әрі арзанға түседі, әрі неше алуан мәнермен өрнектеліп тоқылады. Сондай-ақ бұта, шыбық, ши, қамыстарды өзімен-өзін өткермелеп тоқу әдісі, әсіресе жеңіл арбаларға, кашевкаларға, қораб, балық ұстайтын ау және нәрсе салатын түрлі ыдыстар тоқуда көбірек қолданылып жүр. Қазақ жерінің кең дала, шалқар көлі мен өзенді ал-

қаптары ши мен қамысқа өте бай. Соңғы жылдары осы материалдарды тұрғын үй салуға да кеңінен қолданып жүр.

Шиден жасалатын заттар:

ақ ши
алаша ши
ас шиі
аяқ қап
ау
етқана
есік
жолым
кілем ши
киіз басатын ши


күрке
күзу шиі
қазан жапқыш
қар ұстағыш
қабырғалық
мал соятын ши
масақана
саба төсеніш
сақар ши
тұс ши

терезе жапқыш
ши қора
ши есік
ши қалпақ
шом
шым ши
шыны қап
шыпта
ораулы ши
өре ши т. б.





Тоқылған шым шик.



Қымыз сабасының сүйектеп, күмістеген толқыма піспегінің шашақты сабы.



Бетін сүйектеген домбыра.




Тас аяқ-табақ пен бітеу ағаштан ойып жасаған қымыз омау.

СҮЙЕК ПЕН МҮЙІЗДІ ҰҚСАТУ ӨНЕРІ

Ежелгі халықтардың қай-қайсысы болса да негізгі күн көріс кәсібін аңшылық пен мал өсіруден бастаған. Сондықтан хайуанаттың етін, майын, ішек-қарнын, терісін, жүнін, тарамысын пайдаға асыра білумен қатар олардың сүйегінен, мүйізінен көптеген мүліктер мен қару-жабдықтар жасайтын. Алғашқыда сойылған малдың қабырғаларын пышақ орнына, жіліктерін шоқпар орнына, бас сүйектің ми қаптарын ыдыс орнына, жауырындарды қалақ орнына пайдаланған. Келе-келе адам баласы сүйекті сүйекпен жону, таспен егеу, отқа күйдіру сияқты әдістерді тапты. Ақырында сүйектен, мүйізден түрлі қолөнер туындылары жасалды.

«Шеберлік өнер шығармаларының тағы бір елеулі тобы — сүйектен, мүйізден істелетін бұйымдар. Бұлар әдетте ойып түсірілген өрнекпен әшекейленеді, мұның негізіне алынған өрнектер тура сызықты, бұраң сызықты, дөңгелек сызықты болып келеді. Мұнда үлкен шеберлікке жеткен нәрсе кейбір хайуанаттардың, мысалы, жыртқыш аңның, аттың және тағы сондайлардың бастарын бейнелейтін бедерлер. Бұлардың аса тамаша үлгілері сүйек таналар мен қамшы саптарына салынған. Сүйектен жасалған бұйымдар орындалу техникасы жағынан металдан жасалатын әшекей бұйымдарына өте жақын келеді»¹. Тағы да көп жылдар өткен соң адамзат нәсілдері қоланы, мысты, темірді тапты. Бұл адамзат қауымының еңбегіне көп жаңалықтар ашып, жеңілдіктер берді. Осыған байланысты өте жабайы кездердегі сүйек-

¹ Қазақ ССР тарихы, 1957, 1-т., 101-бет.




19-сурет. Сүйекті асадал.

ті пайдалану әдісіне де көп жаңалықтар енгізілді. Сүйекті кесіп, тесіп, жонып өңдеу мүмкіндігі туды. Сүйекпен мүйіз енді өз алдына құрал жабдық болумен қатар, басқа құрал жабдықтарды да өңдейтін ою-өрнек, әшекей мүліктеріне айналды. Әр халықта сүйекті әрқилы ұқсату әдістері, мәнерлері дами түсті. Мұндай өнер, әсіресе мал өсіру шаруашылықтарымен айналысатын көшіп-қонып жүретін халықтарға өте тиімді еді.

Сүйекті жону, өрнектеу, шегелеу, сүйекке күміс қақтау сияқты жұмыстар өте нәзік болуымен қатар аса шеберлікті талап етеді. Көшпелі қазақ аулының шеберлері ағаштан көшіп-қонуға ыңғайлы кебеже, жүк аяқ, кереует, асадал, адал бақан, аяқ-табақ, шөміш, шомбал сияқты заттар жасаумен қатар, малдың бүкіл сүмесін де (тұлабойы және одан шығатын өнімдері) қажетке жаратып келді. Малдың етін, сүтін, майын тамаққа, терісі мен жүнін киім-кешек, киіз-сырмаққа жаратса, тезегін отынға, сүйегі мен мүйізін зергерлік өнеріне негізгі материал ретінде пайдаланды. Сүйекті ағашқа ырып қақтау және оның бетіне күміс жапсыру әдісімен ұқсатты. Ысқыш, тобыршық, шөміш сап, ұршық бас, шүмек, қағаз кескіш, қармақты біз сияқты заттар сүйектен

жасалады. Әсіресе семіз, жас малдың қайнатылмаған сүйегі оюға, өрнектеуге өте қолайлы. Семіз малдың сүйегі май сіңген сарғыштау, шытынамайтын майысқақ келеді. Мұндай сүйектер тесуге де, кесуге де, ақсары түсті әдемі өң беруге де қолайлы. Семіз, жас малдың сүйегі кеуіп шатынамайды, өңі де бұзылмай, ұзақ сақталады.

Сүйек ұқсатушы зергерлер, әсіресе түйе мен жылқы сүйегін қадірлейді. Оның себебі бұлардың сүйегінде қара кемік болмайды және олар ұзақ сақталған сайын сарғыш



20-сурет. Сүйек кереует.

тартып, ажарлана түседі. Ал ожаудың сабы, тегене, табақ, піспек сияқты заттарға сиыр сүйегі де жарайды.

Сүйекті ағартып немесе сарғылт мөлдір түсті етіп өңдеуге болады. Сүйекті аппақ қардай ету үшін оны қайнатып, ыстық қоламтаға көміп кептіреді, ал сарғылт түске келтіру үшін май жағып, шөптің түтініне ыстайды. Сүйек ұқсатушы шеберлер жылан тіл пышқы, әр түрлі түрпілі егеулер, шапашот, асыл ыңғыру, қайқы пышақ, үскі, майда шарық, түрпі қағаз сияқтыларды қолданады. Бұлармен іс істеу үстінде ең бір шартты талап — асықпау, әрқашан бір қалыпты салмақпен жеңіл ұрғылау және сүйектің бетін үнемі тазартып алып, мұқият қарап отыру. Сүйек ісіне арналған аспаптар әрқашан өткір және асыл металдардан істеледі. Сүйекті шауып өңдеген кезде аздап ыстық су құйып отырса сүйек шытынамайды.

Сүйекті түзетіп, тегістейтін құралды «бастырық» немесе «қысқы» деп атайды. Бұйымды өрнектеп жасау үшін екі беті бірдей егеліп өңделген сүйекті алады да, оның бетіне арналған ою өрнегін қарындашпен сызады. Бұдан кейін сол сызықтың үстімен арнаулы «безеубас» шапқы, біз, сүргі сияқты аспаптармен ыра жонып оюлайды.


Сүйектегі ою-өрнекті көрнекті ету үшін ырылған оюларды сіңімді бояумен бояйды. Бояуға мұсатыр, скипидар сияқты сіңімді сұйық заттар қосылады. Өрнектер көлемді заттарға жасалғанда, олар бөлек-бөлек кішкене сүйектерден құрастырылып, жалғастырылып отырады. Сондықтан оны өрнектеуден бұрын құрақтарын қиюластырып, өрнек өрісін сиғызып, мөлшерлеп алады. Мысалы, шебер Қошқарбергенов жасаған асадалдың бетіне орнатқан сүйек өрнегі 40 бөлек сүйек бөлшектерінен тұрады. Олардың жалпы ұзын-

дығы 10 метрдей. Құрманбек шебердің істеген сүйекті асадалы бөлшектері мен ағашын қоса есептегенде, 96 бөлектен тұрады. Демек сүйек істері құрамалы іс. Сондықтан ең алдымен бөлшектерді қиюластырып алудың мәні өте зор. Өрнектелген сүйекке күміс жапсырып, сәнді тастар орнатып, оларды мық шегелермен ұстатқанда, осы жапсырылып істелген өрнектер сүйек бетіне ырып отырғызылады да, оның үстіңгі беті сүйек бетіне дәл келтіріледі. Шегенің орнын сүйектің шетінен 5—10 миллиметрдей кейінірек тескен жөн.

Әйтпесе сүйектің шытынап, сынып кетуі ықтимал. Сүйек тесетін бәрбінің бұрандасы өткір, ұсақ, әрі таяз келеді. Үскілеп отырған жерге әлсін-әлсін ыстық су құйылады. Бәрбіні қатты баспай, тек өз салмағымен немесе алақанмен ғана демейді. Тесіп отырғанда шытынап кеткен ұсақ сынықтарды қара күшала мен иісті жуа араласқан қоспаны езіп, сонымен желімдейді.

Жіліншіктің қыр сүйектерінен әр түрлі өрнектегі қырлы, жұмыр, тұзу немесе тармақты заттар, сүмбе, ілуір (киім ілгіш), тұтқа әр түрлі қораптар жасалады.

Мәселен, кебеже беттеріндегі сүйек өрнектері қара лакпен боялған қалың тақтайдың бетіне ырып отырып орнатылып, нәзік мықтармен шегелеу арқылы құрастырылады. Мұндай ырулар сұғынды ыру деп аталады. Ондай ырулардың түп жағы кең, беті тарыла келіп, орнатылатын заттар бір шетінен сұғылып қиюласады. Ал әр жерінен беріктік үшін қағылған мық шегелер сүйек бетіндегі өрнектермен үйлесіп жалпы өрнектердің бір элементі сияқтанып тұрады. Кейбір кебеже бетіне түсірілген «мысықбас» өрнегіндегі мықтардың бүркеншіктері ондағы батырып салған (үскінің ұшымен дақтаған) «тышқан із» өрнектерінің арасында үйлесіп тұрады. Ал «мысықбастар» аралығындағы жалпақ сүйектердің бетіндегі «жүрекшелер» біз, сүргі, егеу бас біздер арқылы сызылып салынып, қарамен боялады. Кебеже өрнектерінде сүйекті өзі түстес ағаштың ақ бетімен үйлестіру тәсілі де орынды және шешімін тауып қолданылады. Мысалы, № 21 суреттегі кебеженің жоғарғы ернеуінің, астыңғы шетінің ирек өрнектері тек ағаштың ақ бетіне ырылып жасалған. Кейде сүйекті бетіне күміс қақтаған қара темірлермен қиюластырып, бүркеншіктеріне тас орнатқан мықтармен де өрнектейді. Кейде сүйек өрнектердің құрасын жіктерінің бір бетін жіптің есіндісі сияқтандырып бұраған күмістермен жабады.



21-сурет. Сүйектеген кебеже.

Пілдің, түйенің немесе жылқының қалың сүйектерін егеп, бейнелі өрнектер жасауға болады. Мысалы, халық шебері А. Есков өзі жасаған «Ескерткіш теңге» деп атаған жұмысының бетіне ақ сүйектен Энгельстің барельефін, ал екінші бір мүйіздің үстіне жасаған «Караван» деген жұмысында жүк артқан түйелерді, мұз үстінде отырған ақ аюды өте әдемі де анық етіп бейнелеген.

Еліміздің кейбір шеберлері мал мен аңның сүйегін әдемілеп өңдеумен қатар құс пен балықтың да сүйегін өңдеп, одан неше түрлі гүл, түйреуіш, шыбын, жарқырауық қоңыз бейнесін жасап, өте ұсақ әдемі өрнекті суреттер салып жүр. Сондай-ақ малдың, аңның ірі сүйектерін бұрандалап, топсалап құрастыру әдісімен өте үлкен көлемді мүліктер де жасалады. Ал сүйектен жасалған қобдишалар сәнді таяқ, қамшының сабы, айна қойғыш пен тоғызқұмалақ тақталары т. б. заттарды өте жиі кездестіруге болады.

Сүйекшілік өнерін дамытып, оның түрлі амал-тәсілдерін жас ұрпақтарға үйретіп, ұстаздық көрсетіп жүрген халық шеберлері де жоқ емес. Әсіресе Семей, Алматы, Шымкент ет комбинаттарының коллективтері айтарлықтай үлгі көрсетуде. Олар қолөнершілерінің I—II республикалық көрмелерінде жүлделі орындарға ие болды. Сол сияқты колхоз-совхоздарда тұратын, әр кездерде болып жүрген республикалық, облыстық көрмелерде өнерлерімен аты шыққан саңлақтар да көп.

Алматы облысы Жамбыл ауданының шебері зергер Сейдахметов Н., алматылық — Емуранов Л., Ақтөбе облысы Байғанин ауданында тұратын Қамысбаев Қ., Оразов Қ., батыс қазақстандық — Молдашев Х., гурьевтік шебер Білібаев Қ., қарағандылық — Қошқарберген (бұл кісі 1957 жылғы көрмеге 40 бөлек сүйектен жасалған әдемі асадал әкелді). А. Абылаев қарт пен Алдаберген А., қызылордалық — Ибраев Б., өскемендік — Есков А., Пенченко Л., оңтүстіктің шебері А. Есалиев жолдастар республика көлемінде бірнеше рет бәйге алып, топтан озған шеберлер.

Сүйек пен мүйізден әр алуан үй жиһаздарын жасауда және халықтық қолөнердің барлық саласында үздік еңбек өнегесін көрсетіп жүрген өнер саңлақтары Павлодар облысында да өте көп. Бұл туралы «Социалистік Қазақстан» газеті өзінің бір мақаласында¹ былай деп жазған болатын:

— «Өнерді үйрен, үйрен де жирен» дейді халық. Бұл — өнер өнерді тудырады, соны үйренуден жалықпа деген сөз екен. Ал өз басым қол өнерінің сырларын меңгеруге он үш жасымнан бастап ден қойдым, — дейді Әпсаттар қарт.

— Мына жасап отырғаныңыз қандай бұйым? — деп сұрадық Әпсаттар қарттан.

— Бұл қымыз ожау.

Әпсаттар қарт бұл ожауды арқардың мүйізінен жасайды екен. Ол үшін алдымен мүйізді суға қайнатып ісіндіріп, сонан соң қоламтаға көміп, артынан қалыпқа салып иетінін айтты. Ожаудың өн бойына ою-өрнек салу көрінгеннің қолынан келе бермейді. «Қошқар мүйіз», «ай мүйіз» ою-өрнектері ожаудың өн бойына шақтап құйылыпты. Неткен зергерлік! Шебер саңлақтардың жылтыр мүйізге ойып салған өрнегіне қараған сайын ол көздің жауын алып, бір өрнектің ішінен бір өрнек туындап жатады. Мұнда берік төзім, іскерлік пен тапқырлық, зергерлік пен зерделілік керек. Әпсаттар қарт Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы совхоздың бірінші бөлімшесінде, Қызылшілікте тұрады.

Әпсаттар Әбішевтің шеберханасында құрал-саймандардың алуан түрі бар. Осы саймандарды қарт шебер өзі жасап алған. Баян тұрғындары «Әбекеңнің қолынан келмейтін зат жоқ» деп ерекше мақтанмен атайды. Қамшы өру, күймелі шана, ер тоқым, жеңіл арба жасау ісінде қарттың өзіндік қол таңбалы бар. Осы тұста қарт өнерінің және бір қыры көрініп қалғандығын айта кеткен дұрыс болар. Әбекең ауыл

¹ «Социалистік Қазақстан», 14 октябрь, 1967 ж.

шаруашылығы техникаларының барлық түрлеріне запас бөлшектерді, іс машиналары мен сүт машиналарының өздерін нақ заводтан шыққандай етіп қолдан жасай алады. Бұл совхозда тоқу өнерімен шұғылданушылар да аз емес.

Баян бауырында қолөнер шеберлері көп екен. Киіз үй жасайтын Б. Күржікеев сиырдың мүйізінен тарақ шығаратын Ә. Нұрымов, жүген, қамшы, божы өрудің шебері К. Ыбыраев, алаша, сырмақ, кілем тоқушы Б. Қарағызова тағы басқалары.

Халықтық ұлттық өнерді өндіріс мақсатында пайдалану ісіне жергілікті тұрмыс комбинаттары ерекше қамқорлық жасауы тиіс. Бұған алдағы уақытта мұқият көңіл аударылуы керек.

Енді сүйектен жасалатын және сүйекпен әшекейленетін кейбір заттарды атап өтейік:

айна қойғыш	қамшы сап	өмілдірік
алқа	қасық	сүргі
адалбақан	қорамсақ	тана
асадал	қылыш сап	таяныш
астау	қын	табақ
бәкі сап	қынап	тегене
белдік	қолағаш	тобыршық
бесік	қапсырма	түйреуіш
біз	қалам сап	ұрғы
білезік	қобди	ұршық
бұрғы сап	қант шаққыш	уық
домбыра	қымыз ожау	үскі сап
драу сап	қарғы	шам қойғыш
ер	маймөнке	шанышқы
есік	май салғыш	шапқы
ет шапқыш	маңдайша	шомбал
егеу	ожау	шоқпар
ине	ойма	шығыр
кесте біз	ойыншықтар	түрлі ыдыстар
келсап	оқтау	ысқыш
кереге	оқшантай	т. б.

Қорыта айтқанда, сүйекпен өрнектеу ісі күнбе-күнгі қолданылатын жабдықтардың көбінде кездеседі.

МҮЙІЗ ӨҢДЕУ

Мал мен аңның жүн терілерімен қатар олардың мүйіздері мен тұяқтары да іске жарап отырған. Халқымыздың ертеден келе жатқан қолөнер мәдениетінің үлгілері ішінде мүйізден жасалған әсем заттар асқан шеберліктің белгісіндей оқшау тұрады. Әрбір мүйіз өрнек ата-бабаларымыздың ерлік еңбектері мен ежелгі ел салтының шежіресі іспеттес. Аққудың мойнындай иілген сары мүйіз сәнді ожаумен немесе ыс сіңіп, сарғыш тартқан мүйіз ожаумен үйеңкі тегенеден қымыз сапырғанда оны ерекше дәмдендіріп тұрғандай сезінесің. Астың да, ас иесі бабалардың да татымды талғамына қайран боласыз. Мұндайда «мүйіз ожау күнге қызбайды, сондықтан ол сар қымызға салқын леп береді және арқар мүйізіне өңез жабыспайды, шыбын қонақтамайды» деп мадақтайтын қарттар сөзі де еске түседі. Алмас қылыш, ақ балдақтардың алтындаған сар мүйіз саптары, қара қошқыл насыбайдың көк ала шақшалары, көне сарайлардың есігіндегі көк тастай жалтыраған мүйіз тұтқалары мен тағы сол сияқты ғажайып ескі көз мұралар сөз жоқ біздің ата-бабаларымыз қалдырған ғажайып ескерткіштер. Сондықтан да олар еш ұмыт қалмақ емес.

Әсіресе соңғы кезде бұл өнер өзіне жол ашып, өскелең халық талғамынан шығып жүр. Осы ескі мұраның озық үлгілері жаңғыртыла келіп совет адамдарының салтанатын сәндей түсті. Мүйіз шақшалар мен мүйіз түйреуіштер, мүйіз қобдишалар мен темекі сауыттар, жазу аспаптары, мүйізден жасаған вазалар мен мүйіз тұтқалардың әр алуан әдемі түрлерін жасап таратушы шеберлер де көбейіп келеді.

Қазақ искуствосына еңбегі сіңген қайраткер марқұм Қасымов Қамардың мүйізбен оюлаған домбыра, қобызы, өскемендік шебер А. Есковтың сыйлық вазалары мен Л. Панченконың әсем өрнекті мүйіз заттары бүкіл одақтық көрмелерге қойылды. Алматы ет комбинатында жасалған түйреуіш, тарақ та тұтынушылар талғамынан шығып жүр.

Мүйіз сүйекке қарағанда жонуға, июге, қалыпқа салуға, кесуге, тесуге, шегелеуге қолайлы. Сондықтан мүйізден түрлі ожау, құты, түйме, тарақ, түйреуіш, қобдишалар, семсер, пышақ, біз саптары, мүйіз шақша, қаламсап, жазу құралдары, тиек үзбе, шығыршық пен бұранда сияқты көптеген заттар өрнектеліп жасалады. Мүйізді оюлап басқа заттарға қиюластыру да, басқа заттарды оюлап мүйізге жапсыру да оңай.

Мүйіз ұқсатушылардың құралдары да сүйек пен ағаш шеберлерінің құралдарындай. Бірақ бұларда әр түрлі мәнердегі қалыптар басым келеді. Мүйізді ұқсатудың негізгі әдісі қыздыру, не қайнатып балқыту. Сөйтіп оны белгілі бір нұсқаға келтіреді. Балқып тұрған мүйіз шебердің өзі қажет еткенінше июіне, қалыпқа салуына, жонуына, кесіп өрнектеуіне де оңай.

Мәселен, тарақ жасау үшін ірі қараның мүйізін ұсақ тісті пышқымен ыдыратпай отырып бөлшектеп тіледі. Одан кейін тарақтың мөлшеріндей етіп, қысқыға салып жалпақтап түзетеді. Шапқымен, пышақпен жұқартып жонып алған мүйізді екі тақтайдың арасына салып қысқыға бекітеді, содан кейін оны сол тақтаймен қоса пышқылап тістерін шығарады. Тарақтың ірі тісі мен ұсақ тісін тілетін пышқы екі түрлі болады, оның бірі қалың да екіншісі жұқа болады. Тарақтың ұсақ тістерін сындырып алмас үшін оны тақтайға қысып сол тақтаймен тұтас кесу керек. Даяр болған тарақты егеп, ыспалап, бояп әдемілейді.

Мүйізді сүйекпен, ағашпен араластыра қиюластырып оюлайды. Мүйіз алтындаған немесе күмістеген мық шегелермен, алтын-күміс құрсаулармен білезіктеуге де икемді. Мүйізді ұқсату жұмысына сиырдың, серкенің, қошқардың, тау текенің, құлжаның мүйіздері, жылқының тұяғы, түйенің табан мүйіздері пайдаланылады. Әсіресе семіз, жас малдардың мүйіздері жақсы. Ортасын қуыстап немесе екі қабат етіп беттестіріп, өте жұқарта жонылған мүйізді ширатып гүл, жапырақ, қауырсын, қанат бейнесіне келтіріп өрнектейді. Сондай-ақ түйенің мүйіз табанынан жасалған оқ-дәрі салғыш құты шақша да өте әдемі шығады. Оның әбден кепкендегі түрі көк ала мәрмәр сияқты жылтырап тұрады. Оны иықты торсық немесе қошқар мүйіз, айбалта іспеттес етіп қалыпқа қатырады. Қайнатып, жонып тазалап алған мүйіз табан көк мөлдір жұмсақ пластинкаға ұқсап тұрады. Осыдан кейін оны қайшымен оюлап қияды да, шет-шетін әдемі мықтармен жиі шегелеп немесе жуан тарамыспен беттестіріп тігеді. Тігіп болған соң, оның ішіне түйгіштеп құм кептеп, күнге қойып қатырады. Әбден кеуіп қатып болған соң құтының аузын жездеп не күмістеп шегелейді. Оның тығынын да әсемдеп мүйізден істейді. Осындай сәнді құтылар кіселі белдіктің салпыншақтарында жүрген.

Тұяқ пен мүйізді балқытып, кейін түзетіп алып қалыпқа салады да пышақпен тілмелей отырып тарақ, түйме және басқа ұсақ-түйек заттар жасалады. Кейде түймені балқыған

мүйізден қалып шапқымен ойып алып, ішінде өрнегі бар қысқылармен қатты қысып бедерлейді де, үскімен тесіп көз шығарады. Осы сияқты әдіспен мүйізден жасалатын, мүйізден әшекейленетін заттар өте көп. Олар мыналар:

адал бақан	дойыр сап	оқтау
ағаш көмкерме	есік	өрмек ағашы
айшық	ер	өрнек
айбалта сабы	жазу құралдары	өрнек қалып
айыл басы	жебе	піспек
ат байлағыш	желпуіштің сабы	пышақ сап
(мамағаш)	кебеже	сыбызғы
ат-тұрман	келі	сырнай
асадал	кесте біздің	сия сауыт
аяқ	сабы	сызғыш
баған	күмбез өрнектері	табақ
бақан	қасық	тарақ
бал қасық	қармақ сап	таралғы
бал сауыт	қобдиша	тегене
балға сап	қобыз	тиек
балта сап	құты	тоғыз құмалақ
бесік бас	қылыш сап	тұтқа
безеу салғыш	қын	тұғыр
белдік	қынап	ұршық
бұрғы сап	маңдайша	үскі
бұранда	моншақ	үзбе
бұрау ағаш	мәймөңке	шақша
біз сабы	май қасық	шай сауыт
білезік	нота қойғыш	шөміш
жүкаяқ	ожау	шығыр
дабыл кергіш	ою	шкаф
дауылпаз	оқшантай	ыдыс-аяқ т. б.
домбыра		



АҒАШ БҰЙЫМДАРЫ

Қ

азақтың ұлттық қолөнерінде ағаштан көптеген заттар жасалады. Балташылар, ағаш ұсталары, ершілер қайыңды, үйеңкіні, үйшілер, ағаш ойып, шыбық өріп тоқушылар талды пайдаланады. Балташылар үй борайды, еден төсеп, арба, шана, жақтау, қақпа, тіреу сияқты ірі заттарды істейді. Ағаш ұстасы стол, шкаф, сөре, орындық, кебеже, асадал, рамалар жасайды. Ағаш оюшылар оны жонып күйдіреді де бояулап өрнектейді. Шыбық өрушілер, тоқушылар қамыстан, шидан қорап, шыпта, орындық, шарбақ сияқты заттарды өреді. Бұл жұмысқа бұтақсыз, оқырасы жоқ, таза ағаш таңдап алынады.

Ағаш шеберлері балта, пышқы, үстірік (сүргі), бұрғы, ағаш түрпісі, тез, қысқы, үскі, қашау сияқты аспаптарды пайдаланады. Бұлардан басқа түрлі өлшеуіш пен үлгі, біз, қырғы, желім, бояу сияқты көмекші құралдары да болады.

Ағаштан бұйым жасайтын шеберлер: емен, қайың, самырсын, үйеңкі, қызыл қарағай, шынар, қара ағаш, ырғай, шырғай, тасжарған, мойыл, қайыңның түбірі (безі), жөке, гал, арша, жаңғақ ағашы, май қарағай сияқтыларды пайдаланады. Бұлардың бірі қатты, бірі жонуға оңай, жылтыр, ал кейбіреуі жарылмайтын, қаңсымайтын болса, енді кейбіреуі иілгіш, жеңіл, су сіңбейтін бірақ бояу сіңгіш, желім ұстағыш болады. Әрбір істің ерекшелігіне қарай әр түрлі сападағы ағаштар пайдаланылады. Мысалы, қазақ шеберлері өрі жеңіл, өрі жонуға жақсы деп ерді, арбаның төс ағашын, керуеттің басын қайыңнан істейді. Күйменің, тарантастың өре ағаштарын өрі солқылдақ, өрі мықты болады деп үйеңкі

мен мойылдан жасаса, найзаның сабын, садақтың жебесін, соқа мен арбаның оқтық және т. б. бөлшектерін темірдей берік деп еменнен, мал суаратын науаны (астауды) су сіңіп ісінбейді деп самырсыннан жасайды. Құстың тұғыры, балдағы, пышақтың сабы, қасық, шөміш сияқты заттар әрі жеңіл, әрі қызыл, көк, ақ түстер аралас, иісі жақсы болғандықтан арша ағашынан жасалады. Балтаның, балғаның, қамшының саптарын көбінесе ырғай мен шырғай, ұшқат ағаштарынан, тобылғыдан істейді. Қазақ үйдің уық, керегелерін талдан, қара мойылдан, шаңырағын, маңдайша мен табалдырығын қайыңнан істейді. Күйдіріп, өрнектеу көбінесе қайыңға, ал оюластырып шегелеп өрнектеу емен мен қызыл ағашқа жасалады.

Киіз үй. Қазақтың байырғы ұлттық баспанасы киіз үй болған, оны кейде киіз үй, кейде қазақ үйі деп атайды. Қазақ үйлерінің үлкен-кішілігін керегелер санына қарай белгілейді. Академик Ә. Марғұлан өзінің «Қазақ үйі және оның жиһаздары» деген еңбегінде киіз үйлердің екі, үш қанаттан бастап он екі, он сегіз, отыз қанатқа дейін жететін үлкен түрлері болғандығын, бір үйдің керегелерінің басы 70—80-нен бастап 360-қа дейін болатындығын айтады. Соған орай киіз үйлердің түрлері мен атаулары да көп. Бұрынғы хан-сұлтандар мен атақты байлардың үйлері 8 қанаттан бастап 30 қанатқа дейін баратын үлкен және өте бай жиһазды, әшекейлі болып келген. Бұларды ақ ала орда, ақ орда, ақ шаңқан, алтын орда, алтын үзік деп атаған. Ал орташа шаруа мен кедей шаруаларға тән киіз үйлерді алты қанат ақ үй, боз үй, қоңыр үй, қара үй, қара лашық, қалмақ үй, лашық, аран, жаба салма, көтерме туырлықты, кепе, ұранқай, күрке, қамсау (шошала), отау, итарқа, жаппа деп атаған.

Жолшылар мен жорықшыларға тән үйлерді абылайша, ақ қос, қос, қаңқа (арбаның үстіне тігілетін киіз үй), қоспа, жоламай (жол амалы), жорық үй, жұлым үй (түзу уықтарға туырлық жаба салатын үй) деп, ас үйлерді: асхана, ас үй, бойра, кібіт (түбірі татарша — кибіт), кілет үй деген. Сондай-ақ құрым киізден, қамыстан, шиден (кейде құрым, қамыс, шиді сыртынан былжырмен сылаған) қақыра, доғара, аран, қалқа, қалға, қабас сияқты киіз үй тектес үйшіктер салынатын болған.

8—18 қанат сәнді үйлердің киіздерін ақ жүннен басып, үстінен күйдірген әкпен, ақ бормен, күйген сүйектің күлімен ағартып бояған. Ал кіші-гірім қақыра немесе қалқа

сияқты үйлер көбінесе соғыста майдан шебіндегі далда, кейде қорған есебінде тігілетін.

Қазақ киіз үйлерінің негізінен «қыпшақ үлгісі», «қалмақ үлгісі» деп аталатын екі түрі бар. Оның біріншісі — иығы шығыңқы, мінсіз дөңгелек те, екіншісі, еңсесіз шошақ үй. Қазақ киіз үйлерінің «үзiктi үй», «көтерме туырлықты» үй деп аталатын да түрлері бар. Көтерме туырлықты үйдің де екі түрі болады. Көтерме туырлықты үйде бөлек үзiк болмайды, оның орнына туырлық шаңыраққа бірақ жетiп тұратын биiк қасты болып жасалады.

Қазақ үйлерінің сүйегі кереге, уық, шаңрақ, маңдайша, таяныш, табалдырық, сықырлауық деп аталатын ағаш құралдардан тұрады.

Кереге арналып кесіліп, тезге салып иген, ішкі жағын бірнеше сызықты, бояу, сырмен кейде бас-аяғын күміспен күптеген ағаштарды тор көздеп көктеп құрастыру арқылы жасалады. Оның әрбір бөлек қабырғаларын қанат деп атайды. Қанатқа көктелетін жеке-жеке ағаштарды кереге деп, қоспаларында болатын қысқа керегелерді сағанақ деп атайды. Керегелер торкөз, желкөз деп екі түрге бөлінеді. Торкөзді керегенің ағаштары жиі көктеледі, көздері тар, көбінесе 20—22 басты болып келеді. Желкөз сирек көктеліп, көздері кең, көбінесе бастары 17—21 болып келеді. Керегелер тез керліп жазылады, тез жиырылып жиналады және жайған кезде жарты шеңбер жасап дөңгелене қалады.

Керегенің басы мен шаңырақтың ортасын тұтастырып тұратын ұзын ағаш шыбықтарды уық дейді. Уық деген сөз үй оқ (үйдің оғы) деген сөздерден алынған. Оның кереге жақ басын уықтың иіні дейді. Ол әнтек доғалана бүгіліп барып, шаңырақ жағы түзуленіп келеді. Осы шаңырақ жағын уықтың қары дейді. Шаңыраққа сұғылысатын ұшы төрт қырлы сүйір болып келеді, оны қалам немесе уықтың қаламы дейді. Үйдегі керегенің басы нешеу болса, сонша уық керек.

Шаңырақ — киіз үйдің төбесі. Мұны керегенің қанат саны мен басына қарай мөлшерлеп, қайыңнан иіп немесе бірнеше иіндіні қималастырып шеңбер бейнелес етіп жасайды да, өн бойынан уық шанышатын төрт бұрышты тесіктер қашайды. Оны шаңырақтың көзі немесе қаламдығы дейді. Көздер керегенің басына, уықтың санына қарай істеледі. Шаңырақтың үстінде үш-үштен, кейде төрт-төрттен айқастырған бұғулі шыбықтар бар. Оны күлдіреуіш дейді. Олар жапқан түндік киізді көтеріп тұрады. Күлдіреуіштердің екі жақ басы шаңыраққа қашалады. Шаңыраққа қашалар тұ-

сында оларды тізіп бекіткен тағы үш не төрт қысқа көлденең таяқшалар болады, оны кепілдік дейді. Шаңырақтың шеңбері қырланып, иректеліп кейде күміс білезіктермен әсемделінеді.

Маңдайша — екі босағаның үстіңгі жағынан бекітіп тұратын әшекейлі көлденең ағаш. Маңдайшаның үстіңгі қырында бес, алты уық тұратын ұялар болады. Кейде маңдайшаға сықырлауық қиюласатын ыра (ырып жасаған шұңқыр ернеу) қашалады.

Киіз үй есігінің екі жақтау ағашын **таяныш** дейді. Ол маңдайша, табалдырықтан бөлек, жеке-жеке жасалып екі басы табалдырық пен маңдайшаға сұғылып бекітіледі.


Табалдырық (табан тұрық, яки табан ілдірік) — екі таяныштың аяғын көлденең бекітіп тұратын ағаш. Табалдырық пен маңдайшаның екеуінде екі тобыршық бар, ол сықырлауықтың жабық тұруын қамтамасыз етеді. Бұлардың ішінде шаңырақ, табалдырық, маңдайша қайыңнан, ал басқалары тал, қара мойыл, терек сияқты ағаштардан жасалады. Киіз үй үлкенді-кішілі көлемі мен керегесінің санына қарай жоғарыда айтылып өткендей төрт қанат, бес қанат, алты қанат, жеті қанат, сегіз қанат, тоғыз, он төрт қанат болып бөлінеді. Кереге қанаттың саны көбейген сайын оның уығы да ұзарып, уыққа уық қосылып, шаңырағы ауқымдана береді.

Кереге ағаштары жуан болса керегесі, сүйекті дейді де, жіңішке болса, сүйегі нашар, яғни кәукеншек кереге деп атайды. Керегенің ең шеткі басы сыңар келіп, ол келесі керегенің сыңарымен айқасады. Сыңар баста бүлдірге, оған байланған таңғыш болады. Кереге қоспаларының жоғары және төменгі жағында кейбір бас ағаштар өзгелерден шолақ тұрады, оны да сағанақ дейді.

Сықырлауық — киіз үйдің өте әшекейленіп жасалатын сәнді есігі. Бұл ортасынан ашылып жабылатын жарма есіктерге ұқсас. Ол екі таянышқа көкпен немесе шот ілмек арқылы ұстасады да, ашып, жапқанда сықырлап тұрады. Сықырлауықтарды көздеп, оймалап, сүйектеп, бояп жасайды.

Осы аталып өткен барлық киіз үй ағаштарын **киіз үйдің сүйегі** деп атайды.

Киіз үйдің сүйектерінің барлығы да морға салып балқытып, тезге салып иіп, ырғаққа тастап кептіру арқылы жасалады. Мор салып, үй жасайтын шеберлерді халық **үйші** дейді. «Тоғай аралаған — үйші, ел аралаған — сыншы» деген мақал осыдан қалса керек. Үйшілер киіз үйдің сүйегіне лайықтап, ұзындығы мен жуандығына және түзулігіне қарай




22-сурет. Ағашты морға салу:
1 — мор; 2 — морға салған үй ағаштары;

ағашты орманнан өздері таңдап, өздері әзірлейді. Бұрынғы кезде үй ағашын ел жайлауға шыққан кезде кесетін. Кесілген ағаштың сыртқы қабығын сындырып, ал ішкі сары қабығын бұзбай сау қалдырып, бас-аяғын тұжырымдап көлеңкеге кептіріп қояды. Уық, кереге жасалатын ағаштар 45—50 күн, шаңырақ пен босаға ағаштары кемінде 60—70 күн осылай сақталады. Кейде үй ағаштары бір жыл бұрын дайындалады. Мұндай ағаш жақсы ағаш деп саналады. Кейде кептіруге қойған үй ағашын оқтын-оқтын жаңбырға шығарып немесе су бүркіп дымдайды сонда ағаш құрамай сары тап болып кебеді. Мұны қақсал (кепкен ағаш) деп атайды.

Үй ағаштары әрі иілгіш, әрі жұмсақ болуы үшін және сол иген қалпында тез қатыру үшін оларды морға салып балқытады. Мор дегеніміз ұзыннан қазылған шұңқыр жерге қойдың қиын тұтатып, үстіне дымқыл көң, қи үйіп, бықсытып қана жаққан ыстық қорда (қоламта). Мор лапылдап тез жанып кетпеу үшін оның үстіңгі қабатына жылқының жас тезектерін майдалап салып, анда-санда тұншықтырып тастап отырады.

Ауыр, қатты ағаштан жасап, жерге мықтап орнатқан үш аяқты бақа ауыз ағаш немесе ортасын кертіп ойған жуан арқалық ағашты тез дейді. Осы бақа ауызға немесе арқалықтағы кертпекке салып ағашты түзетеді немесе иіп әр түр-



23-сурет. Ағашты тезге салу:


1 — сықауырын; 2 — тез.

уырынмен басып түзетеді немесе қажетті бейнеге келтіріп иеді, иілген ағаштарды ырғаққа салып қатырады. Ырғақ деп не кірпіштен, не тастан қалап, не жуан ағаштан кертіп жасаған қалыпты айтады. Бұл кереге сияқты кей жері бүгілген, кей жері шалқақ келеді. Бұдан соң кереге ағаштарын тазалап сарнайды. Сарнау деп керегенің бас жағын, уықтың қарын сай-сай етіп сызықтауды айтады. Мұны сарнауық дейтін тісті, бүкір қырғы темірмен істейді. Бұдан кейін кереге бойын тор көз, жел көз торларының буындарына бөліп, көктеуге қажетті тесіктерді теседі. Керегенің көк келетін орындарын әуелі өлшеп отырып кертіп белгі салып алады. Сол белгіні үйшілер дембі салу деп атайды. Бұл процесс бүкіл керегенің бүктеліп, жазылып жайылуына және оның келесі керегемен қабысу техникасын үйші ұстаның дұрыс меңгеруіне байланысты. Керегелердің неше басты болуы, киіз үйдің шаңырағының көлемі, көз саны, болашақ үйдің уық санының бәрі де осы көктеу орнын тесуден басталып, белгіленеді.

Химиялық өңдеудің ғылыми тәсілі табыла қоймаған кезде халық керегені жосалаудың оңай да қарапайым түрлерін қолданды. Осы тиімді әдіс кереге бояуға да пайдаланылады. Қазақ үйдің керегесін жосамен (қызыл түсті топырақ) бояйды. Кейбір аймақтарда жосаның көк, сары түстері де ұшы-

лі бейнеге келтіреді. Мұны тезге салу дейді. Халықтың «Қисық ағаш жатпайды тез қасында» дейтіні осыдан. Тездің аузына асатқан ағашты басып, оны керегінше бір қалыпқа түсіріп, сықап тұрып ырғайтын бел ағашты сықауырын дейді. Сықауырын кепкен қайыңнан жасалып, оны ұстаушы шебер бір басын беліне салып тұрып ырғап басу арқылы іске қосады.


Кептірілген ағаштарды морға салып балқытқан соң, оны ыстық күйінде тезге салып, сықа-



Адалбақан.



Бесқұлақ және шытыралы қапсырма мен көзтана (сол жақта).




24-сурет. Талқы (тездің бір түрі) мың ырғақ.

райды. Керегені сырмен бояп, бастарын, көздерінің әр жерін күміспен күпсеп те жасайды.

Әрі санап, әрі көлемін өлшей отырып тескен кереге шыбықтарын көктеп құрастырады. Көктеуге жүнін ұстарамен алған (жидітіп алуға болмайды) қыртысы бүтін, иленбеген, яғни көн, қайыс таспа пайдаланылады. Мұндай таспаны көк деп атайды. Мұндай таспадан түйген кереге көктері әрі иліккіш, әрі берік болады. Керегенің көгін түйенің, өгіздің үйегінен (малдың тамағынан бастап бауырын қуалай тілініп алынған, ені 15—20 сантиметрдей жалпақ қайыс), жылқының бас терісінен тіліп алады. Кереге ағаштарын бұрандалармен де бекітеді. Кейде көктердің түйіншек басына күміс қапсырма шытыраш кигізеді.

Киіз үйдің уығы кереге басының санына қарай есептеліп жасалады. Бұған қоса әр үйде маңдайшаға шаншылатын 5 уық болуы тиіс. Уықтың керегеге байланатын басы әнтек жалпақтау етіліп иіледі. Мұны уықтың иіні дейді де, уықтың түзу жағын қары, шаңырақтың көзіне дәлдеп, төрт қырлап жонған басын уықтың қаламы дейді. Уық бұтағы жоқ құрықша ағаштан жасалады. Уықтың кереге жағы мен иін басында тесіп байлаған уық бау тұрады, ал әрбір қанат кереге тұсында уықтарды бір бөлек жинауға арналған аяқ бау бар. Аяқ бау жібі әдемі есіліп, ұшы шашақталған екі қабат қос тін немесе өрнектеп тоқыған терме түрінде келеді. Сондай-ақ киіз үйдің шаңырағын жасау да үлкен талғам-



25-сурет. Үскімен ағаш тесу:

1 — үскі; 2 — керегенің сағанағын тесу.


паздықты талап етеді. Ең әуелі бұтақсыз тұтас қайыңнан кептірген шаңырақ ағашын морға салып балқытып, тезге басып дөңгелектеп иеді. Мұндай ағаштар кейде екі бөлек, кейде үш бөлектен құрастырылады. Бұларды шаңырақтың қоспасы дейді. Иілген қоспалар біраз уақыт ырғақта жатып қатқан соң, оларды жонып, сыздықтата қырлап әдемілейді. Қазақ шаңырақтарының қыр аралықтарында көп кездесетін оюлар: «ырғақ», «тіс», «мүйіз» оюлары. Бұл қоспаларды бірімен-бірін ұтастыра шегелеп бекітеді. Сәнді жасалған шаңырақтардың қоспаларын күміс білезікпен құрсаулап, шегелерін күміс түйіртпекті, көрнекті етіп қағады. Содан кейін дөңгелек шеңбердің жалпы аумағын өлшеп, оны жасалған кереге бастарының жалпы санына қарай бөледі. Мысалы, шаңырақ шеңбері 6 метр болса, істелген 4 қанат керегеде 60 бас бар. Оған маңдайшаның үстінен келетін 5 уықтың орнын қосқанда 65 болады да, бұған 65 көз жасалады. Көзді

төрт бұрыштап, сыртын төмендете, ішкі жағын жоғары тайқита қашайды. Жай тесік етіп шығарса, онда шаңырақ уықтың қаламдығын ұстай алмай жылжып кетеді.

Шаңырақтың үстінен жабылатын тундікті (кейде «қайырма» деп те атайды) ұстап тұру үшін және үйдің төбесіне жаңбыр суы іркілмес үшін 45° шамасында дөңгелене иілген ағаштан айқыш-ұйқыш көктеп күлдіреуіш орнатады. Күлдіреуіш 3—4 ағаштан тұрады. Күлдіреуіштің ортасындағы тор көзден бақан тіреп, шаңырақ көтереді. Шаңырақтың екі жеріне есіп екі желбау жасайды.

Әдетте қазақ үйдің шаңырағы әр жерде әр түрлі мәнермен өрнектеледі. Республиканың бірсыпыра аудандарында шаңырақ күлдіреуіштер 6 не 10 имек шыбықтан тұрады. Мұндай шыбықтар үштен не бестен өзара қатарласып алып, әр қатар шаңырақ ортасында бірін-бірі қиып өтіп, ұштары шеңбердің қарсы беттегі тесіктеріне сұғылады. Ондай күлдіреуіштердің де екі жақ басы кепілдіктермен бекітіледі. Ал бірсыпыра аудандарда шаңырақтың дәл ортасында әдеміленген төрт бұрышты, не дөңгелек қалың тақтай тұрады. Оның сырт көрінісі төңкерген табаққа ұқсайды. Күлдіреуіш шыбықтар сол «табақтың» төрт жағынан төрт-төрттен өткізіліп, оның екінші басы шаңыраққа барып бекиді.

Қазақ үйінің есігі табалдырық пен маңдайша және екі жақ босағадан тұрады. Босаға кепкен, түзу ағаштан жасалады. Маңдайша мен табалдырық жуан қайыңнан шабылып сүргіленеді, ою-өрнектермен әшекейленеді. Маңдайшаға уық шаншитын 5 ұя жасайды. Оның астыңғы жағында екі босағаның жоғарғы басы сұғылып тұратын 8—10 см терең екі



26-сурет. Киіз үйдің сүйегі:

1 — шаңырақ; 2 — аяқ бау; 3 — уықтың қаламы; 4 — уықтың қары; 5 — уықтың иіні; 6 — уық бау.

қашамасы болады. Табалдырықтың үстіңгі жағында да маңдайшадағыдай екі қашама бар. Бұған екі босағаның төменгі жағы сұғылысады. Босаға ағаштары киіз есік қана жабылатын қырсыз және сықырлауық орнатылатын қырлы, ұялы жақтаудан құрастырылады. Киіз үйдің тақтай есігін ағаш ұсталары, ал жай босағаны үйшілер жасайды. Әсіресе маңдайша мен таяныштардың ішкі жақ беттері оюланып, күмістеліп, кейде жалтырауық тастар орнатылып, өте көрнекті етіліп әшекейленеді. Кейде екі босағаның (таяныштың) алдында екі жерде алтын, күміс діңгектер, адалбақандар тұрады. Оған қару-құралдар мен киім-кешек ілінеді. Хан-сұлтандар осындай босаға діңгектерге көбінесе айдаһар, арыстан сияқты қаһарлы жыртқыштардың суретін салдырып қоятын болған. Әсіресе Оңтүстік Қазақстанда жиі кездесетін ағаштан істелген жасаулардың бетіндегі ою-өрнектердің көбінесе бояумен жүргізілетіні белгілі. Ал арнаулы пышақпен безелген оюлар мұнда сирек қолданылады. Әрине, бояуды кебеженің және киіз үй есігінің беттеріне жасалынатын оюдың, сондай-ақ түрлі сызаттармен белгіленетін әшекейдің әрін енгізеді. Кейбір ағаш жасаулардың беттерін тек бояумен ғана өрнектеп, әшекейлеу де кездеседі, әсіресе шкаф, жүк аяқ, адалбақан сияқты үй мүліктерін көбінесе бояумен әшекейлейді. Олардың бояуы өте ашықтығымен қатар тым нәзіктігімен де көздің жауын алады. Бедерлеп оюлауда болсын, бояу өнерінде болсын қазақ өрнегінің негізгі түрі «қошқар мүйіз» өрнегі мен өсімдік түрлері және геометриялық фигуралар болып саналады.

ЕР ҚОСУ

Аттың таулы жерлерде мінуге, аңшылық пен мал шаруашылығы үшін де өте қолайлы көлік екені белгілі. Сондықтан атты міну үшін оның арқасына батпайтын, жүрісіне бөгет болмайтын, мінген адамға жайлы ер-тоқым керек. Дұрыс жасалмаған ер атты жауыр етіп, мінген адамды шаршатады. Ұлы Абай:

«Ер қосқанға ұсайды сөз сөйлемек,
Қиыстырып қиыннан айтсам демек.
Атқа жайлы, мінуге және ыңғайлы,
Алды-арты бірден келсін дөп-дөңгелек»,—

дегенде ер қосу өнерінің аса қиын да, қажетті өнер екенін, үлгі етті.

Ерге өте жақсы ағашты қолданады. Мұндай ағаш қайыңның, үйеңкінің, қара мойылдың түбірінен немесе сол ағаштардың жуан ортасынан алынып, мұқият кептіріледі. Бір рет жонылған соң тағы кептіріледі. Содан кейін оны қосуға кіріседі. Ер қосу деп ердің бөлшектерін жонып, қиюластырып қосуды айтады.

Ердің «қазақ ері», «қоқан ері», «құранды ер», «ашамай ер», «қазық бас ер», «орыс ері» деп аталатын түрлері бар. Қоқан ерін көбінесе әйелдер мен қарттар пайдаланады. Оның арты жалпақ, отыруға өте жайлы, бірақ атқа ауыр. Орыс ерін киізбен қалыңдап былғарымен қаптайды немесе темірден, алюминийден, ағаштан жасайды. Ашамай ердің алды-арты биік сүйемелі келіп, мұны көбінесе жас балалар мінеді. Ердің жасалу үлгісіне қарай «арғын ері», «найман ері», «дулат ері», «мұрын ері» деп аталатын түрлері де бар. Ердің күміспен сәнделгенін күміс ер деп атайды.


Ердің алдыңғы қасы, артқы қасы, екі қаптал ағашы, белдік ағашы (бел ағаш) деген бөлшектері бар. Алдыңғы қас артқы қастан гөрі биік, алқымы көтеріңкі, бет жағы әдеміленген, сыртына қарай аздап томпақтау болып келеді. Артқы қастың алқымы тайыз, қуысы ендірек, алдыңғы қасқа қарағанда жатағандау, үсті жалпақтау. Ердің қапталы аттың қапталдығына сай, орта тұсы жатыңқы, екі басы жоғары көтеріле аттың шоқтық шұңқыры мен сауырына бейім болып келеді. Бел ағаш-ердің екі қасының аралығына дәл келіп, еңкіштелген жұқа ағаш. Мұның екі басы қаптал ағашқа бекітіледі.

Бөлшектерді әзірлеген соң, екі қаптал ағашты жарыстыра салып, әуелі алдыңғы қасты, содан кейін артқы қасты қондырады. Бел ағашты қаптал ағашқа ырып немесе ағаш шегемен шегелеп ұстатады.

Күмістелетін ердің әшекейлеу ісін ерді қоспай тұрып жасайды. Қаптал ағаштардың алдыңғы жағына таман, орта шенінен таралғы өткізетін тесік қашайды. Екі басының екі жағын шеттік өткізу үшін теседі. Қанжыға тесіктерінің қасынан тағы әнжімеге арнап тесік теседі.

Кейде әнжіменің, таралғы тесігінің орнына доға, шығыр орнатады да, өмілдірік, құйысқан, таралғыны соған өткізіп қояды.

Сән-салтанат үшін атқа күміс ер-тұрман салады. Бәйге-ге, ұзақ жолға көкпар мен аударыспақ үшін күміс ерді ерттемейді, өйткені ол атқа ауыр келеді.



27-сурет. Күміс ер.

Күміс ердің қазақ арасында екі түрі бар. Оның бірі жаппай күміс ер, екіншісі күмістелген ер деп аталады. Жаппай күміс ердің алдыңғы және артқы қастары түгелдей күміспен жабылып, өрнек, мық шегелермен, кейде орнатқан асыл тастармен әшекейленеді. Оның тартпасы, таралғысы, өмілдірік, құйысқаны түгелдей күміспен әшекейленеді.

Күмістелген ердің алды-артын түгел күмістемей, әр жерін оюлап қана күмістейді. Мұндай ердің тек алдыңғы қасының маңдайы мен әнжімесі, тартпа-таралғысы жеңіл ғана әшекейленіп, құйысқанның әр жерінен күмістен мық қағылады. Жай күмістелген ердің жүгені де жаппай күміске қарағанда әлдеқайда жеңіл. Қазақ арасында мұндай сыпайы ерді ауыл арасынада, ұзақ жолға да міне береді.

Күміс ердің тартпасын тартпаға өткізетін етіп, бөлек былғарыға әшекейлейді. Кейде ердің қасын көксауыр былғарымен қаптап, күміс өрнегін соның үстінен жасайды. Күміс ердің үзенгісі де күмістеледі. Ердің күміс мәнеріне қарай, үзеңгісі де сол мәнермен өрнектеліп күмістелуге тиіс. Қазақ қолөнершілері атқа жеңіл болады деп үзенгіні ағаштан ойып, оған күміс жүргізеді. Ағаш үзеңгінің сыртын кейде таспамен өріп қаптап та қояды. Ағаш үзеңгіні көбінесе қыста пайдаланады, өйткені темір үзеңгі аяқты қарып кетеді, ағаш үзеңгі қарымайды.

Ерлердің ішінде жасалу жағынан өте күрделі, берік және жайлы да әдемісі — құранды ер. Оңтүстік Қазақстан ершілері ылғи құранды ер қосатын. Құранды ерлердің сыртқы көрінісі де, жасалу техникасы да Қазақстанның басқа жерлерінен өзгешерек. Мұндай ерді 18 бөлек ағаштан, кейде одан да көп бөлшектерден желімдеп құрастырады. Бұған түрлі жеміс ағаштары, қарағаш, терек және т. с. жарай береді. Ер бөлшектерін мықты ұстату үшін ағаш желіміне таралған, тарамыс талшықтары қосылады. Барлық бөлшектердің басы қосылып ер әбден қалпына келтірілген соң, оның сыртынан тарамыс араластырылған желім 4—5 рет жағылады. Сыртына жағылған желімнің әр қабатын көлеңкелі самалда ұстап асықпай кептіретін, ал асығыс болған жағдайда жазда күннің көзіне, қыста пешке қыздырып кептіре береді. Желімі кепкен ердің ең сыртына қайыңның тозын желімдейтін немесе түйенің көнімен шегелеп қаптап, алдыңғы қасының бас жағын қалың былғарымен қаптап тігетін. Өте жеңіл, ыңғайлы және мықты болатын мұндай құранды ерлердің жасалу техникасы Орта Азия мәдениетімен тығыз байланысты. Мұндай ерлер қазірдің өзінде өте көп жа-

саллады. Олардың бастары шошақтау келіп мүйізденеді де, алдыңғы жақ беті, балағы күміс өрнектермен жабылады.

Орта жүз бен кіші жүздің ер қосу өнерінде ердің жұқа, жеңіл түрлері кездеседі. Бәйге атының ері ерекше жеңіл, орнықты болып келеді, оған арналып, мықты ағаш үзеңгі жасалады. Бәйге атының ерлерінде қара темір, сом күміс сияқты ауыр нәрселер аз кездеседі.

Республика көлемінде өткізілген түрлі көрмелерге қойылған экспонаттар мен көрмеге қатынасқан шеберлер саны ел арасында атқа жайлы, мінуге сәнді ер қосушылардың көп екендігін көрсетеді. Олардың ішінде батыс қазақстандық Дәулетов Р., қарағандылық Бәшеев Ә., семейлік А. Әлдіжекеев жолдастардың ерлері республикалық көрмелерде үзбей бәйге алып келеді.

Ағаш шеберлерінің жасап шығаратын заттары әр түрлі және әр алуан көп екендігін біз осы бөлімнің бастамасында айтып өткен едік. Солардың ішінде ою-өрнегі әшекей өнеріне үлгі боларлықтай сән-салтанатымызды молайта түсіп отырған жаңалықтар да көп. Олар шифоньер, буфет, диван, стол, орындық пен сыйлыққа тартатын ағаш ваза, қобдиша, тұғыр, жазу жабдықтары сынды әр түрлі әдемі заттар, фанерден, тұтас ағаштан әшекейлеп жасаған суреттер мен мүсіндер, кітап қоятын сөрелер. Мұндай заттарды жасауда шеберлердің асқан ісмерлігімен қатар суретшілік шеберлігі де көрініп отырады. Ондай заттарды жасаудың әдістері де сан алуан. Ондағы ағаш түрлерін оюластырып аппликациялау, суретке қарап отырып күйдіріп оюлау, әр түрлі мазаикалар жүргізу, бояу түстерін үйлестіре пайдалану т. т. Бұл өнерде бірсыпыра жаңа құралдар — бұрғылауыш, қырнауыш машиналар, электр қуаты, лампаның жарығы, электр пышқы тескіш, өшіргіш, жұмсаққыш, желімдегіш химикаттар және т. б. қолданылады.

Өскемен қаласында тұратын үй шаруасындағы әйел Г. Воронина жолдас 1959 жылы суретке қарап отырып қарып өрнектеу әдісімен халық батыры Аманкелді Иманов пен академик Қаныш Сәтбаевтың портреттерін жасады.

1960 жылы оның осы әдіспен әшекейлеген диваны мен шахмат столы 1-жұлдені алды. Столдың өн бойындағы әр алуан өрнектер мен суреттер ақ күміске жүргізген қарала кавказ өрнегіндей әрі әсем, әрі мазмұнды да. Воронина жолдас бұл өрнектерге қайың фанер мен ұшы қыздырылған біздерді ғана қолданған.

Алматылық шебер Л. Емуранов жолдастың 1960 жылы көрмеге жасап әкелген орыс арфасы, тұтас ағаштан ойып жасаған нәзік сағат абуы мен «Советтік спутник» деп аталатын автоматты ағаш қобдишасы, Орал педучилищесінің мұғалімі Г. Мизин жолдастың «Октябрь жұлдыздары» деп аталған әшекейлі ағаш вазасы, Алматыда тұратын инженер А. Чикиннің еменнің түбірінен жасаған Совет Одағының батыры Төлеген Тоқтаровтың бюсті, Лениногор жұмысшысы Н. Перовтың әсем нан табағы, талдықорғандық шебер В. Загородныйдың «А. С. Пушкиннің ертектері» деген шифоньері, өскемендік шебер И. Краснобаевтың қызыл ағаштан жасаған «СССР гербісі» мен «I Петр» деген будуары, тағы да көптеген шеберлердің таңғажайып тамаша қолтумалары халықты таң қалдырды. Жамбылдық шебер А. Чураковтың ағаш тегенесінің ішінде бастарын көтеріп айбат шегіп тұрған улы жыландары да керемет ісмерліктің үлгісі.

Ағашты ұқсатып, одан неше алуан ауыл шаруашылық құралдарын, ыдыс-аяқ, үй жабдықтарын, сан сырлы сыйлық заттарын істеп жүрген әйгілі шеберлердің тек тізімге ілінгендерінің ғана саны 253 адам. Ал ауылдар мен селоларда, алыстағы мал жайылымы участоктарында тұратын, есепке алынбай ескерусіз жүрген ағаш шеберлерінің саны бұдан екі есе көп. Мысалы, Шығыс Қазақстанның Шемонаиха ауданында шіліктен неше түрлі корзиналар тоқитын 14 адам, Семей облысы Барадулиха ауданында 12 адам (тек осы өнер бойынша ғана), Павлодарда 21 адам ешбір творчестволық орындардың есебінде жоқ. Ағаш жеткілікті, оны ұқсатушылар да ел ішінде өте көп. Демек, шеберлерді жете пайдаланып, олардың халық игілігін молықтыра беруіне қамқорлық ету қоғамдық және творчестволық орындарымыздың кезекті міндеті болуға тиіс.



ЗЕРГЕРЛІК

Зергерлік — өте ерте заманнан келе жатқан өнер. Оны барлық халықтар жоғары бағалап, ең қалаулы өнер етті. Тарихи этнографиялық музейлердегі археологиялық сәнді бұйымдар мен қарулар, ыдыс-аяқ, теңге-моншақтар, алтын мен күмістен және асыл тастардан жасалған қымбатты заттар әлгі шеберлер қалдырған халықтық мұра болып табылады.

Қазақ арасында жалпы темір соғатын ұсталарды да, зергерлерді де «ұста» деп атаған. Ұста сөзі шебер, өнегелі, ісмер деген ұғымда ағаш ұстасы, темір ұстасы, күміс ұстасы, сөз ұстасы, ақыл айтуға ұста деген сияқты тізбектерде айтыла береді. Бірақ алтын-күміс әшекейлі бұйымдарды жасаумен әуестенушілер өздерін темір ұстасынан бөлек санаған. Осыған қарай оларды зергер деп атау бүкіл Орта Азия халықтарында ерте кезден-ақ қалыптасқан. Бұл туралы академик саяхатшы П. С. Паллас өзінің 1776 жылғы «Путешествие по разным провинциям Российской империи» деген кітабында: «... қазақтарда ұсталар да зергерлер де бар»,— деп жазады.

1803—1804 жылдар қазақ арасында тұтқында болған Савва Большой деген адам да қазақтарда зергерлік өнерінің өте ертеден барын жазған. Ал революцияға дейін шығып тұратын санақ басқармасының «Обзоры Акмолинской области за 1904 год» деген жинағында «...у казахов существуют особые художники и золотых дел мастера» деп атап көрсетілген. Ақтөбе облысының батыс жағында тұратын А. К. Гейнс 1892 жылы «Литературный сборник» дейтін еңбегінде «қазақтар күмісті балшық тостағаншаға салып, жуан қаңбақ түбірінен жаққан көмірге қыздырып қорытады» деп жазды.

Зергерлік өнерінің Қазақстан топырағында соншалық ерте заманнан-ақ болғандығы туралы «Социалистік Қазақстан» газеті 1965 жылы 28 мартта былай деп жазды:

«Қазір совет археологтары белгілі бір тарихи дәуірлерден қалған мәдени және көркем өнер қазыналарын тапты. Солардың бірі — Кеген ауданындағы (Алматы облысы) «Ақтас» қыстауынан табылған алтын сырғалар. Археологтар оның біздің заманымыздан бұрынғы I—II ғасырда Жетісу бойын мекендеген үйсін елінің зергер-шеберлерінің қолынан шыққандығын анықтады».

Зергерлік өнердің тарихында сирек кездесетін бағалы заттардың қатарына тарих ғылымының кандидаты археолог М. Қадырбаев басқарған экспедицияның Орталық Қазақстандағы Шідерті өзені бойындағы ескі қорғандарды қазғанда шыққан алтыннан, күміс пен алтын қоспаларынан соғылған әшекейлі зергерлік бұйымдар да жатады. Олардың арасында Қазақстан археологтарының назарын аударып отырған жұқа алтын пластинкалардан қалыпқа салынып жасалған арыстан, жолбарыс және аюдың барельеф-мүсіндері бар. Бұл асыл дүниелер де шамасы 2100—2300 жыл бұрын жасалған.

Осы деректерге қарағанда қазақстандық шеберлер зергерлік өнерін ертеден-ақ білгендігі даусыз. Бірақ олар алтын-күмісті өздері қорытып, өндіре алмаған. Сондықтан оларды көрші орыс мемлекеттерінен сатып, айырбасқа алып отырған. Кесек күміс пен алтын оңайлықпен табылмағандықтан ол кездегі қазақ зергерлері көбінесе алтын, күміс ақшаларды қайта балқытып немесе сол күйінде соғып пайдаланған. 1895 жылғы «Обзор Семипалатинской области» деген жинақта басылған «Қырға барған алтын, күміс теңгелер ақша болудан гөрі қазақтардың әшекей-өрнек жабдығына жарап жатыр» деген хабарламасы, тағы көптеген деректер осыны дәлелдейді. Сондай-ақ қазақтың көне әдебиет мұраларында көп кездесетін «зер», «зергер» сөздері де бұл өнердің еліміздің ежелгі мұрасы екендігіне дәлел.

Қазақ тілінде алтын, күміс, жез, мыс сияқты түсті металдардан жіңішкелеп суырылған жіптерді зер деп атайды да зерлі тон, зерлі шапан, зерлі кимешек және т. б. сөз тіркестері өте жиі кездеседі. Сондай-ақ зер, зерделі деген сөз, асыл, таза, жігер, намыс деген ұғымдарда да қолданылады.

Зергерлер сән-салтанат бұйымдарын, жүлдеге берілетін заттарды және әр түрлі әшекей жиһаздарын жасады. Бірақ

мұның бәрі де халықты қанаушы озбырлардың жеке басының мүддесі үшін, солардың үй жасауларына керік беріп тұратын бұйымдар ретінде ұсталды. Алайда халық дарыны тек осы істердің төңірегінде шектеліп қалған жоқ. Халқының қамын ойлаған шеберлер ел сүйген ерлерді, маңдайлы батыр, таңдайлы шешен, еліне пана, жеріне тұлға ұл-қыздарының үлгі істерін зергерлік өнерінде бейнелеп мұра етіп қалдыра білді. Сөйтіп қарапайым еңбекші бұқараның эстетикалық талғамын өсіріп, рухани мейірін қандыратын, еңбекке баулып, ерлікке бастайтын жаңа мазмұнды, жаңа нәрлі өнер тудырды.

Қазір зергерлік ісінің түрлері көбейіп, жұмыстың бұл салалары техникаландырылуда. Престер, өрнек қалыптары, әр алуан жонғыш, сызғыш, оймыштағыш құрал-саймандар, электрмен жұмыс істейтін машиналар көбейді. Соның нәтижесінде жаппай тұтынатын көпшілік қолды зергерлік бұйымдар молынан шығарылатын дәрежеге жетті. Істің техникамен жабдықталуы оның прогрессивтік қарқынмен алға басуына, жұмыстардың сапалы, әрі өнімді болуына жағдай жасады. Халықтық мұраның жақсы мәнерлерін жаңа өрнек, ұнасым, іс әдістерімен жаңартуға мүмкіндік берді.

Қарағандылық А. Қошқарбергеннің сүйектен ойып 40 түрлі оймыш-өрнектер салып, күмістеген асадалы, Абылаев Асқардың алтын, күміс бұйымдары, Қ. Дүйсенқұлованың күміс ері, Солтүстік Қазақстандағы Смағұлов Қапанның сақина-жүзіктері, Семейдегі Б. Нұржанов пен Павлодардағы А. Есалиевтің асқан шеберлікпен істеген асыл заттары зергерлік ісінің дамуының жаңа белесі болып табылады.

Ел арасындағы халық шеберлері түрлі көркем, нәзік істерді көбінесе қарапайым әдіспен орындайды. Зергерге аса қажетті қасиет-суретшілік, дәлдік, еңбек сүйгіштік. Осыған қарағанда халық арасындағы «зергердің көзі өткір, қолы ұсынақты, ойы жүйрік», «ерінбейтіндігі ерге күміс шабушыдай» деген сияқты мәтелдер зергерлікті әрі құрметтеу, әрі зергерге талап қою негізінде туғанға ұқсайды.

Халық зергерлері көбінесе білезік, өңір жиек, сақина, сырға, тіс шұқығыш (бұрын алтын, күміспен өрнектеп жасап, қалтаға салып жүретін), қиықша, қоза, шолпы, алқа, қапсырма, сәукеле, түйреуіш, мық, ілгек, сағат бау, үзбе, түйме, түйменің сабағы, бұрама, деңбет (дөңбет), кемер белдік, кісе сияқты адамның өз бойын әсемдейтін заттарды жасады. Ыдыс-аяқ, ағаш төсек, ер-тұрман, қару-жарақ, жазу жабдықтары, темекі салғыш, насыбай шақша, опа сауыт,

домбыра, қобыз, сырнай және т. б. алуан түрлі жиһаздарды әшекейледі.

Зергерлікті жұмыстың орындалу әдістеріне қарай: техника жолымен преске, қалыпқа салып қысу, балқытқан металдарды арнаулы қалыптарға құю, бір металға екінші металды оюластырып жапсыру, тұтас металдың бетін ою, сызу арқылы өрнектеу, металдарға алтын, күміс жалату, металды қақтау, қуыстау, жұмырлау, домалақтау, шашақтау сияқты бірнеше түрге бөледі. Енді осы металдарды талшықтап бұрау, өру тоқу, түйіндеу, өріп шашақтау, бунақтау, кесек металдарды үзбелестіру сияқты қазақтың ұлттық зергерлігіне тоқталып, бұл заттардың қалай жасалатындығын әңгіме етейік.

Қақтап әшекейлеу зергерлігі. Мұндай әдіс ер-тұрман, асадал, шытырман қазық, қанжар, селбе (селебе), семсер, айбалта, найза, садақ, орындық, босаға, аңшылық мүліктеріне және осылар сияқты көлемді жиһаздарға қолданылады. Мысалы, ердің қасын күмістеуді алайық. Күмістелетін ағаш ер әдейі соған арналып бөлек шабылады. Сондай даяр ердің қасына өлшенген жалпақ темірді кейде тұтас күйінде, кейде оның өзін де оюлап кесіп, егеп алады. Содан кейін күмісті қақтап жапсырады. Ол үшін күміс қақталатын әлгі өлшеніп және оюланып кесілген темірдің бетін ең алдымен түрпі сияқтандырып асыл шапқымен шабады. Қолдан жасалған түрпі ұсақ болуы керек. Сымға тартылған күмісті осы түрпінің үстіне өрнектей отырып балғамен батырады. Мұны зергер тілінде қақтап жапсыру дейді. Күміс бұйымдардың және күмістелген әшекейлердің бетіне ұя жасап қымбатты тастар, жарқырауық шынылар орнату әдісі де заттарға әдемі ажар береді.

Күмісті тезге (сымға) салып тарту. Соғуға, созуға қолайлы болуы үшін қоспасыз таза күмісті таңдап алады. Таза күміс ірімей жақсы соғылады және сымға салып жіңішкерте отырып созуға да ыңғайлы. Таза күміс жай қарағанда да көрікті. Сондықтан қазақ зергерлері ең таза күміс деп жамбы күмістерді ұстайды. Жамбы деп қорытылып құйылған кесек күмістерді атайды. Жамбының үлкендігі мен формасына қарай, қазақ арасында белгілі алты түрлі атауы бар. Оларды үлкенінен бастап айтқанда: «бесік жамбы», «ат бас жамбы», «қой бас жамбы», «тай тұяқ жамбы», «қой тұяқ жамбы», «асық жамбы» деп атайды. Жамбы күмістері қараймайды. Ал енді осы күмісті жіңішкертіп созатын сайман-

ды сым деп атайды. Сым дегеніміз ұзыны 20—25 см, көлденеңі — 3—4 см, қалыңдығы 2 см төрт қырлы ұзынша темір. Бұл темірдің ортасында кеңдігі шеге сиғандай, тесіктен бастап, бір тал шаш өтетіндей ғана саңлауға дейін тарыла беретін, бірінен бірі кіші 11—18 тесік бар. Бұлардың араларында үлкенді-кішілі шар, жарты шар кейіптес шұңқыр ұялар жасалған. Шеберлер бұл ұяға шегелерді сыптығырлай отырып, әр түрлі көлемдегі мық шегелердің түйіртпектерін жасап өрнектейді.

Күмісті қорытып тазартып алған соң, оны шегенің үлкендігіндей етіп, ұзындығын 10—15 см шамасында жұмырлап соғады да, сымның алғашқы өтетін көзінен бастап, бірте-бірте тар көздерден өткізіп тартады. Күміс әрбір тесіктен өткен сайын жіңішкеріп шаштай болып созылып шығады. Созылған күміс машина жібінің ағашына оралады немесе кесте жіп сияқты домалақтанып жиналады. Мұны күмісті сымға (тезге) тарту дейді. Халық арасындағы «сымға тартқан күмістей әдемі» дейтін теңеу осыдан шыққан.

Күміс жіптің ұшын әлгі шабылған темірдің түрпі бетіне өрнектеп сала отырып балғамен бірқалыпты ұрады. Ұрылған күміс түрпілердің бұжырына жапсарласып, өзінің жуан-жіңішкелік мөлшеріне қарай жалпақтана, өрнектеліп қақталады. Қақталған күмісті ердің қасын төсеп егейді. Оған оң беру үшін оны жұмсақ қайрақпен және түрпі қағазбен, одан кейін киізбен, ең ақырында жұмсақ матамен ысқылайды.

Күміс қақталатын темірге шеге қағылатын болса, онда оны күміс қақталмай тұрып тесіп алады. Тұтас күмістелген темір бұйымның бетінде өрнексіз қалатын ашық жерлер болмайды, ондай жерлерге арнаулы безеуіш, безеубас деген құралдар арқылы ою ойылып, күміс сіңіріледі де, оның бетіне қарала жасалады. Кейде ондай бос жер қалып бара жатса, мұсатыр мен күмісті ерітіп алып жалатады да, бетін безеулеп қояды.

Құйма алтынмен күмісті өрнектеу. Жұмыр, домалақ, қырлы, төрт бұрыш және т. б. бейнелердегі заттарды тұтас құйма алтын, құйма күмістен жасайды. Бұларға әр түрлі бейнеде құйылған жамбы, ат бас алтын, ділдә, құйма білезік, құйма жүзік, алтын аяқ, ақ жамбылар жатады. Алтын күмісті ерітіп, қалыпқа құйып бедерлеу әдісімен алтын қасық, күміс ожау, сағат қаптары сияқты заттар да істеледі. Құйма алтын мен құйма күміс халық дәстүрінде асыл қазына, үлкен мұра деп есептелген.

Құйма алтын мен күмісті өрнектеу үшін оған қажетті қалып жасалады. Мұндай қалыптарды халық шеберлері қалайыдан, қорғасыннан, жезден немесе майдаланған саз балшықтан, қатты ағаштан, мүйізден жасайды. Қалыптың ішкі бетіне жасалатын өрнекті ояды немесе қалыптың өзін сол өрнекке қаптайды. Осындай қалыпқа құйылып шыққан сом алтын не күміс сол қалыптың ішіндегі әр түрлі өрнектермен бедерленіп шығады.

Сол күміс пен алтынның беттерін асыл бізбен, өткір қашаумен, пышақтың ұшымен сызып өрнектеуге де болады. Қолөнер шеберлері өрнектеліп болған заттарды әдемілеу үшін оны түрпі қағазбен, шұғамен, мақпалмен, жұмсақ матамен ысқылап, жылтыратады. Сақина, білезік, сырға, шолпы сияқты бұйымдарды қазақ зергерлері көбінесе осындай әдіспен жасайды. Сымға тартылып бір келкі созылған күміс жіптерді бұрап, өріп, тоқып, кейде алтын, күміс заттарға әр түрлі асыл тастардан көз орнатып, оларға мық қағу арқылы өрнекті, сәнді жиһаздар істейді.

Мәселен, атақты зергерлердің бірі Түсіпжан Омаралин әйелдерге сыйлыққа тартуға арналған салмағы 300 грамдық сыңар жұмыр білезікті былай жасаған. Жұмсақ ақ бордан иленген ұзындығы 20—21 см жұмыр таяқшаның әуелі ортан белін, одан кейін екі жақ басын біздің ұшымен сызып өрнектеп, өрнегінің мінсіздігін тексереді. Бұл үшін керосин құйған панжарасыз (жайдақ) шам жағып, өрнектелген таяқшаның екі басын шамның түтініне ұстап қарайтып алады. Одан кейін жұмсақ ақ қағазға таяқшаның басын кезек-кезек ауната басса, таяқшаға сызылған өрнек ақ қағаздың бетіне ап-айқын, мөрдей болып басылып шығады. Зергер бірлі-жарым өрнек сызығының мінін түзетіп болып (мұны зергерлер іш қалып деп атайды), енді сырт қалып жасауға кіріседі. Ол үшін өсімдік майына иленген замазканы әлгі таяқшаға жапсырып, қалып жасайды. Қалып сәл тобарсыған соң өткір пышақпен қалыптың сыртын екі жақ жанынан басып тіледі де, таяқшаны алып тастап, қалыпты қайтадан қосады.

Замазкадан жасалған қалыптың сырт пішіні мен үлкендігі бір кесек кір сабынға ұқсайды, таяққа жасалған ұяның бір жақ басы тұйық болады. Шебер сол қалыптың аузын жоғары қаратып, май қосып, мүсәтір араластырған күмісті ожаушаның шүмекше суатынан ағызып қалыпқа құяды. Енді үш-төрт минут өткеннен кейін мінсіз түзу, әсем өрнекті жұмыр күміс таяқша дайын болады.

Істің осы кезеңінде ептілік пен қатар жылдамдық та керек, өйткені күміс суып кетсе, оны икемге келтіру қиындай түседі. Ширақы қимылдап жүрген шебер ыстық таяқшаны темір қысқышпен ептеп қана көтеріп қорғасын қалыпқа салады. Бұдан кейін қорғасын қалыптың сыртынан арнаулы темір қысқашпен дөңгелектеп шығыр бейнесіне келтіріп игенде, ол нағыз білезікке ұқсап қалады. Бірақ күміс білезіктің сырты әлі де жылтыр, тегіс емес. Сондықтан зергер оны өзінің егеулерінің ішіндегі ең майдаларымен әр жерін кезек-кезек егейді. Одан кейін түрпі қағазбен, шұға лентасымен, ең соңында барқытпен үйкелеп, майға өлтірген сынап тотығымен тағы да біраз ысқылағанда заводтан шыққандай болып жарқырайды. Осыған қарағанда халықтың «күмістің жанын зергер салады» деуі бұл өнерді орынды бағалаудан туған жай.

Зергер Абылаев қынама бел, көк барқыт қамзолдың алдыңғы қаусырмасына тағу үшін қызыл жақұт тасымен бұршақтап, екі алтын түйме жасады. Зергер түйменің сабағын күмістен, тасының қабын алтын жалатқан жіптен тоқып өшекейлейді. Бұл үшін керекті алтын мен күмісті тезге тарту әдісімен жіптіктеп, әзірлеп алады. Алтын жіп № 10 машина жібінің жіңішкелігіндей, күміс жіп оқушылар жазатын жай қарындаштың ұшындай жуандау болады. Зергер күміс сымның бір ұшын 3 см жерден екі қабаттап, кейін бүктейді де, екінші ұшын әлгі екі бүктеуге жеткен бірінші ұшықтың тұсынан жуантық бізге екі орап шығыр жасайды. Солай екі қабатталып тұрған бірінші ұшықты бастыра 2 сантиметрдей орап бұрайды. Бұл түйменің сабағы даяр деген сөз. Шебер енді сабақтың бұраудан тыс қалған 1 см тұйық басына шахмат сызығымен бұжырланған жақұт моншақты кигізеді де, әзір тұрған алтын жіптігін күміс сабақтың, моншақтан әнтек шығып тұрған бүлдіргісінен өткізіп алып, бұжырдың шахмат сызықтары бойымен тоқып шығады. Алтын жіптің екі ұшы да мұқият бекітіліп, алтын түйме әзір болады.

Әйелдердің омырауға тағатын алқа, тана, жарма, шытырман, қоза, көз түймелері сияқты заттарды көбінесе арнаулы қалыптарға салып сықап жасайды. Бұл үшін темір қалыптың ұясына салынған жұқа және жұмсақ күмістің үстіне қатты кесек қорғасын қойып, содан кейін не күшті қысқымен басып сықайды, не қорғасынның үстінен балғаммен ұрғылайды. Күш түскен қорғасын жұқа күмісті өрнекті қалыптың ішіне жапсыра кептеп тастайды. Осы әдіс арқылы



Салпыншақтар: [салпыншақ сырға (жоғарыда); салпыншақ алқа (ортада); сәукеле шұбыртпасы (төменгі)].



Білезіктер.

қалыптағы өрнектің бедерлері күміске батады да, өзінің ою-өрнек іздерін қалдырады. Соңынан қорғасынды ыңғыру бізбен шұқып алып тастайды, кейде қорғасынды алмай, сол бетінде қалдырып та қояды.

ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРІНІҢ БАСТЫ-БАСТЫ ҮЛГІЛЕРІ

Білезік. Қазақ зергерлері жасап жүрген білезіктердің: қос білезік, бес білезік, жұмыр білезік, орама білезік, бұрма білезік, кавказ білезік, көзді білезік, өрме білезік, үзбелі білезік, топсалы білезік, қолқа (қуыс) білезік деген түрлері бар. Бұлардың үлкен-кішілігі, ауыр-жеңілдігі әркімнің қалауынша әр түрлі бола береді. Білезіктердің аталу түрлеріне қарай, олардың бетіне жүргізетін өрнектер де түрлі-түрлі.

Қос білезік. Мұндай білезік жалпақ бауырлы тұтас келеді де үстіңгі беті қатарласқан қос жұмыр болады. Бұған көбінесе «сыңар өкше», «ырғақ», «бұрма», «көз» өрнектері салынады. Қос білезік салу Солтүстік Қазақстанда көбірек кездеседі.

Бес білезік. Бұл білезіктің бауыр сырты жалпақ, сағат бау сияқты. Ортасында топсасы болады. Білезіктің екі басы түйісіп түймеленеді. Білектің сыртқы жағында күміспен немесе алтын шынжырмен шыжымдап қойған бес сақина бар. Сақиналар да өрнектеліп, тастан көз орнатылып әсемделеді. Білезікті білекке салардан бұрын осы бес сақинаны бес саусаққа киіп алады. Бұдан кейін білезікті топсасынан сыртына қарай қайырып білекке салады да екі басын қайтадан түйістіріп, түймелеп қояды. Бес білезікке асыл тастардан алуан түсті көз орнатып, үстіңгі бетіне «ирек», «мүйіз», «құс қанаты», «бөріқұлақ» сияқты күрделі өрнектер жүргізеді.

Жұмыр білезік. Білезік салатын кісінің қалауынша жуандығы әр түрлі жұмыр күмістен иіліп істеледі. Білезікті кейде қолдың басынан білекке қарай киілетін етіп, екі басын түйістірген шығыр формасында жасайды. Кейде қоспасын ашып білектің қырынан қапсыратын етіп түйіскен жерін ашық жасайды. Жұмыр білезікті көбінесе соғып, егеп иеді. Ал қайсыбір жақсы өрнектерін қалыпқа құйып шығарады. Жұмыр білезіктің қоспаға түйіскен екі басын қою шытырман өрнектермен, сыртын неғұрлым нәзік және сирек өрнектермен оюлайды. Жұмыр білезіктің екі басынан басқа жеріне көбінесе өрнек жүргізілмейді.

Орама білезік. Қолға орай салатын белдік бейнелі жалпақ білезік. Мұндай білезіктің екі шеті кейде алтынмен көмкеріліп сызықталады. Ортасына жануарлар, өсімдіктер, геометриялық фигуралар тәрізді күрделі өрнектер жасалады. Кейде алтын, күміс аралас кавказдалады.

Бұрама білезік. Бұл жасалу жағынан өте оңай, түр жағынан жарасымды білезік. Білезік екі не үш бөлек жұмыр күміс шыбықтарды қосып бұрау арқылы істеледі. Бұрама білезіктің екі басына әр алуан бедері бар бунақтар, бұршақтар, жиектер келтіріп, кейде олардың үстіне тас көздер орналып әшекейлейді.

Кавказ білезік. Мұны «қарала білезік» деп те атайды. Бұл білезікті жасау кавказ халықтарынан ауысқан. Кавказ білезік, кавказ сақина, кавказдалған күміс белдік деген атаулар осыдан шыққан. Кавказ білезіктің ақ күмісіне қара көк түсті өрнек жүргізіледі де, күміс қара ала болып көрінеді. Кавказ (қарала өрнек) үлгісімен «мүйіз», «ирек», «гүл», «жапырақ», «бұрыш» өрнектері өте сәнді жасалады.

Көзді білезік. Жұмыр немесе жалпақ күмістің, не алтынның бетіне бедерлі ернеулер жасап, ақ, көк, қызыл, жасыл түсті асыл тас көздер орнатады. Көздерді ұстап тұратын ернеулі ұялар батыру, сызу, бедерлеу, бұрыштау әдістерімен өрнектеледі.

Өрме білезік. Сәндеп дайындалған жуан алтын, күміс жіптерді өріп, құрастырып та білезік жасайды. Мұндай білезіктің тұтас екі жақ басы екі алақан сияқты тұтас келеді. Осы алақанның бетіне «қазтабан», «жүрекше», «қосырғақ» өрнектерінің бірін жүргізеді.

Үзбелі білезік. Шығыр, доғабас, ілмек тәрізді етіп соғып, бөлек-бөлек күмістерден жасаған білезікті «үзбелі білезік» дейді. Күмістен, алтыннан үзбелеген осындай білезіктерді қол сағаттың бауы есебінде де пайдаланады.

Топсалы білезік. Ортасынан екіге қайырып ашуға, екі басын топса арқылы түйістіріп жабуға болатын білезікті топсалы білезік дейді. Топсалы білезіктің топсасы өте биязы және өрнек мәнерімен үйлеседі де, сырт қарағанда білінбей тұрады. Білезіктің екі басы ілмек, тиек арқылы жалғасады. Соңғы кездегі жаңашыл шеберлер топсалы білезікті қол сағатпен қоса жасап өрнектеп жүр.

Қолқа білезік — шұжық тәрізді жұмыр, бірақ іші қуыс білезік. Соған қарай оны кей облыстарда «шұжық білезік» деп те атайды. Ол өте жеңіл әдемі болады. Оны кейде салдар мінетін аттардың аяқтарына да салатын болған.

Сырт бейнесіне, өрнек түріне, бір елге тән мәнеріне, орнатылған кездерінің санына қарай, әр жерде әр түрлі аталатын білезіктер көп. Білезіктер негізінде әйелдерге тән. Бой жеткен қыз сүйген жігітіне ұнатқандығының белгісі ретінде жүзігін, білезігін сыйлайтын.

Сақина мен балдақтар. Сақина мен балдақ саусаққа салынады. Бұлар да негізі әйел жиһаздары болып саналғанмен, оларды ерлер де салады. Бірақ әйелдер барлық саусақтарына екі-үштен қосарлап сала береді де, ерлер бір ғана саусағына және біреуін-ақ салады. Сақина мен балдақты жүзік деп те атайды. Сақинаның бауыры шығыр болып келеді де, қолдың сыртына қараған жағына көз салынады. Ал балдақ деп көзі жоқ, бірыңғайын айтады. Ертерек кезде еркектер көбінесе балдақ салады екен. Бұлардың алдыңғысы алтын, күміс, болски сақина («польский» деген сөзден шыққан) деп, ал соңғысы алтын, күміс, болский балдақ деп аталған.

Сақиналар әшекей мәнеріне, көздерінің бейнелеріне қарай да әр түрлі аталады. Мысалы, тасты сақина, моншақты сақина, кавказ сақина, құсмұрын сақина, ырғақ сақина, бұрамалы сақина және т. б. Балдақтарды ондай түрлеріне бөліп атамайды. Тек алтын балдақ, күміс балдақ дейді. Сақиналар көбінесе сом күмістен соғылады. Көзді сақинадан бөлек соғып, қалыпқа салып өрнектеп алады да, балдағына дәнекерлеп бекітеді. Кейде көзді ұялап жасап, оған жарқырауық тас, шыны орнатады. Сақина, сырғалардың көздеріне қазақ шеберлері дайын күйінде сатып әкелінген мынадай тастарды пайдаланған: теңбіл тас (сланец пятнистый), су тас (хрусталь), көк тас (малахит), құлпырма тас (перламутр), құбыл тас (александрид), зүбіржат (изумруд), жақұт (яхонат), лағыл (рубин), жарқырауық тас (самоцвет), гауһар (бриллиант), ақ тас және янтарьды пайдаланған.

Осындай ғажайып әдемі тастардың ішінде янтарь (күн сәулелі тас) туралы профессор А. Машанов жолдас 1962 жылы 14 январьда «Социалистік Қазақстан» газетінде бір қызық деректер жазды. Оның айтуынша жоғарыдағылар сияқты әдемі тастар бір кезде «кереметті тас» деп саналған. Мысалы, олардың кейбіреулерін адамға құт болады, жаңбыр шақырады деп, кейбіреуін шипалы, тіл-көзден сақтайды деп сенген. Янтарьдың ғажайып сипатын грек ғалымдары осыдан 2500 жыл бұрын білген. Оны парсы тілінде хахруба (өзіне тартқыш) дейді екен. Себебі ол шашты, шөпті өзіне тартып алады. Янтарь тегінде бір түрлі ағаштың сорғыған

шайырынан шығады. Оның ішінде құрт, құмырсқа, қоңыз сияқты жәндіктердің денесі тірі қалпын сақтап қалып қояды. Бұл туралы атақты ғалым М. В. Ломоносовтың янтарь ішінде қалған шыбын-шіркейге арнаған бір өлеңінде: «Қабырың хандардан да артық екен...» дейді. Янтарьдың ең көп табылатын жері біздің Отанымызда Балтық теңізінің жағалауы. Ал Ленинград маңындағы ең көрнекті орындардың бірі — Екатерина сарайының бір бөлмесі кілең янтарьдан салынған. Қазір Калининградта янтарь өңдейтін арнаулы завод та бар екен. Осыған қарағанда, қазақ қолөнерінде кездесетін янтарь әшекейлі мұралар негізінде көршілес орыс халқының мәдениетінен ауысқаны анық.

Кейде зергер қырланып боялған моншақ шыныларды да сақина көздеріне отырғызады. Әдемiленген сүйектен, мүйізден, слюдадан жасалған түйме бастар орнатылған сақиналар да көп кездеседі.

Сақина, балдақтарды ажарландыруда да жоғарыда айтылған егеу, ысу, қайрау сияқты әдістер қолданылады.

Шолпы — әйел әшекейлерінің ішінде сәнді әрі күрделілерінің бірі. Қазақ арасында оның түрлері өте көп. Шолпыны сән-әшекей ретінде, сондай-ақ оның салмағының әсерінен шаш ұзын болып өседі деп таққан. Мұны байлықтың, баршылықтың белгісі деп те санаған. Қазақ салтында шолпыны қыздар мен жас келіншектер тағады, ал егде тартқан әйелдерге ерсі болса керек. Ал білезік-сақиналарды қарт әйелдер де сала береді.

Шолпылардың жалпыға бірдей ел арасына көп тараған түрлерінің мынадай аттары бар: қоңыраулы (сылдырмақты) шолпы, қозалы шолпы, қос үзбелі шолпы, көзді шолпы, көп үзбелі шолпы, сағат баулы шолпы, маржанды шолпы, шаш теңге т. б. Бұлардың түрлері мен әшекейлері әр алуан, істелу әдістері де әр қилы. Әр жердің шеберлері өзінше мәнер (стиль) ұстанады. Солай бола тұрса да, олардың сырт көріністерінде көпке ортақ ұқсастық бар.

Қоңыраулы шолпы біріне-бірі тізбектелген бірнеше ромбы бейнелес күміс құтышалардан құралады да, олардың ішіне сылдырмақтар салынады. Құтышалардың сырты әр түрлі өрнектермен безендіріліп, бұрыш-бұрышына күлтелі меруерт, моншақ, теңгелерден салпыншақтар үзбелінеді. Қоңыраулы шолпылардың әрбір детальдарын ұстап тұратын алтын, күміс алақандары бар. Құтышалар мен салпыншақтар көптігіне қарай, біріне бірі төгіліп, ажарланумен қатар шылдырлап, сыңғырлап дыбыстар шығарып тұрады. «Сың-


ғырлаған күлкісіне сылдырлаған шолпысы үн қосады» дейтін теңеу сөздер осыдан қалған.

Қозалы шолпылар да негізгі алақан теңірегіне үзбеленген ромба, тұмарша, домалақ қозалардан құралып, көптеген салпыншақтардан тұрады. Қозалардың сабақтары қызыл, көк, жасыл су моншақтардан жасалып әр түрлі теңгелермен, таналармен, сабақты түймелермен әшекейленеді. Қозалардың сыртындағы өрнек-оюлары кавказдалады. Әр алуан түсті асыл тастар бір-біріне шағылысып, күннің, шамның жарықтарымен нұрланады да сан алуан сәулелермен құлпырып тұрады.

Үзбелі, қос үзбелі шолпылар көбінесе арналып соғылған әшекейлі шаш теңгелерді, ақша теңгелерді біріне бірін үзбелеп жалғастыру арқылы жасалады. Бұлардың алақандары екі бұрымға екі бөлек жасалып, не әр бұрымға екіден төрт бөлек болып жасалады. Теңгелер мен теңгелердің арасындағы үзбелер кейде лента сияқты күміс баулықтарды дөнекерлеп ұстау арқылы, кейде теңгелерді тесіп шығыр өткізу әдісімен тізбеленеді.

Көзді шолпылардың да алақандары екеу, үшеу, төртеу болып, олар әр түрлі сопақша табақшалардан құралады. Табақшалар көбінесе жіңішке сым күмістерді, алтындарды өрмелеп, тоқыма-лап, ернеулерін ескен алтынмен көмкеріп, ортасына асыл тас орнату арқылы ажарланады. Әр түсті асыл тасты көздер кейде қырланған үшкір, бедерлі, томпақ, кейде бірнеше түсті ұсақ жұлдызша тастарды құрастырып, бұжырлау әдісімен орнатылады. Бұлар да көп салпыншақты, нәзік шынжыр шашақты немесе күлтелеген тас түймелі болады.

Сағат баулы шолпылар көбінесе алақандары геометриялық бұрышты, жалпақ алтын, күміспен өрнектелген, көзді



28-сурет. Шашқап.

не көзсіз табақшалардан құралады. Осындай екі, үш, төрт табақшалар өте жіңішке алтын, күміс сағат бауларымен жалғасады. Төменгі ұштары меруерт бауға тізілген әр түсті асыл тас, шоқ сылдырмақтар болып келеді. Мұндай шолпылар, әсіресе, Шығыс Қазақстанда көбірек кездесіп жүр.

Кейде ақша теңгелерін өзара үзбелеп алақан жасап, олардан бұтақталған теңгелер тізбегінің баулықтарына меруерт, маржан, жарқырауық тастар өткізіп те шолпы жасайды. Бұлар кейде көп салпыншақты болып, кейде бір-екі теңгелерден ғана құралады. Басқа күрделі, салмақты шолпылар көбінесе шашбаудан бөлек жасалып тағылатын болса, теңгелі шолпылар үнемі шашбаудың екі ұшына бекітулі жүреді.

Шашқап. Қазақтың ескі салтында бой жеткен қыздар мен жас келіншектер шаштарына шашқап киетін болған. Шашқапты қыз-келіншектер жүн сабау, киіз басу, ши тарту, жүк арту, үй тігу, мал сауу жұмыстарына араласқан кезде киген. Шашқап, шолпы, шашбау, алқа, өңір сияқтылар бой түзеу бұйымдары болуымен қатар, шашты күнге күйіп сынудан, шаң-тозаңнан сақтау үшін де өте қолайлы.

Шашқап көк, жасыл, қызыл, қара түсті мақпалдардан жасалады. Оның өң жақ бетіндегі мақпалдың айнала шеті, екі жақ басы алтын күміспен зерленеді. Мақпалдың ортасына ою-өрнектің ұнасымды түрін пайдаланып, ақ меруерт тізеді.

Ер-тұрман, белдік, кіселер. Ер қанаты ат деп білген халық, мініс көлігі ішінде салт ат мінуді әрі сән, әрі өнер тұтқан. «Жүйрік ат, түзу мылтық ер қайрағы» дей отырып, адам астындағы атын сенімді серік, айнымас досқа балаған.

Белгілі ақын Көкбай елден таңдап жүріп көкбесті дейтін атты бір түйе, екі бестіге сатып алып, ақындар ұстазы Абайға келіпті.

«Ассалаумағалейкум, Абай ақын,
Алдыңнан өнеге алдық талай ақын.
Бір түйе, екі бесті беріп алдым,
Мінуге алшаңдатып, қалай атым?» —

десе, Абай: «Мақтанға жарып-ақ қалдық емес пе» — деп күліпті қасындағыларға қарап. Сонда Абайдың жанында отырған Бірәлі ақын:

«Қанат жоқ ер жігітке аттан басқа,
Өнер жоқ жазу, сызу хаттан басқа.
Ат жақсы, алған жары сұлу болса,
Жігітті ол қояр ма мақтанбасқа». —

депті. Сонда Абай ендеше Көкбай жоғары шықсын. Ал мынау отырған Сүлеймен деген жігіт, осы ауылға арық атын жаяу жетелеп келіп отыр. Бұған да бірдеме десең жарар еді, депті.

Бірәлі:

«Жігітті кім таниды жүрмеген соң,
Атағын ауыл елі білмеген соң.
Ер түгіл, еркек деуге аузым бармас,
Бір тайды үркек қылып мінбеген соң»,—

депті. Абай да, ақындар да ат қадырын мақтанға сиғызып, оны бағып міне білмеген еркекті мысқылдайды. Жақсы ат жайын ақын Абай өзі де талай өлең еткен.

Атты — қанат, келістіріп мінуді — өнер санаған қазақ, оның ер-тұрман, жүген-құйысқанын сәндеп абзалдауды салт еткен. Ал ат-тұрмандарын әсемдеуді халық зергерлері абыройлы да ардақты іс санаған.

Ат-тұрман абзалдарының ең бастысы күміс ер. Оны жаппай күміс, ойма күміс, құранды күміс ерлер деп бөледі. Ондай сәнді ерлердің тұрмандары — тартпа, таралғы, үзеңгі, құйысқан, өмілдірік те күмістеліп әшекейленеді. Әдетте күміс ер-тоқым мінгендер атын күміс жүгенмен жүгендеген. Күміс ердің тоқымы да күмістеліп істелген. Біз күміс бетте басы және оны жасау туралы осы бөлімнің алдыңғы беттерінде айтып өткенбіз. Сондықтан енді тек ат-тұрмандардың түрлері мен оларды күмістеу әдістеріне тоқталайық.

Ең алдымен ер-тұрмандар сап күмістің өзінен жасалмайтынын, оны тек түрпілеп шапқан қара темірдің бетіне қақтап өрнектейтіндігін еске салу керек. Тұрмандарды күмістейтін қара темірлердің өзін оюлап әр түрлі мүйіз, айшық, доға, үшкіл, дөңгелек, жапырақ бейнесіне келтіріп кеседі де, егеп әдемілейді. Мұндай әдістер арқылы істелетін жабдықты қалаған қалпына келтіріліп, олардың кейбіреулері екі жақ бетінен (үзеңгі), кейбіреулері тек оң жақ бетінен ғана күмістеледі (тартпа, таралғы, жүген, құйысқан). Осындай әдіспен оюлаған өрнектердің қылдай жіңішке күміс жіптері не ақ болып, не қарала болып түседі және жапқан күміс өдіптерінің ара-арасынан көрініп тұратын темір де жолақ-жолақ болып өрнек секілденіп әр беріп тұрады.

Таралғы, тартпа, құйысқан, өмілдірік сияқты көрнекі тұрмандардың бетіне қарала (кавказ) өрнегі жүргізіледі. Тұрмандарға қақталған күміс өрнектердің су сызықтарына сары жез, қызыл мыс жіптіктер де пайдаланылады. Қақталған, жабылған күмістерді жалтырату үшін оны егеп алған

соң майда құм сіңген киізбен, одан кейін ет жағын сыртына қаратып тақтайға бекітіп алған былғарымен, ең соңында барқытпен ыспалайды.

Қазақ зергерлерінің ат-тұрмандарды абзалдау өнері талай заманнан бері келе жатқан көне дәстүр және ол өзінің әсем де қарапайымдылығымен талай жандарды таңдандырған. Бұл жөнінде Орыс зерттеушілері И. Словцов (1876 жылы), А. Гейнс (1898 жыл) таң-тамаша етіп жазған болатын. Бұлардың еңбектерінде қазақ зергерлерінің, әсіресе, ат-тұрман абзалдарын жасау шеберліктерінің Орта Азия елдерінің бәрінен де артық та сәнді екені жазылған.

Белдіктер мен күміс кіселерді сәндеу өнері де ежелгі салт. Қазақта «Етігі жаман төрге шыға алмас» деумен бірге, «Белдігі жаман мықынын тірей алмас» дейтін де мәтел бар.

«Кісі болмас кісіні мүшесінен танымын, кісі болар кісіні кісесінен танымын» деп те айтылған. Бұл сияқты аталы сөздер адамның кедейлігі мен жоқшылығын кемітіп айтылған деп жорамалдау әсте дұрыс емес сияқты. Мұнда әр адамның өз бойын өзі түзеп, өз орнын өзі таба білуі абзал деген эстетикалық қағида, елдік дәстүр бар. «Кемер белбеу бел сәні, кемелді жігіт ел сәні» деген сөз де бізге осыны аңғартса керек.

Күміс белдік, кемер белбеу кербез жігіттер мен қыз-келіншектерге тән болса, күміс кісе, әдемі дәндәкулер салихалы қарттарға, сапар кезгіш батырларға тән. Арба жегіп, қоржын артпай-ақ, өзіне керекті аспаптарын өз бойында сақтай білген қариялар кісені сумка орнына, дәндәкулерді әрі сән, әрі құты орнына пайдаланған. Бұлардың барлығы өзіне лайық мөлшерде, бойға лайық шамада алтын, күміс, ақ жамбымен әшекейленіп, сәнді өрнектермен безендірілген.

Белдік кіселерде сап күміс, жаппай темір болмайды. Белдіктің алақаны мен кісенің беттеріне қара темірден түрлі-түрлі етіп шағын көлемде қиындылар салынады, оның бетін шауып түрпілеп, сымға (тезге) тартылған күміс жіптіктерді қақтау тәсілімен өрнектейді. Кейде кісенің бетін, белдіктің алақанын әсемдегенде кей жерлерін жаппай күміспен жауып, өрнектеу мәнері де жиі қолданылған. Ондай күмістердің бетін безеуіш біздермен, безеу бас қашаулармен сызып отырып өрнектеген.

Белдіктің өн бойына бөлек-бөлек темір, мыс, жезден істелген бүркеншікті теңгелер, үшбұрыштар, сопақшалар, әр түрлі үлкен қалпақты мықтар қағылады да үстінен күмістеп өрнек жүргізіледі. Күмістен өрнек жүргізілген бүркеншік-


тердің үстіне әр түсті асыл тастан көз орнатып, айналасын күміс қауашақтармен өрнектеп, дәнекерлейді. Кейде белдіктің ілгегі өткізілетін тесіктерді де күміспен торлап, әдіптеп отырған. Белдіктің әр жерінен күміс сақина салып, қын мен кіселерді күміспен үзбелеп те әшекейлеу әдістері бар.

Белдіктердің өң бетін көксауыр былғары, қызыл, сары көзелдермен оюлап, күміс әшекей жүргізу де өте ұнамды шығады. Кісенің беті, белдіктің өн бойы жақсы иленген қайыспен, былғарымен астарланып, шет-шеті тарамыспен қауланып тігіледі.

Қорыта айтқанда, зергерлік істерге мына заттар жатады:

алтын алқа	адалбақан	қобыз
алтын балдақ	алқа	қоңырау
алтын білезік	бау	құйысқан
алтын кемер	бастырма	құты
алтынды маңдайша	белдік	қын
алтын сақина	дәндәку	қылыш
алтын сырға	бұрау	қынап
алтын түйреуіш	ер	маңдайша
алтын тіс шұқуыш	жүген	найза
алтын жіп	жүкаяқ	нақыш
алтын қапсырма	жіп, түрлі жалатпалар	ожау
алтын шашақ	жарма	оймақ
алтын шолпы	кежім	оқа
алтын шаш теңге	кісе	омырауша
алтын түйме	кебеже	оймақ
ақ сүңгі	кергіш	өмілдірік
алтын сағат бау	кесте	өрнек
алтындалған сәу-келе	кемер белбеу	өрмек ағаштары
алтын қоза	кереге бас	пышақ
алтынды босаға	көксауыр әр қилы көмкерулер	піспек сап
алтын тұтқа	қапсырма	садақ
алтын тақ	қастауыш	сақина
алтындалған кежім	қамшы	сағат бау
алтын таж	қаламсап	салпыншақ
алтын оқа	қарғы	селебе
айбалта	қарғы бау	сүңгі
асадал	қант шапқы	сырға
	қорамсақ	табақ
	қоза	таж
		тақ

Республиканың облыстарында қолөнердің қай түрінен қанша шеберлер бар екенін мына қолөнер шеберлерінің республика көлемінде орналасуы картасынан көруге болады.



29-сурет. Карта.

Республикадағы қолөнер шеберлерінің орналасуы

Облыстар	Ағаш шеберлері	Бау-басқұр шеберлері	Бояу ісінің шеберлері	Былғары мен қайыс ісінің шеберлері	Зергерлер	Кесте мен көркем тігіс	Қиіз басушылар	Қиым тігушілер	Өрмек ісінің шеберлері	Сұйық пен мүйіз шеберлері	Тас қашау ісінің шеберлері	Ши орау, тоқу шеберлері	Түрлі шеберлер	Облыс бойынша барлығы
1. Ақтөбе . .	27	5	?	14	10	33	11	?	11	?	?	?	?	111
2. Алматы . .	15	2	4	7	12	13	24	?	17	3	?	6	?	103
3. Орал . . .	15	?	?	?	5	8	7	?	10	1	?	1	?	47
4. Гурьев . .	44	17	?	8	24	14	6	?	23	3	8	7	?	154
5. Жамбыл	19	2	1	2	13	9	10	?	24	1	2	2	?	82
6. Қарағанды	36	2	?	1	32	35	80	4	10	10	2	10	1	240
7. Қостанай	12	3	1	?	7	8	12	?	8	?	2	10	?	61
8. Қызылорда	17	2	?	1	6	33	12	7	15	?	2	1	1	80
9. Көкшетау	14	8	1	1	7	9	14	12	4	?	4	4	1	73
10. Семей . .	11	10	3	2	7	108	55	18	15	7	2	2	1	234
11. Солтүстік Қазақстан	7	3	1	1	6	19	2	7	9	7	2	?	?	60
12. Павлодар	13	3	1	1	5	4	13	11	4	?	2	3	1	78
13. Талдықорған . . .	11	3	3	2	2	27	4	8	6	1	?	1	3	67
14. Шығ. Қазақ.	10	3	2	2	4	46	6	6	4	?	6	4	2	98
15. Шымкент	18	12	4	2	2	19	18	1	11	?	2	2	2	113
16. Целиноград	9	?	?	3	9	14	13	2	5	?	?	?	14	55

Барлығы: | 278 | 75 | 21 | 47 | 151 | 399 | 287 | 76 | 176 | 33 | 34 | 53 | 26 | 1656

тартпа
түйме
түйреуіш
тұмар қап
тұмарша
теңге
тоқым
торсық
томаға
тұғыр

тұтқа
шаңырақ
шараяқ
шар айна
шоқпар
шамдал
шақша
шанышқы
шаугім
шайнек

шілия
шіде
шашақ
шоқ
шытыра
үзеңгі
үзік
үзбе
ыдыс-аяқ т. б.

Қазақ халқының қолөнерінде зергерлік металдармен қатар, сүйекке, мүйізге, ағашқа, былғарыға алтыннан, күміс-



тен әшекей жасау да кеңінен қолданылған. Алтынмен аптау, күміспен күптеу, бедерлеу, алтын, күмістен әр түрлі бейнеде сауыттар жасау зергерлік өнерінің даму барысын аңғартады. Қазір республикамызда 150-ден аса зергерлер бар. Бұлардың ішінен 1957 және 1960 жылдары өткізілген республикалық көрмелерде озып шығып, асқан шеберлігімен көзге түскен көптеген зергерлеріміз өз тәжірибелерін ортаға салды, сүйтіп талапты жастарды өз істеріне баулыды. Мәселен, А. Қошқарбергенов, А. Абылаев, И. Баймағамбетов, Ә. Беков, Н. Дүйсенқұлов, Қ. Смағұлов, Б. Нұржанов, А. Есалиев, Н. Насибуллин, Л. Маширова, А. Қобландин, Р. Рақымбеков сияқты зергерлер жас өнерпаздарға ғана ұстаз емес, зергер өнерін сүйіп, құрметтейтіндердің қайсысына болса да ұстаз.



КЕСТЕ ЖӘНЕ КӨРКЕМДЕП ТІГУ

*К*есте және көркемдеп тігу ою-өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі. Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Қазақ халқының дәстүрінде киім-кешек пен төсек-орын жабдықтары, қалыңдық пен күйеудің, батырлар мен сауыққойлардың (салдардың) бас киімі, белбеуі, киімнің жең-жағалары мен балақтары әр түрлі жамылғыштар мен кежімдер және басқа да осы сияқты жол-жорық, үй-іші мүліктері кесте өрнегімен жиі безендірілетін. Халық салтында мұндай өрнектеудің кейбіреулері күні бүгінге дейін сақталып келеді. Оның себебі әдемі ұнасымды кесте ою-өрнегінің барлық түріне бірдей қолдануға тиімді. Міне, осы сияқты бізбен, машинамен және инемен көркемдеп төгілген кестені әшекейлеп кестелеу (художественная вышивка) деп атайды. Өнер қазынасының сарқылмас мұхиты халық «адам өнерімен әсем, аң жүнімен әсем» дей келіп, «кестені көңіл сызады, қол тігеді, көз сынайды» деп қорытқан. Кесте өнері осы айтылғандай нағыз халықтық, алуан әдісті, таңдауы көп өнер. Кесте өнерінің қазақ халқына тән байырғы көне түрлері: біз кесте, айқас тігу, айқыш-ұйқыш тігу, басып тігу, қайып тігу. Біз кестенің шым кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар.

Біз кесте дөңгелек немесе төрт бұрышты етіліп кергіш ағашқа керілген материалдың бетіне түсірілген ою-өрнек бойынша қарамақты бізбен өткермелеп шалу арқылы кестеленеді.



30-сурет. Крестеп тігу.

Шым кесте деп тігілетін материалдың ашық жерін қалдырмай немесе ашық орынды өте аз қалдырып, тұтас кестелеген шымқай кестені айтады.

Әредік кестеде материалдың әр жері әшекейленіп, бөлек-бөлек өрнек салынады.

Шым кесте, тұс киіз, сандыққап, мақпал шапан, орамалдың алақаны, жастық жапқыш, кежім, сәукеле сияқты басқа да көптеген заттарға төгіледі немесе бөлек материалға төгіп қондырылады. Әредік кесте тақия, балақ, өңір, жаға, етекке және кең қоныш етіктердің бұрыш-бұрышы, перделердің шеттері сияқты заттарға төгіледі немесе бөлек төгіп қондырады.

Инемен тігілетін кестені материалды керіп, инеге сабақталған жіппен алуан түрлі мәнерлеп тігіп кестелейді. Ол үшін кесте салынатын матаға әуелі өрнек түсіріп алады да, сол өрнек ізімен тігеді. Кесте тігетін инелер молтақ, көздері кең болғаны жөн.

Айқас (крестеп) тігу де инемен тігілетін кестенің ең көп тараған түрі. Мұнда өрнек ізімен біркелкі төрт бұрышты етіп, бір жіптің үстінен екінші жіпті крест түрінде айқастыра бастырып отырады. Бұл қазір кесте тігудің ең қолайлы түрі деп танылып жүр.

Тесіп торлап тігуде өрнектелетін материалды өрнек мәнеріне қарай тесіп алады да, оны торлай және ортасын кереге көздеп, санап отырып шалу арқылы түрлі өрнек салады. Тесік аралығын кереге көздеу әдісінде кестенің тесік аралығындағы жіптерін өрмелеп шалып тоқу түрі де қолданылады. Мұндай тесіп, торлап өрнектеу әдісімен көбінесе жастық тысының беті, жастық жапқыштар, төсек жапқыштар әйелдердің іш көйлектерінің кеудесі, етегі, гүл қойғыш төсеніш-

тер, дастарқандар мен диван жапқыштар, үйдің қабырғасына керіп қоятын маталар кестеленеді.

Ал кестені бедерлеп тіккенде кестеленген материалда әр түрлі ою-өрнек, мәнерлі бұдырлар өрнектеледі. Мұндай тігу түрін орындағанда әуелі үлгі бойынша сызылып алынған өрнектердің үстіне мақта, мата қиындылары, қағаз, картон салынып, кестенің жіптерін, сол заттарды бастыра шалып тігеді. Соның нәтижесінде матаның бетіндегі өрнектер бұдырланып бедерленеді. Бедерлеп тігу әдісіне де өрнектің мәнері мен шебердің шешіміне қарай бірнеше түсті жіптер қолданылады. Бедерлеп тіккен кестені көп жуа беруге болмайды. Оларды көп реттерде шаң сорғышпен, киім шөткесімен тазалайды. Көптеген шеберлер бедердің астына қағаз, картон салмай, маталардың қиықтарын, мақта, жүн сияқтыларды салып тігіп жүр. Оны ыстық суға салып жуса да бүлінбейді.

Кестелеп тігу ісіндегі әдемілік пен көрнектілік жағынан ерекше көзге түсетін түрлерінің бірі көпіртіп тігу. Көпіртіп тігу кестесі де әзірленген өрнек үлгісінің ізімен тігіледі. Мұнда материалдың үстіңгі бетіне бүлдіргеленген жіп селпеулері қалдырылып отырады. Кестенің жібі бірнеше түсті болуы мүмкін. Бедерлеп тігу әдісімен алма, жүзім, бүлдірген, қарақат, қауын-қарбыз түйнектері сияқты түрлі жемістерді салуға болады. Көпіртіп кестеленген бұйымдар жуыла да өтектеле де береді, бірақ өтектен шыққан соң оларды қағып, сілкіп бүртіктерін тірліту керек.

Кестені түктеп тіккенде бізбен шалынған жіптің үстіңгі жағында (өң бетінде) кейде 1, кейде 2 сантиметрдей бүлдіргі қалып отырады. Шебер кестені тігіп болғаннан кейін әлгі қалған бүлдіргілерді тегістеп қырқады. Жиі шаншылып, қалың түсірілген бүлдірге жіптері қырқылып тегістелген соң, кәдімгі кілемнің түгі сияқты түрлі түсті болып құлпырып тұрады. Кейде бүлдіргілердің астына ширатқан жуан жіпті, ширатқан шүберекті, жұмсақ металл шыбықтарын мүйіздеп, ою өрнегіне келтіріп салып тігеді де, тігіп болған әлгі тігіс астына салынған заттарды үстінен тіліп алып тастайды. Мұндай әдіспен түктеп тігілген өрнектер мінсіз және түгінің биіктігі біркелкі шығады.

Үлгі бойынша сызылған өрнектің үстіне мәнеріне қарай тізіліп алынған әр түрлі ұсақ маржандар, моншақтар бастырып, тігуді маржандап кестелеу дейді. Мұндай әдістер тақия, сәукеле, өңір, қол дорба сияқты бір киер киім мен сәнсалтанат бұйымдарына ғана қолданылады. Үнемі киілетін

немесе жұмысқа ғана киілетін сондай-ақ арқан-жіптің тартуына түсетін заттарға бұл өнер қолданылмайды. Себебі ондай заттардағы маржандар тез сөгіліп кетуі мүмкін.

Алтындап, күмістеп тігу сән-салтанат бұйымдарына тән. Бұл үшін көбінесе барқыт, плюш, атлас, қырмызы сияқты бағалы материалдар пайдаланылады. Мұндай тігістерге, әсіресе, өзіне арналып жасалған алтын және күміс жіптер қолданылады. Кейде алтын, күміс түстес жіңішке жиек саулары (зер) пайдаланылады. Бағалы затты ысырапсыз пайдалану үшін оның өрнегі мен тігіс жіптерін санап білу керек. Өйткені бұл жұмыс өзге тігістерден гөрі ауыр келеді.


Алтындап тігуге көбінесе бедерлі, бедерсіз басып тігу әдісін қолданады. Алтындап тігу кестесіне маржандап тігуді де аралас жүргізеді. Мысалы, қыздардың қамзолдарының омыраулары, өңірлері және тағы да сол сияқтылар осылай тігіледі.

Алтын жіппен тігу Орта Азия халықтарының бәріне тән өнер. Онымен атағы шыққан әйгілі кестешілер ғана айналысқан. Алтын кестелі тон, шапан, айыр қалпақ, кемер белбеу, сал шалбар, сәукеле әдемілік әшекейінің ең асылы және бағалысы болып есептеледі.

Кимешектің (оны оңтүстікте иектік деп те атайды) жағын, хатипа тақиялардың маңдайын, қамзолдар мен шашбауларды, жаға-жеңдерді алтынмен кестелеу салты бұл күнде де ұнасымды өнер деп танылып жүр. Ескі деректерде алтын кестесімен қазақ үйдің үзік-туырлығы сияқты өте көлемді жиһаздар да кестеленгендігі айтылады. Біздің республика қолөнер шеберлерінің арасында алтын жіпті тігістермен айналысып жүрген ақтөбелік Өтегенова Зылиханың есімі көпшілікке аян. Ол 1957 жылғы республикалық көрмеде бағалы сыйлықтар мен мәдениет министрлігінің Құрмет грамотасына ие болды.

Ұлттық ою-өрнегі мен әшекейлеп тігу ісі туралы айтқанда бізбен кестелеу мен инемен көркемдеп тігудің екеуі де халық арасына кең тарағанын ұмытпаған жөн. Өйтседе түстері бірыңғай тұтас ақ, көк, қара, сары қызыл матадан неше түрлі өрнектелген әдемі бұйымдар жасаудың ең тиімді және жылдам әдісі — кестелеу өнері. Кесте қалаған көлемде үлкенді-кішілі маталарға тігіле береді. Сонымен қатар кесте былғары, шегірен, ақ тері, боялған тері, шұға, мауыт, шекпен, кенеп, брезент сияқты заттарға да тігіледі.


Кестелеп тігуді тігін машинасымен атқарады. Осы заманғы тігін машиналарының барлығында да кестелеп тігуге



Күміс қаптырмалар.



Түрлі әшекейлер (тіс шұқуыш, күміс таналар мен салпыншақ сырғалар).



31-сурет. Әр түрлі көркем тігістер.

арналған жеке табандары мен пластинкалары бар. Кесте жіптерінің жуан-жіңішкелігіне қарай оған қолданатын біздің, қол иененің, машина инесінің жуан, жіңішке түрлерін шебер өзі таңдайды. Бізбен, қол инемен немесе машинамен тігілетін кесте тігісінің асты мен үстінің не тартылып, не бос тастап сирек, жиі тігудің де мәні зор.

Инемен басып, айқастырып, қайып, ілмелеп, шалып тігу арқылы кестелеу де көбіне алдын-ала сызып салынған өрнек негізінде орындалады. Айқаспен тігу үшін матаның бетін ұсақ торкөздерге бөліп, болмаса тігіліп отырған матаның арқау, айқас, тоқылу торкөздерін байқай отырып тіккен дұрыс. Сонда әрбір түскен жіп айқасы біркелкі шығады.

Кесте ісімен кеңірек таныстыру үшін, оның ең күрделі және көп тараған түрі тұс киіз кестесі мен тұс киіздің жасалу түрлеріне тоқталып өткен дұрыс сияқты.

Тұс киіз және оны кестелеу. Кестелі тұс киіздің халық арасына ең көп тараған негізгі үш түрі бар. Оның бірінші-

сі — тұтас матаны әр түсті жіппен шымқай кестелеу, екіншісі — әр түрлі маталарды оюластырып кестелеу, үшіншісі — маталарды бөлек кестелеп, киіз бетіне оюлап жапсыру. Сонда мұндай тұс киіздің бір жері мата, бір жері киіз болып көрініп тұрады. Ертерек кезде қара былғарыны ақ күміспен әшекейлеп те тұскиіз жасаған. Осындай былғары тұс киіздің сирек кездесетін бір түрі Алматыдағы мемлекеттік өлке тану музейінде сақтаулы.

Тұтас матаға кестелегенде тұс киіздің көлеміне қарай лайықты мөлшерде шымқай қара, көк, ақ, сары, жасыл немесе қызғылт, сары түстес тұтас барқыт, мауыт, шұға, атлас маталарының бірін ғана алып, оны түрлі түсті жіптермен өрнектеп кестелейді. Және айнала шетін өзге түсті матамен көмкереді. Әдетте тұс киіздің мұндай тұтас матаға жасалған кестесі киізбен астарланады. Кестелі матаны астар киізге жапсырып сырады да тек шеткі көмкерулер арқылы ғана жапсырып тігеді.

Әр түрлі матаны өзара оюластырып кестелегенде кестеші өз қалауынша түстері әр түрлі бірнеше бөлек маталарды бір-біріне оюластырып, сол ою тігістерін бойлай кестелейді. Кейде тек ою жапсарларын ғана емес, ою өрнектерінің ішін де кестемен толтырады. Кесте жібінің бояу түстері ұлттық мәнерге қарай кезектесіп (ақ, қара, жасыл, қызыл, көк, сары және т. с. с.) орналасады.

Тұз киіз кестесі көбінесе бір тұтас мазмұндағы бірнеше ою-өрнектердің жиынтығынан, яғни бірнеше өрнектердің ұнамды үйлескен тұтас желісін жасау негізінде тігіледі. Мысалы, кестелеуге арналған матаның шетін ені 10—12 сантиметрдей өзге түсті матамен көмкереді. Кейде матаның шетін көмкерудің орнына оны кестелейді, кейде машинамен өрнектеп тігеді. Содан кейін ортадағы матаға 2—3 дөңгелек не ромба бейнелі сызықты кестелеп алып, оның ішін «гүл», «түйетабан», «қошқармүйіз» сияқты оюлардың бірімен толтырып кестелейді. Қатар орналасқан дөңгелектердің ромбалардың аралығындағы қолтықшаларын мүйіз тектес оюлармен толтырады. Ортадағы дөңгелек («табақ») өрнектер мен қолтықшалардағы үш бұрыш бейнелес өрнектер тігіліп болған соң, тұс киіздің төрт бұрышы кестеленеді. Бұрыштарға мүйіздердің басы ортаға қарай сұғына келетін және бұрышты толтырып тұратын өрнектер түсіріледі.

Киіз бетін матамен оюлап кестелеу қазақтың дебіске дейтін жеңіл сырмағына ұқсас келеді. Оюлап кестеленетін тұс киіз бірыңғай не шымқай ақ, не шымқай қара болады. Тұс

киіз жасаушы шебер осы киіздің бетін оюлайтын маталардың түстерін өз қалауынша таңдайды. Бұл түстер көпшілігінде 3—5 түрлі болып, мұнда да тұс киіздің шеті әр түсті жіптермен өрнектеліп, кестеленген бір түсті матамен көмкеріледі. Көмкеруден кейін киіздің ені 10—15 сантиметрдей жолақ болып қалдырылады. Бұл жолақтың екі жақ шетін ұзына бойына бір түсті жіппен жиектеп, кестелейді. Жиек кестесін көрнекті ету үшін, оны екі-үш рет бір-біріне тиістіре қайталайды. Мұны тұс киіз кестелігінде де «су» деп атайды. «Су» өрнегінен қалған қара немесе ақ киізге, сондай-ақ «су» өрнегінің ортасында қалған төрт бұрышты таза жеріне әр түсті маталардан ою бастырылып, бұл оюлардың да жапсарлары 2—3 қатар әр түсті жіппен кестеленеді.

Тұс киіз көбінесе төсектің тұсына ұсталады. Сондықтан оның төсектен төмен түсіп тұратын шетін көмкеріп жиектемейді. Кейде тұс киіздің ең үлкен беті де бөлек-бөлек оюластырған маталармен жеке-жеке кестеленіп құралады. Кейде тұс киіздің көмкеруінен төменгі «су» жиегіне дейінгі арасын өрнектейді де, ортасын, яғни ең үлкен бетін өрнексіз ашық түсті матамен (көбінесе ши барқытпен, плюшпен) жабады.

Кейбір кестелі тұс киіз өрнегінен көк, қызыл, ақ, қара, сары, жасыл сияқты 5—6 түсті жіпті көруге болады. Бірақ осы түстердің бәрі де үйлесіміне, жұртқа ұнауына қарай кезкесіп отырады.

Қазақтың көне үлгісімен кестеленген тұс киіздерде «су», «мүйіз», «гүл», «жапырақ», «шырмауық», «түйе табан», «айбалта», «алқа» оюлары жиі кездеседі. Ел аузындағы ерте-аңыздар мен қарт шеберлердің айтуына қарағанда мұндай өрнекті тұс киіздер жазғы жайлаудың бейнесін беретін көрінеді. Жайқалған гүл-жапырақ, жайылған мал, ағын су ою-өрнектері жарасты жастықтың, жаңа өмірдің символы ретінде салынған. Сондай-ақ аңшылыққа және жорық жабдықтарына байланысты ұғымның нәтижесінде келіп туған ескі тұс киіздердегі кестелер де осындай жайларды аңғарта-тыны мәлім.

Қазақтың тұс киіз, дастархан, үзік, дөдеге, құрларында көп кездесетін «табақ» өрнегі жайында академик Ә. Марғұланнның «...Табақ көне әдет-ғұрып ұғымының тілінде мал-мүлік, сонымен қатар бөлек үй, от болған ошақ, орданың белгісі деген ұғымды білдіреді»¹ деген түсінігін еске алсақ,

¹ Қазақ ССР Ғылым академиясының орталық кітапханасы, қолжазбалар папкасы, № 832, 382-бет.

тұс киіз бетінде «табақ» өрнегінің көбірек кездесуі белгілі бір сюжеттік мазмұннан туғандығын түсіну қиын емес. Әдетте тұс киіздер ең алдымен ұзатылатын қыздың отауына немесе төсек-орын жасауларына арнап жасалады.


Алексей Левшин өзінің «Описание киргизо-кайсацких орд» (1832 г.) деген еңбегінде «табақ» өрнегі (шеңбер) белгілі бір рудың таңбасы болғандығын, ал «тостаған» Табынның соғыс ісіндегі поролі екендігін айтады. Осыған қарағанда «табақ» әуелінде бір рудың таңба белгісі ретінде өрнекке енгендігі байқалады.

Кесте ісімен шұғылданып жүрген шеберлер көп. Қазақ ССР-нің республикалық халық творчествосы үйінің 1961 жылғы есебі бойынша тізімге алынған 399 кестеші бар еді. Әрине, мұнда барлық кестешілер түгелдей қамтылмаған: Қазір өзгелерді былай қойғанда, мектеп мұғалімдері мен оқушылардың 60—70% кесте тігумен әуестеніп жүр. Оның үстіне мемлекеттік пенсия алып отыратын қарттардың ішінде де (оның ішінде ерлер де бар) кесте ісін ермек ететіндері көп.

Мал өрісінің жаздық, күздік жайылымы жағдайына қарай қоныс қуалап, көшпелі өмір сүрген қазақ ауылы өнеркәсіп орталығынан қашық жатты. Олар күнбе-күнгі тұрмыс қажеттерін өздерінде бар мүмкіншіліктермен ғана өтеді. Сондықтан матадан, теріден, өрмек өнімінен жасалатын киім-кешектерді, саба, торсық, үйге жабатын киіз сияқты заттардың барлығын да қол инемен тікті. Қолмен тігу семья мұқтажын өтеумен қатар, заттарды көркемдеп тігуде де тиімді әдіс саналды. Соған қарағанда киімдерді төсек-орын жабдықтарын қол инемен кестелеп тігудің алуан түрлері туды.

Қолмен тігуде негізінен жуалдыз (тебен ине), жуан ине, жуантық (жөндем) ине, бәсең ине, жіңішке ине қолданылды. Жуалдызбен түйенің жабуы, қалың сырмақ, былғары тоқым сияқты заттарды сыриды. Жуан инемен сырмақтың жиегін, үйдің киіздерін, тері киімдерді және киіз байпақтарды тігеді. Жуантық инемен қап, шекпен, күпі, тымақ сияқты заттарды, ал бәсең инемен түйме, ілгек қадайды, матадан жасалған жұқа киімдерді тігеді.

Жіңішке инемен жібек, торғын сияқты жұқа материалдарды, оларға салынатын кестелерді тігеді. Осыларға керекті жуан, жіңішке жіптерді де халық шеберлері суыртпақтай отырып өздері дайындайды. Ол үшін керекті жіптің түсіне



32-сурет. Қол тігістері:

1 — жөрмеу; 2 — саба тігісі; 3 — бүгіс; 4 — қаю; 5 — тепшу; 6 — жамап тігу; 7 — қабу; 8 — көктеу;
9 — қабырға тігіс; 10 — таңдай тігіс;

ұқсас матаның шетінен жалпақтығы 3—4 см, ұзындығы — 30—40 см кенересін жыртып алады. Осындай жіп суыруға арналған бір бөлек жыртынды матаны шеберлер суыртпақ деп атайды. Суыртпақтан жіп суырып алудың да әдісі бар. Әуелгі жіпті сетінетіп (седіретіп те дейді) суырады да, суыртпақтың шеті шашақтанған соң оны ептеп саумалап отырып тура тартып суырады. Өйткені шет шашағы молайған сайын суыртпақ тез сетінемей, суыратын жіптер шашақтарға оралып үзіле береді. Суырып алынған жалаң қабат жіптерді керегіне қарай екіден, үштен, төрттен қабаттап ширатады. Ол үшін жіптің бір ұшын тістеп тұрып, екінші ұшын бармақ пен сұқ қолдың басымен, не екі алақанның арасына салып ширықтыра бұрап еседі. Мұны жіп ширату деп атайды. Суыртпаққа көбінесе сирек тоқылған, түксіз маталар пайдаланылады. Бұлар табыла қоймаған жағдайда қолмен тігу ісі үшін машина және кесте жіптерін, тоқу фабрикасына жарамсыз біліктегі жіптерді пайдаланады. Сонымен қатар жіпті шудадан, жүннен, мақтадан, торқадан, кендірден қолмен иіріп алып пайдалану тәсілі де көп қолданылады.

Қазақ халқының қол тігістері өзінің тігілу әдісі мен мәнеріне қарай бірнеше түрге бөлінеді де, олардың әрқайсысы өз атауларымен аталады. Мәселен,

алтындап тігу, айқас тігіс (крест), батырып тігу, бедерлеп тігу, бүгіс тігіс, бүрме тігіс, есіп жөрмеу, жапсыру, жөрмеу, жара тігіс, көктеу,	көпіртіп тігу, қабу, «қабырға» тігіс, қусыру, қаю тігіс, маржан тігіс, өбістіру, сыру, сыздықтап тігу, «таңдай» тігіс, тебе тігу, тепшу,	түктеп тігу, тұмарша, торлау, топшылау, «тышқан із», шалып тігу, шалып басып ті- гу, шанша тігу, шарбақтап тігу т. б.
---	---	---

Қазақтың қол инемен тігетін осындай тігістердің бірнеше түрлеріне арнайы тоқталып өтейік.

Алтындап тігу, айқас тігіс бедерлеп тігу, маржандап тігу, түктеп тігу, торлап тігу әдістері кесте тігістері жайындағы тарауда айтылған, сондықтан ол тігістерді қайталап сөз етпейміз. Біз тек халық тұрмысында күнделікті өмірде жиі қолданылып көпшілікке ортақ саналатын тігіс түрлеріне ғана тоқталамыз.

Солардың бірі батырып тігу. Бұл былғары, киіз, көрпе сияқты қалың заттарға ғана қолданылады. Оның үстіңгі өң жағы өте жиі шаншылып, ал астыңғы жібі қатты тартылып алыс шаншу арқылы үстіңгі жіпті сіңіріп отырып тігіледі. Шебер неғұрлым жіптің өң бетте көрінбей тұруын қарастырады.

«Бұзау тіс», тұмарша орындалу жағынан қарапайым, жүрдек тігістер. Бұзау тіс екі жапсарды қосатын тігіс. Бұл әдіспен көбінесе қалың киіз, жабағы сияқты заттарды шеттестіріп тігеді. «Бұзау тіс» тігісі заттың шетін кезек түйреп алып, жапсардан өткізіп отыру арқылы орындалады. Тұмарша тігісін көбінесе орамалдың шетін жинауға, трикотаждардың кенерлерін бекітуге қолданады. Бұл тігіс матаның шетін бекітіп, соның ізімен қайта жөрмеу арқылы орындалады.

Бүгіс тігісі киімдердің бой жапсарын, етегін, жең ұштарын, қалтаның аузын және осы сияқты киім шеттерінің екі шетін қосып бүгетін жағдайда қолданылады. Бүгіп тігудің түрлі-түрлі әдістері бар. Оларға киімнің екі шетін ұштастырып, седіренді жағын ішіне қарай жымқырып бүгу және екі шеттің бір жағын оздырып қатарластыра салып, үстінен бір рет тепшіп, озық тұрған шетті тепшудің үстін бастыра бүгу және тағы басқалар жатады.

Бүрме тігіс әр түрлі желбірлерді, қос етектерді бүре жапсырғанда, бүрмелі жағаларға, етіктің басын қалыпқа салып ұлтарақшаға жапсырғанда, бір заттың шетін жинай тіккенде қолданылады. Бүрме тігістер көбінесе екі қатар жүргізіледі. Мұнда иненің әрбір шаншымы сиректеу келеді де, жіптің бүре тартылуымен жиырыла тігіледі. Бүрмелердің қатпар жасалып, тізбелей жиырыла тігілуі мүмкін.

Есіп жөрмеу — көбінесе су таситын қарын, мес, матадан, кенептен тіккен сондай ыдыс қапшықтардың шеттерін тіккенде, кейде орамалдың шетін бүге тіккенде қолданылады. Ондай заттардың қусырындысын, шеттерін сол қолдың көмегімен ширата бүктемелеп отырып жөрмеп тігеді. Сонда шет бүктесін тігісі ескен сияқты болып өз-өзіне кіріге жұмырланып түседі.

Жапсырма тігу — бір заттың бетіне жамау салып жапсырғанда, әдіптердің шетін тіккенде, әдіп орнына лента сияқты кенерелі заттарды бастырғанда қолданылатын әдіс. Мұндайда жапсырылатын материалдың шетін түйреп шыққан ине астыңғы материалдың үстінен (жапсырмаға, жамауға соқпай, тек оның іргесінен ғана) төмен шаншылады да,

үстіне қарай жапсырманы қоса түйреп шығып, алғашқы бағытын қайталай береді. Бұлай етіп тіккенде жапсырылған заттың шеті жинала басылып отырады.

Жөрмеу дегеніміз қатарласқан екі бөлек затты жапсарластырып тігу. Бұл тігісті екі кенеренің шеттерін бірдей етіп беттестіре, қос жапсардың қырын баса орай тігеді. Осы орай тігілген жіптің сирек не жиілігіне қарай кейде екі жапсарды қосып, өзара қымқыра ширатып барып жөрмеуден тігістің әр түрлі атаулары шыққан. Олар: жай жөрмеу, жиі жөрмеу, ширатып жөрмеу. Жай жөрмеу арқылы киіз байпақты, киізден тігілетін аяққапты, матаның екі кенересін қосу, қап, қоржындарды құрастыру жұмыстары орындалады. Жиі жөрмеумен саба, торсық сияқты тері ыдыстарды тігеді. Ал ширатып жөрмеу арқылы жалаң қабат матаның, әдіптердің шетін жинау, жұқа жібектерден жасалған заттардың бүгістерін бекіту жұмыстары атқарылады.

Жара тігіс — киіздерді құрастырғанда, мәсіні табандағанда, етіктің өкшелігінің артындағы сыртқы тігісінде киіз байпақтың қонышын, табанын қусырғанда, кейбір тері тігістерінде кездеседі. Мұнда құрастырылатын екі заттың шеттерін не астыңғы, не үстіңгі бір жақ қыртысынан ғана шаншып, инені сол шеттің ортасынан жара шығарып отырады. Жара тігіс өбістіріп тігудің бір түрі сияқты.

Әдетте көрпені, жүн салған шапанды, күртені т. с. с. қабыды. Ол үшін инені бір шанышқан бетінде астынан үстіне қарай түйрей тігеді. Мұндай тігістің үстіңгі бетіндегі жібінің аралығы жақын түседі де, жіпсіз аралық қашық түседі. Көрпе сияқты көлемді және көрнекті бұйымдарды кергіштеп алып, оюлап қабыды. Ол үшін қабылатын материалдың бетін өрнектеп, бормен сызып алады.

Пішіп алынған киімнің бой-бойын астары мен тысының арасындағы тартылған мақтасын қоса нобайлап тігуді, яғни алыс шаншылып, әр жерінен ілінген уақытша тігісті көктеу деп атайды.

«Қабырға» тігіс қол инемен көркемдеп тігу әдісінің бір түрі. «Қабырға» тігісімен ұзынды-қысқалы жарыса тігілген ұзын сызықтар арқылы ендіме, бастырма, қабырға өрнектері тігіледі. Қабырға тігісі екі сызықтың арасымен немесе матаның бетіндегі тоқыманың белгілі бір жолағымен үнемі біркелкі етіп көлденең орай шаншып отыру әдісі арқылы тігіледі. Кейде осы қабырға тігісімен екі шеттің өбіскен жігін баса тігеді. Мысалы, киіз етіктердің қонышын қусыру.

Киімнің бойын, шалбардың балағын, жеңді, олардың екі шетін жалғастыра тігу ісін қусыру деп атайды. Мұндай тігістерде жөрмеу, тепшу, қаю, өбістіру, тебе тігу сияқты тігіс әдістерінің түрлері қолданылады.

Қайып тігу әрі беріктік, әрі әдемілік үшін қолданылады. Бұл тігістің бет жағы кәдімгі тігін машинасының тігісі тәрізді тізіліп түседі. Сондықтан қаю киімдердің етек-жеңін, жағасын, тақияны, кимешек-жаулықтарды, аяқ киімдердің күлшіндерін, кебістің шажамайын тігуге қолданылады. Қайып тігу әдісінде астына шаншып алған инені ілгері шаншып үстіне шығарған соң, оны шегіндіре әкеліп манағы шаншыпқан ізбен қайтадан астына түсіреді де, тағы ілгері шаншып, үстіне шығарады. Осылай орындалған тігістің бет жағында жіпсіз босаралық қалмайды.

Өбістіру, әсіресе киізді, түйе терісін, кейде қалың былғарыны жалғастырып тігуде қолданылатын әдіс. Мұнда екі шет бірімен-бірі айқаспай, тек өбісіп тиісе жалғанады. Мұндайда «бұзау тіс», жара тігу, жөрмеу тігістерінің бірі қолданылады.

«Таңдай» тігіс — бұл да көркемдеп тігу істерінде қолданылатын әдіс. Оны үш сызықтың үстімен, үнемі қиғаш шаншып тігілетін «қос қабырға» мәнерімен орындайды. Мұндай кестелі тігістермен кимешектің жақтарын, жаға-қақпаларды, жеңнің аузын, кестеленген материалдардың шеттерін өрнектеген.

Тон, шалбар, тымақ сияқты теріден тігілген киімдерді тігуде тебе тігу тәсілі қолданылады. Тігістің жалпы көрінісі тепшуге ұқсас. Бірақ тепшу сияқты түйреп алып тігуге келмейтін тұтқыр материалдарды сол қолмен шымшып ұстай отырып, оң қолдағы инені екі саусақпен әрлі-берлі өткермелеп отырады. Тігіс жібі тепшуге қарағанда жиірек түседі.

Тепшу де ең көп қолданылатын тігістің бірі. Мұны киімнің шеттері мен қоспаларын, жұқа маталардың бүгістерін тігуде қолданады. Тепшуді материалдың қалың-жұқалығына, ширақтылығына қарай инемен 3—4 рет түйреп алып бір-ақ тартады.

«Тышқан із» тігісі үш сызық арасымен, не шаршы сызықтар арасымен тігіледі. Алғашқы шаншымында инені төменгі сызықтан жоғары көтеріп үстіңгі сызықтан шаншып матаның астына түсіреді. Бұл кезде сол қолдың бармағымен ине жібін өзіне қарай тарта басып, іркінді ілмек жасайды да, инені босаңдау тартады. Ине үшінші шаншымында орталық сызық бойымен екі шаншым ілгері аттап іркіліп тұрған

ілмек арасынан шығады. Инені келесі кезекте тартқанда ілмек ортасында сопақтау үш бұрыш жасалады. Тігіс осылайша қайталана береді.

Шалып тігуде де тігіс біз кестемен тіккен сияқты қос ілмек болып түседі. Шалып тігуде шанышқан иненің сабақталған жібін сол қолдың бармағымен баса бөгеп тұрады да, астынан көтерілген инені әлгі сабақтың ілмек арасынан шығарып тартады. Келесі жолы ине әлгі шыққан ізімен қайта түсіп, кейінгі тігісінде бір шаншым ілгерілеп шығады.

Сөйтіп, қазақтың әр алуан әдістермен, неше түрлі мәні бар қол тігістерінің көптеген түрлерінің ішінде көркем тігіс үлгілерінің көп екенін көрдік. «Қабырға», «қаю», «таңдай», «тышқан із», «тұмарша», «бұзау тіс», «бедерлеп тігу», «шалып тігу» деп аталатын қазақтың көркем тігіс мәнерлері қай халықтың тігіс өнерінен болса да кем түспейді. Мұндай бай мәнер, тиімді әдістермен тұрмыстық жиһаздарды, алтын, күміс, маржан, меруерт сияқты көрікті заттарды тізіп кестелеуге де болады.

Ақын Абай:

«Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас,
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар баһра ала алмас»,—

деп қолөнерінің кейбір детальдарын тіл өнерінің қасиетіне теңестіре айтады. Осындағы «Кестенің бізі» кәдімгі қазақ шеберлерінің пайдаланған құралы — қолөнер кестесінің бізі еді.





асқа паналау, тас қалау, тасты құрал-жабдық ретінде пайдалану және өрнектеу, таспен басқа затты өрнектеу, тас-тан мүсін жасау өнерлерінің ертеден пайда болғаны мәлім. VI—XII ғасырларда тасты оюлау күшті дамыды. Ескі деректерге қарағанда бұл кездерде бәдізші (скульптор) сымбатшы (художник) деп аталған тас қашаушы арнаулы шеберлер болған. Бұған сурет өнерінің ескерткіштері мен түрлі тас сымбаттар (бәдіз) және эпиграфиялық ескерткіштердің (бенгуташ) түрлі қалдықтары дәлел бола алады.

Беттеме жазулары бар үй (барқын) салу, тас бейнелер жасау дегендер көне жазу текстерінде жиі кездеседі. Бұл текстерге қарағанда, оюшы-суретшілердің скульптуралық адам суреттерін салғаны, қашап жазылған жазулар арқылы өлген адамның қысқа өмірбаяны және әр түрлі тарихи оқиғалар көрсетіліп бейнеленген құлпытастар жасағаны байқалады.

«Тастан қашап жасалған ескерткіштер айқыш-ұйқыш сызықша және өсімдік сипатты әшекейлер түрінде де, адам, хайуанат суреттері түрінде де кездеседі. Ойма өрнектермен шонжарлардың (қағандардың) тастан салған молалары, жай адамдардың астонданалары (сүйегін сақтайтын орындары) безеліп отырған.

Тас қашаудың ең ертедегі кезеңі жартастарға түсірілген суреттерде де кездеседі. Суретшілер әдетте жартас бетін әр түрлі суреттерге толтырып, онда аң аулау көріністерін, ертедегі мал өсірушілердің тұрмысынан алынған сюжеттерді

бейнелеген. Осындай аса тамаша ескерткіштердің бірі бала мен әйел бейнеленген «Күдіргі тас» болып табылады.

Тас қалаушы суретшілер тудырған искусство шығармаларының ішінен үлкен орын алатыны тастан салынған сымбаттар; осы арқылы адамды скульптуралы бейнелеуде алғашқы қадамдар жасалған»¹. Сондықтан тас адам өмірінде көптеген қажеттікті өтеп келді. Қазақ халқы тасты үй, қора, мешіт, зират, мұнара салуға, құдық шегендеуге пайдаланады. Халық мұндай шеберлерді тас қалаушылар деп атады. Әр ауылда атақты тас қалаушы шеберлер болды. Олар тас қалаудың, оны ұқсатып шабудың, өрнектеудің қарапайым да болса тәсілдерін шебер меңгерді. Соның нәтижесінде шеберлер қалаған тас қоралар, бейіттер, әр түрлі мұнаралар мен күмбездер бірнеше жүздеген жылдар бойы сол қалпында сақталды. Тасты қырын келтіріп, берік қалаумен бірге оның сәнді, сәулетті болуын шеберлердің өздері орындады. Мәселен, тасты таңдайлап қалау, белдеулеп қалау, бағандап қалау, әр түсті тастарды шатыраштап ойыстырып (шахматша) қалау арқылы сәнді өрнектер жасалды.

Қазақ халқының сәулет өнерінде кездесетін тастан еден төсеу, таспен күмбездеу, тас діңгектер қалау, сәкілер жасау әдістері ертеден келе жатқан тас шеберлерінің өнерін дәлелдейді. Бізге дейін сырын да, сынын да сақтап келген өте ескі заманғы бұл мұнаралардың бірі Жамбыл облысындағы Айша Бүбінің (XI—XII ғасырлар), Қарағанды облысындағы Алшаханның (XIII ғ.), Түркстандағы Ахмет Яссәуидің (XIV ғ.), Ақтөбедегі Сүндеттің және тағы басқаларының мазарлары әлі де көп зерттеуді керек етеді.

Тасты әшекейлеу бірнеше әдіспен істеледі. Мысалы, діңгек, карниз, мүсін, құлпы тас, жазу жабдығы сияқты заттар істелетін тастың өзін шауып, ойып немесе қашап өрнектейді. Ал алтын, күміс, сүйек, мүйіз сияқты әр түрлі құйма заттарды асыл тастар орнатып әшекейлейді. Тастың өзін жонып, қашап өрнектейді немесе қырлап, бейнелеп, бедерлеп, қалайды. Осыған орай жасалатын істің түріне, көлеміне қарай қажетті тастар таңдалып алынады. Бұған бір қабат жердің астында жатқан жел жеп, күн қақтамаған сом тастар пайдаланылады. Кейде жер бетінде жатқан сом тастар да шабуға жарайды. Тастан бұйым жасауға асыл шапқы, жүзді балға (шапашот), шот, асыл қашау, егеу, ара сияқты құралдар пайдаланылады. Қазір колхоз, совхоз аудан орта-

¹ Қазақ ССР тарихы, 1957, 1-том, 102-бет.



33 сурет. СССР Халык артисткасы Күләш Байсейітованың
ак мәрмәрдән жасалған мүсіні.

лықтары мен қалалы жерде тұратын шеберлер тас ұқсату жұмысына электр аспаптарын қолданып жүр.

Алтын, күміс, мүйіз, сүйек сияқты заттардан бұйым жасағанда оларды асыл тастармен әшекейлеудің әдістері алуан түрлі болады. Асыл тастардың өзін тізбектеп, әр түстілерін қиюластырып сәнді бұйымдар жасаса, кейде оларды алтын, күміс, сүйек, пластмасса, былғары сияқты заттарға оюластырып әшекейлейді. Мәрмәр, қыс тас, ақ тас сияқты тастарды егеп, шарықтап әр түрлі мүсін, ойыншықтар жасайды. Қолөнершілер гауһар, жақұт, ақық, інжу, су тас, зүбіржат, маржан, лағыл, көктас, құбылтас, жарқырауық тас, қайрақ тасты кеңінен пайдаланған.

Қазақ халқының қол өнерінде асыл тастан ең көп жасалатын заттар: көзді жүзік, сырға, түйреуіш, қапсырма, білезік, сәукеленің қозалары, тартпа, батырлар жабдықтары мен кісе белдіктер, алқа, сағат бауы, қатипа тақиялардың маңдайы т. с. с. Сүйек төсек, ожау, піспек сап, өмілдірік пен құйысқан, күміс ердің қасы, кемер белбеу, шолпы сияқты заттарды әшекейлеуге де асыл тастар кеңінен қолданылды. Мәдениет сарайларының ішін өрнектеуге, сыйға тартылатын бәйге бұйымдарына, мұраға қалдыратын қадірлі заттарға, мұнаралардың ұшар басын көркемдеп өрнектеуге жұмсалды. Жонуға келетін тастардан жазу жабдықтарын сауыт құтылар қораптар, тұғырлар, тіректер, мүсіндер жасайды.

1961 жылғы есеп бойынша республикада тас ұқсату ісінің 34 шеберлері жұмыс істейтіні анықталды. Олардың көпшілігі тасты шауып, егеп зат жасаушылар мен мүсін, бейне жасаушылар. Олардың ішінде ақ мәрмәрдан СССР Халық артисткасы марқұм Күләш Байсейітованың мүсінін жасаған алматылық шебер А. Чикинді, халық композиторы Құрманғазының мүсінін жасаған өскемендік шебер М. Жүрсіновты, революция қайраткері Я. Ушановтың мүсінін жасаған ленингорлық шебер И. Қайманақовты, ақтөбелік С. Қарақұшаков пен гурьевтік Білібаев Қартқожаны, Бұхтарма шебері Боков К. И. жолдастарды айырықша атауға болады. Бұлардың келтірген тас мүсіндері республикалық, облыстық көрмелерде көрермендердің талғамынан шығып, бірнеше рет жүлдеге ие болды.

Республика көлеміндегі осы тас қалаушы шеберлер қалаған мал қоралар мен әр түрлі сарайлардың қабырғалары әрі әдемі, әрі берік, әрі өте тиімділігімен көзге түседі. Мысалы, марқұм Құтжанов Жұмағалидың кілең ақ тасты таңдай

өрнегімен қалап, қиюларын пышақпен тілгендей жымдастырып салған тамы мен қора әлі күнге көрушілерді қызықтырады. Әрине тас қашап мүсін жасау, немесе тастан түрлі өрнек ойып әсем бұйымдар әзірлеу, сондай-ақ тастан қашалып жасалған әсем бұйымдарға басқа түрлі-түсті қымбатты заттардан ойып көз орнату асқан шеберлікті қажет етеді. Мұнда шеберлікпен қатар төзімділік те қажет. Осы айтылған қиыншылықтарға қарамай біздің республика көлемінде еңбек етіп жүрген көптеген шеберлер тас өңдеу өнерін жете игеріп, оған жас шәкірттерді де баулумен келеді.

Халқымыздың мұндай шеберлік мұрасын профессионалдық суретшілеріміз де шебер игеріп дамытып келеді. Бұл тұрғыда Х. Наурызбаев жасаған Абай, Шоқан, Жамбыл, Мұқтар мүсіндерін ерекше бір мақтан сезіммен атаймыз.




ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ


*А*лықтың ою-өрнек әшекейінің ең бір көп кездесетіні ұлттық киімдер. Сондықтан қазақ өрнек әшекейлерін зерттеушілер С. Дудин, Е. Шнейдер, Р. Карутц тағы басқалары қазақ халқының киім үлгілері мен оны әшекейлеген өрнек мәнеріне үлкен мән берген. Қазақ киімдерінің түрлерін жинау, үлгі, өрнек мәнерлерін ғылыми тұрғыдан зерттеу Ұлы Октябрь революциясы жеңісінен кейін, қазақ халқының өз алдына мемлекет құрған совет дәуірінде ғана кеңінен өріс алып отыр.

1922—1926 жылдары қазақ республикасының астанасы болған Орынбордың музейі жер-жерлерге өкілдер жіберіп қазақ киімдерінің түрлерін, үлгілерін жинай бастады. Бұл істе музейдің ғылыми қызметкерлері А. Четыркина мен А. Мелков орасан үлкен еңбек сіңірді. Олар неше түрлі жол азаптарын көре жүріп, Ақтөбе, Торғай, Қостанай, Орал, Гурьев, Семей, Павлодар аймақтарының көп жерлерін аралап шықты, көптеген ұлт киімдері мен өрнектердің, алтын-күміс әшекейлердің экспонаттарын жинады, орташа, дәулетті қазақтардың киімінің 7 түрлі болатынын жазды. Атап айтқанда, әр адамда көйлек, дамбал, шалбар, қамзол (не бешпент), шапан (не ішік), күпі (не тон), бас киім, аяқ киім болатынын анықтап, зерттеушілер әр облыстағы әр түрлі үлгі түрлерін, атауларын қағаз бетіне түсірді.

Қазақ киімдерінің ұлттық түрлерін жинап, оның әр алуан әсем үлгілерін жасауда советтік дәуірде өркен жайған қазақ театрлары мен көркемөнерпаздар коллективтері үлкен еңбек сіңірді. Мысалы, Қазақтың Абай атындағы Ленин



Сақина — жүзіктер.



Шоллы.

орденді мемлекеттік опера және балет театры, М. Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының коллективтері көптеген игі жұмыстар істеді. Олар «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қобланды батыр» сияқты тарихи эпостық дүниелерді сахнаға шығарумен бірге қазақ киімдерінің неше алуан әшекейлі түрлерін де қалпына келтірді. Бұл коллективтердің өнерпаздары, әрине, соның барлығын өз жандарынан шығарған жоқ, олар ізденді, тапты, көрді, архив пен музей қазыналарының деректеріне сүйенді.

1930 жылдар Қазақ ССР Орталық музейінің қызметкерлері Ә. Омаров пен В. Күж бірлесіп Алматы қаласынан және Еңбекшіқазақ ауданынан қазақтың ұлттық киімдерін жинады. Бұл жылдары Қазақстан суретшісі Е. Клодт қазақ киімдерінің, киімшең тұрған қазақтардың бейнелерін суретке түсірді. Сол сияқты қазақ киімдерінің түрлері мен атаулары, үй жиһазы мен өрнек әшекейлері туралы республикамыздың әйгілі ғалымы академик Ә. Марғұлан мен архитектура ғылымының кандидаты Т. Бәсенов, Ә. Масанов, Х. Арғынбаев жолдастардың еңбектерін баса айтуға болады.

Қазақтың ұлт киімдерінің түрлері мен атаулары көп: кейде ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз үлгілері деп, кейде әлгі жүздер ішіндегі рулардың аттарымен де айырып айтылады. Мысалы, арғын тымақ, найман тымақ, қыпшақ тымақ, адай бөрік, қызай бөрік, ноғай бөрік т. с. с. Кейде географиялық мекен атына қарай да ерекше мәнер үлгіге бөлінеді. — қоңырат үлгісі, жетісу үлгісі, арқаның үлгісі және т. б. Мұндай бөліп атау киімдердің кеңдігі, ықшамдылығы, бойға қонымдылығы және әшекейлеу мәнерлерінің ерекшеліктеріне қарай да ажыратылады. Мысалға, шапан үлгісін алайық. Ұлы жүздің шапандары көбінесе жолақты, сырмалы, етек-жеңдері ұзын, ашық жағалы келеді. Оңтүстік елі өзбек, тәжік, ұйғыр халықтарымен көршілес, көпшілік кәсібі бақ өсіріп, егін салу болғандықтан бұлардың киім үлгісімен тігілу мәнеріне осы жағдайлардың ықпал еткенін көреміз.

Орта жүздің шапандары көбінесе бір беткей матадан, сырсыз, сирек қабылып, етектері шалғайлы, жеңдері кең, жағалары шолақ ойма немесе түймелі болып келеді. Өйткені орта жүз қалаға жақын, орыс, татар халықтарымен аралас-құралас отырады.

Кіші жүздің шапандары да шалғайлы, жеңдері ұзын және кең, жүн тартқан, бидайлаған қалың, қайырма жағалы болып келеді.

Осындай ара-тұра айырмашылықтары бола тұра, солардың бәріне бірдей ортақ, ұлттық мәнер мен қазақта атаулары бар. Үш жүздің қайсысында болса да шапанға шабу қояды және оны барлық жерде шабу деп атайды. Жеңтүптері кең келеді де, оны жеңтүп, ойынды, қолтырмаш деп атайды. Үш жүздің қайсысы болса да шалбарға ау қояды, қолтыққа қолтырмаш салады. Ертеден қалған киімдердің үлгі нұсқаларына қарағанда, киімді адам денесіне шақ етіп тігу беріректе, орыс халқымен аралас, қаламен қатынас көбейе түскен кезде қалыптаса бастаған сияқты. Қазақ киімдерінің ең ықшамды кішірек түрлері орта жүз бен ұлы жүзде, ал ең мол, үлкен үлгілері кіші жүз жақтан кездеседі.

Бір сөзбен айтқанда, етегін төсек, жеңін жастық етіп жүретін — жорықшылық, шидем, тон, шапан қабаттап киінетін — мал бағушылық, етек-жеңін түрініп, ықшам киінетін — диқаншылық тағы басқа тұрмыстық жағдайлар киімдердің түрлеріне зор ықпал жасап отырған.

Қазақ киімдері іштік, сырттық сулық, бір киер делініп төрт топқа бөлінеді. Іштік киімдерге — көйлек, дамбал, желетке, қамзол, кезекей, сырттық киімдерге — шапан, күпі, тон, шидем, сулық киімдерге — шекпен, қаптал шапан, брезент, кебенек, кенеп, сырттық жатады. Қазақстанның Орталық аймақтарында тон, ішік, тайжақы сияқты тері киімдерді ең киімдер деп те атайды. Бір киер киім деп қымбат маталардан әшекейлеп тігілген, той-думандарға, жиын-топтарға барғанда, жат елге сапар шыққанда киетін сәнді киімдерді атаған. Қазақтың «таныған жерде бой сыйлы, танымаған жерде тон сыйлы» дейтін мәтелі де осыны аңғартады. Қазақ салтында ер жігіт егеске түсерде, соғысқа барарда киімдерінің ең жақсы көрнектісін киетін.

Халық арасында белгілі бір топтар үйде де, түзде де, күнделікті тұрмыста да ұдайы жақсы киініп жүрген. Олар бойжеткендер, бозбалалар, салдар, ән-күй, күрес өнерпаздары еді. Сол сияқты келіншектер де тұңғышын тапқанша өте сәнді киініп жүрген. Кестелі, зерлі, жалтырауық киімдерді қадырлы қарттардың да үнемі киіп жүруі ел рәсіміне тән сиымды салт деп саналған.

Еркек киімдерінің ең қымбаттысы — аң терісінен істелген ішіктер. Олар аң түрлерінің атына сәйкес бұлғын ішік, жанат ішік, түлкі ішік, қасқыр ішік, күзен ішік болып бірнеше түрге бөлінген. Аң терісінен тігілген ішіктердің сыртын шұға, мауыт, үш топ барқыт, атлас, көк берен, манат, қырмызы торғын, ләмбек сияқты бағалы да ширақы маталар-



34-сурет. Зерлі шапан.

мен тыстаған. Кейде осы материалдарды бірнеше түсті жібек жіптермен кестелеп, сумоншақ, маржан тізген жіптер бастырып, етек-жеңіне алтын, күміс зер ұстап, кейде бөлек тігілген кестелермен сыртынан қаптап киген. Ішіктер кейде әдіпті, оқалы, шет-шеті жұрындалған қайырма жағалы болып келген.

Шапан көбінесе жүн тартылып бидайланып тысталған. Кей жерде шапанды әуелі астар мен бидайын қабып алып, тысты соның үстіне бос жабу арқылы тыстаса, кей жерлерде

тура тыстың үстінен қабыған, кейде сырितын болған. Мұндай шапанды «сырмалы шапан» деп атаған. Шапандар көбінесе қайырма жағалы, кейде тік жағалы бешпент түрінде кездеседі. Қайырма жаға шапанның бір түймесі, тік жағалы бешпент шапанның екі түймесі бар.

Қазақ шапандары үш бой, екі жең болып және жағасын ойып шығарып пішіледі. Үш бойдың алдыңғы екі бойын «алдыңғы өңірі» деп, артын «артқы бой» деп атайды. Арт бойдың екі жақ шеті алдыңғы өңірге қусырыларда оның екі жақ етегіне бел мықынға жеткенше екі үшкіл қойма қойылады. Оның етек жағы енді, бел жағы енсіз келеді. Мұны «шабу» деп атайды. Шабу шапанның шалғайын молайту үшін қойылады. Шапан жеңінің екі беті бірақ қиылады. Орта жүзде шапанның жағасы мен жеңінің ұшы әдетте басқа түсті барқыт, шұға тәрізді тәуір матадан салынады, оңтүстікте жаға, жең тұтас бой матаның өзінен (басқа түсті матадан емес) салынып кестеленеді не әшекейлеп сырылады. Қазақ мәнерінде кейде арасына жүн тартпаған жеңіл, жадағай шапандар да кездеседі. Мұндай шапанның тысы астарына қабусыз бос тұрады. Ал ішіктер көбінесе аң терісінен, қой, қозы, ешкі, бота терілерінен құрастырып істеледі. Бұлардың да бөлшектері мен пішілу түрлері, бой атаулары шапанға ұқсайды. Ішіктер көбінесе асыл және түсті матамен тысталады. Бірөңкей түсті мата болғанда оны әр түсті жібек жіппен кестелейді, зерлейді. Ішіктердің әдібін сыртынан келтіреді, кейде әдіп аң терісінен жұрындалады.

Қазақстанның оңтүстік аймағында шапанның да, ішіктің де ойық етек түрлері кездеседі. Ондай ойық кейде тура арт бойдың етегінен, кейде екі жақ шабудың үстінен жасалады да айналасы жұрындалып, кестеленіп әдемі өрнектермен әшекейленеді.

Тон көбінесе иленген күздік қой терілерінен тігіледі. Орта денелі адамдарға 11—12 қойдың терісінен тон шығады. Олардың шап терілері мен пұшпақ терілері, таңлықтары, мойын терілері бөлек алынады, яғни олар тон тігісіне пайдаланылмайды. Тондардың жүндері ішіне қарайды, ет жағы қынамен, қабықпен, томар бояумен боялады. Тонды тебен инемен басып тігіп, немесе шалып тігіп кестелейді. Кейде сыртына тыстық жапсырып қаптама тон да тігеді. Қаптама тондардың тыстарын әр түсті жіппен кестелеп, елтірі, сеңсең, аң терілерінен қайырма жаға жасап, етек-жеңіне жұрын ұстайды.

«Жарғақ», «тайжақы» деген өң киімдерді тайдың, құ-


лынның терісінен, жүнін сыртына қаратып істейді. Оларды да малмаға салып илеп, еттерін қырып, қабыққа, қынаға салып өңдерін басып ажарлайды. Шеттерінің әдіптерін кестелеп, жаға-жеңдерін әшекейлейді. Кейде етегін, өңірін қаусырмасын қымбатты аң терісінен жұрындап қояды. Әдетте тайжақы мен құлын жарғақты бешпенттің, бешпент күпі сияқты жеңіл киімдердің сыртынан киеді. Тайжақы мен құлын жарғақтарда тайдың, құлынның жалдары арт бойдың етегінен жауырынға дейін, екі иықтың үстінен жең ұшына дейін созыла жал жасап, жарасып тұрады. Тайжақы мен жарғақ қара немесе қараторы, кейде теңбіл құлын терілерінен тігіледі.

Шалбарды барқыт, пүліш, шұға, тібен, трико, шөшінше, шибарқыт, шегрен, ләмбөк, мәлескен, қырмызы, қамқа, бикисап, (бейқасып), көк мауыты сияқты ширақы маталардан, қой-ешкі терілерінен тігеді. Шалбардың бауы ышқырға өткізіледі, қалтасыз, кең балақ болып келеді. Оның кең тігілуі салт атқа мініп-тұруға, малдас құрып отыруға өте қолайлы болған. Шалбардың балағы кейде етік қонышының ішіне салынып, кейде қоныштың сыртында жүреді. Жеңіл шапан мен бешпенттің етегін де ышқыр астынан жіберіп, шалбарланып алатын. Шалбарланып жүру әсіресе аңшылар мен батырларға, балуандарға тән әдет еді. Шалбардың балағы екі жанынан ойық (жырық) болып істелетін де, ол кестеленіп қойылатын. Сондықтан да шалбар өте сәнді және көрікті киімдердің бірі саналған. Матадан, жарғақ теріден істелген шалбарларды неше түсті жібек жіптермен өрнектеп кестелейді. Кейде балақтың аузын әдіптеп, жұрындап, не басқа түсті матамен балақтап өрнектейді.

Қой терісінің әр түрлерінен (жүндес, қырықпа, тақыр және т. б.), ешкі және құлын терілерінен, былғарыдан тігілген шалбарды көбінесе тыстамайды. Оны бір түске бояп, кестелейді, балағын құндыз, сусар сияқты аң терілерімен жұрындайды. Кейде қырықпа теріден тігілген шалбарды матамен тыстап та жүрген.

Еркектер көбінесе сырт киімдерін түймесіз, тек белбеумен ғана киген. Белбеуді бірнеше метр матадан ораған. Белдікпен кісені қайыстан, былғарыдан қабаттап, күмісті мықтармен, білезіктермен, көзді күміс бұдырлармен сәңдейтін. Бұлардан басқа құр, терме, шекпен белбеулер де болған. Оларды да өрнектеп, шашақтап, әдемілеп істеген.

Әйел киімдерінің де әр аймақта әр түрлі үлгілер мен әр алуан атаулар бар. Солардың ішінде қазақ елінің бәріне тән



35-сурет. Әйел кимешектері.

түрлері: көйлек, кимешек, жаулық, сәукеле, желек, тақия, қамзол, кәзекей, кебіс-мәсі, көкірекше сияқты заттар. Әйел киімдері әшекей, ажар жағынан ел салты бойынша төрт топқа арналып тігілген. Олар қыз киімдері, келіншек киімдері, орта жастағы әйелдер мен қарт бәйбішелердің киімдері. Бұлардың әрқайсысының тігілу мәнері де әшекейі де әр қилы. Қыз киімдерінің кеуделері тар, қынамалы, омырауы мен жаға-жеңдері кестелі, көйлектері қос етекті, бас киімдері үкілі, моншақты, аяқ киімдері биік өкшелі, жеңіл және қай киімі болса да алтын, күміс, меруерт моншақтармен әшекейленеді. Қыздар көбінесе құндыз бөрік, қатипа тақия киіп, шолпы тағып жүреді. Қыздар төсін жасыру үшін кеудесін көкірекшемен қатты тартып тастап жүрген.

Келіншектер бір құрсақ көтергенше қыз киімдерін кие береді. Бірақ олар бөрік, тақия кимейді, үкі тақпайды және жалаңбас жүрмейді. Құрсақ көтерген келіншектер киімдерін мол етіп тігеді. Олардың бас киімдері шаршы, сарала жақ, торғын шәлі, қызға қарағанда әшекей заттары аздау болып келеді. Орта жастағы әйелдер құбатөбел киінеді. Олардың көйлектері қос етексіз, белі мен жеңі кең болып бүріледі. Бұл жастағы әйелдер шаршыны орап тартады. Жақта-

рын оқаламайды, жәй кестелейді. Қарт әйелдердің киімі неғұрлым етекті, мол қаусырмалы, қалталы, әшекейлерінің көбі тана, түйме, тіс шұқуыш, қапсырма, оқалы өңір сияқты заттар болған. Олар шолпы тақпаған, алқа салмаған. Ал оқалы жақ, көксауыр кебіс, кестелі мәсі, білезік, сырға, сақина, күміс түйме, теңге сияқты әшекейлі заттарды қай жастағы әйелдер болсын тағына берген.

Әйел киімдерінің ең бастысы көйлек, одан кейін сәукеле, бөрік, тақия, кимешек-жаулық, бергек сияқты бас киімдер мен қамзол, кәзекей, желетке. Әйел көйлегінің кеудесі мен етегі екі бөлек тігіліп, соңынан етекті кеудеге бүріп қосатын. Кеуденің етекке қосылған жерін көйлектің белі немесе бүрмесі деп атайды. Әйел көйлегінің кеудесі тар, етегі кең болады. Өңірі бүрмеге дейін ашық, оның асты-үсті әдіптеліп сырып өрнектеледі, мұны «қақпа» деп атайды. Ана болған әйел осы қақпа арқылы бала емізеді. Көйлектің жағасы тік шығарылып ол артынан, кейде бір жақ иық үстінен түймеленеді. Ал қыз-келіншектердің көйлегінің жағасы кестеленеді немесе қол инемен көркемдеп қайып тігіледі. Кейде жағаның үстіңгі шетін бүрмелеп желбірлеп қояды. Қыз-келіншек көйлегінің жағасының өңіріне бірнеше түймені тізіп қарайды.

«Он түйме омырауда қатар-қатар,
Түймені ағытқанша таң да атар...» —

деп келетін қазақ өлеңі осыдан шыққан ғой.

Қыздар мен жас әйелдердің ең бір сәнді киімі қос етек көйлек.

«Қос етек, бұраң бел,
Қуалай соғар самал жел...» —

деген де осы көйлек атынан шыққанға ұқсайды.

Қос етек көйлек әдетте ақ түсті қымбат жібектен, асыл матадан тігіліп таза жүннен тоқылады. Мысалы, ақ шәйі, ақ жібек, ақ кәлүнгір (каленкор), ақ торғын, ақ фыйы, ақ шағи, дүрия, бәтес, зифа, ләйлөк, сусыма, сұпы, кәріс сияқты іштік матадан желбірлеген көйлек түрлері жиі кездеседі. Сонымен қатар қызыл, жасыл, сары, көк, қара, құбақан, жолақ түсті шыттар мен қырмызы, манат, қамқа, барқыт, пүліш, шұға, үштоп, атлас және т. б. тыстық маталардан да қос етек көйлектер тігілетін. Мұндай көйлекті қыс киюге арнайды да, бір киер көйлек санайды. Қос етек көйлек әдетте ұзын, кең, оның жеңінің ұшы мен жағасы, белі бүрмеле-



36-сурет. Қыз киімі.

ніп, қатпарлы желбір салынады. Қазіргі өлшеммен алғанда бір қос етек көйлекке 6—7 метрдей мата жұмсалады. Мұндайда сараң күйеудің «қос етек, қойды құртқан осы етек» деп тарылатыны да болған.

Қос етектің негізгі етегінің кеңдігі 3,5—4 ен, кейде 4 ен жармаға дейін, биігін әркім өз бойына (беліне дейін) өлшеп бөлек қусырып алады. Оның етегін әдіптеп, кестелеп немесе оқа жапсырып әшекейлейді. Содан кейін етектің үстінен биіктігі 25, 30 см мөлшерінде бірнеше қосымша етек бастырады. Етектің төменгі шетін әдіптеп, әшекейлеп бос қалдырады да, жоғарғы шетін негізгі етекке бүріп бастырады. Бүріп бастырған тігіс үстіне де зер, кесте немесе басқа түсті асыл мата жапсырып әшекей жасайды. Осындай қосарлана


желбір жасап тұрған етектер екіден тоғызға дейін қатар-қатар қатпар түзеп, етекті дөңгелетіп, көптіріп, бір түрлі әдемі ауқым жасап тұрады. Қос етек көйлектің жеңінің ұшы да қос-қос бүрмеленеді. Әйел көйлегін ерекше сәндеп тұратын қосымша заттардың бірі омырауға не тігіп, не түйме, түйреуіш, ілгектермен жапсырып қоятын «өңір» деген зат. Өңір жағаның алдыңғы жақ түбінен бел бүрмесіне дейін, ені екі жақ қолтық тігісіне жетеді. Өңірді асыл матадан бөлек тігеді. Шет-шетін кестелеп, зерлер салып шашақтап, бетіне неше түрлі асыл тас, меруерт-моншақ, алтын не күмістен алқа, теңге, бастырма, жылтыраған үзбелі салпыншақтар қадайды. Өңірді кеудеше, көкірекше, тәстік, алқа деп те атай береді.

Бас киім. Қазақ қауымының әдетінде ер мен әйелдің бас киімі де әр басқа. Ерге тән бас киімдер: тақия, бөрік, тымақ, құлақты бөрік (құлақшын), қалпақ, шалма, шыт, дудыға жыға, қырпу, кұлапара (башлық), жалбағай. Оларды теріден, аң терілерінен, тыстық маталар сырып тігеді. Әйел бас киімдері: кимешек, жаулық, күндік, шаршы, сәукеле, желек, шәлі бүркеніш, бергек т. б. Бұлар көбінесе іштік жеңіл матадан, ал қатипа тақия, құндыз бөрік, шошақ бөріктер ең қымбатты аң терілерінен тігіледі.

Қазақ ғұрпында бас киім көріктілік пен сәнділікті, баршылықты білдіретін қасиетті киім саналған. Қазақтың «дос аяғыңа қарайды, дұшпан басыңа қарайды» дейтін мақалы осы жайдан қалыптасқан. Сол сияқты сыпайылық көрсеткенде, біреуден біреу кешірім өтінгенде, аяққа жығылғанда бас киімді шешіп немесе бөрігін аяқ астына тастап аһ ұру да осы бас киімді қастерлеуден туған.

Қысқы, жазғы бас киімдер бір бөлек, той жиындарда, жорықтарда киетін бас киім бір бөлек болып түрліше тігілетін. Мысалы, сеңсең бөрікті, сеңсең тымақ, түлкі тымақты, құлақты бөрікті, кұлапараны ерлер қыстыгүндері киетін. Елтірі бөрік, пұшпақ бөрік, жекей тымақ, қалпақ, төбе бөріктерді жазда киетін. Тақия жазы, қысы бірдей киілетін. Ал жалбағай, жапетер, төбе бөрік (тебетей), үшкүлдір, шыт т. б. арзан қол жеңіл бас киімдерді күнбе-күнгі тұрмыста үнемі киіп жүре беретін.

Тымақ пен бөрікті көбінесе мәриден, елтіріден, сеңсеңнен, лақ терісінен, пұшпақтан т. б. мал терілерінен жасап тыстайды, арасына жүн салып сыриды. Қыстыгүні киетін түлкі терісінен жасаған тымақты барқыт, пүлш, атлас, шұға сияқты жылы, әрі қымбат маталармен тыстаған.



37-сурет. Тақия.

Әр облыста (әр жүзде) тымақ әр алуан үлгіде тігіледі. Олардың әрқайсысын «арғын тымақ», «үйсін тымақ», «найман тымақ» деп немесе «ұлы жүз үлгісі», «орта жүз үлгісі», «кіші жүз үлгісі» деп түр-түрге бөліп айтады.

В. Плотниковтың 1859—1862 жылдары жазған қазақ киімдерінің ішінде бөрік пен тымақтың 15 түрлі үлгісі мен атаулары бар. Солардың ішінде жаба салма, қайырма, төрт сай, сегіз сай, дөңгелек төбе, шошақ төбе, жекей тымақ деген түрлері ел арасында қазір де көп кездеседі. Жаба салма тымақ негізінен түлкі терісінен, сеңсеңнен тігіледі де құлағы мол, милығы кең, төбесі аласа болып келеді. Қайырма тымақ та түлкі мен қозы терісінен тігіледі, оның маңдайы төбесіне қарай үлкен қайырмалы келіп, жұрындары жалпақ болады. Төрт сай тымақтардың төбесі төрт бөлек, сегіз сай тымақтардың төбесі сегіз бөлек теріден немесе киізден құралады. Дөңгелек төбелі тымақтың төбесі иықсыз, милықты, жатаған келсе, шошақ төбелі тымақтың төбесі иықсыз, бірақ үшкірлене биік етіп сырылады.

Тымақтың бөлшектері төбе маңдай, екі алдыңғы құлақ және артқы етек болып беске бөлінеді. Екі алдыңғы құлақтың сырт жағынан бастырған екі бауы бар. Тымақтың құлағы мен етегінің төбемен жалғасқан жерін мильқ деп атайды. Аса әшекейлі тымақтардың төбе аралықтарын, мильғын алтын, күміс оқамен жолақтап әдемілейді. Ал құлапараны тымақтың сыртынан сулық ретінде киеді.

Жекей тымақ — жаз бен күзде киетін әрі сәнді, әрі жеңіл елтірі тымақты айтады. Жекей — сәнді деген сөз. Жекей тымақты дүрия, шағи сияқты жібек маталармен тыстап, кейде оның артқы етегін көтере түріп, кейде алдыңғы бір жақ құлағын алға келтіре әнтек шекеге салып киетін.

Бөрікті де әр түрлі үлгіде қозы, қой, түрлі аң терілерінен тігеді. Бөріктің түрмесі кейде жалпақ, кейде жұмыр етіліп жасалады. Ал оңтүстік аймақтарда қой терісінен тігілген түрмесі үлкен бөрік киеді. Бөріктің неғұрлым жүнді де жылы түрлері Орал, Гурьев жағында жиі кездеседі. Жетісу, Семей, Өскемен жағында жалпақ және биік түрмелі үлгілері көп. Бұрын ақын, әнші, сауыққой салдар мен өнерпаз жастар өте сәнді тігілген шошақ төбелі құндыз бөрікке үкі тағып киетін.

Тақияның да үлгілері мен атаулары көп. Етегі аласа, төбесі төрт сай болып келетін кестелі шошақ тақиялар оңтүстікте көбірек кездессе, аласа етекті, төбесі киіз үй сияқты тегеріш тақиялар орта жүзде көбірек кездеседі. Ал жалпақ төбелі, етегі биік тақия мен тостаған сияқты қаптама тақиялар кіші жүзге тән.

Ерлер киетін тақияда теңге, моншақ, тана болмайды. Оның есесіне олар «мүйіз», «атерін», «шырмауық» сияқты өрнектермен кестеленеді, машинамен, қолмен «таңдай», «ирек», «қабырға» тігістерімен әдеміленіп сырылады. Кейде тақиялардың дәл төбесінде сол матаның өзінен істеген түйіртпек шошағы болады. Оған бозбалалар, салдар, күйеулер шашақ, үкі, күлте, шоқ тағып сәндел киеді.

Әйелдердің бас киімдері де бірнеше түрге бөлінеді. Олар: тақия, бөрік, орамал, жаулық, кимешек, күндік, сәукеле, желек, шәлі, бергек, қарқара және т. б. Қазақ ғұрпында ердің де, әйелдің де бас киімсіз жалаңбас жүруі ерсі саналған. Әсіресе әйелдер жалаңбас жүрмейтін.

Сәукеле әйелдің бас киімдерінің ішіндегі ең әшекейлісі де, күрделісі. Сәукелені ұзатылатын қыздар және сол қызға еріп жүріп сыңсу айтатын нөкерлер киген. Қалыңдық күйеудің еліне барғанда да сәукелесімен барған. Келіншек оны



38-сурет. Сәукеле.

той өткенше киіп отырып, той өткен соң сәукелені іліп қойып, оның орнына бергекті желек киетін.

Сәукеленің негізі оның төбесі. Төбе не талдырма етіп қозы жүнінен арнайы басқан ақ киізден, не арасына қыл салып сырығын асыл матадан істеледі. Содан кейін төбені кестелеген, шет-шетіне құндыз жұрын ұстаған немесе алтын, күміс оқамен зерлеген тыспен тыстайды. Сәукеле төбесінің биіктігі екі сүйем, кейде одан да биік болады. Төбенің өң бойын алтын, күміс, меруерт, маржанмен, асыл тастармен өрнектеп, алтын жіппен әшекейлейді. Ергеді кіші жүздегі Байсақал дегеннің қызының осындай бір сәукелесін 500 беге бағалаған.

Сәукеленің екі жақ самай тұсынан бетке жеткізе шолпы тәрізді ендіріп бірнеше қатар маржан тізілген салпыншақтарды бетмоншақ немесе сәукеленің бетмоншағы деп атайды.

Сәукеленің төбесінде алтынмен, күміспен әшекейленген қатырғы болады. Тізілген моншақты, асыл матадан, ақ жібектен жүргізген желекті осы қатырғыға бекітеді. Мұны бергек деп атайды. Кейде бергекке тоты құстың бірер тал қауырсынын тігінен қыстырып бекітіп қояды, оны қарқара дейді. Сәукеленің арт құлағы шашқап тәрізді белге дейін жетеді. Сәукеленің ең сыртынан жауып қойған шашақты әшекейлі жібек мата бар, ол көйлектің етегі құсап, жерге сүйретіліп жүреді.

Кейде батырлар да осындай, сәукеле тәрізді мол әшекейлі дулыға киетін. Оның темірмен, шынжыр тормен қапталған, әсем түрлері көп. Бұларды «жыға» деп атаған. Осы дулығаның шиінен не құндыз, не ботаның пұшпақ терісінен істелген іштік бөрік киетін, оны «қырпу» дейді. «Қырпуын тауып ұр» дегенде найза даритын жұмсақ жерін тауып ұр деген мағынада айтылған.

Қазақ киімдерінің түрлері:

аяқ киім	дөңгелек бөрік	кестелі етік
байпақ	жыға	кестелі мәсі
бастама	елтірі бөрік	кестелі кебіс
биік өкше	жанат бөрік	көксауыр етік
біз тұмсық етік	жеңіл етік	көксауыр мәсі
жайпақ кебіс	орыс етік	көксауыр кебіс
жай табан (етік)	саптама	құс бөрік
жарма қоныш	сұға салма (етік)	лақ бөрік
көк етік	сырма байпақ	мари бөрік
қоң етік	(киіз етік)	ноғай бөрік
киіз етік	шолақбас	орыс бөрік
кисық табан	(етік, кебіс)	сәлде бөрік
мәсі	шоңқайма	жап етер
мәсі байпақ	шұлғау	жеңіл бөрік
мәсі етік	ұйық	жұрын бөрік
мықшима етік	іш байпақ	киіз бөрік
мықшима кебіс	іш етік	күзен бөрік
бөрік	іштік	қама бөрік
бота бөрік	жүрдек кебіс	қайырма бөрік
пұшпақ бөрік	кебіс	қарсақ бөрік
бұлғын бөрік	кең ауыз	құндыз бөрік

сәукеле бөрік
сусар бөрік
сілеусін бөрік
суыр бөрік
сеңсең бөрік
сегіз сай бөрік
қырпу
тақия бөрік
тамақ бөрік
(түлкі)
түлкі бөрік
тиін бөрік
жекей тымақ
кедей тымақ
киіз төбе
күлапара
қарсақ тымақ
лақ терісінен ті-
гілген тымақ
сеңсең тымақ
сусар тымақ
суыр тымақ
сегіз сай
төрт сай
телпек
шошақ төбе
шығыт тымақ
айыр қалпақ
ақ қалпақ
кестелі тақия
сырмалы тақия
тегеріш тақия
төрт сай тақия
тебетей (төбе та-
қия)
тік етек тақия
шошақ тақия
шоқты тақия
шыт (кейде тақия
орнына шыт
байлайды)
бергек
бөрік

бүркеніш
жақ
жаулық
шашақты бөрік
шоқты бөрік
шұға бөрік
шығыт бөрік
бота тымақ
барыс тымақ
бұлғын тымақ
далбай тымақ
елтірі тымақ
жабағы тымақ
жаба салма
жалбағай
үлкен сәукеле
айыл белдік
белбеу
белдік
берен
бел шалғы
былғары белдік
кавказ белдік
кәмәр белбеу
кәмәр белдік
күміс белдік
күміс кісе
кісе
киіз қалпақ
сырма қалпақ
орыс қалпақ
ши қалпақ
былғары тақия
дөңгелек тақия
жүн тақия (то-
қыма)
жиекті тақия
қатипа тақия
қатырғы тақия
кепеш
алшалғы
алжапқыш
белдемше

белшалғы
бүрмелі жейде
бүрмелі көйлек
былғары желетке
ет көйлек
ит көйлек
жейде
желетке
желбір көйлек
жеңсе
желек
иектік
камшат бөрік
кимешек
күндік
кіші сәукеле
орамал
орауыш
сәукеле
тақия
шаршы
шашқап
шәлі (салы)
қол орамал
шалбар
сал шапан
саусақты биялай
сым
сым шалбар
сырма бешпент
сырма
тақыр шалбар
тамақ жиек
тері желетке
тері жеңсе
тері тізе қап
кіселі белдік
қайыс белдік
қаптырма белдік
құр белбеу
оқа белдік
орама белбеу

сақтиян белдік
салпыншақ бел-
дік
сарыала белдік
сақиналы белдік
терме белбеу
тұйық белбеу
шекпен белбеу
шынжыр белбеу
бота ішік
бұғы терісі
бұлғын ішік
пұшпақ ішік
бұрмелі тон
бөкебай
бөкебай шарпы
былғары тон
былғары шалбар
былғары қолғап
жамылғы
жанат ішік
жеңсіз бешпент
кәзекей
қамзол
кестелі көйлек
кестелі қамзол

кеуде көйлек
кеудеше
кең етек
көйлек
көкірекше
күліш көйлек
қос етек
қолғап
тізе киім
тік көйлек
тік жаға
шолақ жең
шолақ дамбал
шолақ көйлек
іш көйлек
іш киім
арқар ішік
бешпент ішік
сеңсең ішік
сулық
сырттық
тайжақы
таутеке тон
тамақ ішік
тиін ішік
түбіт ішік

түлкі ішік
тон
тон ішік
шапан
жарғақ
жеңіл шапан
елтірі ішік
қасқыр ішік
қарсақ ішік
қара тон
қаптал тон
қаптал шапан
қайырма жаға
кебенек
кестелі тон
кестелі шапан
күзен ішік
күпі
мелде (шапамның
бір түрі)
бешпент тон
шекпен
шидем
шидем күпі
ішік т. т.




ҚОРЫТЫНДЫ

*Қ*азақстан территориясының жер бедері де бұл территорияны ең алғаш жайлаған тайпалар да мыңдаған жылдар ішінде неше түрлі өзгерістерге ұшырады. Табиғаты көркейіп, жер қойнауының қазба байлықтары молыға түсті. Сол сияқты ұшқан құс, жүгірген аң, жан-жануарлардың түр-түрінде есеп болмады. Кең далада өткен дәуірлердің алыптары жүндес қодас, жабайы жылқы, түйе, тау ешкі, тау теке, бұғы, марал, арқарлар үйір-үйірімен жөңкіді. Улы жылан, қорқау қасқыр, ашулы арыстан, адуын жолбарыс та, аю мен қаблан, барыс пен сілеусін де мейлінше көп болған. Осының бәрі Қазақстан территориясында өмір сүрген адамдардың тіршілігіне әсер еткені сөзсіз.

Биік тау жоталары мен сыңсыған қалың орманның зәулім бәйтерегі, алқап толы әсем гүлдер мен көбігі атқан ағынды су, алма, жүзім, жидек жемістері, ақ бөкен, алма мойын киік, нәркес көзді құралай, кербез аққу, сайраған бұлбұлдар мен сұлу тотыларға толы ғажайып сұлу табиғат адамның эстетикалық танымын молықтырып, талғамын арттырды.

Адамдар молшылықты — дария, теңізге, бәйтерекке теңесе, батырды — арыстанға, қыран бүркітке теңеді. Сұлуды — ай мен күн, хош иісті гүлге, құралайдың лағына, аққудың көркіне, бота мен тұрымтайдың көзіне, сұқсырдың мойнына, алмаға, қарақатқа теңеді. Осыдан келіп халықтық ауыз әдебиет нұсқаларының асқан үлгілері туындады. Халықтың жақындықты, достықты, дәріптегенде де оны түйенің екі өркешіне, биенің екі емшегіне, екінің біріне, егіздің



Кесте басқан қамқа түс киіз.



Қолдорбалар.

сыңарына балауы сол ескі замандарда қалыптасқан түйсіктің жемісі сияқты.

Осындай ұзақ та, күрделі дамудың нәтижесінде қоғамдық еңбектің түрлі салалары пайда болды. Тұрпайы еңбектен бара-бара халықтың қолөнерлері туындады. Бұл түсінікті де. Адамға құрал-жабдық пен ішер ас, киер киім қандай қажет болса, оны ұқсата білу икемді де, ұнасымды ету, әдемілеп әшекейлеу, келістіріп пайдалану да сондай қажет болды. Әрине, бұл айтылғандар бір ғана қазақ халқында емес, барлық халықтардың да өзіндік ұлттық қолөнер творчествосының даму тарихымен сипаттас.

Қай халықта және қашан да болса мұқтаждықты жою, баршылықты молайта беру, халықтың тұрмысын жақсарту, киім-кешекті үй-жиһаздарын тиімді, қолайлы, сәнді де ұнасымды етіп пайдалану халықтардың бәріне бірдей ортақ мүдде, ортақ арман еді. Соның нәтижесінде біздің бабаларымыз бен аналарымыз кейінгі ұрпақтар үшін көптеген өнер мұраларын қалдырды. Олар біздің өміріміздің зейнетті болуы үшін күрескенде неше түрлі азапты — от пен судың тар жол, тайғақ кешулерінен өтті. Жоқшылық, қараңғылық, теңсіздік азаптарын тартты. Сөйте жүріп өз елінің тарихында мәңгілік өнер өрнектерінің мұрасын қалдырды.

Әсіресе, Ұлы Октябрь революциясының жеңісі нәтижесінде көп ұлтты Отанымыздың барлық халықтарымен бірге қазақтардың да түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті қалыптасып, Қазақ республикасы өнер, байлық сән-салтанат жағынан терезесі тең елге айналды.

Социализм еңбекке ерік, халқымызға көрік, ой парасатымызға жігер берді. Миллиондаған еңбекшілердің творчестволық еңбегіне қанат бітіріп әдебиет пен мәдениетте, өнерде мол табысқа жетуге кең жол ашты.

Халық шеберлері байлыққа байлық қосып, молшылық жасаумен қатар, сол баршылықты байыпты етуге, тұрмыстық жиһаз-мүліктерімізді сәндендіре түсуге үлкен үлес қосты. Қолөнердің әсем туындылары коммунизм құрылысына рухани азық болатын, эстетикалық талғамын қанағаттандыратын, сұлу да әдемі, тиімді де ұнасымды ұлттық киімдер мен жасау-жабдықтарды жасады.

Халық қолөнері шеберлерінің жасаған таңғажайып ою-өрнектері, алтын, күміс, әшекейлі заттары республикамыздың қалалары мен ауыл-селоларында кеңінен насихатталып келеді. Ондай әсем заттардың көптеген түрлеріне бауырлас республикалар мен бірсыпыра шетелдік саяхатшылар

да таң қалып, тамашалай қарауда. Қолөнер ісінің асқан шебері, қарт ана Рымжан Барлыбаева сонау 1926 жылдың өзінде Париж қаласында болған Халықаралық этнографиялық көрмеге қатысып, қазақ қолөнерінің байлығы мен әсемдігін бүкіл дүние жүзіне паш етіп бәйге алған еді. Одан кейін 1934 жылы қарағандылық зергер Асқар Абылаев жасаған алтын, күміс білезік, сырға мен түрлі абзалдары Қазақ АССР Орталық атқару комитеті мен өлкелік партия комитетінің сыйлықтары мен мақтау грамотасына ие болды. Қазақ ССР өнеріне еңбек сіңірген қайраткер, қарапайым халық шебері марқұм Қамар Қасымов жасаған домбыра Герман демократиялық республикасының, Венгрияның, Чехословакияның, Монғол халық республикасының көптеген өнерпаздарына белгілі. Ленин орденді пенсиядағы қарт мұғалім Р. Сәрсембиннің, Шымкентте тұратын мұғалім әрі суретші, әрі халықтың ою-өрнегін жинаушы Ғ. Иляевтің өнері де республикамыздан сырт елдерге аян. Бұлар сияқты өнер саңлақтары өте көп. Олар қолөнер саласының әр алуан жанрында еңбек етіп жүр. Мысалы, жұмысшы С. Вяткин 40 түсті ағаш кесінділерінен құрап В. И. Лениннің портретін жасады. Шу ауданында тұратын мұғалім В. Давыдов ақтарының жалғыз тәрінінен жер глобусын жасады. Зәредей осы жалғыз тәрінің бетінен үлкейткіш әйнек арқылы жер бетіндегі материктер мен мұхиттарды, теңіздер мен әйгілі су жолдарын, ірі-ірі темір жол тораптарын түгел көресіз.

Шығыс Қазақстандық шебер үй шаруасындағы әйел Г. Воронина қайың фанердің бетін үшкір бізбен қарып отырып қазақ батыры Аманкелді Имановтың портретін жасады. Талдықорғандық Молдабергенова мың түсті жіптен құлпырма кілем тоқыса, Жамбыл ауданындағы Сұлуқыз Керімбаева жібек жіптен «Қазақстан бес жылда» деген суреттер салынған кесте тікті. Целиноградтық шебер Балайым Өтебаева «Бітпес қазына» деген көп өрнекті жібек кілем тоқыды. Бұқтарма су электр станциясының жұмыскері Ж. Қабдуахитова «Той сырмақ» деп аталатын жаңа мәнерлі үлкен сырмақ сырыды. Айта берсек, қолөнеріне соңғы жылдарда кірген жаңалықтар мен өрнек, әшекей түрлері өте көп. Жаңашыл шеберлердің ішінен республикалық I, II көрмелерде 330-дан астам шеберлер Мәдениет министрлігінің мақтау грамоталары мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

Соңғы жылдары халық қолөнерімен айналысып, оны дамыту жолында еңбек етіп жүрген шеберлердің көбейе түсуі тегін емес. Данышпан Карл Маркстің көркем өнерден ләззат

алғың келсе, өзің де көркемдік ұғымнан сауатты болуың керек дегенін халық шеберлері естен шығармайды. Бой түзеуде, семья тұрмысында, көпшілік орындарға көрік беріп, көркемдеп тұратын әдемі де асыл жиһаздар адамның эстетикалық талғамын байытып, адам жанын қуаныш сезіміне бөлейді.

Біз бұл еңбегіміздің негізгі тақырыбын этнография тұрғысынан қарап, көбінесе қолөнер ісінің ежелгі мұраларын еске түсіруге арнадық. «Қолөнері — мол өнер» дейді халық. Қазіргі жас шеберлеріміз өздерінің ою-өрнектерінде жаңа түр, жаңа ұнасым тауып, олардың идеялық мазмұндарын байыта түсуде. Олар кестеде болсын, кілем тоқу мен алаша құруда болсын немесе ағаш, мүйіз, сүйек, тас сияқты заттарды әшекейлеуде болсын, суретшілік өнеріне жақын сюжетті өрнектермен түрлі заттардың, кейбір күрделі оқиғалар бейнесін бере алатын дәрежеге жетуде. Оюларды, бедер, сызық суреттерді, әр түрлі диаграммаларды, плакаттарды халықтық сипаттағы өрнекті әшекей ұнасымымен жасай бастады. Мұның өзі шеберлердің басым көпшілігінің жан-жақты сауатты, білімді, өнердің түрлі салаларымен таныс адамдар екенін көрсетеді.

Соңғы 4—5 жыл ішінде облыстарда, қалалар мен аудандық мәдениет үйлерінде өткізілген қолөнер істерінің көрмелеріне қойылған кесте, өрмек, сырмақ, тұс киіз, күміс ердің қастары мен асадал сияқты көп заттардың өрнектері істеу мәнерлері арнаулы бір тақырыпты қамтитынымен көзге түсіп жүр. Мысалы, кілем, тұс киіз, кесте беттерінде «Ұлы программа», «Коммунистік бригада», «Өңі енген өлке», «Біздің колхоз», «Қазақстандық миллиард», «Жазғы жайлау», «Москва», «Кремль» т. б. сурет өрнектері жиі кездеседі.

Республиканың озат шеберлерінің іс тәжірибелерін қорыта келіп, жас шеберлерге кейбір жаңа тақырыптарды игеру жайында азды-көпті бірнеше методикалық кеңес бере кетейік.

Бірінші кеңес. Қандай да болса жаңа тақырыпта жаңаша мәнермен ою-өрнек, әшекей жүргізу үшін ең алдымен таңдап алған тақырыпты қалай бейнелеу қажеттігін ойланып алып, жоспар жасау қажет. Жасалмақ істің идеялық, көркемдік мазмұнын, оның эстетикалық тәрбие берудегі пайдалы ролін де қорытып алған жөн.

Осы істелгелі отырған жиһазың халық мұқтажына жарай ма, оның тиімділігі қандай, көпшілікке ұнай ма, жоқ па? Осы жағын мұқият қарастыру керек.

Жас шеберлердің өзінің творчестволық жоспары туралы кіммен де болса ақылдасып, оның ой-пікірін, ұсынысын тыңдап отырғандары абзал. Оларға республикалық, облыстық халық творчествосының үйлері, аудандық мәдениет үйлері, комсомол комитеттері мен мұғалімдер коллективі, қарт шеберлер әр қашан жақсы кеңесші, жанашыр көмекші бола алады.

Екінші кеңес. Ең алдымен әр жас шебер өзінің жасаған затын қалай пайдалануға болатынын жақсы білуі қажет. Ол еденге төселуге, не қабырғаға ілуге, не кергішпен керіп, рамаға орнатуға арнала ма, қандай мүліктермен қатарлас (айнаның алдында, сахна төрінде, төсек тұсында, радиоқабылдағыштың тұсында т. б.) тұрады. Алдағы уақытта осы затты тұтынушылар талабына сай көптеп шығару әдісі қалай болар еді? деген сияқты ойларды да қарастыру қажет.

Үшінші кеңес. Халықтың қолөнер бұйымдарын өрнектеу үшін суретшілік өнермен жете таныс болу қажет. Әр өрнектің ұнасымдылығы мен дәлдігі, көріністің ұйқасымдылығы суретшілік тұрғысынан қаралуға тиіс. Сондықтан әрбір халық шеберлері Суретшілер одағымен, жеке суретшілермен, өндіріс шеберлерімен жақсы таныс, творчестволық байланыста болып, әсіресе өрнектің эскизі жайында, жіп пен бояудың, сүйек пен мүйіздің түстерін қалай орналастыру жайында ақылдасып отыру абзал. Кейбір күрделі өрнектердің эскизін суретшілерге жасатып алудың да зияны жоқ.

Төртінші кеңес. Қолөнерімен шұғылданып жүрген халық шеберлері өз білімдерін молайтып, дүние тану қабілетін үнемі дамыта беруі керек. Олар әсіресе облыс, республика орталықтарындағы тарихи, әдебиеттік, этнографиялық музейлермен тығыз байланыста болуға тиіс.

Бесінші кеңес. Осы күні облыстар мен аудандарда, орталық қалаларда халық творчествосының негізінде әшекейлі заттарды көптеп шығаратын шеберханалар мен кішігірім фабрикалар бар. Мысалы, кілем, алаша тоқу, тастан, саздан, ерігіш металдардан, ағаштан әр түрлі үй іші мүліктерін жасайтын кәсіпорындар мен цехтар бар. Қолөнер шеберлері олармен де танысып, ондағы озат шеберлердің іс тәжірибесінен үйреніп, пікір алысып отырғаны жөн. Халық қолөнерінің шеберлері мүмкін болғанынша халық творчествосының тарихи этнографиялық мұраларымен, бұлар тура-

лы әдебиеттермен көбірек танысып отырса өте жақсы болар еді.

Мысал үшін, орындауға оңай, шеберлеріміздің түсінуіне жеңіл, көркемдік және идеялық жағынан бүгінгі талапқа сай «Ұлы программа» деген тақырыпта кесте тігуді алайық. Мұндағы мақсат КПСС XXIII съезі қабылдаған халық шаруашылығының ұлы жоспарын әрі көрнекті, әрі түсінікті, әрі көз тартатын көрікті етіп көрсету. Совет адамдарының мақтаныш сезімін тасқындатып, азаматтық правосы мен міндетін көрсету. Коммунизм құрылысы үшін ерлік еңбектің табысын бейнелей отырып, партияның даналық басшылығын көрсету. Осы арқылы халық шеберлері асқан ісмерлік пен шеберлікті, эстетикалық ұнасымдылықты насихаттайды.

«Ұлы программа» кестесін колхоз клубының немесе халық театрының, халық университеттері залының төріне ілуге арнайды. Көлемі 3×2 м қызыл плүш немесе мауыт матасы алынды делік. Материалдың шетіне немесе бұрышына (шебердің таңдауы бойынша) халық орнаменттерінің ең ұнасымды деген бір түрі кестеленеді. Түсіне қарай таңдалып алынған кесте жіппен сол матаның жоғарғы жағына, не төменгі шетіне мінсіз әдемі әріптермен «Коммунизм құрылысының Ұлы программасы» деп кестемен жазып қояды.

Енді осы материалдың бетіне жоспарда белгіленген халық шаруашылығы салаларының даму дәрежесін білдіретін кейбір цифрларды келтіруге болады. Кейде өнім түрлерін көркемдік пен мазмұнға сай шартты белгілер арқылы, кейде әр заттың өзіне тән нақтылы суретін салып тігуге де болады. Мысалы, сиырдың суретін, сүт құйғыш цистернаны, мұнай мұнарасын, көмір шахтасын өрнектеп кестелейді, термелеп тоқиды т. б.

Мұндай диаграмма, плакат материалдары орталық, республикалық, облыстық, газет, журналдардан, партия ағарту үйлерінен, кітапханалардан табылады. Кейбір журналдарда түрлі түсті бояулармен жасалған әзір суреттер беріледі. Ондай жағдайда сол плакаттың көлемін бірнеше рет үлкейтіп, соған қарап отырып өрнекті плакаттар жасауға болады. Осы сияқты әдіспен өрнектелген көрнекі заттардың бетіндегі жазу, сызу, сурет, орнаменттерін біз кестемен, крестеп тігумен «қабырға» деп аталатын қол тігісімен тағы басқа әдістермен орындауға болады.

Осындай әдістермен орындалған бірнеше жаңа кестелердің тақырыптары мынадай болуы мүмкін:

«Ұлы программа» — одақтық немесе республикалық, облыстық көлемдегі бесжылдық жоспардың көркем суретті көрінісі.

«Қазақстан» бесжылдықтар, — Қазақ республикасының бесжылдық жоспар бойынша жасалған перспективалы картасы.

«Коммунистік бригада» — еліміздегі күн санап етек алып келе жатқан коммунистік бригада коллективтерінің іс үстіндегі бір сипаты.

«Ұлы жорық жолында». Мұнда темір жол, су жолы, әуе транспорттары құрылыстарының, азамат соғысы мен Ұлы Отан соғысындағы ерлік істердің бір көрінісі бейнеленуі мүмкін.

«Өң енген өлке» — тың, тыңайған жерлерді игеру тақырыбы. Тың өлкелерде пайда болған жаңа совхоз, колхоз, қала, өндіріс орталықтары, мәдениет ошақтары бейнеленеді.

«Советтік спутниктер». Мұнда Советтік космос корабльдерінің бір көрінісі немесе космонавтардың портреттері берілуі мүмкін.

«Халық батыры» — Аманкелдінің, Әлібидің, Бокиннің, Чапаевтың тағы басқа революция ардагерлерінің ерлік істерін беру.

«Алматы әсем астана» — Алматының көркем көрінісі.

«Алатау ата мекенім» — Алатаудың көркем көрінісі, табиғат байлығы.

«Алтынды Алтай» — Алтайдың көркем көрінісі, байлығы.

«Энергетикалы Ертіс» — Ертіс бойындағы су электр станциялары, Ертіс су жолы транспорты.

«Жазғы жайлау» — колхоз-совхоздардың мал жайылым отарлары, отар жайлауының пейзажы т. т.

Қорыта айтқанда, халық шеберлері үшін қажетті тақырыптарды көптеп табуға болады. Ол үшін әр шебер көп ізденіп, көп оқып, көп білу керек.



ӨНЕР ТУРАЛЫ ӨНЕГЕЛІ НАҚЫЛ СӨЗДЕР МЕН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Алтын кемер белге сән,
Ақылды жігіт елге тән.

Асыл қайшы пішуге сән,
Күміс қасық ішуге сән.

Алтын балдақ қол сәні,
Әшекей кесте тон сәні.

Адамды өнер танытады

Адам өнерімен әсем,
Аң жүнімен әсем.

Атадан көріп оқ жонар,
Анадан көріп тон пішер.

Асыл тастан, ақыл жастан.

Алтын шекпен ерге жарасар,
Алтын кісе белге жарасар.

Атыңнан айрылсаң да,
Ер-тоқымыңнан айрылма.

Асыл пышақ қын түбінде жатпас.

Асылды асылға салсаң мұқалар,
Жақсыны жақсыға салсаң ұшталар.

Асылды алыс та болса ізде.

Асыл шапанды асылмен астарла.

Айнаң болса азбайсың.

Ауыр жүкті нар көтерер,
Қиындықты ер көтерер.

Ақсауыттың жағасы бар, жеңі жоқ,
Қас жақсының өкпесі бар, кегі жоқ.

Әдептің не екенін әдепсізден көр.

Әрбір адам өз бақытының ұстасы.

Бауы бар дорба ілінер,
Бауы жоқ дорба бүлінер.

Бой істемейді, қол істейді.

Бүгінгі істі ертеңге қалдырма.

Білмегенді көріп үйрен,
Білгеніңді басқаға үйрет.

Беріктің құны бес есе.

Біреу білмегенді біреу біледі.

Білімді жігіт мыңды жығар,
Білегі жуан бірді жығар.

Балаңды өнерлі болсын десең, ұстаға қос.

Берік — адамға көрік.

Балам өнерлі болсын десең, өнегеңді көрсет.

Батыр адам қорқақты сүймес,
Шебер адам шорқақты сүймес.

Балам өнерлі болсын десең,
аталық айтар ісің болсын.

Бұтақсыз ағаш июге жақсы,
Бұлтақсыз сөз түйеге жақсы.

Дау қуған жау табады,
Өнер қуған қазына табады.

Дұрыс ойған ою бұруға көнбес.

Доғаң қисық ілінсе,
Құлақ баудан не пайда.
Дорбаң шала тігілсе,
Толтырғаннан не пайда.

Еңбек — өнер өрісі,
Өнер — өмір жемісі.

Ел арқанын көп тарттым,
Қане қолымның жарасы?
Ер бақырын көп астым,
Қане қолымның қарасы?

Ер қадірін ерлер білер,
Зер қадырын зергер білер.

Егеуді егеуге салма, түрпісі кетер,
Етігі тар адамның күлкісі кетер.

Елдің сәні — ерге ажар.

Ер өнерімен танылар.

Ерінбеген өнер табар,
Шегіне берген соңында қалар.

Ерліктің бір нышаны — өнер.

Жас уақытта үйрену
Тасқа жазған хатпен тең.
Қарғайғанда үйрену
Суға құйған ақпен тең (Жанұзақ би).

Жақсы таныр сымбатты,
Айырар арзан қымбатты.

Жамап киген жарлы болмас.

Жүрген аяққа жөргем ілінер
Жатқанға жан жуымас.

Жастық шаққа өнер тән,
Өнерлінің ісі сән.

Жеңсе кигеннің жеңі тозбас.

Жас келсе — іске, кәрі келсе — асқа.

Жасыңда салақ болсаң,
Өскенде олақ боларсың.

Жұмыс шеберден қорқады.

Жеті рет өлше, бір рет кес.

Жігіт адамға 70 өнер де аз.

Зергерлік түбі — зейнет,
Делдалдық түбі — бейнет.

Зейнет еңбектің жемісі,
Бейнет еріншектің жемісі.

Зейіні бар жігітке өнер өзі келеді.

Заманды өнер жасайды.

Зер шеккен тонды аяққа баспас.

Зергерің білімді болса,
Зейнет береді,
Зергерің білімсіз болса,
Бейнет береді.

Қараған қарап қалар,
Ізденген өнер табар.

Қызды күте білмеген күң етеді,
Жібекті түте білмеген жүн етеді.

Қолымнан келеді, қонышымнан басам деу
асылық.

Қойныңнан төгілсе де,
Қонышыңда жүрсін.

Қанша жуан болса да,
Жалғыз ағаш үй болмас.

Қарманған қарап қалмас.

Қисық ағашты тез түзер,
Қисық сызықты көз түзер.

Кейбіреулер көрмекке бар, өрнекке жоқ.

Кісіден дәметкенше, күшіңнен дәмет.

Кісі киімді көркемдесе,
Киім кісіні көркемдейді.

Күміс жақсы, алтын одан да артық.

Кенересіне қарап бөзін ал,
Өнегесіне қарап сөзін ал.

Кілемге бергісіз алаша бар,
Ұрысқа бергісіз араша бар.

Кәсібі молдың, несібі мол.

Өнегелі елден өнерлі бала туар.

Кестені көңіл сызады,
Қол тігеді, көз сынайды.

Кей біреудің қолы өнер,
Қолымен тіккен тоны өнер.

Көз көрерге тоймас,
Көңіл өнерге тоймас.

Кестенің сыры түрінде,
Кілемнің сыры түгінде,

Киім пішсең, кең піш,
Тарылтуы оңай.

Кең пішкен тон келте болмас.

Күшің барда тауды тес,
Тісің барда түйін шеш.

Мал жұтаса да өнер жұтамас.

Он саусағынан өнері тамған.

Оңқай болсаң, өлім жоқ.

Олжаның үлкені — үйренген.

Өнер талаптан туады.

Өнерлі адам өрге шығар,
Өнерсіз адам жолда қалар.
Өнерліден үйрен,
Өнерсізден жирен.

Өнер іздеген өсер,
Өсек іздеген өшер.

Өз үйінде ою оймаған,
Кісі үйінде сызу да сыза алмас.

Өнер жерден өспейді, ерден өседі.

Өнерді қызықпасаң көре алмайсың,
Таспаны үйренбесең өре алмайсың.

Өнерлі талап өрді алар,
Өнерсіз талап не болар.

Өнерлі болу — зейнет,
Өнерсіз болу — бейнет.

Өз баласына тон піше алмаған,
Кісі баласының киіміне күлмес.

Өнерлінің он саусағы тең,
Өнерсіздің бір саусағы кем.

Өзі сыпайының тоны да сыпайы.

Өнерлінің өзегі талмас.

Өлшеусіз шабата да тоқылмас.

Өнер көзі — халықта.

Өзіңде бармен басқа ұрып,
Артылам деме өзгеден (А б а й).

Өзіңде барға мас болма,
Өнері барға қас болма.

Өзің үйренгенше шеберге жет,
Өзің үйренген соң, қайда кетсең, онда кет.

Өнерлінің қолы алтын,
Өлеңшінің сөзі алтын.

Өнері мол ел зейнетті,
Өнімі мол жер зейнетті.

Өнер түрі елде мол,
Өнім сыры жерде мол.

Өнерлінің қолын ұста,
Өнегелінің жолын ұста.

Талаппен баста,
Талғаммен аяқта.

Талаптыдан өнер құтылмас.
Талапты ерге нұр жауар.

Талапсызбен тамыр болғанша,
Талаптымен таныс бол.

Тас екеш тас та жонуға көнеді.

Тоғыз қабат торқадан,
Тоқтышақтың терісі артық.

Ұзын пішсең, қысқа болмас,
Үлгісі жоқ нұсқа болмас.

Үйренгенің өзіңе құт,
Істегенің еліңе құт.

Ұшын түймегеннің,
Үш шаншым ісі қалар.

Үш қарамай ас ішпе,
Үш аудармай тон пішпе.

Үлгісі көптің өрнегі көп,
Өнері көптің ермегі көп.


Хош иіс көңіліңді ашар,
Жақсы киімнен пәлекет қашар.

Шебердің қолы ортақ,
Шешеннің тілі ортақ.

Шебердің саусағы алтын.

Шебердің нұсқасын өнері көрсетер.

Шын шеберде мін болмас.



ҚОЛӨНЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ КЕЙБІР АТАУЛАРДЫҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ

А.

АБАЖА — аюға құратын үлкен шарбақ; қалқан; киіз үйдің шаңырағы; бір жағы түпсіз су таситын күбі.

АБАҚ — қоржын; аудың түбіндегі қалтасы.

АБДЫРА — кілтпен ашылып, жабылатын сандық, текше. Абдыраның тақтай бетін қаңылтырмен әшекейлеп істейді.

АБЗАЛ — былғарыдан, қайыстан өріп, тігіп, күмістеп жасаған ертұрман.

АБЫЛАЙША — киіз үйдің бір түрі. Жорықта, не үдере көшкенде уық пен шаңырақтан тіге салып, үзікпен жабады.

АҒАРҒАН — ақ жаулық; кимешек-шаршы.

АҒАШ АЯҚ — ағаштан жасалған ас ішетін аяқ; ойын-сауықта өнер көрсету үшін аяғына биік бақан байлап алып жүретін өнерпаз; ағаш протез.

АҒАШ БАЛҒА — қаңылтыршы және ағаш шеберлері қолданатын ағаш тоқпақ.

АҒАШ ТАҚА — жазғытұрым су өтпесін деп, қойшылар аяғына байлап алатын қалың тақтай.

АҒАШ ИНЕ — қаптың аузын тігуге ағаштан жасалған ине.

АҒАШ ОҚ — садақтың жай ағаштан жасаған оғы.

АҒАШ ҮЙ — ағаштан борап жасаған үй.

АДАЛБАҚАН — әуелінде ши ішінде тұратын көп бұтақты, ет, сүзбе ілегін сырық; төрде тұратын киім ілетін, өрнектелген бұтақты, не бұтақтарын қолдан жасаған сырық.

АДАЙ БӨРКІ — адайлардың үлгісімен тігілген бөрік.

АДАРҒЫ — өрнектің астыңғы жібі мен үстіңгі жібін бөліп тұратын және астыңғы жіпті үстіне жіберіп, үстіңгі жіпті астына аударып түсіріп отыратын өрнектің аспабы.

АДЫРНА — садақ сияқты етіп пілген ағашқа шек тағып жасаған музыка аспабы; керулі жақ садақ; садақтың тартқан қайысы.

АЖЫРҒЫ (ажырық) — жазаланған адамның мойнына кигізетін ауыр тақтай.

АЗАТ БАС — керегенің артық жеке тұрған сыңар басы.

АЗБАР — ағаш шарбақтан жасаған ашық қора.

АЙШЫҚ — сырғаның, өрнектің бір түрі.

АЙБАЛТА — жарты ай бейнелі ұрыс құралы; ұзын сапты кіші-гірім балта.

АЙБАС — ет шабатын жарты ай бейнелі темір түйгіш.

АЙДАР — сандықтың құлып салатын кекіл темірі; текшенің қақбақ үстінде тұратын тұтқасы; қамшының желке шегесі.

АЙҚАРА ЖАМЫЛУ — киімді бір етегінің шалғайын басына, екінші шалғайын аяққа келтіріп жамылу.

АЙСЫРҒА — жарты ай бейнелі сырға.

АЙЫЛ — шап айыл, төс айыл, кер айыл, құр айыл, тартпа айыл т. б.; ер-тоқымды ат үстіне бекітіп тұратын жалпақ тартпа бау. Оны қайыстан, құрдан, былғарыдан істейді.

АЙЫЛБАС — айылдың басына қайыстан жасап, ортасына тіл өткізіп қойған ілмек бекіткіш.

АЙЫЛША — өрім мәнерінің бір түрі, көбінесе төрт таспадан жалпақтап өреді.

АЙЫР ҚАЛПАҚ — киізден алды-артын жырық етіп, түріп киетін бас киім.

АҚ АЛА ОРДА — ақ киізді, әр түрлі түсті матамен оюлаған орда, киіз үй.

АҚБОЗ ҮЙ — бозғылт киізбен жапқан киіз үй.

АҚБА — қыстыгүні Ақпан айында қар бетіне жүгіртіп ойнайтын таяқ. Оны кей жерде «сүмбе», «жылмаң» деп те атайды.

АҚБҮРКЕЙ (ақ бүркеніш) — үлкен ақ орамал (күйеуі өлген әйел басына ақбүркей салады).

АҚДАБЫ — матаның аты.

АҚ ЖАМБЫ — таза күміс.

АҚ ЖЕЛЕК — ақ торғын орамал.

АҚ ЖЕМ — бүркіттің жемі; ұсақтап турап алып, бірнеше сағат суға салып қойып, бірнеше рет сығымдап жуып сөлінен арылтқан ет.

АҚ КЕРІШ — ақ топырақ, онымен үй ағартады.

АҚ КІС — ақ тышқан. Оның терісі өте қымбат саналады.

АҚҚАЛА — қардан соғылған мүсін.

АҚҚҰЛА — біреудің жеке меншігі, еншіге тиген малы.

АҚ ҚҰЛАҚ ШЕЛЕК — ақ құятын ағаш шелек.

АҚ ҚҰС — илеген терінің майын алатын, күйдірген әк тас.

АҚ МАУЫТЫ — мақта мен жүнді қосып тоқыған қымбатты мата.

АҚСАН — ақ мата, сұпы, мадеполам.

АҚ СҰПЫ — ақ зонт.

АҚ ОРДА — ақ киіз үй.

АҚ ОТАУ — кіші-гірім ақ үй.

АҚ НАЙЗА — асыл найза.

АҚ СҮЙЕК — ойын.

АҚ СЫРМАҚ — тұтас ақ киіздің бетіне оюлап отырып ақ жиек басқан таза сырмақ.

АҚ ТАС — шеберлер қолданатын іс тасы.

АҚТАУ — үй ақтау, тары ақтау.

АҚ ТЕҢБІЛ — ойдым-ойдым қара ала түс.

АҚ ТОРҒЫН — мата.

АҚ ШАҢҚАЙ — шаңқай (шымқай); ашық ақ.

АҚ ШЕГІР — бүркіттің түсі (ақ шегір, қан шегір, құм шегір т. б.)

АҚЫҚ — асыл тас.

АҚЫЫҚ — қыран. Бүркіт түрінің бірі.

АЛАБОТА — сахарға жағатын шөп (сахардан сабын былғайды).

АЛАҚАН — қамшының алақаны; өрнек түрінің аты

АЛАМЫШ — түс (түрлі түстің бейберекет қалай болса, солай орналасуы).

АЛАПА — әр түрлі жіптен өрмек арқылы арқау салып жолақтап тоқитын өрнекті тақыр кілем. Алашаның терме алаша дейтіні де болады.

АЛШЫ — асықтың тәйкесіне қарсы қырлы жағы.

АЛАШАБЫР — түс (жылқының, тастың түсі).

АЛДАСПАН — қылыш, семсер. Өрмектің асты мен үстін ажырата қағып отыратын ағаш. Оны кейде «қылыш» деп те атайды.

АЛДЫҢҒЫ ӨҢІР — киімнің екі жақ алғы өңірі.

АЛДАМЫШ — арам ақша; қоспасы бар алтын, күміс; көз бояп қана істелген зат.

АЛЖАПҚЫШ — жұмыс істегенде шеберлердің алдына байлап алатын белдемшесі.

АЛҚА — алтын, күміс, маржанмен өшекейлеген омырауша; өңір, өңірше;

АЛҚАРА КӨК — түс, түр (жылқының түсі).

АЛҚЫМ — өрмекке арнап иірген жіптің өлшемі (4 ұршық жіп — бір алқым, 4 алқым жіп — бір бас, яки бір домалақ саналады).

АЛМАЛАУ — үртіс ауыстыру; үнем кезектестіріп отыру.

АЛМАСТЫРУ — бірінің орнына бірін қою.

АЛМА-КЕЗЕК — кезек-кезек.

АЛМАС — асыл; өткір.

АЛТЫБАСАР — таспа өрудің бір түрі.

АЛТЫ БАҚАН — жайлауда түнде ойнайтын өткеншек ойыны.

АЛТЫ ТАСПА — өрімшілік өнерінің бір түрі; қамшының бір түрінің атауы.

АЛТЫН ҚАБЫҚ АТУ — той мерекеде мерген жігіттердің садақпен доп атып көрсету өнері.

АЛТЫ ҚАНАТ — алты бөлек (алты қанат кереге, алты қанат ши). «Алты қанат ақ орда үй шайқалды» (Абай).

АЛТЫНДАУ — алтынмен өшекейлеу.

АЛТЫН БОЯУ — алтын түсті бояу.

АЛТЫН ЖҮЗІК — алтыннан істелген заттарды осылай алтын сөзін қосып айта береді (алтын білезік, алтын ақша, алтын сырға т. б.).

АЛТЫН ЖҮРГІЗУ — металдан жасаған өшекей заттардың арасына алтыннан сыздық жүргізу.

АЛТЫНДАП ТІГУ — алтын түсті жіппен кестелеу, тігу.

АЛТЫ ТАСПА БҰЗАУ ТІС — жуан қамшының бір түрін осылай атаған.

АЛШАЛҒЫ — бие сауғанда, ет бұзғанда, етік тіккенде алдына байлап алатын, омырауы бітеу, қолтығы оймалы алжапқыш.

АНАР — бояу; анар ағашының қабығы.

АНҒАР — бүркіттің екі санының арасы.

АВЗАЛ — артықша, жақсы, ең жақсысы.

АПШЫ — өңір, көлем.

АПШУ — кішіреу. Кейбір мата жуылғаннан кейін кішірейіп, тартылып қалады, соны апшып кетті дейді. Тонның бір шабуы бір шабуынан қысқарып кетсе де апшып кетіпті дейді.

АРА — ағаш кесетін құрал; темір пышқы.

АРАЛА — бояуға қосатын тамыр. Оны дәрі есебінде де қолданады.

АРАН — киіз үй жасаушылардың ағаш сақтайтын қоймасы; дүкен. Аран сөзінің негізгі мағынасы — ор, зындан.

АРЖА (әржі) — жұқа тақтайдан жасаған қобди. Парсыша «сауыт», «құмыра», «ыдыс» деген сөз.

АРЗАНҚОЛ — нашарлау, орташа істелген іс.

АРҚАЛЫҚ — бесіктің екі басын қосып тұратын үстіңгі ағаш (бесіктің арқалығы); жіптер шалынған күзу шыбығын көтеріп тұратын өрмектің көлденең ағашы; жалпы бір нәрсені көтеріп тұратын көлденең ағаш.

АРҚАУ — өрмектің үстіңгі жібі мен астыңғы жібінің арасына көлденең түсіп тоқылатын негізгі жіп.

АРҚАУ БАР — кілем өрмегінің бой жібінің бір жақ бет жібін «арқау бар», бір бетін «арқау жоқ» деп атайды.

АРПАБАС — қазақтың кесте өрнегінің бір түрінің атауы.

АРТҚЫ АЙЫЛ — ердің арт жақ қасының астынан тағатын айыл. Оны «шап айыл» деп те атайды.

АРША — тасқа өсетін, қысы-жазы көгеріп тұратын хош иісті өсімдік. Қазақ шеберлері аршадан қасық, қаламсап, шөміш жасаған.

АРШЫН — өлшем, кез (бір құлаштың жартысына, не 4 ширек, не 16 бөлшекке тең).

АРЫС — қораның, там үйдің төбесін жапқан өрімдерді көтеріп тұратын көлденең мықты ағаш. Оны «үрлік» деп те атайды.

АСУ — ілу, іліп қою.

АСАДАЛ — ішіне тамақ, ыдыс-аяқ қоятын биік кебеже. Ол бірнеше бөлмелі, суырылмалы, ашпалы болады.

АСАТУ — қиған екі ағаштың басын бір-біріне қашап ұстастыру.

АСАЙ-МҰСАЙ — үшіне үшкір темір орнатқан таяқ.

АСАУ МӘСТЕК — қазақ ұлт ойыны. Бос керілген жіпке мініп отырып жерден тақия алады.

АСАР — көмек, жәрдем үшін жиналу (үме, мият, жәрдем де дейді).

АСМАЛДЫҚ — әшекейлеген түйе жабу, түйе кежімі.

АСТАУ — көп ет салатын сопақша табақ; мал суаратын науа.

АСТОДАН — өліктің денесін сақтайтын тас табыт.

АСЫҚ ЖАМБЫ — асықтың үлкендігіндей етіп құйған таза күміс. Құйма күмістің қазақ зергерлері ұстайтын 6 түрі болған: атбас жамбы, бесік жамбы, тай тұяқ жамбы, қой тұяқ жамбы, түйе көз жамбы, қой көз жамбы.

АСЫЛ — ең таза, қымбатты зат; ең қатты металл.

АСЫЛ БҰЙЫМ — қымбатты жақсы жиһаз.

АТАЛА — майға қуырған ұн; сүр сорпаға ашты айран қосқарас. Оны кейде «кәкірім» деп те атайды.

АТАЛҒЫ — қашау темір; екі қолмен ұстап ағаштың қабығын аршитын қисық пышақ.

АТАУЫЗ — тістеуік, қысқы темір (тиска). «Атауыз» деген өрнек атауы да бар.

АТБАЙЛАР — есік алдына орнатқан сынтас, дінгек, мама ағаш; қораға қоса қалаған сүйеу, бұтақ, қазық.

АТБАС ЖАМБЫ — құйма күмістің бір түрінің атауы.

АТ БАСТАҒАН ТОҒЫЗ — айыпқа, жұлдеге, сыйға берілетін сыйлықтың атауы. Қазақта нар бастатқан тоғыз, ат бастатқан тоғыз, ішік бастатқан тоғыз деген үш тоғыз болады.

АТПАЛ — таңдаулы, ірікті.

АТПАҚЫЛ — асық ойынының бір түрінің атауы.

АТ ТҰРМАН — салт мінетін аттың ер-тоқым, жүген жабдықтары.
АТУ — мәсі; жұмсақ былғарыдан тіккен жеңіл етік.
АТЫН САЛУ — сыйға берілетін заттарға адамның атын жазып әшекейлеу (гравировка).

АУҚЫМ — бір нәрсенің көлемі; кеңдік, жалпақтық мөлшері.

АУСАР — тор, аң аулайтын аспап.

АУЫТ — нар түйенің ершік сияқтандырып істеген шом ағашы, жазы.

АҚЫҚ — асыл тас.

АШАР — кілт, ашқыш.

АШЫ — сортаң топырақ; тұзды көлдің сазы. Киім тігілетін терінің майын кетіру үшін ашыға салады. Ескі тері киімдерді ашыға салып жуса ол қаудырламайды.

АШУДАС — минералдың бір түрі. Оны қазақ шеберлері бояуға қосады.

АЯҚҚАП — ыдыс-аяқ салатын киізден жасалған әшекейлі дорба; уықтың, керегенің аяғына кигізіп жинайтын киіз қап.

ӘДІБ — киімнің етек жеңін жиып, астар жағынан салатын жіңішке астар, шаланның әдібі. Ішікке әдіпті сыртынан да салады.

ӘЙЗІК — асық ойыны.

ӘЙКЕЛ — ұсақ ақша салатын былғары қалта.

ӘЙКЕЛ ТАЯҚ — ойын көрсеткенде қолға ұстап жүретін ойын таяғы.

ӘҢГІР ТАЯҚ — ұр тоқпақ.

ӘНГЕЛ — ашытпай пісірген дөңгелек нан, бәтер.

ӘНГІР — мейіз ағашы.

ӘНГІР МОНШАҚ — әйелдердің күміске тізген әшекей моншағы.

ӘНЖІМЕ — ер-тұрман.

ӘР — әшекей, түр, көрік.

ӘЖПШ — күйенте, иінағаш

ӘЛЕМ — соғыс туы (әлем-жәлем дегендегі әлем де, жәлем де ту, жалау деген сөз).

ӘЛПЕНШЕК — теуіп, шайқалып ойнайтын аспалы тақтай.

ӘТКЕНШЕК — кендірге, арқанға аяқ тіреп тұрып тербелу үшін жасаған ойын құралы. Кейде «әлпеншек» деп те айта береді.

ӘШЕКЕЙ — өрнек, бір нәрсені әдемілеп тігу, алтын, күміс, маржанмен әшекейлеу.

БАҒДАР — күміске ойып өрнек салу.

БАҒДАРЛАУ — күміске әшекей сызу; байқау, болжау.

БАҒАН (бағана) — қораның төбесінің арқалығын астынан тіреп тұратын дңгек ағаш.

БАЙЛАУ — жіпті бекіту, жіппен бекітіп таңу (қазақбау шалу, қалмақша байлау, ілмектеп байлау, іле байлау, іле салу, күрмеу, тұзақтап байлау, өткермелеп байлау, шалып байлау, шиелеп байлау, түйіп байлау, шанду, шырмау, орау, орап байлау, ноқташа байлау, тую т. б.); беру, сыйлау (олжа байлау, түлкі байлау).

БАҚАН — қазақ үйінің шаңырағын көтеретін бақа ауыз ағаш.

БАЛАҚ — доғаның балағы; шалбардың балағы.

БАЛАҚ БАУ — бүркіттің аяғына тағылатын 2-3 тұтамдай былғары, қайыс бау.

БАЛҒА — ұсталардың, шеберлердің ұстанатын ұрғыш темірі; кірпішті бекітіп қалаудың бір әдісінің атауы; өрнектің бір түрінің атауы.

БАЛДАҚ — бүркіт ұстаған қолдың астынан тіреп тұратын аша ағаш; сабының сабы; сары жезден істеген шығыр, яғни матадан ызған баулық.

БАЛБА — тастан жасалған бағана; тіреу; тас мүсін.

БАЛАҚ ЖҮН — үкінің (құстың) балақ жүні.

БАНҒУ ТАШ — ерте заманнан қалған, эпиграфиялық ескерткіш тас.

БАЛТА ШОТ (шалашот) — бір жағы балта, бір жағы балға сияқты аспап.

БАЛАУЫЗ — балауыз шам; балауыз қағаз.

БАЛА ТОРСЫҚ — кішкентай, нықты торсық.

БАНТ — бау, жіп, бүлдіргі; байлау; түйіннің бір түрі.

БАШЛЫҚ — көне тымақ түрлерінің бірі; сулық киімнің жағасына қоса орнатылған күлапара.

БАРҚЫН — он жастағы кәрі бүркіт; үй, баспана.

БАРҚЕТҮШІ (беріктеуші) — құрылыс маманы, құрылысшы.

БАРША — қымбат матаның аты.

БАРШЫН — он бір жастағы бүркіт.

БАС — өрмекке арнап ирген жіптің мөлшерлі өлшемі (4 бас — бір домалақ).

БАС БАУ — туырлықтың, үзіктің жоғарғы бауы; пішен тиегенде бастырық ілетін арқан, жіп.

БАС КИМ — ерлердің, әйелдердің басына киетін киімдері.

БАСТЫРМА — өрнек салу әдісінің бір түрі.

БАСПА — оқалап тігу; кішкентай жабысқақ түйме.

БАСҚҰР — керегелердің басын айналдыра орай тартып байлайтын, өрнектеп тоқыған жалпақ бау. Басқұрды өрмекпен әр түсті жіп, арқау салу арқылы жолақтап та, әр түрлі өрнек салып теру арқылы да тоқиды.

БАСТЫРЫҚ — тиеген шөпті басып тұратын ұзын сырық. Кейде арқанды да солай атайды (бастырық ағаш, бастырық арқан т. б.)

БАСЫТҚЫ — бояуға қосатын тұз, ашудас, сүт, май, қымызды жуасыту үшін қосатын сүт, кілегей.

БАТЫРУ — мүйізге, ағашқа, былғарыға, көңге басып бедер салу.

БАУ АШАР — ең алғашқы іс, тырнақ алды, бет ашар, жол ашар т. б.

БАУЛЫ АЯҚ — сабының бүлдіргесі бар сапты аяқ.

БАУЛЫ ҚҰРЫҚ — үнемі бауымен жүретін құрық.

БАТЫРМА — өрнек түсірудің бір түрі.

БАУЫР ЖІП — түйе жабуының бауыр бауы.

БАУЫР КИЗ (қолқа) — түйенің арқанының төске келетін жеріне кигізіп қоятын жең сияқты киіз.

БЕЗЕК — өрнек, әшекей, түр.

БЕЙНЕ — сурет, мүсін.

БАУЫРЛЫҚ — тергенің астыңғы бел көтермесі (Тертені бекіту үшін аттың бауырына байлап қояды).

БӘДІЗ — тастан шауып жасаған мүсін.

БӘДІЗШІ — тас шабушы шебер.

БӘРБИ — қазан, шыны тесетін бұрандалы бұрғы.

БЕДЕР — тасқа, ағашқа, былғарыға, мүйізге, металдың бетіне ойып салған өрнек.

БЕДЕРШІ — бедер түсіруші шебер.

БЕЗ — ағаштың түбірі; шалғы орақтың ұңғы жетесі мен қыр жетесін қосып бекітіп тұратын көлденең темір.

БЕЗ АЯҚ — ағаштың безінен істеген қымыз ішетін аяқ.

БЕЗБЕН (шоқларбас безбен) — ескі қадақ, пұт мөлшерімен өлшейтін өлшеу аспабы.

БЕЗЕУ, БЕЗЕНДІРУ — өрнектеу, әдемілеу, әдемі түске келтіру.

БЕЗЕУБАС — күміске өрнек жүргізетін, ұшында әр түрлі өрнектің нұсқасы бар қашау тәріздес темір.

БЕЛ АҒАШ — арбаның алды-артын қосып тұратын ұзын ағаш, ердің екі басының арасына салынатын қоспа ағаш.

БЕЛДЕМШЕ — іс істеген кезде алға байлап алатын ал шалғыны кейде «белдемше» деп те атайды.

БЕЛДЕУ — киіз үйдің туырлығын айналдыра белінен орап байлайтын арқан.

БЕРЕН — ең жақсы барқыт; ең асыл болат; темір сауыттың бір түрі.

БЕРКІНУ — сіңісіп, тұтасып кету.

БЕРШЕК (бөршек) — ұзындық өлшем мөлшері. Бір кез 16 бершекке тең.

БЕРГЕК — желекті ұстап тұратын әшекейлі қатырғы, әйелдердің бас киімі.

БЕС АСПАП — бөріне дайын, бөріне де маман адам.

БЕС БІЛЕЗІК — шынжырлап қойған бес жүзігі бар жалпақ білезік.

БЕС ТАСПА — бес таспадан өрген айыл; өрімнің түрінің аталуы.

БЕСТЕМШЕ — бес таспа өрім.

БЕСКҮЛ — бес бұрыш.

БЕСІК ЖАМБЫ — құйма күміс. Үлкендік мөлшеріне қарай «бесік жамбы», «отбас жамбы», «тай тұяқ», «қой тұяқ» деп аталатын кесек күмістер болған.

БЕТ БЕЙНЕ — керамикалық маска түрлерінің бірі.

БЕТ ЖҮЗДІК — қара темірдің бетіне қақталған жұқа күміс.

БЕТ МОНШАҚ — кимешектің, сәукеленің екі жақ жағына, маңдайына салбырата қадап қоятын ұсақ моншақ.

БЕТТЕУ — ағашты, тасты бір бетін тегістеп шабу; жонылған затқа өң беру.

БЕТТЕСТІРУ — екі затты қарама-қарсы салып құрау, мөлшерлеу.

БЕТ ТҮЗДЫҚ — қуырдақтың үстіне құятын сарымсақ, қаймақ қосқан қою тұздық.

БИДАЙ ШҮБЕРЕК — астар мен тыстың арасына салынатын шүберек.

БИЕ КӨНЕК — көннен істелген шелек.

БИЯЗЫ ШЕКПЕН — түйе жүнін өте жіңішке иіріп, тоқылған әдемі шекпен.

БОЗ КӨК АЛА — жылқының түсі. («Мінгенім дәйім менің боз көк ала,

Осы әнге сала алмайды өзге бала...»).

БОЙРА — тоқылған қамыс.

БОЙЛАУ — бойын салыстырып өлшеу.

БОҚША — киіз дорба; шәкірттердің кітап, қағаз салып жүретін киіз қабы.

БОҚЖАМА — термелеп тоқыған дорба, боқша.
БОПСА — әскерді аттанысқа шақыратын керней.
БОРАЙ — көрпенің бір аты.
БОРАУ — ағаштан үй қию; бөренелерді тізіп ұстастыру.
БОСАҒА — таяныш, есіктің екі жақтауы.
БОС МОЙЫН — ағаш салқа қайыспен байлаған тас шоқпар. Оны кейбір жерде «сылқ етер» деп те атайды.
БОЯҢ — бояған бөздің бір түрі.
БӨДЕСКЕ — арбаның білігін бойлата астыңғы жағынан төселетін, ені 4,5 см ұзынша темір.
БӨКЕБАЙ — түбіт шәлі.
БӨЛЕУ — бүркітті орап алатын құндақ ағаш.
БӨСТЕК — астыға салып отыратын жұмсақ жүнді мал терісі, аң терісі.
БӨШКЕ — үлкен ағаш кеспек.
БУЫН — бір бөлік; есікке, бұрыштарға буындап салған әшекей бунақ.
БУДАМ — жиып ораған жіп, қыл, ішек т. б. (бір будам жіп, бір будам шек).
БУЫНШАҚ — түйіншек.
БҰҒАЛЫҚ — бір жағын тұзақтап алып жылқының мойнына салып ұстайтын арқан.
БҰЖЫРА — бір жағында бұрандасы бар шығыр. Онымен етікшілер етіктегі қалыпты суырады.
БҰЗАУ ТІС — өрілген қамшының бір түрі.
БҰЗАУШЫҚ — қара сабын жасағанда балаларға, жас әйелдерге арнап бөлек жасайтын кішкентай қара сабын.
БҰЙДА — түйенің жетек бауы.
БҰЙДАПЫШАҚ — жетелі пышақ, салалы ұзын пышақ.
БЫЛҒАУЫШ — басына домалақтап шүберек ораған ағаш, тары қуырғанда сонымен бұлғайды.
БҰЛҒЫН — қымбат терілі аң.
БҰЛҒЫН ІШІК — бұлғын терісінен істелген ішік.
БҰЛЫҚ — ердің былғары көпшігі.
БҰЙРА — иірімденіп ұйысқан жүн; елтірі.
БҰРАМА — өрімнің бір түрі.
БҰРАУ — айналдыру, есу (арқан бұрау, кендір бұрау, тал бұрау, т. б.) бекіту, мықтау, желбауды, түйенің тарту арқанын бұрап қоятын екі қарыстай қатты ағаш; түлкіні бұрап іннен шығарып алатын аспап (басы айыр шыбық).
БҰРҒЫ — ұшы өткір, бұрандалы тескіш; бұрғылап тесетін темір құрал.
БҰРШАҚ — көгеннің желісіне өткізілген, лақ, қозы байлайтын шағын бүлдіргі жіп. Бір жақ басы — түйіншек, екінші жақ басы — ескен жіптің тұйық ілмегі.
БҰРЫМ — әйелдердің сәндеп өрген шашы.
БҮКПЕ — темірден жасаған, екі басын бірден иген (бүккен) темір қарғаша, қалтырма; бие сауарда биенің бір аяғын бүгіп қоятын арқан.
БҮРКЕНШІК — шегенің сыртта тұратын қалпақшасы бар басы, шегенің түйіртпегі; әйелдердің басына бүркеніп жүретін жамылғысы.
БҮКТЕСІН — матаның, қаңылтырдың екі қабаттап қайырған шеті, бүгіп тіккен, қабыстырған жері.
БҮЛДІРГІ — бір затқа байлаған қысқа тұйық бау, ілмек.

БҮРМЕ — бүріп тіккен тігіс. Әйелдердің көйлегінің, жаға-жеңінің бүрмесі; қарынға салып бүріп тастаған ет; етіктің ұлтарақшасы.

БҮРМЕ КӨНЕК — бие көнектің бір түрі.

БҮРУ — бүрістіре, жиыра тігу; шеңгелдеп ұстау;

БЫРШУ — ашу, қатты ашып, көбіктену. Быршып тұрған иге салған қой терісінің үш күнде иі қанады.

БЫРШЫМА — и, малма. Үстіне қоса берсе көп тұрған іркіт быршыма болып кетеді.

БҮРТІК — ұсақ, тары сияқты қолға білініп тұратын бедер; бүр, бүршік.

БЫЛҒАРЫ — заводта өңделіп шыққан тері.

БІЛЕЗІК (білек жүзік) — білекке салатын сәнді зат. (Күмістен, алтыннан істелетін білезіктердің құсмұрын білезік, жұмыр білезік, жалпақ білезік, тоспалы білезік, тасты білезік, қалы білезік, көзді білезік, бес білезік, құйма білезік сияқты көп түрлері болған).

БІЛЕМ (білеме, білеуіт) — қайрақ тас; білем ағаш, бір білем құйрық (бір бөлек, бір тілім, бір кесек деген ұғымда айтылады).

БІЛІК — арбаның доңғалақ киілетін алды-артындағы білік ағашы.

БІЛЕКТЕУ — тепкіден шыққан киізді ширату үшін ыстық су құйып отырып білекпен жентектейді.

ҒАҚ — қоңырау; қаңылтырдан жасаған даңғырауық. (Әр қатардағы гүйеге бір ғак керек).

ҒАУҒАР — ең асыл тас. Одан алтын, күміс заттарға қырлап көз орнатады.

ГЕПАРД — таутекенің бір түрі.

ДАБЫ — матаның бір түрі. Ақ дабы, сар дабы деп екіге бөлініп аталады.

ДАБЫЛ — екі жағына қарын, не тақыр тері қаққан шеңбер тақтай, ұрғанда дүмпілдеген үн шығады.

ДАҒАРА (тағара) — аузын дөңгелектеп, бүйірін шығара тіккен үлкен қап; үлкен шұңғыл ағаш табак.

ДАЛБАЙ — шұғадан тігілген жеңіл әрі арзан белдемше (Қызылорда, Оңтүстік Қазақстанда көп кездеседі); бүркітті баулығанда ұзын жіпке байлап алып шырға қып сүйрететін өлген аң, не ішіне шөп тыққан аң терісі (өтірік азық, жалған аң). Осыдан барып «Дауға далбай жасама» деген сөз ұғымы қалыптасқан.

ДАЛАБАСЫЗ — дау-далаба, дау-дамай, даусыз.

ДАҚ (дағ) — бір нәрсенің күйген жері, темірмен күйдіріп салған белгі. Керегенің көктігін тесетін орынды әуелі қызған істемірмен қарып дақ салып алады. (Қазақ тілінде дақ-белгі, таңба, бір тамшы кір тамған жер болымсыз сынық, шатынау сияқты мағыналарда да айтыла береді).

ДАҚТАУ — алдымен белгі салып алу.

ДАЛАН — ауыз қора, есік алды.

ДАНДАН — піл сүйегінен істелген тарақ.

ДАРБАЗА — қақпа, есік, босаға.

ДАРУ — қону, сіңу.

ДАУЫЛПАЗ — музыкалық аспап; аңға шыққанда қағатын барабан.

ДӘНЕКЕР — мұсатыр не қалайы бір затты екінші затқа жапсырып ұстату.

ДЕБІСКЕ — мата бастырып оюлаған жеңіл сырмақ.

ДЕЛБЕ — арбаға, шанаға жегілген атты басқару үшін тағылған божы, ұзын тізгін.

ДЕМБЕЛІ — шомбал ағаштың оқтауы. (Дембелге кепкен кірді орап, столдың үстіне салады да шомбалмен соғады. Бұл бұрын өтек есебінде қолданылған).

ДЕМДЕУ — үстеу, қосымша қосу.

ДЕНБЕТ (дөң бет) — бұдырлы өрнек, өрнекті белдік.

ДЕҢГЕЙ — мөлшер, меже.

ДЕРЕ — мал суаратын науаны көтеріп тұратын, басына жіп байлаған төрт қазық.

ДЕРКҰМАН (дәрқуман) — сенер-сенбес болу; жете танымау, жете білмеу.

ДИВАН — қонақ үйдегі мебель. (Түркі тілінде ең баста даналық, ақылғөй, өлеңдер жинағы, сөздік кітабы, даналар мәжілісі, мемелекеттік кеңес деген ұғымдарды білдірген. Арабтарда кеңес залы, мәжіліс; болгар, хорват тілдерінде — мейман қабылдайтын бөлме; Италиян. француз, орыс тілдерінде — қонақ үйдегі мебель; поляк тілінде — мебельге жабатын кілем деген ұғымды білдіреді).

ДОҒА БАС — айыл бастың бір түрі. Оның басы доғаша иіліп келеді.

ДОҒАРА (дағара) — қамыстан жасаған баспана, шошала (киіз үй тәрізді етіп қамыстан жасаған доғараның іші-тысын балшықпен сылайтын).

ДОДА — көкпар тартысына берілген лақ, серкеш; жыртық көрпеден, тымақтан шығып тұрған, үрпиген жүн. (Жұлым-жұлым деген мағына береді.).

ДОЙБЫ — дойбы ойынына әдейі арнап жасаған 2 түсті 24 ағаш, тас, сүйек; екі ұдай ойын.

ДОЙДАКУ — кісенің қасында сән үшін тұратын 2 салпыншақ.

ДОЙЫР (дүр) — жуан өрілген қамшы.

ДОЛБАР — ойша меже, ойша мөлшер.

ДОЛҰҚ (толық) — малдың бітеу терісінен істеген қап. Кейде сол өдіспен жасалған үлкен қауғаны да «долұқ» дейді.

ДОМАЛАҚ — шар сияқты түр; иірілген жіптің (өрмек жібінің) көз мөлшері. Мысалы, 4 домалақты бір бас жіп деп есептейді.

ДОМБАЛ — кеппеген ауыр шоқпар.

ДӨДЕГЕ — үйдің күмбез бейнесінің үстінен жапқан үзіктің түңлік киізбен түйісіп тұратын сыртын әшекей құрмен айналдыра орап тұратын жері.

ДӨҢБЕК (жаңғырық) — шабатын ағаштың, төс темірдің астына қоятын бір кесек жуан ағаш.

ДҮЗГЕН — аласа өсетін, қатты жылтыр ағаш.

ДҮЙІМ — барлық, барлығы, мұқым.

ДҮКЕН — ұстаның жұмыс істейтін орны.

ДҮКЕНШІ — ұста, сатушы.

ДҮКЕН МАЙЛАУ — ескі діни ұғымнан туған әдет (ұсталар жыл сайын дүкен құрған күні бір мал сойып, дүкен иесі Дәуітке бағыштап дұға оқып ырым жасайтын болған).

ДҮНИЕ — нәрсе, зат, мұкамал, мүлік, жиһаз.

ДҮМІ — түбі, түп жағы (мылтықтың дүмі, құндағы).

ДҮРБІ — алыстан көрсететін әйнегі бар труба.

ДУАЛ — қора-қопсының сыртынан қоршап тұратын қорған.

ДУШАР — жұлып алып, екі басын қоса бұрап, бидай бау жасайтын өсімдік.

ДҮҢГІРЛЕК — бітеу ағаштан ойып жасайтын ұзынша ағаш шелек.

ДУЛЫҒА — батырлар киетін темір телпек, бас киім.

ДЫРАУ — жуан қамшы, жуан тілінген таспадан өрілген өрім.

ДЫРЫЛДАҚ (дырылдауық) — аңшылардың құс үркітетін құралы.
ДІЛДА (ділла) — Бұхар, Хива хандарының кезінде болған алтын ақша.

ДІЛМАР — сөз иесі, сөз шебері.

ЕБСЕК — қимыл, әрекет («Екі жапсақ, бір ебсек».)

ЕЖЕҚАБЫЛ — күн ілгері уәделесіп қою.

ЕКШЕНДІ — шауып, үккен темекінің іріктеп алған түйіршіктері, талқанның екшендісі.

ЕКШЕУ — іріктеу, бір заттың майдасынан қиыршығын бөліп алу; елеу, електен өткізу.

ЕЛЕК — елеуіш. Кей жерде «елгезек» деп те айта береді.

ЕМЕРУ — бір заттың шетін бұғу; қаңылтыр сауыттардың жоғарғы жақ ернеуін ішіне қарай бүктеу; жеңнің ұшын ішіне қарай бүгіп тігу.

ЕМИЗІКТЕУ — лық толтыру (емізігіне жеткенше толтыру).

ЕН — матаның, алашаның, тақтай сияқты заттардың көлденең көлемі; малдың құлағына салатын белгі.

ЕНДІРУ — еніне қосу; енін үлкейте түсу.

ЕР — атқа салт міну үшін ағаштан, темірден, киізден жасаған жабдық.

ЕРГЕНЕК — киіз үйдің есігіне көлденең қоя салатын тақтай; шарбақ, шарбақ есік; ру таңбасы. Мысалы Ұлан ауданында «ергенекті», «теңіректі» деген екі ру таңбасы бар.

ЕРЕН — асқан, ерекше.

ЕРКЕК ЖІП — күзуде болып, үнемі үске шығып отыратын өрмектің жібі, оны «ерсісі» деп те айтады. (Қазақ шеберлерінің тілінде осы сияқты, «еркек жіп», «ұрғашы жіп», «еркек күміс», «ұрғашы күміс», «еркек алтын», «ұрғашы алтын» деп атау әдеттері жиі кездеседі.)

ЕРКЕК ТАС — тиірменнің үстіңгі тасы.

ЕРКЕК ТІС — шаштарақтың ірі және сирек тістері.

ЕРЛЕУ (ат ерттеу) — атқа ер салу.

ЕРШІК (ыңыршақ) — жеккен аттың бел бөктермесі тұратын кішкентай ершік. Оны «ыңыршақ» деп те атайды.

ЕРНЕУ — еріні, шеті.

ЕРСІ — өрмектің үстіңгі бой жібі (еркек жібі); ұнамсыз, сыйымсыз, сөкет, сөлекет.

ЕСЕЛЕУ — теңестіру; қабаттау; қосу, молықтыру, үдету.

ЕСЕП-ТАЯҚ — өрмек адарғысының алдында тұратын, бой жіптерді санап байлап қойған таяқ.

ЕСІК БАУ (кіндік бау) — киіз үйдің есігінің сыртқы бауы.

ЕСУ — жіп есу, ширату, бұрау, шылбыр есу; ескекпен қайықты жүргізу, ескектеу.

ЕТҚАНА — шошаланың ішінен кереге, шимен бөлген немесе арнайы салынған ет сақтайтын бөлме.

ЕТ ШАПҚЫ — ет шабатын қол балта, ет шабуға арнап жасаған дөңгелек жүзді балта.

ЕШКІ МАЙ — ешкі асығы.

ЖАБАҒЫ — қойдың, түйенің жазғытұрымғы ұйысқан салалы жүні; құлынның күзден бастап тай болғанша аты; тоқымның іштігі.

ЖАБАЙ (жабай сақа) — қорғасынсыз салмақты асық, жәй жақсы сақа.

ЖАБА САЛМА — асығыста шаңырақ пен уықтан ғана қалай салынған киіз күрке, жаппа.

ЖАБЫҚ — үзік пен туырлықтың қосылған тегереш тұсы.

ЖАЙЛАУЫШ — көп мінілген қоңсыз ат.

ЖАҚ — кимешектің алдыңғы жағына екі бетін бойлай, иектің астына келтіріп тіккен әшекей кесте; күміс, алтын.

ЖАҚТАУ — босаға, қасек (есіктің екі жақтауы, терезенің жақтауы, жүгеннің екі жақтауы, жабудың екі жақтауы т. б.).

ЖАҚҰТ — рубин тасы (оны кейде «лағыл» деп те атайды).

ЖАЛАТУ — жұқалап күміс жүргізу, алтынмен, күміспен бояу.

ЖАЛБАҒАЙ — ыстық пен шаңнан қорғану үшін киетін жалаң қабат шұғадан тігілген тымақ.

ЖАМА ОТЫН — қараған, тобылғы, бұтаның отыны. Ұсталар тобылғының шоғымен пышақ соға береді.

ЖАНТОРСЫҚ — жолшының қанжығада жүретін кішкене торсығы (оны жарты айға ұқсатып, аузын тығындайтын етіп көннен қатырып істейді).

ЖАНУЫШ — қайрақ, шарық, тас, орақ.

ЖАМБЫЛ — қорған, бекініс.

ЖАН ЖІП — жорықта әрқашан қанжығада жүретін арқан жіп.

ЖАН ҚАЛТА — киімге қоса жапсырыла жасалған қалта. (Жанқалта — киімнің екі жақ жанында, төс қалта — кеудеде, іш қалта — ішкі жағында болады.)

ЖАНА — 8 жасар бүркіт.

ЖАНАТ — аң, аң терісі.

ЖАҢҚА — балтамен шапқанда ірі-ірі бөлініп түскен жарықшақ ағаш.

ЖАППА — асығыс тігіле салынған киіз күрке.

ЖАПСАР — екі заттың түйісе біткен жері (шылапшынның жапсары, киіз үйдегі екі туырлықтың түйіскен жері, үзік пен туырлықтың түйіскен жері).

ЖАПСАҚ — шеберлер тілінде іс, жұмыс.

ЖАР — үйдің қабырғасы.

ЖАРҒАҚ — жүні жоқ қой, ешкі терісі; құлын терісінен жүнін сыртына қаратып істеген ішік.

ЖАРМА — бір бүтіннің жартысы (жарма қоныш — етіктің екі жарып тіккен қонышы. Жарма қоныштың тігісі екі жақ жанында болады); әйелдер көйлегінің екі алдыңғы жақ өңіріне тағылатын жапырақ бейнелі екі жылтырауық; өгіздің қамыт ағашы.

ЖАРҚЫРАУЫҚ ТАС — жүзіктің, тананың, қапсырманың көзіне, ортасына салатын зергерлік асыл тас.

ЖАРЫҚШАҚ (жарық шақ) — ағаштың, тастың, сүйектің сынығы.

ЖАСАМА — қолдан жасаған жасанды зат.

ЖАСАУ — мүлік; жиһаз (ұзатылатын қызға арналған дүниелік); істеу, істеп шығу.

ЖАЯУ ШАМ — еріткен майға білте қойып жасаған шырағдан.

ЖӘМКЕ — ұзын сапты, жалпақ ауызды темір қысқаш (оны кейде «кемпірауыз» деп те атайды).

ЖЕБЕ — садақтың оғы. (XIII ғасырда бұл оқты Шыңғыстың атақты әскер басы Жебе мерген алғаш тартқан. Оқтың «жебе» аталуы содан қалған).

ЖЕЙДЕ — көйлек (іш киім).

ЖЕКЕН — жер-жерінде (жекен суында); батпақты жерге өсетін ба-
сында үрпігі бар қамыс.

ЖЕКСЕН — бірдей, парапар (жермен жексен етіп қирату).

ЖЕЛБАУ (жел бау) — шаңырақтың екі жағынан келетін, жал бол-
ғанда үйді басып, қазыққа байлап бұрап қоятын бау, құр.

ЖЕЛБІР — әйел көйлегіндегі қос етек үстіне салынған екінші бүр-
ме (кейде желбірді иыққа, омырауға, жең ұшына салады).

ЖЕЛДЕТКІШ — там үйдің, ағаш үйдің жоғарғы көрнезіне таман
қалдырған жел кіретін тесік; осы заманғы стол үстінде тұратын венти-
лятор.

ЖЕЛДІК — ердің астына тоқымсыз сала салып мінетін қалың іш-
пек, киіз; түйенің мұрындығы мен бұйдасының арасында тұратын жі-
ңішке бүлдіргі.

ЖЕЛЕК — жас келіншектер басына жамылып жүретін шәлі, ора-
мал (оның арнап кестелеген сәукеле сияқты әсем түрі де болған).

ЖЕЛЕТКЕ (жилет) — денеге жабыстыра тігілген жеңсіз киім.

ЖЕЛКЕЛІК — жүгеннің екі жақтауының аттың желкесіне түйісе-
тін ұшы; киімді іліп қою үшін жағаның түбінен қадаған ілгек, бау.

ЖЕЛГӨЗ (жел көз) — керегенің көзі (кең болса «желгөз» дейді, тар
болса «торкөз» дейді).

ЖЕЛҚАБЫЗ — екі тақтай арасына үрген қарын қойып, тақтай-
лардың тесіктеріне қарыннан желбезек қойып сырнайша ойнайтын му-
зыка аспабы; кавказ халықтарынан ауысқан жел толтырған қапшық
(ол да музыка аспабы).

ЖЕЛҚОМ — жауыр атқа арналып жасалған ер тоқым.

ЖЕЛПУШ — бетті желпу үшін үкінің қанатынан істеген жел қа-
ғар; шыбын қағар.

ЖЕЛІ — мал байлау үшін қазыққа керілген арқан; кілем өрмегі-
нің негізгі жіптері.

ЖЕЛІ БАУ (желбау) — желі арқан.

ЖЕЛІНҚАП — сауын малдың желіні жарылмас үшін және төлі
жамырап кетпес үшін желінге арнап тігілген жапқыш.

ЖЕМІРУ — майыстыру (келсерлеу үшін қаңылтыр шелектің түбін
сыртына қарай жеміріп алады, яғни бүгеді).

ЖЕНТЕК — иленген, жанышталған, ұнтақталған зат.

ЖЕҢҰШ — жеңнің аузына салған мата, жұрын.

ЖЕҢСЕ — егін орағында білекке киетін сыңар жең; жұмыс істеген-
де киімнің жеңі тозбасын деп киетін қосалқы жең; жеке тігілген, сән
үшін киелетін өрнекті жең.

ЖЕР КЕПЕ — жер үй, лашық.

ЖЕР ТӨЛЕ — жерден жасаған қойма; үйшік.

ЖЕТЕ — орақтың, пышақтың жүзіне қарама-қарсы жағы.

ЖЕТЕК — арбаның дертесі.

ЖЕТІМ ШЕГЕ — пышақтың сапқа отырғызылған жерінен ұстатып
қойған жалғыз шеге.

ЖИДІТУ — теріні жылыдай қымтап жүнін сыпырып түсіру.

ЖИЕК — сырмақтың шеттеріне, оюлардың құрасқан тігістерінің
үстіне бастыратын түрлі жіп жиектер; шеті, кенересі.

ЖИЕКТІ СЫРМАҚ — киізді кесіп оюламай-ақ бір түсті киіздің бе-
тіне әр түсті жиек бастыру арқылы өрнектелген сырмақ.

ЖИРЕН — қызыл, күрең, сары аралас түр, түс (жирен ат).

ЖИҒАЗ — мүлік, дүниелік.

ЖОБА, ЖОБАЛАУ — нұсқа (нұсқалап сызып пішу).

ЖОЛАҚ (жол) — бір істің ұзын бойын бойлата жүргізген ұзынша өрнек (алашаның жолағы).

ЖОЛАМАЙ (жол амал) — жолда жүргенде тігетін киіз үй (оның уық, көрегесі болмайды).

ЖҰЛЫМ — бір жұлым түбіт. Жүннің, түбіттің мөлшер орауы (бір шымшым, бір шөкім, бір уыс деген сияқты).

ЖҰЛЫМ ҮЙ — түзу уықтарға жаба салып тігетін шошақ киіз лашық (жоламайқа).

ЖҮДЕМЕЛЕТУ — бірінен соң бірін қайталату, бастырмалату.

ЖОН — малдың, аң терісінің арқа тұсы (жон ішік).

ЖОНДАУ — түйені жонынан сою (түйенің жон терісін бөлек сыпырады).

ЖОНА — тоқым мен ердің арасына салатын, сыртын былғары немесе қайыспен қаптаған тоқым.

ЖОСА — топырақ бояу.

ЖОСЫЛТУ — қатар-қатар сыру, қатар сызықтардан өрнек салу.

ЖӨКЕ (жөке ағашы) — ағаш (жөке ағашының қабығынан қапшық тоқиды, арқан еседі, әр түрлі сұрткіш жасайды).

ЖӨРГЕМ — орау, орама, бұрай орау; иру, шумақтау; өрімнің бір түрі.

ЖӨРМЕУ — қолмен тігу әдісінің бір түрі.

ЖУЫРҚАН — астыға салатын көрпе, мата төсеніш.

ЖҰДЫРЫҚТАУ — малдың терісін кеспес үшін іреп алған соң жұдырықпен сүргілеп сою әдісі.

ЖҰЛМА — қойдың терісінен жұлып алған өлі жүн; жабағы жүннің шет пұшпағы.

ЖҰЛЫҚ — етіктің ұлтанмен түйіскен жері.

ЖҰЛЫҚТАУ — етіктің жұлығын айналдыра жамау салып жөндеу.

ЖҰМАЛАУ — домалақтау.

ЖҰМСАУ — ұстау, пайдалану.

ЖҰМЫРШАҚ — малдың ұлтабары (жұмыршақтың ішіндегі уызды ашытып мәндірі, мәйек жасайды).

ЖҰМЫР БІЛЕЗІК — оқтаудай түзу жұмыр күмісті иіп екі басын түйістірген білезік.

ЖҰРЫН — елтірінің, терінің, аң терісінің қиығы.

ЖҮГІРУ — өрмек жүгіру; өрмектің жібін құру.

ЖҮГІРТУ — шекпенге мата жібін араластыру; жарыстыра салу; аз-аздап қосу (алтын жүгірту, күміс жүгіртіп жасау).

ЖҮЗІ — өрмектің үстіне қарап жатқан беті; ажар, көрік, түр.

ЖҮЗІК (дүзік) — қолға салатын сақина.

ЖҮК — жиналған жиһаз; жүкаяққа жиылған көрпе-жастық; тең.

ЖҮКАЯҚ — жүк жинау үшін арнайы жасалған тұғыр ағаш.

ЖЫҒА — соғыста киетін бас киім.

ЖЫҒЫҚ — құлаған, қисайған (жығық жаға, жығық өркеш).

«ЖЫЛАН БАС» — балалардың тақиясына тағатын, жыланның бас сүйегі.

ЖЫЛАНБАУЫР — өрім әрудің бір түрі; өрнектің аты.

ЖЫЛЫМ — дөңгелек шеңберге керілген балық аулайтын тор.

ЖЫМ — екі заттың жігі; із. (жымын білдірмей қиюластыру).

ЖЫМЫРУ — ішіне қарай бүктеу, қымтыру.

ЖИЫРЫҚ — жиырылған.

ЖЫРТЫС — есік көре барған күйеудің еңдей мата сыйлығы (оның ұзынын 1,5—2 метр етіп, 9—12—15—20 қабат қаттай бүктелген тобын

«жыртыс» дейді); қария адам қайтыс болғанда кісі басы жыртылып берілетін орамалдық мата.

ЖЫРҒА — әйелдердің әшекейлі бас киімі.

ЖЫРЫМ — айылды белдіктеу үшін қайыстан өріп, тігіп істеген қысқа айылша.

ЖЫРЫНДЫ — епті, пысық, қолынан іс келетін; бөлініп тыс қалу.

ЖІЛІНШІК — өлшем мөлшері.

ЖІПСЕ — екі тақтайдың қырынан қосқанда үстінен ырып ұстатын келденең ағаш.

ЖІПСЕЛЕУ — қарғашалап ұстастыру, қоспалау, қосу.

ЖІПТІК — суыртпаққа жыртып алған матаның кенересі; жіңішке; сыптығыр ширатылған жіп; талшық.

ЗАПЫРАН — ерекше иісті сары гүл.

ЗЕМБІЛ — топырақ, тас сияқты ауыр заттарды салып екі кісілеп көтеруге арналған жабдық.

ЗЕР — әшекей.

ЗЕРЕ — оқ өтпес үшін киетін темір киім.

ЗЕРЛЕУ — алтындау; жалтырауықпен әшекейлеу.

ЗЕРЕН — қымыз құятын сәнді сырлы аяқ.

ЗИПА — әдемі, безекті, сұлу, көрікті.

ЗУЗА — мерткікен адамды салып алып жүретін құрал (4 бақанға көріп байланған, 4 атты адам қолдасып алып жүретін зембіл).

ЗҮБІРЖАТ — асыл тас (изумуруд).

ЗЫҒЫР МАЙЫ — кендір майы (оны бояуға да қосады).

ЗЫРЫЛДАУЫҚ — желге зырылдатып ойнайтын жұқалап жонылған қалақша ағаш ойыншық.

ИНШ — көйлектің иығының ішінен салынатын астар.

ИРЕК — тігу өрнегінің бір түрі.

ИТАРҚА — екі керегенің басын түйістіріп тіккен күрке үй.

ИТКІРМЕС — киіз үйдің арзан қол ағаш есігі; шарбақ, ергенек.

ИТМҰРЫН — басында жемісі бар тікенді бұта (оның жемісінен бояу жасаған).

ИТТІС — өрнектің аты; қолмен тігу түрінің атауы.

ИЫҚ — ою өрнегінің бір элементі.

ИН АҒАШ — шелек іліп, су көтеретін ағаш.

КАПКАЗ — Кавказ елінің мәнерімен, ақ күміске қара түр жүргізіп өрнектелген күміс әшекейінің аты.

КАРНИЗ (кәрнез) — үйдің, пештің биік қабырғаларындағы белдеу сәкі.

КАТЕП — түйеге салатын ауыт ағашын осылай атайды.

КӘКПІР — сүзгіш.

КӘКІРІМ — сүр еттің сорпасына айран қосып сапырған сусын.

КӘЛҮНГІР — кездеме, өте жұқа, жұмсақ жібек.

КӘМШАТ — құндыздың бір түрі.

КӘРДЕН КЕСЕ — шынысы таза, гүлді, өрнекті кесе.

КӘРІС — матаның бір түрі (бұрын кәрісті тек әйелдер ғана киген).

КЕБ — орау, қап (чехол).

КЕБЕЖЕ — ағаштан жасаған әшекейлі сандық. Оған көбінесе ас, тамақ, жем сақталған (кебі — қап, жем — ас).

КЕБЕЖЕ ҚАП — киізге түсті матаны оюлап жапсырған кебеженің қабы.

КЕБЕНЕК — ертеректе болған киіз шапан.

КЕБІРСҮ — құрғау, кебуге айналу.
КЕБІС — қонышсыз аяқ киім.
КЕБІС МӘСІ — кебіспен киетін мәсі.
КЕГЕЙ — арбаның доңғалағының шабағы.
КЕДЕН — ашуланып қол көтеру, таяқ үйіру, қамшы үйіру. («Кеден-кеден болды, кеден неден болды». Мақал).
КЕЖІМ — атқа кигізіп қоятын кестелі жамылғы.
КЕЗ — ұзындық өлшеуіш (ол 16 бәршек, яғни 22 см тең), құлаққа салатын еннің бір түрі.
КЕЗДІК — кішкентай пышақ.
КЕКІЛДІК (кекілдірік) — жүгеннің жоғарғы жағында, аттың кекіліне дәл келіп тұратын қайыс; сандықтың құлып салатын бүкпе темірі.
КЕЛБЕТ — түр, түс, көрік, кейіп.
КЕЛЕБ (келеп) — иірілген жіпті боярда, өлшерде кең шумақ етіп әр жерінен байлап жинаған шумақ.
КЕЛЕПТЕУ — шумақтау.
КЕЛЕПАН — қырыққанда қошқардың құйрығында, күйек байлар тұсында қалдырылған жүн.
КЕЛТЕК (келдек) — қысқа таяқ.
КЕЛІ тары түйгіш ыдыс.
КЕМЕР — әшекейлі белбеу.
КЕМПРАУЫЗ — қысқыштың бір түрі.
КЕНЕРЕ — матаның шетіндегі жиі және ширақ тоқылған жолақ жері (кенерені жыртып алып суыртпақ жасайды).
КЕНТ — қала, шаһар.
КЕНТАЙ — асық.
КЕҢІРДЕК БАРҚЫТ — барқыттың бір түрі.
КЕПЕ — лашық, уақытша баспана; тақия.
КЕПСЕР — қаңылтыр ыдыстың қоспалары; қамыр сүзгіш.
КЕПСЕРЛЕУ — қаңылтыр істерді шет-шеттерін қабыстырып ұстату, дәнекерлеу.
КЕПІЛ — екі затты тұтастырып тұратын қарғаша, тайдырмай тұратын тиянақ.
КЕР — малдың түсі (кер ат); байы өлген әйел, қасірет белгісі ретінде, басына байлап алатын екі елі ақ шүберек; теріні созып жаю, керу.
КЕР АЙЫЛ — ердің үстінен бастыра тартатын тұтас төс айыл (ердегі төс айылдың бір жағы шеттікте, екінші жағы жырымда болады. Керайыл аткөрпенің үстінен тұтас келіп, екі басы өзімен-өзі жалғасады).
КЕРЕ — өлшем (кере қарыс — бармақ пен шынашақтың арасы, сере қарыс — бармақ пен аты жоқ саусақтың арасы).
КЕРЕГЕ — киіз үйдің қабырғасын құрайтын, тор көзді жиналмалы ағаш бұйым.
КЕРЕҒАР (кере қар) — алыс, ұзақ (екі қолды кере жайғанда бір құлаш немесе кереғар болады).
КЕРЕГЕҚАП — керегені жинап алып, түйеге артарда бас-аяғына кигізетін оюлап өрнектелген киіз қап.
КЕРЕШІ — тосып алушы, алдынан шығушы.
КЕРГІШ — кесте тіккенде, көрпе қабығанда матаны керіп қоятын арнаулы ағаш.
КЕРҒАЙЗАН — терінің көпке дейін иін қаппай, көкаяз боп тұрып алуы.

КЕРДЕРІ ЖҮНІ — түйе жүні; (түйенің бір түрі) оны «кердері», «кез қоспақ», «кердері қоспақ» деп әр түрлі атай береді).

КЕРМЕ — ат байлау үшін екі үйдің арасына тартып қойған арқан; садақтың тартылған жібі.

КЕРМЕЛЕУ — керу, созғылау.

КЕРНЕЙ — сырнай (гармонь).

КЕРСЕН — үлкен ағаш тегене.

КЕРТЕ — малға шөп шашу үшін сырық ағаштарды көлденең байлай салған қоршау.

КЕР КАЙЫР (делқайыр) — сәтсіз жайт.

КЕРШЕУ — шеміршек (төс кершеулер).

КЕРШІ — үш бұрыш ағашқа керілген, ортасында арнаулы қалтасы бар тор; судың түбіне тастап балық аулайтын ау.

КЕРУШІ — музыка аспабы (оның формасы садаққа ұқсайды, астында жастық ағашы бар, екі басын шалқасынан кере тартып тұратын бұрау ағашы бар. Оның шегі кәдімгі шуда жіп болған. Керуішті «адырна» деп те атаған. «Әкесіне баласы керуіш үйретіпті» деген мақал содан қалған. Керуішпен шабуылға шақыратын, жауға шапқанда да соны азынатып айқай-қиқуға басатын).

КЕРШІ — топырақтан, құмнан бірігін құралған тас.

КЕСЕКЕРТУ — молынан ойып алу, мол нәрседен еркін кесіп алу.

КЕСЕР — пышақ (кілемнің жібін кесіп отыратын ілмек пышақ).

КЕСКЕКТЕУ — байлау (кепіл ағаш қойып байластыру).

КЕСКІН — түр, сипат, мүсін.

КЕСКІНДЕУ — нобайлау (жалпы ұқсастыққа келтіру).

КЕСКІШ — темір кесетін бір басы жүзді жұмыр шапқы.

КЕСПЕК — бір жақ түбін алып тастаған үлкен шелек, бөшке.

КЕСТЕ — әшекей тігісінің аты; өрнек; бізбен іліп тігетін көркем тігіс.

КЕСТЕ БІЗ — кесте тігетін, ұшында қармағы бар біз.

КЕСІКБАС — етік үлгісінің бір түрі.

КЕТПЕН — тесе шот; шапқы, түйте.

КӨБЕ — батырлар киетін сауыт, темір қаптама.

КӨБЕ ҚҰЙРЫҚ — бүркіттің құйрығының дәл ортасында болатын 2 тал қауырсын құйрық.

КӨГЕН — жерге керіп байланып бірнеше бұршақтар өткізілген лак, қозы байлайтын (көгендейтін) жіп.

КӨГЕНДЕУ — көгендегі бұршаққа байлау; қатар-қатар тізіп байлау.

КӨГЕНТҮП — қозыға ен салған күні үлкен үйдің отауларға, балаларға беретін қозысы.

КӨЗІКТІРУ — кездестіру, нұсқау, табыстыру.

КӨЗЕ — құмнан, қыштан, жасаған ыдыс.

КӨЗЕЛ — ешкі терісінен істелген жұмсақ былғары мәсі; көпті көрген, сұңғыла.

КӨЗЕНЕК — тостаған.

КӨЗЕУ — бір нәрсенің бітіп қалған көзін аршу, жаңғырту, түзеу.

КӨЗТАНА — сәндік үшін тағатын үлкен жарқырауық түйме; көзіне (ортасына) тас орнатқан тана.

КӨК — түс, бояу; кереге көктейтін шылғи қайыстан тігілген таспа.

КӨК КІРЕУКЕ — күймелі көк арба.

КӨКПАР — ұлттық ойын; ойын-тойда додаға беретін лақ.

КӨКЕМАРАЛ — көкпектің бүрі тәрізді ем шөп. (оны бояуға да қосқан).

КӨК ЕТІК — көксауыр былғарыдан тіккен жақсы етік.
КӨКСАҒАЛ — ешкінің түсі.
КӨКСАУЫР — көк бояуға бояп, жылтыратқан өте сапалы былғары.
КӨКСЕРЕК — көк найза.
КӨКТАБАН — тәйке жағынан қорғасын құйған салмақты сақа.
КӨК ТАС — шеберлер қолданатын асыл тас (малахит).
КӨКТЕМЕ БІЛЕЗІК — ортасын топсалап жасаған білезік.
КӨК ТҮБІТ — қасқыр мен түлкі терісі; алты жастағы бүркіт.
КӨЛЕҢКЕ — болымсыз баспана, киіз үй, балаған.
КӨЛ-КӨСІР — мол, көп, жеткілікті.
КӨМБЕ — қойма; жасырып тыққан зат; көріктің оты сөніп қалма-сын деп қоламтаға көміп қойған дымқыл тезек.
КӨМКЕРУ — матаның, киіздің, былғарының, терінің шетін астына қарай жымырып тігу.
КӨМҚАП — шапан, тон, жақсы сырт киім.
КӨНЕК — иленбеген жас теріні шелек тәріздендіріп тігіп алып, ішіне құм кептеп қатырған бие сауатын тері шелек (көн шелек).
КӨНЕРУ — тозу, ескіру, оңа бастау.
КӨНІРКЕУ — ескіріңкіреу, тозыңқырау.
КӨПІРТУ — сабалған жүнді екінші рет көпірте сабаулап, шаң-тозаңынан арылту.
КӨПІРТІП ТІГУ — кестелеп тігу әдісінің бір түрі.
КӨРБАЛА — әлі өнер үйренбеген жас, шорқақ жас.
КӨРБІЛТЕ — машинамен қатар-қатар сырып алып, сол тігістердің арасына жүннен, мақтадан өткізілетін білте.
КӨРІК — темір ұсталарының көмірді үрлеу үшін жасап алған желдеткіш құралы. «Көрігің желді болса, көлігің де жемді болар» (мақал).
КРИТОН — тыстық мата.
КҮБШЕК (күпшек) — арба доңғалағының білікке киіліп тұратын қуыс ағашы, доңғалақ шабақтарының бір басы осы күбшекте тұрады.
КҮБІ — іркіт жиятын үлкен ағаш шелек.
КҮДЕ (күрде) — бие сауғанда бір ұшын мойнынан, бір ұшын артқы аяғынан байлап қоятын арқан.
КҮДЕРІ — түйе терісінен істелген айыл, қомша.
КҮДІР — Алтай тауларында кездесетін елікке ұқсас тарғыл аң.
КҮЗУ — өрмектің үстіңгі жіптерін тізіп шалып қоятын ширақ иірілген, ыспаланған жіп.
КҮЙЕК — қошқарға байлайтын арнаулы киіз (оны бұрын оюлап сырып жасаған).
КҮЛДӘРІ — жұмсақ жібек мата; үлбіреуіш.
КҮЛӘЙЛАН (күн айнал) — шекілдеуік, пісте, күнбағыс.
КҮЛДІВАДАМ — жылқы түсі.
КҮЛӘ — бөрік, шалма, ханышаның төбетейі.
КҮЛАПАРА — тымақтың сыртынан қабаттап киетін башлық;
КҮЛТЕ — бір буда, бір түп, бір топ шашақ (күлте шашақ түбі мен ұшының жуандығы, қалыңдығы бірдей, онша ұзын емес, төгіліп тұрады).
КҮЛТЕЛІ КӨЙЛЕК — желбіретіп салған қос етекті көйлек.
КҮЛШІН — мәсінің өкше сірісінің орнына салынған жылтыр былғары.
КҮМІСТЕУ — күміспен өрнектеу, күміс жүргізу, күмістеп тігу; күміспен қаптау.
КҮНДІК — әйел жаулығы (үлкендігі 3 метрден 5 метрге дейін келетін шүберек, оны басқа шалмамен орап тастайды).

КҮПІ — ішіне түйенің, қойдың жабағысын күскен жеңіл сырт киім.

КҮРКЕ — кіші-гірім баспана, лашық.

КҮРМЕУ — қазақша жіп байлаудың бір түрі.

КҮРТЕ — бешпентше шапан.

КҮРСІ — орындық.

КҮСУ — киімнің арасына, астарына жүн тарту (күпіге жабағы күсу).

КИЕ (ие) — ескі діни ұғымда ие деген мағынаны білдіреді (әр істің киесі болады деп білген. Мысалы, жылқының иесі Қамбар ата, қойдікі — Шопан ата, түйенікі — Ойсұлқара, сиырдікі — Зеңгі баба, ешкінікі — Бауадин әулие деген діни сенім болған).

КИМЕШЕК — әйелдердің бас киімі.

КИТНАМА — ертегілерде кездесетін керемет кесе (оның ішінен шай ішіп отырғанда дүниенің бәрі көрініп тұрады-мыс).

КИТ (жит кию) — әдет-ғұрып бойынша құдаға берілетін кәде.

КИІЗ БАСУ — киіз жасап шығару (сабауланып майдаланған жүнді шиге жайып ыстық су құйып отырып, аяқпен тепкілеп, білектеп біріктіріп тұтас киіз етіп шығарады).

КИІМШЕҢ — киімін шешінбей отыру; өгей бала, әйелмен еріп келген бала.

КИІЗ ҮЙ (қазақ үй) — көшпелі дәуірге лайықты, ағаш керегелі, киіз туырлықты, жиналмалы баспана үй. Киіз үйдің ең үлкені 18, 12 қанат болған. Киіз үйдің уық, керегелерін алтын күміспен әсемдеп, бауларын жібектен істеген. Алмас деген кісінің ең сәнді үйі 1861 жылы Париж көрмесіне апарылған. Жанайдаров Мейрманның 1876 жылы Петербургке апарған үйі, патшаның баласына Қоғадай мен Сағынай байдың сыйлаған үйі, Әдилов Ибраһимнің 1890 жылы Қазандағы көрмеге қойылған үйі осындай аумақты үйлер болған. Киіз үйлерді шағаладай ақ ету үшін үйдің киізін ақ бормен, әкпен, күйген сүйектің күлімен ағартатын. Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов еңбектерінде киіз үйдің мынадай бөлшектері аталады: кереге, уық, шаңырақ, босаға, маңдайша, табалдырық, туылдырық т. б.

КІЛЕМ — арнаулы өрмек арқылы ерекше түрлеп, әрбір шаршы метріне 230—400-ге дейін, ал өн бойына бір миллионға дейін жіп тіндерін келтіріп өте тығыз тоқылатын сәнді төсеніш. Дүние жүзіндегі ең үлкен кілем тұңғыш рет 1959 жылы Ашжабадта тоқылды. Оның үлкендігі 192 шаршы метр еді. 1965 жылы Түркмен шеберлері мұны екі есе ұлғайтты. Бұл кілемнің көлемі 252 шаршы метр, салмағы бір тоннадан асады.

КІРЕУКЕ — батырлар киетін темір киім, сауыттың тұтас түрі.

КІРЛЕУ — өрнектеліп болған текеметті ыстық су құйып, бір нәрсемен орап қойып буландырып білектену.

КІРІҒУ — жымдасу, жіктерінің жақындасуы, қаңсыған ағаш шелектің ісініп жымдасуы.

КІШТІМТАЙЛАУ — сырғақтау, бетке тура қарай алмау.

КІСЕ — күмісті белдікке үзбелеп таққан былғары қалта; кіселі белдік.

КІТТАН (каптан) — шапан.

ҚАБАНҚҰЛАҚ — қайрақ, көк сұр түсті тұтқыр тас қайрақ.

ҚАДАУ — үшкір темір; шүй, қашау.

ҚАДАУБАС — темір тесетін құрал; асыл тескіш.

ҚАЗА — балықшылардың тоқып, өзеннің сағасына қойып балық аулайтын құралы.

ҚАЗИЕК — пышқы, темір ара.
ҚАЗЫҚБАУ — қазақша жіп байлаудың бір түрі, орай байлау (желінің екі басын қазықбаулап байлайды).
ҚАЙРАҚШЫ — қайраушы адам (қырықтық қайраушы, орақ қайраушы).
ҚАЙРАУ — өткірлеу, жану.
ҚАЙТУ — мұқалу, өтпей қалу.
ҚАЙЫС — иленген тері (өрімге, тігуге арнап илеген мал терілері).
ҚАЙЫСШЫ — қайыс шебері.
ҚАЮ — қол тігісінің ең әдемі, мықты түрі. (Қаю ескі шағатай тілінде — қайталау деген сөз. Қайып тігу инені бір тігісті қайталап шаншу әдісімен орындалады).
ҚАМАР БЕЛБЕУ — зерлі, әшекейлі белдік.
ҚАҚЫРА — балықшылардың қамыстан жасаған баспанасы.
ҚАҚСАЛ — көп жатып кепкен қатты ағаш.
ҚАҚТАУ — бедерлеген темірдің үстіне ұрып отырып күмісті жұқалап сіңдіру, жабыстыру. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» (Абай).
ҚАЛАМДЫҚ — шаңырақтың көзі, уықтың қаламы кіретін жері.
ҚАЛАУЫШ — матамен оюлаған текеметтің бір түрі.
ҚАЛҒА — қорған, крепост, порт (соғыс кезінде әскер кіріп тұратын орын).
ҚАЛТАЛАНУ — созылып, олпы-солпы болу.
ҚАМА — құндыз.
ҚАМЗОЛ (кемзал) — жеңсіз бешпент, шолақ жең.
ҚАМҚА — жібек мата, қытай жібегі.
ҚАМСАУ — қамыс тоқыма, қамыс шарбақ; пана, лыпа.
ҚАНА — жеті жасар бүркіт.
ҚАНДЕЛ — үлкен үйлердегі май шамдардың қондырғы аспалары, стол үстінде тұратын шам қойғыш («шамдал» деп те атайды).
ҚАНАТ — киіз үйдің керегесі.
ҚАНҒАЛАҚ — ұршық, ұршықтың дөңгелек басы.
ҚАНЖЫҒА (қан шыға) — ердің екі жағында болатын бөктеріншек байлайтын таспа қайыс.
ҚАНТҮБІТ — екі жастағы бүркіт.
ҚАН ШЕГІР (құм шегір) — бүркіттің тегі.
ҚАНҒА — көне түркі тілінде арбаның үстінде жүретін киіз күймені осылай атаған, бертін келе қаңқа деп үйдің тігулі тұрған ағашын атайтын болған.
ҚАПАС — темірден, ағаштан, шыбықтан тоқыған үйшік.
ҚАПСЫРМА — екі өңірді өбістіре қаусырып, іліп тұратын күміс ілгек.
ҚАПТАЛ (қап бол) — сырттан киетін үлкен кең киім (қаптал шапан, қаптал тон); ердің екі қасының арасындағы аттың арқасына киіліп тұратын 2 ағаш.
ҚАПТАМА — тыстаған ішік, шекпен жапқан тон.
ҚАПТЫРМА (қалсырма, тістестірме) — омыраудың ілгегі; күміс әшекей.
ҚАРАБАРҚЫН — қоңырқай қара-қоңыр түс; сырт жүніне қарай аталатын бүркіттің бір түрі.
ҚАРАҚҰЛАҚ — қасқыр, бөрі; солардың терісінен істелген ішік.
ҚАРАҚШЫЛЫ ТҮЙЕДЕЙ (үстіне ту орнатқан жолбасы түйедей) — көрнекі, айдынды, ап-анық.
ҚАРАМА — шананың екі табанын қосып тұратын қарағаштан жасалған байлам.

ҚАРА ШАҢЫРАҚ — үлкен өкениң үйі (үлкен шаңырақ, үлкен үй).

ҚАРА ШЕГІР — бүркіттің бір тегі.

ҚАРАШЫ — бір адамның қарауында күн көруші.

ҚАРҒА ЖҮНДІ ҚАМЫС ОҚ — құстың жүнін қадаған садақтың оғы.

ҚАРҚАРА — ойрат, тырна; бас киімге қадаған қанат, қауырсын (қарқара деп бас киімнің сондай бір сәнді түрін де атаған).

ҚАРҚАШЫҚ — түйенің табан мүйізі.

ҚАРСАЛАУ — отқа қақтап келтіру.

ҚАРСЫСЫ — өрмектің астыңғы бой жібі.

ҚАРЫҚТЫҚ — бастан қан алу үшін мүйізден істеген түтік (оның бір басын денеге сұғып, екінші басынан ауызбен соратын).

ҚАС — ердің алдыңғы басы мен артқы басы; үзіктің шаңыраққа жетіп тұратын шеті.

ҚАСАБА — ошақтың үш бұтында болатын қайқы ілмек темір.

ҚАСАҒА — ошақтың шеңбері.

ҚАСТАУЫШ — қасқа жағатын бояу; тарыдағы қара күйе.

ҚАТ — қабат, рет (жеті қат көк); мұқтаж.

ҚАТТАМА — сауыт, тон (оқ өтпейтін киім).

ҚАТТАУ (қаттауық) — мақтаны қалың салып жібектен қабаттаған қатырғы; қабаттап орап тастаған арқан. Мұны сауыт орнына киген.

ҚАТЫРҒЫ — киімнің иығына, жағасына сырып (крахмалдап) салатын кенеп, мата.

ҚАУҒА — құдықтан су алу үшін теріден істеген арнаулы ыдыс, дорба, су алатын ағаш шелек (темір шелекті де «қауға» деп атай береді).

ҚАУЫЗ — су жинайтын апан; қабық.

ҚАУСЫРУ — екі етекте біріне бірін айқастыру.

ҚАШИЯ (қашаға) — кітаптың шетіндегі түсіндірме жазу; шымылдықтың маңдайша шілтері, ағаш табақтың жалпақ ернеуі, кітаптың шеті.

ҚАШШЫ (қышшы) — тас қашау шеберлері.

ҚОБДИ — ұсақ-түйек салатын кішкене жәшік, сандықша.

ҚОБЫЛАУ — оя жону, оя шабу (ердің қасының астын, бел ағашын қобылап шабады).

ҚОЖ — ертеректе ірі малдың жауырын сүйегінен, қоладан істеген күрек, қалық (кейінірек бұл сөз «тас балға», «тас келсап» деген ұғымға ие болған).

ҚОЗДАНУ — жану, жана бастау.

ҚОЗА — сәукелеге, шолпыға теңгеден моншақ тізгенде алақан боп тұратын іші қуыс өшекейлі күмбезше күміс.

ҚОЗЫЖАУЫРЫН — сауыт бұзатын жалпақ оқ.

ҚОЛАҚПАН — қол ағаш, қол шоқпар.

ҚОЛҚА — жүк артқан түйенің тарту арқанының дәл төске келетін жеріне өткізіп қоятын жең сияқты киіз.

ҚОЛ ОҚ — садақ оғының бір түрі.

ҚОЛ ТҰЗАҚ — қол байлау ойынының бір түрі.

ҚОЛТЫРМАШ — киімнің жеңтүбінің астыңғы қолтығына келетін ойындысына салынатын төрт бұрышты қыйма.

ҚОЛ ШОҚПАР — ерте кездегі жорықшылардың, батырлардың қаруы (бір құлашқа таяу шоқпар ағаш).

ҚОМ — түйеге жүк артқанда арқасына туырлық орап, керегемен қысып тадып қоятын зат; екі өркештің айналасындағы май жиятын жері, қабырғалығы.

ҚОМ АРҚАН — түйеге жүк таңатын арқан. Оның екі ұшы қомға бекітіледі.

ҚОМША — сырмақ.

ҚОНЫШБАУ — етіктің, шұлықтың қоншын жоғары ұстап тұратын бау.

ҚОҢЫЛТАЯҚ — байпақсыз етік; аяқ киімді шұлықсыз, шұлғаусыз кию.

ҚОҢЫЛТАҚ — жұқа, жалаң қабат киім.

ҚОРАМСАҚ — садақтың оқтарын салатын кісе, әшекейлі киіз қап.

ҚОРЖЫН — ердің артына бөктеріп жүру үшін екі басты етіп жасаған (шекпен) қапшық.

ҚОРЫМ — бірінің үстіне бірі құлап жатқан тастар (оған бүркіттен қашқан түлкі паналайды).

ҚОС — киіз үйдің бір түрі.

ҚОСАЛҚЫ — өрнек түрінің аты; әшекейлі тізілген мойынға салатын моншақ.

ҚОСЕТЕК — етегінің үстіне желбір тіккен сәнді көйлек.

ҚОС ЖАУЫРЫН — шеңбері екі бунақ иілген садақ.

ҚОШЕТЕР — зергер, қош етуші (жұрттың бәрін қуантатын шебер).

ҚУ ЖЕБЕ — садақтың қақ болып әбден қатып қалған оғы.

ҚҰБА ТӨБЕЛ — жұпыны, ұнамды ғана, бір қалыпты.

ҚҰБЫЛ ТАС — орысша «александрид» деп аталатын асыл тас (зергерлік ісінде көп кездеседі).

ҚҰБЫР — күйдіріп қосқан балшық түтік; труба.

ҚҰРБАН — бірігу, қосылу.

ҚҰЙ — құдық, жыра.

ҚҰЙМА ТАС — құмнан, цементтен құйып біріктірген тас; жасанды тас.

ҚҰЙЫСҚАН — ерді аттың мойнына кетірмейтін құйрыққа қыстырылулы тұрман.

ҚҰЙЫСҚАН ӨРІМІ — өрім өнерінің басты түрі (мұнымен бүкіл құйысқанды тұтас мәнерлеп өріп шығады).

ҚҰЛА — жылқының түсі.

ҚҰЛЖА — арқардың асығы, сақасы; арқардың қошқары.

ҚҰЛАҚ — тұтқа, ұстайтын ілмек (қазанның құлағы).

ҚҰЛПЫРМА ТАС — орысша перламутр деп аталатын асыл тас.

ҚҰЛПЫ ТАС — өлген адамның басына қоятын, аты-жөні жазылған белгі тас.

ҚҰЛАШ — өлшеу межесі (құлаш, қар, аршын, қарыс, сүйем, сынық сүйем, тұтам, адым, аттам, табан, елі өлшемдері болған).

ҚҰМАН — шойын шәугім.

ҚҰНДАҚ — баланың бесіксіз ораған бөлеуі; мылтықтың барлық бөлімдерін біріктіріп тұрған ағашы.

ҚҰРСАУ — темір шеңбер, шелектің, бөшкенің құрсауы.

ҚҰРМАЛАУ — ұзын арқанды кермелеп тұрып жылқыны ұстау әдісі.

ҚҰР — өрген, тоқыған жіп, бау.

ҚҰСНИХАТ — әдемі жазу.

ҚҰТЫ — сауыт; мүйізден, түйенің табанынан, былғарыдан тіккен қалта; кішкентай қобдиша.

ҚҰСЫРУ — айқастыру, жалғап жамау, жалғастырып тігу. Тігіс атауы.

ҚЫЗАСЫҚ — жіліншіктің бақай мен жалғас асық сүйегі (оны шеберлер тиекке, дойбы тасына пайдаланған).

ҚЫЗАУ — диірмен тасының бетіне шапқан сызаттар.

ҚЫЗЫЛ АЯҚ — қызыл ала кілем түрінің атауы.

ҚЫБЫ — жымы, орайы, реті.

ҚИЯҚТЫ — ұшы екі дүзді өткір найза.

ҚЫЛАУ — жаңа соққан пышақтың, айбалтаның дүзіндегі егеуден болған нәзік түрпі.

ҚЫНАМЕНДЕ — күйеу келген күнгі қызыл-жасыл киінген қыздар тобы; сол күнгі ойын.

ҚЫНАП — қылыштың қыны.

ҚЫНА — бояу (онымен тырнақты, сақал-шашты бояйды).

ҚЫРДАСЫН — киіздің кесіндісі, қиығы.

ҚЫРЛАУ — қыр шығарып жону, соғу, егеу.

ҚЫРНАҒЫШ — асыл темірден жасалған сүйек, тас өңдейтін құрал.

ҚЫРНАУ — ағашты, сүйекті, мүйізді әйекпен, пышақпен, арнаулы қырғымен қырып тегістеу.

ҚЫСҚАШ — ұсталардың темір ұстайтын аспабы.

ҚЫСҚЫ — бір нәрсені қатты қысып ұстап тұратын құрал.

ҚЫСТАС (іс тас) — пышқымен кесуге, жонуға көнетін жұмсақ тас (одан мөр, ұршық, сия сауыт, мүштік жасаған).

ҚЫШЫР — былғарының бедері, терінің қатпары.

ЛАҒЫЛ — жақұт сияқты сөнге жұмсалатын асыл тас.

ЛАГОН — бітеу ағаш шелек.

ЛАЙ ҚАЛАҚ (ылай қалақ) — үй қалағанда үйді сылайтын темір қалақ.

ЛАҚ ІШК — лақ терісінен істелген ішік, тымақ, бөрік т. б.

ЛАШЫҚ — уақытша үй, баспана, үйшік.

ЛӘНГІ — алғашқы адамдардың етек жапқышы (жапырақтан, теріден, жабағыдан істелген).

ЛОКЕТ — пышақ, орақтан жасаған тері қырғыш (қырғыш пышақ).

МАҚПАЛ — барқыт, пүліш (қара мақпал).

МАЛМА — үлкен күбіге ашытып, теріні илейтін сұйық зат.

МАҢЛЫҚ — алтын, күміс, зер қосып тоқыған қытай жібегі.

МАРИ — туа салып өлген немесе өлі туған лақ, қозының жылтыр жүнді жылбысқы терісі.

МАСА — от тисе лап беріп жанатып дәрі араластырған майлы білте; шыбын-шіркейдің бір түрі.

МАСАҚ — үшкір жебе, садақ оғының басындағы темір.

МАСАХАНА — масадан қорғау үшін ақ дәкеден тігіп алған шатыр, күрке.

МАСАТЕМІР — қысқаш темір.

МАСУАҚ — хош иісті ағаштың, аршаның түбірінен істеген тіс тазартқыш.

МАУЫТЫ — шұғаның бір түрі.

МӘЗІР — сый, сыйлық.

МӘЙЕК — бұлаудың, жас қозының ұлтабарында қалған ашыған уыз, оны қарынға салып, үстіне сүт құйып ашытып мәндірі (ашытқы, ұйытқы) жасайды.

МӘЙМӨНКЕ — кілемнің, терменің жіптерін теріп отыратын қайқы бас жұқа қалақша.

МӘНДІР — жас төлдің ірімшік ұйыту үшін сүтке ашытқан ұлтабар шырыны.

МӘНЕР — өрнек стилі, келісімі.
МӘРМӘР — мрамор тас.
МӘУЕЛЕУ — жүзімді, алманы жерге түсірмей, арнаулы ағашпен ептеп алу; жүзімді жіпке тізіп кептіру.
МЕДІН — өте құрғап иленіп қалған саз.
МЕЛДЕ — молдалардың киетін ұзын ақ шапаны.
МЕС — қой терісінен істелген торсық.
МЕС ҚАРЫН — су таситын қарын ыдыс.
МЕТЕЙ — бітеу ағаш шелек. Онымен қаймақты пісіп, майға айналдырады.
МЕТКЕТОН — кендір жіпті мата.
МИЗАН (таразы) — сентябрь айы.
МИӨТ — жүк тартатын түйенің мойнына кигізетін киіз ораған басқұр; қажалып ушықпасын деп жараның айналасына қоятын шиыршықтап ораған мақта не шүберек.
МОЖА — ескірген, тоз-тозы шыққан.
МОЙЫНСА — жауыр аттың мойнына байлайтын кірес ағаш; өгіздің жармасы.
МОЙЫНТҰРЫҚ — сиырдың, өгіздің мойын ағашы.
МОР — үйшілердің ағашты қыздырып ию үшін көң-қоқыстан шала пықсытып жаққан оты.
МӨКІ — кең ауыз көбістің бір түрі.
МӨЛДЕК — егін егілген бөлек атыз.
МОМИ (мөміе) — балауыз, балауыз шам; тау жыныстарындағы минералдардың тұнбасы. Оған оралған зат шірімейді.
МӨЛДІР — стакан, рюмка.
МӨЛТЕШ — қарағайдың шайыры.
МӨР — бедер, таңба, өрнек; мекеменің ресми таңбасы.
МҰЗБАЛАҚ — қыстыгүні түнде жүретін балықшы, күзетші; 5 жастағы бүркіт.
МҰМ — балауыз (воска, парофин); көне дәуірдегі шіріместей етіп балауыздаған өлік.
МҰҚ — сулы, дымқыл жерде болатын бір-бірімен матасып өскен жабағы жүн сияқты өсімдік. Оны ағаштан үй борағанда арасына салады.
МҮЛТІК (мылтық деп қалыптасқан) — білтемен атылатын құрал (түбірі мүлт).
МЫЙЛЫҚ — тымақтың төбесі, мен құлағының қосылған шеңбері.
МЫҚ — басы бүркеншікті, әшекейлі шеге.
МЫҚАН АҒАШ — төс отырғызатын сандал ағашы.
МЫРТЕСЕ — әбден мұжылып біткен тесе шот (түйте шот); аласа бойлы шымыр, қуақы адам.
МЫСҚАЛ — салмақ өлшемінің ең жеңілі (бір қадақта 96 мысқал бар. Үш мысқалда — бір лот, бір қадақта — 32 лот бар).
МІНЕУ — мінін алу, мінді жерін кесіп тастау, түзету, мінсіз ету; сынау.
НАЙ — қамыс, қурай; шылым тартатын трубка; көне музыка аспабы.
НАУА — мал су ішетін, жем жейтін астау.
НАУБАЙ — наншы.
НАУБАТ — кезек, тәртіп, рет.
НӘЛ — етіктің өкшесіне қаққан дөңгелек таға, жалпақ темір.
НӘН — үлкен, дөкей, әйдік, ноян, шоң.
НӘРЕНЖУ — қораш, кемсін, нашар.

НИЗАМ («мизам» деп те айтады) — тәртіп, қағида, заң.

НЫМША — жеңсіз шолақ кеудеше киім.

НЫСАН — белгі, айрым белгі.

НІЛ — шырын; шөптің бояуы.

ОБА — тастан қалаған қарақшы, меже, белгі.

ОЖАУ — шөміш, үлкен қасық.

ОЙМА — тастан шауып жасаған бейне; етіктің қоныш пен басы қосылатын жері; ойып жасаған бедер.

ОЙМАҚ — іс тіккенде саусаққа киетін, былғарыдан, көңнен ойып жасаған орауыш; жез оймақ.

ОЙМЫШ — ойып түсірген ағаштың, сүйектің, тастың бедері.

ОЙРАН — бұзылу, құлап қалу, жоқ болу, тозып біту.

ОЙСЫРАУ — бүліну.

ОЙЫҚ — тесік; суат.

ОЙЫНДЫ — киімнің жең қондыратын жері, жеңтүптің орны.

ОҚ — садақтың жебесі, оғы.

ОҚА — күміс, алтын, жез ораған жіп; осы жіптерден тоқылған жолақ (лента).

ОҚАЛЫ ҮЗІК — оқа басқан үзік.

ОҚПАН — ердің алдыңғы қасының астынан басталып артқы қаспен аралықта болатын қуыс; ойылып түсіп кеткен жер қуысы.

ОҚТАЛУ — қаруды кезену, ұңғайлану; бір істі істемекші болу.

ОҚЫРА — ағаштың кінаратты болған жері; ағашқа біткен без, өзек.

ОХРА — жоса, топырақ бояу.

ОҚШАНТАЙ (оқ — шантай) — оқ-дәрі салып жүру үшін белдікке тағулы жүретін қалта, оны көбінесе түйенің табан мүйізінен жасаған, оймалы иығы бар, әбден қатқан кезде көгілдір мәрмәр сияқты болып көрінеді.

ОЛБЫР ТОҚЫМ — үлкен, мол жаба салма тоқым.

ОМЫРАУ — киімнің, жағаның екі жақ ұшына таман келетін, кеуде тұсы.

ОМЫРАУША — қазақ қыздары төсінің өскендігін жасыру үшін, көйлектің ішінен киетін өте тар желетке.

ОМЫРАЮ — кему, орны үңірейіп қалу; кем-кетік.

ОМАШ — ерте заманда қолданған жер жыртатын ағаш соқа.

ОН ЕКІ ТАСПА — өрім өрудің бір түрі.

ОПА — бетке жағатын ақ ұнтақ (пудра); асыл тастың, шыны заттардың алтын, күмістің жарқырауық беті.

ОПАЙКЕ — тайынша терісінен істелген былғары.

ОР — қоңырқай сұрғылт түс. Көбінесе қой мен ешкіде, аңдардың түсінің атауында кездеседі (ор қоян); апан.

ОРАМАЛ — бұл сөздің түбі парсылардың «рой» — бет «мал» — мата сөзінен қалыптасқан.

ОРТЕКЕ — ағаштан жонып, құйрық, жал байлап, жіппен секіртіп ойнайтын ойыншық; тау текесі.

ОРЫС ЕТІК — жеңіл қисық табан етік.

ОРАУЫШ — әйелдердің бас киімі.

ОТАУ — кесу, шорт қырқып алу, отап тастау; жаңадан енші алып шыққан жастардың киіз үйі.

ОТ КИІЗ — киіз үйдің төрінен жайғанда от басына дейін жете төселетін, бір жақ шегі бүріле тігілген сырмақ, өшекейлі киіз. Кейде «төр киіз» деп те атайды.

ОТҚА САЛАР — ұзатылған қалыңдықтың барған елінің үлкен үйлеріне кіргенде сыйға беру үшін әшекейлеп жасаған шапан, ішік, сырмақ және т. б.

ОШАҚ — қазан қою үшін ұсталар соғатын үш аяқты темір шеңбер.

ОЮ АЙШЫҚ — өрнек, әшекей.

ОЮЛАУ — өрнектеп оюлап кесу.

ОЮ САЛУ — өрнек түсіру, әшекей жүргізу.

ОЮШЫ — әр түрлі өрнек үлгілерін жасаушы, қазақ ою-өрнегінің шебері.

ӨБІСТІРУ (өбістіріп тігу) — екі бөлек матаның шетін біріне-біріні шеттестіріп тігу.

ӨБІСТІРМЕ — көктеп тікпей-ақ тек пұшпақтарын байластырып алып үстіге жамылып жүретін тері киім.

ӨЗЕК — ағаштың ішіндегі өзегі; қамшы өргенде қатты және мықты болу үшін өрімнің арасына салатын қатты қайыс не темір сым.

ӨНДІРУ — жасап шығару; көбейту, молайтып істеу.

ӨНЖОРҒА — әйелдер тағатын алтын, күміс шолпы, алқа.

ӨҢ — заттың көрнекі жағы; көрік, ажар, түрі; ат ерттегенде терліктің астына төселетін жұмсақ тері.

ӨҢІ АЙНАЛУ — илеген теріні қырып отырғанда қырғының дүзі көк еттен өтіп, қыртыс бетін жонып кетуі.

ӨҢ БЕРУ — әдемілеу, бояу, егеу, ысу, жылтырату.

ӨҢГЕРУ — ердің алдыңғы жағына көтеріп салу; ат үстінде келе жатып біреуді не бірнәрсені алдына алып отыру.

ӨҢ КИІМ — сырттан киетін киім.

ӨҢІР — киімнің екі алдыңғы бойы; көйлектің алдыңғы жағынан омырау тұсына жапсырып тігетін әшекейлі мата, алқалық.

ӨҢІ ТҮСУ — жаңа заттың ажары түсуі, қыры сынуы, бояуы қаша бастауы.

ӨПШН — ат жабу.

ӨРЕ — құрт, ірімшік кептіретін сөре; жылқының үш аяғының тұсауы; үш аяқтап тұсауға арналған өрежіп, шідер; ұсталмаған кесек киіз, шымыр, көлемді киіз.

ӨРЕЛЕУ — малды үш аяғынан тұсау; столдың сирағына төменгі жағынан кергішпен бекітіп тіреу салу.

ӨРМЕ — өрілген зат.

ӨРМЕК — тоқымашылық өнерінің аты; өрмек әдісімен тоқу үшін құрылған жіп; тоқу жабдығының атауы.

ТОРКӘЗ — шахмат тақтасына ұқсаған екі түстен құралатын өрнек.

ТӨРТКҮЛ — төртбұрыш түзеп салынатын өрнек.

ТӨРТҚҰЛАҚ — төрт тармақтан дөңгелек құрайтын мүйіз өрнегі.

ТҰМАРША — («қос тұмарша» дейтін түрі де бар) — геометриялық үш тең бұрыштан құралып, ішіне әр түрлі ою, әшекей жүргізілетін өрнек.

ТҰМАР ТІС — үш бұрыштардан тіс-тіс болып тоқылатын өрнек.

ТҮЙЕ МОЙЫН (түйе мойнақ деп те атайды) — түйенің мойнынша кіле көтеріліп барып тармақталатын мүйіз өрнегі.

ТҮЙЕТАБАН — «түйетебен» деп аталатын көп гүлді үлпек басты тікені бар тамырлы өсімдік; осы өсімдікті тұспалдайтын өрнек; түйенің табанына ұқсас екі жарты сопақша дөңгелектен келетін өрнек (ағаш бедерінде, таб бетінде, кестеде көбірек кездеседі).

ТҮЛКІБАС — көбінесе сүйекке, ағашқа, ораған шиеге, кестенің шетіне салынатын өрнек.

ТЫРНА — тізіліп ұшқан тырна бейнесіндегі өрнек.

ТІС — малдың, аңның тісіне ұқсас жолақтана салынған шақпақ өрнек.

ҮРКЕРКҮЛІ (гүл) — көбінесе күміс бедерінде, кесте бетінде келетін топ жұлдызшалардан құралған ұсақ өрнек.

ҮШҚҰЛАҚ — барлық әшекей ісіне тән үш мүйізді, үш жапырақты, үш тармақты өрнек.

ШАРБАҚ ОЮ — өрнектің түрі (мұны кейбір облыстарда «шығыршық» десе, кейбір облыста «өткерме» деп атайды).

ШАҚПАҚ — шахмат тақтасына ұқсас төрт бұрышты шақпақ өрнек (кестеде, құрақта, ағаш, сүйек бедерлерінде, ши орауларында көп кездеседі).

ШАҚША — кесте өрнегі.

ШАПҚЫ — жауынгершілік, аңшылық заманынан қалған құрал түрлерін бейнелеуден туған өрнек.

ШАТРАШ — қиықтан түзілген өрнек.

ШАРШЫ — төрт бұрышы тең төрткүлдерден құралған өрнек.

ШӨЖЕБАС — құстың, торғайдың бас бейнесін еске түсіретін өрнек.

ШӨМШ ӨРНЕК — малдың «шөміш таңба» деп аталатын таңбасынан өрбіген өрнек. Бұтақты мүйіздер мен қымыз ожаудың қайқы сабын, басын бейнелеген өрнек.

ШЫБЫНҚАНАТ — ши орауда, жиек бастыруда, жіп төгуде, ағашты қарып бедерлеуде көп кездесетін ұсақ өрнек.

ШЫНЖЫР — үзбелерден құрастырған темір арқан, шынжыр бау бейнесіндегі өрнек.

ШЫЖБАҚАЙ — шимай өрнектің бір түрі.

ШЫНЫГҮЛ — өрнек.

ШЫТЫРМАН — төрт бұрыштарды қабаттап салып, бұрыштар мен ортаны толтыра кестеленген күрделі өрнек.

ЫЙЫҚ — өрнектердің түйіскен, не бұтарланып өрбіген жерінде келетін өрнек. Оюлардың тарамданған бұтақтарын да «ыйық» дейді.

ЫРҒАҚ — толқынды, үзбелі көп иректерден, имектерден құрылатын өрнек; түзден түскен асау бүркітті шаршату үшін қондырып қоятын бос керілген арқан.

ІЛМЕК — ілмектеп байлаған жіпті бейнелейтін өрнек. Ол кейде «ырғақ» өрнегінің бір сыңары сияқты болып келеді.

ПӘРБІ (бәрбі) — шойын тесетін үскі.

ПЕРДЕ — шымылдық, шаршау, бет жапқыш.

ПӘРУАНА — көбелек.

ПАРША — бір кесек, бір бөлім.

ПӘС — кем, төмен, күйкі, нашар.

ПОСТЫ — адамның терісі. «Иланбаған достыңа, сабан тығар постыңа» мақал).

ПҮШ — тәйке түспесін деп алшы жағын жонған асық.

ПҮШПАҚ — аңның, малдың сирақ терісі.

ПЫСТАН — өрнекті жез бүркеншігі бар шеге.

ПЫСУ — пысыту, ширату, пысықтау.

ПІСІРУ — ұсталған киізді шымырлығын қалпына келтіру үшін ыстық су құйып шиыршықтап қайтадан білектену.

ПЫСЫТҚЫЛАУ — ыстық су құйып немесе ыстық суға салып (мүйізді ағашты) жұмсату.

ПЫШҚЫ — ағаш кесетін ара темір (пышақ, пышқы, пішу, пішін, пішен сөздерінің бәрінің түбірі піш — кес сөзінен шыққан)

ПІЛТЕ — шамның білтесі (Бұрын тақияны, омыраушаны сырығанда да арасына ширатқан жүннен пілте өткізіп сырыған. Оталып атылатын пілтелі мылтық та болған).

ПІСПЕК — саба, торсық, күбіні пісетін ағаш жабдық.

ПІШУ — кесу, қию, отау (киім пішу, мал пішу).

ПІШІНДЕМЕ — өрнектеу, оюлау, бейнелеу, үлгі.

РАЙХАН — жақсы иісті гүл; өрнектің аты (райхангүл).

РАНТ — етіктің ұлтанының шетіне жасалатын бедер, өрнек.

РӘСІМ — сурет, сызық, бейне; төртіп, әдет, дәстүр; ресім, қарар, қаулы, үкім.

САБА — кептірілген шикі теріні әуелі құрымға салып, құм кептеп қатырып, содан кейін ысқа салып төрт бойдан құрастырылған тері ыдыс (қымыз саба, іркіт саба т. б.).

САБА АЯҚ — сабаның астына қою үшін әшекейлеп жасаған төрт бұрышты жүк аяқ.

САБАҚ — қол ісінде инеге өткізіп алған бір бөлек жіп, бір сабақ жіп; салпыншақ сырғаның, сабақты түйменің салпыншақтарының асылып тұрған бойы, сабағы.

САБАҚТЫ ТҮЙМЕ — басына неше қырлы домалақ тас орнатып оны күміспен күпсеп қадаған түйме.

САБАҚТЫ ЖІП — инеге өткізіп қойған жіп («сабақты ине» деп те айтады).

САБАТ — қымыз дәмдес өсімдік, қымыздық (оны иге қосатын).

САБАУ — жүнді тазарту, майдалау үшін, ұйысқанын жазу үшін сабап тазартқанда қолданатын жіңішке таяқ, шыбық.

САҒА — пышақтың, қылыштың сабы мен темірінің қосылған жері; балтаның тамағындағы күршегі.

САҒАЛДЫРЫҚ — жүгеннің астындағы аттың сағасына дәл келетін тамақ қайыс.

САҒАНАҚ — керегенің қоспасындағы шолақ ағаштар.

САДАҚ — иген ағаштан жасаған батырлардың ату құралы (жақ).

САДАҚСАН — бүркіттің бір тегінің атауы.

САЙЫПҚЕР — сайысшы, сайыпқа түсіп әдеттенген, сайыпқа түсу өнеріне жетік адам.

САЙЫП ҚЫРАН — асқан батыр, теңдесі жоқ алғыр, мықты, ие.

САҚАР — сабын істеу үшін алаботаны өртеп, соның күлінің шайындысынан қайнатып алған ащы ұнтақ.

САҚПАН — арасына тас салып құлаштап лақтыратын ұрыс құралы.

САҚПАҢШЫ — сақпан ұстап жүретін малшылар, жылқышылар. Бұрын сақпаншылар сақпанмен ұры түсіріп, қасқыр соққан; жаңа аяқтанған қозылардың бақташысы.

САҚИНА — саусаққа киетін жүзік, шығыр.

САҚИНЕК — пышақтың, қылыштың, біздің сапқа жетесі сұғылған жерін мықтап қысып тұратын шығыр.

САҚИНЕКТІ ПЫШАҚ — сақинегі бар пышақ.

САҚТИЯН — ешкі, қой терісінен иленген жұмсақ былғары.

САЛАЛАУ — үйге арнап әзірлеген өрім ағаштардың ұзынын теңестіре қатарластыру; иіретін шуданы ұзын бойымен созып алу, шуда талшықтарды ұзынынан қатарлау.

САЛУАТ — кешіру (біреуден алашақ еңбегін, ақысын алмай бос жіберу).

САЛАҚИЯТ — жарамды, қабылетті, толымды.

САЛБУЫРЫН — бүркітпен қостап аңға шығу, көп кісі боп алыс жерден аң аулау.

САЛДУАР — балық аулағанда аудың астыңғы жағын суға батырып ұстау үшін байлаған тас, темір, қармаққа байлаған қорғасын.

САЛМА — терең құдықтан қауға шелекті көтеріп шығару үшін жасаған аумалы ағаш құрал.

САЛПЫНШАҚ — құйысқанда, кісеннің жанында, жүгеннің сағалдырығында, өмілдірікте үзбелі, өрнекті салбырап тұратын әшекейлер.

САЛШАЛБАР — бұрын шалдар, батырлар киетін кең, кестелі шалбар.

САЛЫҚ — шырпу, кемшілік; көшіп барып қонатын жерге басқа біреу қонып қоймасын деп алдын-ала апарып тастаған жүк үй, белгі; жортуылшылардың бір жерге жасырын мекендеуі.

САМАР — қымыз құятын, ет жасайтын үлкен сопақ астау.

САМИЯН — өгіз жеккенде жарма ағашына өткізіп қоятын мұрындық темір, жұмыр ағаш.

САМЫРСЫН — түрлі бұйымдар жасауға жарамды қатты ағаштың бір түрі.

САМҰРЫҚ ТАҢБА — қанатын жайып тұрған екі басты құсты бейнелеген өрнек.

САНАТ — өнер, қол өнері.

САНДАЛ — ауыр да қатты ағаш; сол ағаштан істелген орындық, тұғыр; ұсталардың төс темірді бекітетін ағаш тұғыры.

САҢ — ақ, ақ түс (ақ түсті мата, ақ сұпы).

САҢҒАҚ — құстың саңғағы (оны тері илеуге пайдаланған).

САПАЛАҚ — ат айдайтын ұзын шыбыртқы.

САПСАЛҒЫ — көннен жасаған баспақ (сайман салғыш сумка).

САПЫ — бір жүзді өткір темір қару, семсер. Қылыш.

САРА — тура, таза, түзу.

САРАПШАҢ — бетті күннен, шаңнан қорғау үшін бетке жауып жүретін қылдан тоқылған тор.

САРЫ БОЯУ — бояудың түсі. Сары бояуды халық шеберлері бұрын шөптің тамырынан, тастың қынасынан алған. Сондай сары бояу шығатын бір шөпті қазақша «томарбояу» деп атайды.

САРБҰҒА — дару, шөптің тамыры. («Сарбұға», «бозбұға» деп аталатын тамырлар болады, оны бояуға қосады).

САРБӨРТПЕ — боршалап алып 2—3 рет суға жуып селін азайтып беретін бүркіттің жемінің бір түрі.

САРДОП — су сақтау үшін жер астынан жасаған құрылыс.

САРЖА — садақтың оғы.

САРНАУ — керегеге сыздық салу, сыздықтау, жолақтау.

САРНАУЫҚ — керегеге сыздық салатын, әр жерінде 3—4 тісі бар қисық қырғы темір.

САРНАУШЫ — сарнауықпен сыздық салушы шебер.

САРПАҢ — киім, әскер киімі, шапан.

САРЫ — түс, түр.

САРЫ АҒАШ — пальма ағашы, құрама ағаш.

САРЫША (саржа) — сары жақ.

САРЫ ЖАСЫН — ең ұшқыр оқ.

САРЫН — белгі, із, нобай.

САСЫР — жаздың басында шөптің арасына шашақтанып шығатын сасық құрай. Оны бояуға қосқан.

САСЫҚТАБАН — жылқының тұяқ ауруы. Ондай аттың табанын ойып тастап, тұяқтарын тарамдап жонып, мүйіз тұяқпен тағалап бірнеше жұма шалшық көгалға арқандап қоятын.

САУЫТ — батырлар киетін темір шынжырдан істеген киім, қорғаныс шыны ыдыс.

САЯБАН — көлеңкелі орындық (беседка).

СӘДЕП — теңіз түбінде болатын інжу тастардың сыртқы қабығы, қабыршығы. Одан әр түрлі табақша жасаған.

СӘКІ — саты, басқыш, орындық; төр алдында болатын отырғыш тақтай, яғни қалаған кірпіш, нар.

СӘН САЛПЫНШАҒ — әшекейлі белдіктің қосалқы бөлшектері.

СӘРПӨНКЕ — іш киімдік қызыл мата (іштік).

СӘУКЕЛЕ — ұзатыларда қыздар киетін сәнді бас киім.

СЕГІЗ ТАСПА — өрімнің таспа санымен аталатын түрі.

СЕЛЕБЕ — ұшы қанжар сияқты өткір найза.

СЕЛПУ (селпеу) — матаның, терінің, киіздің созылып шыққан міні, тігін жібінің іркіліп қалған ілмектері.

СЕҢСЕҢ — марқаның қырқылмаған терісі.

СЕПТЕУ — үзілген жіптің ұшын ширатып жалғау.

СЕРТЕК — желеткенің жеңіл және сәнді түрі (оның алдыңғы өңірі салпы, арғы көтеріңкі және ойық, омырауы ашық, үш қалталы болады).

СЕРУ — өрмектің жіптерін шатастырмау үшін бір астыңғы, бір үстіңгі жіпті теріп, екі-екіден байлап қоятын таяқ.

СЕТІНДІ — седіретіп суырған матаның шеті.

СЕТУ — пышақтың ұшымен ғана тілу (тігісті сөккенде, жылқының танауына шек салғанда осылай сетеді).

СОЗАН (сар созан) — шөп (оны шеберлер терінің иіне, бояуына қосқан).

СОҚҚЫ — шоқпар, темір; бүртік қаққан немесе кетпеннің ұңғысын саптаған ағаш; ауыр тас балға.

СОҚТАЛ — шөп-саламға илеген былжыр.

СОМ — кесек, сап (сом темір, сом дене, сом алтын т. б.).

СОПА — жуан шолақ таяқ.

СОРҒЫТУ — кептіріңкіреу.

СОЯУ — киіз, жабағы тігетін ағаш ине.

СӨГУ — тігісті бұзу, тігілген нәрсені ажырату.

СӨМКЕ (сумка) — тоқып немесе киізден, былғарыдан жасаған дорба.

СӨРЕ — бірнеше сәкіге бөлінген тік жөшік (этажерка).

СУЛЫҚ — жаңбырда киетін су өтпеске септігі бар киім; тамақтан кейін қол сұртетін орамал; ауыздықты жүгенге жалғастырып тұратын темір.

СУТАС — сопи тас, мөлдір тас (хрусталь).

СҰРЫП (сұрпы) — бір заттың ең таңдаулы, біркелкі кесек таза бөлшегі.

СҰРЫПТАУ — іріктеу, таңдау, ең сұрпысын бөлек алу.

СҮЙЕК ЖОНУ — қолөнер түрі.

СҮЙЕК КЕБЕЖЕ — сүйекпен оюлап, мықтармен әшекейлеген ағаш кебеже.

СҮЙЕК ҚАЛЫП — сүйекті ағашқа оймалаумен қатар, сүйектен керамикаға қалып жасаған.

СҮЙЕКШІЛІК ӨНЕРІ — сүйек жону өнері.

СҮЙЕМ — сұқ саусақ пен бармақтың арасы (бір сүйем 4 елі — бармақ пен саусақты керіп, оған 4 саусақты қырынан қатар қойып өлшеу).

СҮЙМЕН — тоң оятын ауыр және ұшты сом темір, лом.

СҮЙРЕТКІ — алдыңғы басы қайқылау, қос табанды шана тәріздес сүйретіп жүретін құрал.

СҮЙРЕТПЕ — үлкен торсық.

СҮЙІР КІРПІШ — көне құрылыстарда арнайы алты қырлы етіп жасап, сұқпалап қалғанда сырт көрінісі ылғи алты бұрышты торкөз болып келетін күйдірген кірпіш.

СҮЛГІ — екі алақанын кестелеген ұзын орамал.

СҮМБЕ — қар бетіне жүгіртіп ойнау үшін, бір басы жуан, үшкір, екінші басы жіңішке таяқ, жылман

СҮРГІ — илеген терінің етін көшіріп, құрыс-тырысын жазу үшін ағаштан, темірден жасаған қырғы құрал.

СҮРГІЛЕУ — теріні сүргімен қырғылау, тырналау ағашты үстіріктеу.

СҮРЛЕУ (сүрдек, сүрдесін) — көп малдың жүріп өткен, ескі ізі, көмескі із, өрнектің эскизі.

СҮРМЕ — қасты қарайту үшін жағынатын бояу.

СҮТІН — тіреу, бағана, діңгек.

СИДА — бұтақсыз тегіс ағаштың сабағы; ағаш ине (онымен жазыны көктеген); әр жерден қағып қойып соған байлап тал тоқитын қада; қазы түйрейтін тобылғы істік.

СИПАТ — түр, түс, бір заттың бейнесі, суреті.

СЫБЫРЛАҚ — бақай, бақай сүйегі.

СЫДЫРҒЫ — таспа тілгенде пышаққа кигізіп алатын ағаш қалып.

СЫДЫРМА — етікке бас орнату, бастаманың ұлтанын тігіп ұлтару.

СЫДЫРЫМ — тарамыстың, таспаның жіңішке бір талы, талшығы.

СЫДЫРЫНДЫ — таспа қырғанда, ағаш үстіріктегенде сыдырылып түсетін жұқа жоңқа, жұқана.

СЫДЫРУ — таспа тілу, тарамысты талдау; етіктің ұлтанын басқа тігіп жапсыру.

СЫЗДЫҚ — етіктің, терінің тігісінің арасына салып тігетін жіңішке былғары, тері; керегенің сызық өрнектері.

СЫИТ (сит) — құдалар арасында болатын көде.

СЫҚАУ — қысу, қатты басу, кернете толтыру.

СЫҚАУЫРЫН — тезге салған ағашты қатты сықап, басып тұрып түзейтін, не бүгетін ағаш.

СЫҚЫРЛАУЫҚ — киіз үйдің ішкі жағынан жабылатын екі бөлек өрнекті тақтай есік.

СЫМ — шегені сыптығырлау үшін, күмісті созу үшін қолданылатын бірнеше тесігі бар темір қалып; темір шыбық; шалбар.

СЫМБАЛ — бума, тең.

СЫМБАТШЫ — суретші, мүсінші.

СЫНТАС — тас бейне, тас белгі.

СЫНЫҚ МҮЙІЗ, СЫҢАР МҮЙІЗ — өрнек түрі.

СЫР — бояу.

СЫРШЫ — бояушы.

СЫРҒА — әйелдердің құлағына тағатын алтын, күмістен әшекейлі, асыл тасты, маржанды салпыншақ бұйымдары (ай сырға, шұжық сырға, сояу сырға, қоңырау сырға, иықты сырға, күмбезді сырға, төбе сырға, салпыншақ сырға т. б.).

СЫРДАҚ — ауыттың астына төсейтін киіз.

СЫРЛЫ АЯҚ — сыры бар, әдемі боялған аяқ.

СЫРМА (сырыма) — қабаттап сырыған төсеніш.

СЫРМАҚ — екі түсті киізден оймалаған не үстіне матадан ою басқан, тігістеріне жиек басып сырыған әшекейлі төсеніш киіз.

СЫРТТЫҚ — сырттан киетін мол киім. Тоқым орнына ерттейтін үлкен ішпек.

СЫРУ — жиі және қайталап шаншыл тігу (қайта-қайта тігу).

СЫРЫҚ — ұзын ағаш, сойыл, тіреу, арыс.

СЫТУ — тесу, кесу.

СЫТЫҚ — көзі сынған ине.

СІЛЕМ — жіптің ұшы, ұшығы; шүйкелеп қойған жүннің екі жақ ұшығы.

СІЛЕМДЕУ — ұшықты ширата түсу, тарамысты жалғап ширату.

СІРГЕ — енесін емдірмеу үшін бұзаудың тұмсығына кигізіп қоятын, біріне-бірі көктеген үстіңгі жақтағы төрт ұшы үшкір ағаш, тұмылдырық.

СІРҒАЛАҚ — құр тоқығанда қолданатын қолдың алақаны сияқты төрт тесігі бар аспап. Оны өрмекті күзусіз, серусіз тоқығанда қолданады.

СІРІ — кепкен көн. Оны етіктің тақасына салады.

ТАБА — нан пісіретін шойын табақ.

ТАБАҚ — тастан, ағаштан, темірден жасаған тамақ салатын жайпақ ыдыс; мүшелеп жасаған бір табақ ет (бас табақ, аяқ табақ), бір бөлек қағаздың, шынының, қаңылтырдың көлемі: үлес, енші, иелік, орда.

ТАБАЛДЫРЫҚ — есіктің маңдайшасына қарама-қарсы, төменгі жанындағы көлденең ағашы.

ТАБАНДАУ — есіктің табанына шолақ ұлтан қағу, шананың табанына темір қағу.

ТАҒАР (дағар) — қап (сиымы 4 пұт мөлшерінде).

ТАЙ — үлкен тең.

ТАЙЖАҚЫ — тай терісінен істеген ішік (доха).

ТАЙТЕРІ (тәйтері) — жүнін үстіне қаратып астыға салып отыратын тері төсеніш, бөстек.

ТАҒА — аяқ киімнің өкшелігі; аяқ киімнің табанына байлайтын жылқының тұяғы.

ТАЛҚЫ — теріні керіп, созып уқалап жұмсартатын ағаш құрал.

ТАЛДЫРМА — жұқа басылған киіз.

ТАЛШЫҚ — тарамыстың әрбір тал жіптігі, жіп тәрізді жіңішке ұзыншақ заттар.

ТАЛЫС — жылқының бас терісінен жасаған сайман салатын дорба.

АТАМАҚБАУ — қамыттың ағашын тартып байлайтын қайыс бау.

ТАМАҚ ІШІК — аңның тамақ терісінен істелген ішік.

ТАНА СУЫ — әшекейлі жалпақ түйме; сән үшін тағынатын зат.

ТАҢБА — белгі.

ТАҢҒЫШ — керегелердің қиыспаларын байлайтын, тең буатын түрлеп тоқыған жалпақ құр.

ТАРАЗЫ — өлшеуіш, кір, безбен.

ТАРАЛҒЫ — үзенгі бауды жалғастырып тұратын тоғабастың үстіне кигізіп қоятын күмістеген темір сақине; үзенгі — баудың қайысы.

ТАРАМЫС — малдың жіліншік сіңірлерін кептіріп, соның талшықтарынан ширатқан, етік тігетін мықты жіп.

ТАРТПА — ердің үстіне келетін төс айылдағы жалпақ әшекейлі былғары; бүркітті қайырғанда беретін жемнің бір түрі; бір басында қармағы бар пішен суаратын ағаш тартпа.

ТАРТУ АРҚАН — түйенің төсінен асыра салған екі арқанның бірі (онымен барлық жүкті тартып байлайды).

ТАС АЯҚ — ыдыс.
ТАСБОЛАТ — күйдірген кірпіш.
ТАСЖАРҒАН — ұшқат, таулы жерге шығатын қатты ағаш (бұдан қамшыға сап жасайды).
ТАСПА — жіңішкеlep тіліп алған қайыс (айыл-тұрманды таспамен тигеді, өрімді таспадан өреді).
ТАСПА СЫДЫРУ — таспа тілу.
ТАС ТАБАҚ — ыдыс.
ТАСТАМА — қазақ үйдің киіз есігінің бас бауы (оны шаңыраққа бақанмен лақтырып тастап байлайды).
ТАС ТҮЛЕК — 4 жастағы бүркіт.
ТАУША — там үйдің қабырғасындағы ыдыс-аяқ қоятын шұңқыр.
ТАЯНЬШ — маңдайша; киіз үйдің есігінің екі жақ жақтауы.
ТӨБЕРКЕ — қаңылтыр ыдыс, қалбыр.
ТӘЖІ (тәж) — арбаның тертесінің екі жағындағы мұрындықты қоса тартып тұратын бауы; арт білік пен бел ағашты қосып тұратын ағаштың бауы.
ТЕЗ — үйшілердің ағашты түзетіп немесе иіп қалыптайтын станогі.
ТЕКЕМЕТ — үстіңгі бетіне ою, өрнек жапсырып басқан киіз.
ТЕКШЕ — шаршы төртбұрыш (куб); кішкене төрт бұрышты қол сандық.
ТЕЛПЕК — бас киім, тақияның бір түрі.
ТЕМІРТЕК — жасық, жай темірден соққан пышақ.
ТЕПШУ — қол тігісінің бір түрі.
ТЕРМЕ — өрмек жіптерді теріп отырып шалыстыру арқылы өрнек түсіріп тоқу әдісі.
ТЕРЛІК — тоқым ішпектерінің ең астынан келетін жабағы.
ТЕРСЕК — тарамыс, тарамыс ширататын сіңір.
ТЕСЕ — кетпен шот.
ТЕСКІ — тесетін темірдің астына төсейтін, тесігі бар ұя темір.
ТЕСКІШ — темір тесетін, ұшының асылы бар қадау бас темір.
ТИЕК — домбыра шегінің астына қоятын көтерме ағаш; шідердің, тұсау жіптің бір жақ ұшында болатын көлденең түйіртпек.
ТИІН ІШІК — тиін терісінен істелген ішік.
ТОВЫРШЫҚ — ағаштан жасаған ортасына қағылған жалғыз шегені айналып тұратын тиек ағаш.
ТОВЫРШЫҚ ҚАМШЫ — буылтығы бар қамшы, түйіндеп өрген қамшы.
ТОЗ — етіктің өкше сірісіне салатын, шыны-аяқ салғыш сауыт жасайтын қайыңның қалың қабығы.
ТОЗҒАҚ — жөке, моншала.
ТОҚЫЛДАҚ — түнгі күзетшілердің тоқылдатып дыбыс беріп жүретін ағаш құралы.
ТОҚЫМ — ішпектердің ең сыртынан келетін етегі үзенгімен қатарлас, өрнектеп сырып, оймалап істелген киіз (былғары) тоқым.
ТОҚЫМА — бізбен, сыммен шалып тоқыған зат.
ТОМАҒА — арнаулы үлгі бойынша пішіл, қалыпқа салып тіккен, бүркіттің басына кигізіл қоятын әшекейлі былғары.
ТОМАР БОЯУ — өсімдіктің тамырынан істейтін сары бояу.
ТОМЫРТҚА — қар салып, мұз салып салқындатып ішетін сусын (сүр еттің сорпасы, езген құрт т. б.)
ТОПШЫЛАУ — қайыс түюдің бір әдісі.
ТОР — ау (түз бүркітіне тор жайып ұстайды, балықты тормен аулайды).

ТОР КӨЗ — киіз үйдің керегесінің бір түрін «тор көз» (тар көз), екінші бір түрін «жел көз» (кең көз) деп атайды.

ТОРҚА — кендір жібінен тоқылған мата.

ТОРСЫҚ ӨРУ — әйгілі өрімшілер 70, 80 таспадан иық, түп, мойын шығарып, кейде айбалта бейнелі торсық өрген.

ТОСТАҒАН — ағашты ойып істеген кіші-гірім ыдыс (аяқ).

ТОШАЛА (шошала) сайман, азық-түлік қоятын, төбесін дөңгелек теп жауып, шошақтап шығарған балшық, яки тас үй.

ТӨБЕТЕЙ — төбе киім, тақия.

ТӨБЕЛДІРІК (бергек) — әйелдердің басына киетін әшекей.

ТӨГУ — иірілген жіпті ұршықтан алып домалаққа жинау; матаның бетіне жіпті бос немесе өте жиі етіп тігу.

ТӨЛКІ — сопақша келген дөңгелек қуыс темір (цилиндр).

ТӨНЕРЕК — дөңгелек бейнемен келетін өрнек; ру таңбаларының бір түрі.

ТӨСАҒАШ — арбаның алдыңғы білігінің үстінде тұратын жастық ағаш (одан кіндік темірді өткізіп, білікпен байланыстырады).

ТӨСЕК КӨМКЕРУ — 9 қатар, 12 қатар арнаулы төсек киіздерінің от жағын (ішкі жағын) әр түрлі матамен көмкеріп әдіптеу.

ТӨСЕЛУ — іске машық болу, әдеттену.

ТӨСЕК-ОРЫН — төсек, көрпе, жастық, түс киіздердің жиынтығы.

ТӨСТАБАН — түйенің төсінде болатын мүйіз, қатты тері.

ТӨРТКҮЛ — өрнек түрі.

ТӨРТТАСПА — қамшы өрімінің бір түрі (мұны «мұрындық» өруі деп те аятады).

ТҰЖЫРАУ — кескен ағаштың басының қырларын жонып тегістеу.

ТҰЗАҚ — аңшылардың қылдан, тарамыстан, жіңішке сымнан жасаған, сусымалы құралы. Ол аңның мойнына киіліп, кептеліп қалады; жіп байлаудың бір түрі.

ТҰЗДЫҚ — алым, жем; тоғыз құмалақ ойынының бір әдісі.

ТҰЛА — бой, ұзындық.

ТУ — жылқының құйрығының түп қылы; жалау.

ТУЛАҚ — үстіне жүн салып сабау үшін кептірген көн тері.

ТУЛАҚ ШАШУ — жүн сабарда, сабап болған соң берілетін шашу тамағы.

ТУЫРЛЫҚ — киіз үйдің үзіктен төменгі киізді (ол уықтың иығынан төмен кереге бойын жауып тұрады).

ТҰЛЫП — жүнін сыртына қаратып істеген бітеу сойған бұзау терісі, ыдыс.

ТҰМЫЛДЫРЫҚ — енесін емізбеу үшін бұзаудың тұмсығына кигізіп қоятын киіз дорба.

ТҰРА — аттың табан тұяғына тиіп тұратын бақай сүйегі (тұралап қалу).

ТҰРҚЫ — етіктің өкшесі мен тұмсығының арасы, бір істің ұзыны.

ТҰРМАН — ердің толық жабдығы.

ТҰСАУ КЕСУ — баланы тез жүріп кетсін деп аяғына ала жіп тұсап оны үлкен кісіге пышақпен кестіріп жасайтын ырым.

ТҰС КИІЗ — кигізге кестелі барқыт, оюлы мата жауып мейлінше әшекейлеп істеген төсектің тұсына құратын кілемше.

ТҰТАМ — ұзындық өлшеуі (4 еліге тең).

ТҰТҚА (тұтқы мәнінде) — бір нәрсенің адам ұстауға ыңғайлы етіп жасаған сабы, ілмегі (есіктің тұтқасы).

ТҰТҚЫШ — бір затты ұстағанда қолға киетін киіз дорба, қолғап.

ТҮБЕК — жас баланың бесігіне байлап қоятын өрнектеп тіккен киіз қалта.

ТҮЙГІШ — келі.

ТҮЙЕ МОЙНАҚ — торсық, дорба (бұрын алтын, күмістен істелген асыл заттарды осы түйе мойнаққа салған).

ТҮЙЕ МҰРЫНДЫҚ — жүннен, таспалап екі ұшын түйген түйенің мұрындығы; төрт таспа өрім.

ТҮЙМЕ (түйін сөзімен мәндес) қайыс өрімінің бір түрінің атауы (түйме жүген, түйме ноқта, түйме шілия).

ТҮЛЕ — бүркітті аңға салуға әзірлегенде, оны түлекке отырғызып, барлық қауырсындарын түсіріп жаңадан қауырсын шығартады.

ТҮНДІК (түндік) — киіз үйдің шаңырағына жабатын шаршы киіз.

ТҮР — өң, түс, өрнек, әшекей.

ТҮРМЕ БЕЛБЕУ — жібек орамал белбеу.

ТҮРПІ — ереу, егеудің бетіндегі бедер, түрпі тас.

ТЫҒЫРЫҚ — екі басын кертіп тұжырған түйе мұрындық ағаш.

ТІЗДЕУ — түйені шегеріп қойып, екі тізесінен тұра алмастай етіп байлау.

ТІЗЕЖІП — түйені тізерлеп байлауға арналған екі басы да тұйық жіп.

ТІЗЕҚАП — ауы, ышқыры жоқ екі балақ. Оны тек суықта екі бұтқа ғана киіп, жоғарғы жағын шалбардың ышқырына байлап қояды.

ТІН (тіл деп те айтылады) — әрқайсысы бөлек есіліп, содан соң қосып бұралатын арқанның жібі.

ТІРНЕК — екі жасар бүркіт.

ТІРСЕК ЖЕҢ — шолақ жең бешпент.

ТІС — бір нәрсенің жүзі (тарақтың тісі, тырманың тісі).

ТІСЕУ — диірмен тасының бетін шауып бедер түсіру.

ТІШҚУЫШ (тіс шұқуыш) — күмістен өрнектеп, үзбелеп жасаған масуақ темір (кейде оны сүйектен де жасаған).

ТІСТЕУІШ — араның тістерін оңдайтын кілт сияқты темір.

УАЗИПА — еңбек, еңбек жемісі.

УҚАЛАУ — теріні созғылап, умаштап жұмсату.

УЫҚ — кереге мен шаңырақтың арасын қосып тұратын бір басы түзу, екінші басы бүгілген жіңішке сырықтар.

ҰЗЫНДАУ — басылған киізді ұзынынан ширата білектеп отырып, ұзынын шығару.

ҰЛАН — тоздан жасаған 25 пұттық үлкен шелек (оған тұқымдық дәнді сақтаған).

ҰЛТАРАҚ — етіктің ішінен табанға салатын төсеніш.

ҰЛТАРАҚША — етіктің бүрмесін іліндіретін, ең ішінен төсейтін былғары іштік.

ҰН ЖЕЛІМ — ұннан езіп жасаған желім (онымен сынған кесені аяқты желімдеген, жіп қатырғыларды қатырған).

ҰҢҒЫРЛАУ (ұңгірлеу) — бір заттың ішін оя қуыстау, ұңғу.

ҰҢҒЫРАУ (ыңғыру) — қайқы бас пышақ (онымен аяқтың, қасықтың, келінің ішін ұңғып жонады).

ҰҢҒЫР ШАПАШОТ — жүзі ішіне қарай қайырылған, ұңғи шабатын шанапашот.

ҰРАҢҚАЙ — уық не ағаштарды қатарлап қойып бастарын түйістіріп, үстіне киіз жаба салған, қос сияқты керегесі жоқ киіз үй.

ҰРҒАШЫ ЖІП — өрмектің бой жібінің астыңғысы.

ҰРҒАШЫ АЛТЫН — қызыл түсті алтын.

ҰРҒАШЫ КҮМІС — жұмсақ ақ күміс.

ҰРҒАШЫ ТАС — тиірменнің астыңғы тасы.

ҰРМА (соқпа) — қалыпсыз кесек былжырдан соққан құрылыс.

ҰРШЫҚ — жіп иретін құрал (екі ұршық жіп-бір алқым).

ҰШЫҚ — жіптің ұшы, инеде қалған ұшық жіп.

ҮГІНДІРІК — ұсталар көмір көсейтін темір қалақша.

ҮГІРШІК — құлатқан қарағайдың бір басын тесіп алып, содан өткізіп сүйрету үшін қолданатын шынжыр темір.

ҮЗБЕ — жүгеннің ауыздықпен жалғасар жеріндегі сулығында болатын тиек немесе ілме темір.

ҮЗБЕЛІ СЫРҒА — біріне бірін ілген бірнеше буынтықты сырға.

ҮЗІК — туырлықтан жоғары уықтың өнбойын жауып тұратын 6 баулы киіз (оның жоғарғы шетін-үзіктің қасы, төменгі іргесін-үзіктің жабығы (дөдегесі) дейді).

ҮЙ АҒАШ — киіз үйдің сүйегін жасау үшін әзірленген ағаш, морда, тезде жатқан ағаш.

ҮЙ АҒАШ БАСУ — кереге, уық, шаңырақтарды тезге салып сықауырынмен басып жасау.

ҮЙЕК — малдың тамағынан бастап қарнын қақ жара шапқа дейін тіліп алған 5—6 елідей жалпақ қайыс.

ҮЙЕҢКІ — іс ағаштарының бір түрі.

ҮЙ КӨТЕРУ — киіз үй тігу, там соғу, үй тұрғызу; киіз үйді көп кісі тұра қалып, жықпастан көтеріп апарып қою.

ҮЙРЕК ОЖАУ — мүйізден, ағаштан үйрек нұсқалы етіп, қымыздың бетінде қалқып жүретін ожау.

ҮКІ — сәндік үшін бас киімге қадайтын үкінің жүні.

ҮЛГІ — ою-өрнек қиылған қағаз, тері; оюдың, өрнектің қалыбы.

ҮЛДЕ-БҮЛДЕ (үлде мен бүлде) — қымбатты асыл мата; ылғи асыл.

ҮЛПЕРШЕК — өрнектің бір түрі жүректің сыртындағы қапшығына тығып айналдырған жылы, жұмсақ ет.

ҮҢГҮІР (үңғыру, ыңғыыр) — қуыстап жонатын пышақ.

ҮРПАЯ — жарқанат тышқан.

ҮСЕНШІК — балға, біз, тістеуік сияқты саймандарды салып қоятын тері қапшық.

ҮШАРҚАР ТАРАЗЫ — бір топ жұлдыздың аты (оны шеберлер кесте өрнегінде бейнелеген).

ҮШКІЛ — көйлектің етегіне үш бұрыштап қоятын шабу.

ҮШ ТАСПА — үш таспадан өрген өрім.

ХАЛЫҚТЫҢ ҚОЛӨНЕР ТВОРЧЕСТВОСЫ — халықтың тарихымен бірге жасап келе жатқан, халық өзі ойлап тапқан және ешбір күрделі техникасыз қарапайым әдіспен істеп үйренген өнер істері.

ХАЛЫҚТЫҚ ӨНЕР (ИСКУССТВО) — бір халықтың өзіне тән, елдік тарихымен бірге жасап, біте қайнасқан көркем өнері.

ХАНЖАР — белге байлап жүретін екі жүзді өткір пышақ.

ХАШИЕ — табақтың ернеуіндегі, кітаптың ішкі тектіндегі кейбір сөздерді сол кітаптың шетіне шығарып жазып түсінік беру.

ХҰЛЛА ТОН — өте асыл киім; қымбатты жіппен тігілген әсем кестелі тон.

ШАБ — терінің ең жұқа жері.

ШАБАҚ — арбаның дөңгелегіндегі күпшек пен табан, қима арасында тұратын тіреуіш ағаштар.

ШАБАҚТАУ — киіз басу үшін жүнді шиге салып сабаумен жаймалап сабау.

ШАБУ — киімнің алдыңғы бойы мен арт бойы қосылған жерде

етекке қойылатын үшкіл қойма (кейде киімнің етегін де шабу дейді).

ШАҒИ (шәйі) — жұмсақ және таза мата, жұқа жібек.

ШАЖАМАҒ — кебістің өкшелігі мен ернеуінің арасы.

ШАЙҚАЛТА — шәйнектің шүмегіне іліп қойып, шайды самасынан арылтып құятын сүзгі дорба.

ШАЙЫР — ағаштың шырыны түйенің, қойдың жүнінің сыбағысуы.

ШАҚПЫ (шапқы) — темір кесетін асыл жүзді темір.

ШАҚША — серкенің, сиырдың мүйізінен істеген насыбай салатын құты.

ШАЛ — қамсау (қамыстан тоқыған қора).

ШАЛҒАЙ — киімнің етегінің ұшы; бір етектің ұшымен екінші етектің ұшының аралығы; алыс, кереғар.

ШАЛДУАР — тастан, балшықтан қалаған ашық қора.

ШАЛМА — бас киім, басқа ораған еңдей мата; қашаған жылқыны ұстайтын тұзақ арқан; өрмек тоқу өнерінің бір әдісі; өрім өрудің бір түрінің атауы.

ШАМДАЛ — май шамдарды қоятын жабдық.

ШАМҚАЛЫП — май шамды құйып шығару үшін жасаған қалып.

ШАНАҚ — қобыздың, домбыраның қуыс басы; балшықтан жасаған тегене сияқты ыдыс.

ШАНАШ — малдың терісінен істеген қап.

ШАҢҚАН — түс (ақ, аппақ, шымқай ақ).

ШАНТА — теріден істеген қалта, дорба.

ШАҢЫШҚЫ — балық ұстайтын үш айыр істік; шанышқы, тамақ алып жейтін айыр (вилка).

ШАҢ ҚОБЫЗ — ауызбен тартылатын музыка аспабы.

ШАҢ ТАС — астық бастыратын сегіз қырлы сүйреткі тас.

ШАҢЫРАҚ — жарық түсіру және түтін шығару үшін жасаған киіз үйдің төбесіндегі күлдіреуішті шеңбер ағаш (оның шеңбер аймағы киіз үйдің ірге шеңберінің 1/3 тең).

ШАПАШОТ — балға сияқты, бір жағында өткір дүзі бар, ұңғысы жеңіл ыңғайлы шот балта.

ШАПШАҚ — киімнің кейде бір өңірі қиғашталып, шапырашта-нып кетуі.

ШАПЫРАШ — қисық, қиғаш.

ШАР АЙНА — батырлар киетін сауыттың кеудесінде болатын қақ темір, болат көкірекше; үлкен айна.

ШАРҒЫ — ЖІП — машина жіп, ораулы тұрған жіп.

ШАРДАҚ — төрт тағанның үстіне жасаған орынжай, көлеңке ша-тыр, қарауыл қарайтын орын.

ШАР ТҮЙМЕ — әйелдің сабақты күміс түймесі.

ШАРИ — көп адам жиналған жиналыс, айтыс жиыны.

ШАРШАУ — шымылдықтың қашағасы, жоғарғы желбірі, терезенің пердесі, әшекейлі шілтер мата.

ШАРШЫ — өзара тең төрт бұрыш.

ШАТТАУЫҚ — от ұстайтын шымшуыр (оның мәстемір, жәмке, өтішкір, қысқаш деген атаулары кездеседі).

ШАПТАҚУ — жіңішке қарағай, сырық (ұсақ қарағай, балапан қарағай).

ШӨҢГЕК — жоғары байлап қойып мал іліп соятын ілмек ағаш.

ШЕГЕН — құдыққа қаланған тас, қималаған ағаш.

ШЕГРЕН — матаның бір түрінің атауы.

ШЕКЕР САУЫТ — қант салғыш.

ШЕКПЕН — жүннен иіріп, өрмекпен тоқылған киім.

ШЕКУ — шету, шерту, секу (пышақтың ұшымен ғана шекіп қалу).
ШЕЛ — теріге жабысып жүрген май, көк ет.
ШЕЛДЕУ — іске жаратар алдында терінің жабысып жүрген майын, көк етін қырғылап тазарту.
ШЕНТЕМІР — арбаның доңғалағының шеңбер темірі.
ШЕҢБЕР — құрсау (ағаш шелектің қабырғаларын құрсаулап ұстап тұратын жіпсе); денгей.
ШЕТТІК — ердің айыл, жырым, құйысқан байлайтын қайыс бұлдіргісі.
ШЕТІН — осал, тез жарылғыш, тез сынғыш, нәзік.
ШЕР БОЛАТ — асыл болат, сап болат.
ШЕРТЕР — домбыраның бір түрі.
ШЕРУ (серу) — өрмек жіптерін шатастырмау және үзілген жіпті тез табу үшін күзудің алдынан әр жіпті санап отырып тізіп байлаған сабау, серу (ол бой жіптерін салалап ұстап тұрады. Қазақтың қатар келе жатқан қалың қолды шеру деуі осымен түбірлес).
ШОДЫР — ағаштың оқырасы.
ШОҚ — шашақ, тақияның төбесіне тағатын күлте шашақ.
ШОҚАЙ — етіктің бір түрі.
ШОҚПАР САН — бүркіт.
ШОҚЫР — қарғатұмсық, қайла темір, тоң оятын құрал (кирка).
ШОЛАҚ ҰЛТАН — етіктің қос ұлтаны.
ШОЛАҚ ЖЕҢ — жеңін тек шынтаққа дейін ғана келтіріп тіккен жеңіл бешпент.
ШОЛПЫ — шашбауға тағатын алтын, күміс әшекейлі теңге, моншақ.
ШОМБАЛ — жуған кірді келтіріп алып оқтауға орап үстінен соққылап құрыс-тырысын жазатын табаны ирек қайқы ағаш. Оның үстіңгі бетін сүйектеп, күмістен әшекейлеп қояды.
ШОМБАЛДАУ — шомбалмен жуған кірдің құрыс-тырысын жазу.
ШОТАЯҚ — қармақ темір.
ШОТ ОРАҚ — құрғақшылықта селеу шилерді шауып жинайтын шапқы орақ.
ШОШАҚ БАС — қоқан ері.
ШӨГЕЛ — кәрі бүркіт.
ШӨГІР — шидің, қамыстың түбірі, түбірдің сынығы.
ШӨКЕЙТ (шүкейт) — кішкентай шекілдек асық.
ШӨЛДІК — ас үйдің қабырғасында болатын қуыс. Оған ыдыс — аяқ қояды.
ШӨРЛІК (шөлдік) — пеште, қазандықта, үйдің қабырғасында болатын қуыс.
ШИКІЛ САҚА — қайнатпаған шикі асық.
ШИДЕМ — қой жабағысынан шекпен тыстап істеген күпі.
ШИҚАСЫҚ — кішкене қасық, балқасық.
ШИТІ — аузынан оқталатын жалғыз оқты мылтық.
ШИ АЯҚ — шаңғының таяғы.
ШУАЛ — 10 пұт астық сияқты ағаш шелек.
ШУДА — түйенің ұзын салалы жүні (тамақ шуда, бас шуда, тізе шуда, өркеш шудасы).
ШУМАҚ — бір жинақ, бір топ.
ШҰБЫРТПА — тізген моншақ.
ШҰҒА — матаның атауы.
ШҰЖЫҚ — қамыт ағашының астыңғы жағындағы ішіне шөп тыққан тері, былғары төсеніш.

ШҰЖЫҚ СЫРҒА — салпыншағын шұжық сияқтандырып жасаған алтын, күміс сырға.

ШҰҢҚЫР — стақан, тостаған.

ШҰРАЙ — қазының ең семіз майлы жері.

ШҰРАЙЛАУ — аттың ернін бұрап ұстау.

ШҮЙ — ағаштан жасаған жуан шеге, қазық, қада.

ШҮЙКЕ — есуге, ируге түтіп алған жүн.

ШҮКӨЙТ (шөкейт) — ешкінің асығы.

ШҮЛЕН — балықшылардың, қазып, үстін қамыстан қалындап жауып ішіне мұз төсеген тоңазытқыш үйшігі.

ШҮМЕК — шәйнектің, бие шелектің суағары; бесіктегі баланың астына қоятын сүйектен жасаған шүмек.

ШҮҢІРЕК — терең; бүркіттің қабақ бітіміне қарай айтылатын бір атауы.

ШЫБАР (шұбар) — түс, теңбіл, ала-құла.

ШЫБЫҚТАУ — жүн сабау, жүнді шыбықпен шабақтап жаю.

ШЫБЫҢҚАҒАР — сиырдың құйыршығынан істеп саптаған, шыбын ұратын кыл шашақ.

ШЫБЫН ҚАНАТ — жеке оралатын өрнектің бір түрінің атауы.

ШЫБЫРТҚЫ — жіңішке өрілген жеңіл қамшы.

ШЫҒЫР — терең құдықтан су тартып шығаратын, құдыққа орнатқан дөңгелек ағаш аспап; ортасы ашық, емі басы дөңгеленіп кеп түйіскен жұмыр темір шыбық.

ШЫҒЫРШЫҚ — мүйіз өрнегі, екі басы ішіне қарай шұғыл иіліп келген өрнек, «қошқар мүйіздің» бір түрі.

ШЫҒЫТ (сиыт) — ұзатылған қыздың сиытқа апаратын киімдері; өлген адамның сүйегіне түскендерге берілетін киімдер.

ШЫЖБАҚАЙ — өрнектің бір түрінің атауы.

ШЫЖЫМ — жіңішке ұзын арқан, ұзын жіп.

ШЫЛБЫР — жүгеннің мінер жағында болатын жетек жіп.

ШЫЛҒИ — шикі, иленбеген қайыс.

ШЫЛАУ — сулау (сұйық бір затты екінші затқа жағу).

ШЫЛАУЫШ (шылаушын) — жаулық (кимешектің үстінен байлайтын үлкен ақ шаршы орамал).

ШЫМҚАЙ — бірыңғай.

ШЫМШИ — әр түсті боялған жүнмен өн бойын түгел өрнектеп ораған ши.

ШЫМЫРАУЛЫ ШИ — шым ораулы ши.

ШЫНАР — өте биік және тұзу өсетін ағаш.

ШЫНЫ ҚАП — шыны аяқтарды біріне-біріне төңкеріп салғанда шақ келіп қана тұратын, шыбықтан тоқыған тікше, киізден тіккен қобди қап.

ШЫҢ — қоңырау; дыбыс.

ШЫҢДАУ — қақтау, өткірлеу (орақтың дүзін шыңдау).

ШЫПТА — ас-судың бетін жабу үшін тоқыған кішкентай ши жапқыш.

ШЫПША — шымшуыр, қысқаш.

ШЫПЫРТҚЫ — жіңішке ұзын, өткір қамшы.

ШЫРАҚ — шырағдан, жарық, шам, от.

ШЫРАҒДАН — шырақ; қолдан жасаған майға ораған білте.

ШЫРМАУ (байлау) — ұзын жіппен көп шандып байлау.

ШЫТЫРА — омырауға, баскиімге, түймелікке тағатын өте сәнді әр түсті тас жылтырауық орнатылған күміс өшекей.

ШЫТЫРМАН — өрнекпен тіккен кесте.
ШІДЕР — үш бұтақты қайыс тұсамыс.
ШІЛТЕР — машина жіптен өрнектеп тоқыған желбір, шымылдық-тың қасы, терезе пердесінің маңдайшасы (әр алуан ілмелі тоқымалар).
ЫДЫРАТУ — суыртпақтың жібін суырмай шетінен тарқата, сетінеуі, седірету.
ЫЗҒЫН — тізілген моншақ.
ЫЗУ — матаны қабаттап отырып қолмен не машинамен тігіп бау жасау.
ЫҚТЫРМА — күздігүні қотанның жел көп соғатын жағына тоқыған тал шарбақ, дөңгелене қонған ауыл үйлерінің арасына одан-бұдан құрастырып қалаған бөгет.
ЫРДА — молдалар киетін жеңсіз көйлек.
ЫРУ — ұзынынан тік ою (жақтаудың есік жабылатын қуысын ырып ояды).
ЫСҚЫРАУЫҚ — мүйізден, сүйектен, кептірген балшықтан жасаған, ауызбен үрлеп ысқыратын құрал.
ЫСҚЫ — етікшілердің етік ыспалайтын қайқы бас ағашы.
ЫШТАН (іш-тон) — шалбардың ішінен киетін киім, дамбал.
ЙІН БАУ — киіз есіктің екі жақ иінінде болатын өрнекті құр бау.
ЙІРШЕК — жіп иіретін ұршық.
ІЛУ — күйеу жағының қалыңдық жаққа беретін кәдесі (оны есік көре барғанда апарды).
ІНЖУ — інжу-маржан, асыл тас.
ІРЕБДЕЛ — ірікті, таңдаулы.
ІРЕУ — бауырынан жара тілу, малдың терісін іреп сою.
ІСКЕҢЖЕ — қысқа темір (тиска).
ІСКЕК — кішкентай тістеуік темір.
ІС ТАС — іске керекті тас.
ІШПЕК — тоқымының астына төселетін төсеніш киіз.
ІШТІ — кең, ішінің сыйымы мол.
ІШТІК — астарлық мата; тоқымның ең астынан келетін жабағы ішпек; етіктің ішкі ұлтаны.
ЯҚҰТ (қазақша жақұт) — өте қымбатты асыл тас (қызыл жақұт).
ЯНТАРЬ — ағаштың шайырынан ағып тасқа айналған жалтырауық қатты зат, оны алтын, күмісті және моншақты әшекейлеуге пайдаланған.



М А З М Ұ Н Ы

	Беті
Кіріспе	3
Қолөнер — мол өнер	15
Ою — өрнек	15
Өрнектердің түстері мен бояулары	42
Жүн және одан жасалатын заттар	46
Киіз басу және киізден жасалатын заттар	48
Өрмек	62
Кілем өнері	68
Қолмен тоқу	73
Арқан, жіп есу	77
Мал терілері мен аң терілерін өңдеу	86
Қайыс өру өнері	94
Былғары өңдеу	97
Ши орау	108
Сүйек пен мүйізді ұқсату өнері	113
Мүйіз өңдеу	120
Ағаш бұйымдары	123
Ер қосу	132
Зергерлік	138
Зергерлік өнерінің басты-басты түрлері	145
Кесте және көркемдеп тігу	157
Тас өңдеу өнері	171
Қазақтың ұлттық киімдері	176
Қорытынды	192
Өнер туралы өнегелі нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер	199
Қолөнеріне байланысты кейбір атаулардың түсіндірме сөздігі	207

Қасиманов Садық.

**Қазақ халқының қол өнері.
«Қазақстан», 1969.
248 бет.**

Алматы,

САДЫК КАСИМАНОВИЧ КАСИМАНОВ
ПРИКЛАДНОЕ ИСКУССТВО КАЗАХСКОГО НАРОДА
(на казахском языке)

Редактор *К. Шалқаров*. Худож. редактор *В. Ткаченко*.
Техн. редактор *Ж. Момунов*. Корректор *Д. Жумабаева*.

Сдано в набор 22/XI 1968 г. Подписано к печати 7/II 1969 г.
Формат 60×84¹/₁₆—7,750—14,415 п. л.+цветные вклейки 1,5 п. л. (16,5 уч. изд. л.)
УГ06992. Тираж 6500 экз. Цена 1 р. 23 к.
Изд-во «Қазақстан», г. Алма-Ата, ул. Кирова, 122.

Заказ № 1969. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Госкомитета
Совета Министров КазССР по печати, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.



„ҚАЗАҚСТАН“
БАСПАСЫ · 1969